

84.5К23

Д 79

4

МІРЖАҚЫП

ДУЛАТҰЛЫ

4



М. Кузнецов

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
АҚПАРАТ МИНИСТРАЛІГІ

МІРЖАҚЫП

ДУЛАТҰЛЫ

БЕС ТОМДЫҚ
ШЫҒАРМАЛАР
ЖИНАҒЫ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРАҒІ
М. О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫ

4

Ағартушылық бағыттағы
еңбектері мен оқу құралдары



АЛМАТЫ «МЕКТЕП» 2003

*Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің
бағдарламасы бойынша шығарылып отыр*

Редакция алқасы:

**Ахметов З. А., Дулатова Г. М., Қасқабасов А. С.,
Қирабаев С. С., Абдрахманов С. А., Қойгелдиев М. Қ.,
Нұрпейісов К. Н., Сатыбалдиев Е. Ә.,
Ысмағұлов Ж. (жауапты редактор)**

**Құрастырушылар: Гүлнар Дулатова,
Сабира Иманбаева**

**Алғы сөзі мен түсініктемелерін жазған:
Жұмағали Ысмағұлов**

37135
**Араб үлгісіндегі жәдит жазуынан қазіргі
қазақ әрпіне түсірген:
Уахаб Қыдырханұлы**

012

© Дулатұлы Міржақып, 2003
© Дулатова Г., Иманбаева С. (құраст.), 2003
© Ысмағұлов Ж., түсініктемелер, 2003

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АЛМАТЫ АКАДЕМИЯСЫ

ІРІ ӘДІСКЕР-ПЕДАГОГ, ҒАЛЫМ

Алаштың асыл азаматы, педагог-ғалым, журналист-жазушы Міржакып Дулатұлының бес томдық академиялық шығармалар жинағының оқырманға ұсынылып отырған ІҮ томына Орынбордағы «Ғ. Ғ. Хусаинов баспаханасынан» алғаш рет 1916 жылы басылып шыққан бастауыш мектепте екі жыл оқылатын «Қирағат кітабы» оқу құралының 1923 жылғы Қазақ АССР мемлекеттік баспасынан толықтырылған нұсқасын, бастауыш мектепте бірінші жыл оқылатын мемлекет баспасөз бөлімінің Кіндік Қазақ баспаханасынан 1922 жылы шыққан «Есеп құралының» үшінші басылымы, бастауыш мектептің екі жылдығына арналып Орынбор қаласындағы «Дін уә мағишат» баспаханасынан 1914 жылы басылып шыққан «Есеп құралы» мен Қазақстан мемлекет баспасөз бөлімінен түзетіліп, толықтырылып 6-басылуымен 1927 жылы шыққан «Есеп құралы» енгізілген.

XX ғасырдың басындағы мұсылман мектептерінде оқулықтың, оқу-әдістемелік құралдардың жоқшылығын көріп, бағдарламасыз, оқулықсыз, қолына не түссе соны оқытып жатқан кезде, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, М. Дулатұлы, Ж. Аймауытов, Х. Досмұхамедов сынды қазақтың біртуар зиялы азаматтарының тыңнан жол салып, ұлт мектептеріне арнап жаңа оқулықтар жазуы, елін, жерін, ұлтын сүйер азаматтың ғана қолынан келетін ерлік деп бағалауға болады. Ол кезде оқулық жазу қиынның қиыны еді. Біріншіден, ана тілінде бүгінгідей қалыптасқан ғылыми терминдер, екіншіден, үлгі-өнеге алар іс-тәжірибе, үшіншіден, кітап шығаратын полиграфиялық жағынан жетілген баспаханасы жоқ болатын.

Соған қарамастан, оқу-ағарту ісінің ауыр жүгін көтеруге бел байлап, жоғарыда аттары аталған асыл ағаларымыздың 1910–1920 жылдар аралығында ана тілі, тарих, есеп, жаратылыстану, педагогика, психология пәндерінен тұңғыш оқулықтар жазуы

педагогика, әдістеме ғылымдарының іргетасын қалауға белсене ат салысқан аса зор еңбек еді.

ІҮ томға еніп отырған М. Дулатұлының аса көрнекті де көлемді еңбегі – бастауыш мектептің екі жылдығына арналып жазылған, Орынбордағы «Ғ. Ғ. Хусаинов шеркасының» паровой баспаханасынан шыққан «Қирағат» атты оқу құралы.

Кітап автордың мұғалімдерге арнап жазған алғы сөзімен басталады. Алғы сөзде қазақ даласында екі түрлі (*орысша, мұсылманша*) оқыту тәртібіне талдау жасайды да, ескі мұсылманша хадим оқуының кемшіліктеріне тоқталады. Ескі араб әрпімен жазылған кітаптарды мұсылман мектептерінде шәкірттердің түсінбей, құрғақ жаттауы салдарынан 5 – 6 жыл оқыса да хат танымай қалатыны айтылады. Автор ХХ ғасыр басында Қазан, Уфа қалаларынан төте «жөдид» оқуымен оқып шыққан қазақтың мұғалім жастарына төте оқудың әдіс-тәсіл ерекшелігін түсіндіре, талдай келе, қазақ тілін татар, башқұрт тілдерімен шұбарламай оқытуға, тіл тазалығы үшін күреске шақырады. Ол кездегі оқыған мұғалім жастар не орыс мектебінде, немесе татар мектептерінде 7 – 8 жыл оқып келіп, сабақты түсіндіргенде орысша немесе татарша, башқұртша сөздермен араластырып, «тіл шұбарлап» оқытуды әдет қылып алған еді. М. Дулатұлы қазақтың оқыған жастарының ана тілін қадірлеуіне үндей келе, оған қолдарында таза қазақша жазылған оқу құралдарының болмауы да себеп болғанын ескертіп, міне, сіздер керек еткен қазақ тіліндегі оқу кітаптарының бірі осы біз ұсынып отырған «Қирағат кітабы» дейді.

Автор өзі ұсынып отырған жаңа оқу кітабын қалай оқыту жайын сөз етеді. «Сіздер татар мектептерінде арабша оқып білім алғанмен сол алған білімді балаға қалай үйрету жайын үйренген жоқсындар. Өзі білу мен өзгеге білдіру екі басқа. Балаларды оқыту – өз алдына бір ғылым. Ол ғылым – педагогика деп аталып, оқытудың әдістемелік мәселесін сөз етеді. М. Дулатұлының бұл пікірі орыстың ұлы педагогі Л. Н. Толстойдың «Өзің білгенді өзгеге білдіру үлкен талант, дарынды, көп ізденуді қажет ететін ғылым» деген ой-пікірімен астарласып жатқанын байқаймыз. Одан өрі автор оқулықтың неге «Қирағат кітабы» аталуына тоқталып, «қирағат» деген сөз – баяндап оқыту деген мағынаны білдіретінін, оқу кітабын мақамдап, дауыстап оқуға, оқыған әңгіменің мазмұнын талдап баяндату арқылы оқушының жадында білімнің тұрақты сақталуын қамтамасыз ету керектігіне тоқталады. «Қирағаттың» мақсатын түсінбеген адам мұғалім үміт еткен пайданы бере алмайды, балаларды оқыған нәрсесін бір-біріне ұйқастырып айтып беруге, оқығанды мағынасымен толық жадында сақтауға үйрету керек», – деп балаға оқыту әдіс-тәсілдерін меңгертудің маңызын сөз етеді.

Одан әрі автор бастауыш сынып балаларының үлкендердей оқыған кітабына сын көзімен қарауға ақыл-ойының өсу дәрежесі сай келмегендіктен, мазмұнына онша мән бермей, сыдыртып оқып шығуды әдетке айналдыратынын, сондықтан әр оқылған өңгіменің мазмұнына, тәлімдік мәніне баса көңіл бөлудің қажеттілігін айтады. Осылай баяндап, талдап оқыту «балқыған жас баланың ойына, қанына, сүйегіне ұлт рухын сіңіріп, ана тілін анық үйретіп, одан балалар тиісті мағлұмат алып шығады. Мұндай балалардың бастауыш мектепті бітіргеннен кейін қай жұрттың мектеп-медресесінде оқыса да, қай жұрттың арасында жүрсе де, сүйегіне сіңген ұлт рухы жасымайды. Қайда болса да, тіршілігінде қандай ауырлық өзгерістер көрсе де, ұлт ұлы болып қалады» деп, бастауыш мектепте ұлт балаларын ана тілінде оқытып, ұлттық тілдің мәйегінен нәр алып шығуына аса зор мән берудің керектігін айта келіп, ана тілінің келешекте адамның бойында ұлттық-патриоттық сезімнің берік орын алуына ықпал ететінін баяндайды. Балаға жас кезінде бастауыш білімді ана тілінде берудің маңызы жайында чехтың ұлы педагогі Я. А. Коменский, орыстың атақты педагогі К. Д. Ушинский, қазақтың тұңғыш педагог-ғалымы Ы. Алтынсарин де әлденеше рет айтқан болатын. М. Дулатұлы өзінен бұрынғы өткен батыс, орыс, шығыс педагогтерінің ой-пікірлерімен терең таныс болғанын байқаймыз.

М. Дулатұлы баланың кітапты көп оқуы мақсат емес, ең негізгісі – оқыған кітаптарын еске сақтап, өнеге, білімнен ғибрат алуында деп, білім мен тәрбиенің егіз екеніне зор мән береді. Автор бұрынғы тәртіпсіз оқытатын заманда бір кітаптан екінші кітапқа түсіру, неғұрлым көп кітап оқыту таңсық еді. Бірақ балалардың жадында керекті білім қалмаушы еді. Қазақ мұғалімдері тәртіпшен (*талдап, мазмұны мен тәлімдік мәнін терең түсіндіріп – С. Қ.*) оқытқанда ғана мектептің бағдарламасы болады. Балалар бөлімге бөлінеді, сабақты сағатқа айырады, пәндерді белгілі бағдарламамен, сынып бойынша жүйелеп оқытуды талап етеді. Бастауыш сыныпта жүйелеп, түсіндіріп, талдап оқытудың үлгісі ретінде «Қирағат» кітабындағы «Оқымысты бала» деген өңгімені оқушылардың белсене қатысуымен сұрақ-жауап, өңгіме әдісін қолдана отырып қалай оқытуға болады дегенді нақты мысалмен сөз етеді. Өңгімені талдау үстінде балалардың менменшіл, өтірікші, жалқау болмауына ерекше мән береді. Өңгіменің мазмұнын жергілікті жердің өмірімен қалай байланыстыру керектігі де әдістемелік тұрғыда қарастырылған. М. Дулатұлының ана тілін оқытудағы ұсынып отырған сұрақ-жауап, өңгіме әдісімен балаға білімді де, тәрбиені де меңгертуі күні бүгінге дейін ғылыми-әдістемелік мәнін жоймаған, бастауыш сыныптарда оқытудың басты әдісі болып саналады.

Автор осы кітаптың кіріспесінде балаларды оқыту кезінде олардың толық жауап беруін, бір бала жауап беріп тұрғанда басқалардың кітаптағы мәтіннен көз алмай, дұрыс яки теріс оқығанына зер салып отыруын, кітапты оқып болған соң балалардан ұққандарын сұрап, баяндату, сөйтіп бала бойына аңғарымпаздық қабілеттер мен есте сақтау дағдыларын сіңіру жолдарын қарастырған. Білімді тиянақты да терең меңгертуге баланың аңғарымпаздығы, ойдың өткірлігі үлкен рөл атқаратынына М. Дулатұлы ерекше көңіл бөлген.

Ол балаларды мәнерлеп оқуға үйретудің жолдарын да ашып көрсеткен. «Көркем, мәтінді анық, айқын оқу, ынырсымай, сөзді орынсыз созбай, салмақты, асықпай, кісі қалай сөйлесе солай оқуы керек» дейді.

Кітап Ы. Алтынсариннің «Кел, балалар, оқылық!» атты өлеңімен ашылған.

«Берік» атты өңгімеде баланың үлкендерге ұқсап бағатынын тілге тиек етеді. «Мектепке» деген өлеңде баланың ұйқышыл болмауын, сабақтан кешікпеуін ескертсе, «Жазғы кеш» өлеңінде табиғатты, түнгі туған ай мен ошақтағы отты сүйсіне сөз етеді, «Мектептен» деген өлеңде қысқы аязда тоңып, қарны ашып, сабақтан қайтып келе жатқан баланы өзінің Майлыаяқ деген итінің күйрығын бұлғап, алдынан шығып, еркелеп қарсы алуы, балаға деген үй хайуанының аянышты өсер-сезімі суреттеледі.

«Шешенің балаларын сүюі» деген өлеңде түн ұйқысын төрт бөліп, ақ сүтін беріп асырап өсірген баласының жалқау болмай, тентек болмай, «адамдықты ақтайтығұн адам бол» деп аялайтын ананың ақ тілегін білдіреді.

«Оқу» атты өңгімеде Жүніс деген баланың оқуға ынталы болып, жақсы оқып, кейін оқымысты азамат болуы марапатталады. Кітапта Балқожа бидің оқудағы баласы Ыбырайға «жақсы оқы» деп ақыл айтып жазған өлең хаты берілген.

Крыловтың А. Байтұрсынов аударған «Аққу, спортан һәм шаян» атты мысал өлеңі, «Арыстан мен түлкі», «Екі өтеш» өңгімелері – балаларды бірлікке, достыққа, татулыққа шақыратын шығармалар.

Ы. Алтынсариннің Крыловтан аударған «Егіннің бастары» атты мысал өлеңі құр кеуде көтерген төкөшпарлықты, «Түлкі мен құмырша» мысалында түлкінің өз қулығы ажалына себеп болып суға кетуі, «Аяныздар жетімді» деген өлеңі жетім баланың ауыр халін мүсіркеп, оған аяушылық білдіруді уағыздайды.

Сондай-ақ, «Алдар көсе шайтанды да алдапты» атты өңгімеде адамның ақыл-парасаты шайтанды да алдауға жететіні, «Кісі мен көлеңке» атты мысал өлеңде, бірде өз көлеңкесін өзі қуып, бірде

одан қашып әлек болатын әңгүдік, атаққұмар, даңғой, қорқақ адамды сықақ етеді де, мысалдың қорытындысы ретінде ақын:

Кейбіреу, қыдыр дарып, қараса бақ,
Бейне бір осы айтылған көлеңке нақ.
Қайырылмай қарағанда бақ-дәулетке,
Артынан қуалайды қайтарып ап, –

деп құбылмалы адам мінезін сықақ етеді. «Үй хайуандары», «Түлкі мен қасқыр», «Тышқанның ақылы» атты мысалдарды оқи отырып, балалар аңқаулық пен айлакерліктің, момындық пен достықтың, өке-шешенің ақылын тыңдамаудың пайда-зиянын ажырата алатын болады. «Бере білген – бөле де білер» деген әңгімеде хан мен ханымға, екі ұлы мен екі қызына және өзіне бір қазды «тең бөліп» берген ақылды мұжықты дәріптеу арқылы оқушыларды тапқырлыққа тәрбиелеуді көздеген. Ал «Оқымысты бала» деген әңгімесінде қаладан 2 – 3 жыл оқып келіп, тырнауыштың атын «ұмытып» қалған, еңбек сүймес жалқау жігіттің дәрекі мінезі сөз болады. Осы арқылы автор «Оқыдым деп кеуде керме, ана тілінді ұмытпа», «Асқан адам маңдайына тас тигенде өкінеді. Бірақ онда кеш болады» деген ойды мегзеп отыр.

М. Дулатұлы «Қирағат кітабы» атты бастауыш басқыш балаларына арнап жазған оқу құралында педагогика ғылымының атасы, дидактиканың авторы Я. А. Коменскийдің оқулыққа қойылатын: оқулықтың тілінің таза, мазмұнының түсінікті де жеңіл; білім берумен бірге тәрбие беруді де бірдей қарастыратын; нақтылықтан абстрактілі ойлауға; жақыннан алысқа; белгіліден белгісізге; нақты ойлаудан логикалық-абстрактілік жүйелеп ойлауға біртіндеп үйретуді көздейтін дидактиканың 7 түрлі талабын тегіс сақтауға тырысқан.

Өкінішке қарай, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, М. Дулатұлы сынды 1920 – 1930 жылдардағы педагог-ғалымдарымыздың оқулық жазудағы осы ұстанымдары кейінгі жылдары оқулық жазушы авторлар тарапынан дұрыс сақталмағандықтан, бастауыш сыныпқа арналған оқулықтардың жиі-жиі сынға ұшырауы, балалардың қабылдау мүмкіндігін ескермегендіктен, жыл аралата қайта-қайта жаңартылып жазылуы әдетке айналып келеді.

Ал енді М. Дулатұлының сол кезде бірнеше рет басылып шыққан «Есеп құралы» кітабын парактап отырсаңыз, төрт түрлі ерекшелігімен көзге түседі. Біріншіден, орыс, татар, мешер (*башқұрт*), т. б. мәдениеті өркендеген елдердің оқулығына қарап отырып, тыңнан тілімізге жүзге тарта математикалық жаңа терминдер енгізген. Мәселен: *қосынды, қосылғыш, ондық сандар, бірлік сандар, теңге, тиын, шақырым, қарыс, сүйем, екі белгілі сандарды көбейту.*

көбейткіш, көбейтінді, есе артық, есе кем, бөлу, бөлгіш, бөлінді, пұт, қадақ, баспа табақ, мыңның ішіндегі сандардың жазылуы, таңба, алу, көбейту кестесі, сағат, минут, секунд, алыпсатар, еңбекақы, азайтынды, қалдық сан, т. б.

Екінші, кітапқа енген есептердің бәрі қазақ ауылының өмірінен алынған. Мысалы: «Біздің үйде 3 құлынды бие бар еді. Биыл құдамыздан қосымша екі құлынды бие алдық. Біздің үйдің желісінде неше құлын байлаулы?» деген мысал есепті оқи отырып, бала *бие, құлын, құда, желі*, т. б. деген қазақ ауылының күнделікті өмірінде кездесетін сөздерді жиі қолданғанын байқаймыз. Автор сол арқылы 7 жасар баланы қазақ ауылының тұрмысымен таныстыруды көздеп отыр.

Үшіншіден, есеп кітабындағы алынған есептер баланың түсінігіне жеңіл, сөйлемдері қысқа, ұғымды.

Төртіншіден жөне, ең бастысы, автор алған қай есеп болсын тәрбиелік, тәлімдік мәні ескеріле құрылған. Мысалы: денсаулықты сақтау, үй жұмысын қалай орындау, денені, киімді таза күтіп ұстау, адал еңбекпен мал табу, «егіннің ебін, сауданың тегін білу», оқулықты, кітапты күтіп ұстау, т. б. оқушы ғибрат аларлық өңгіме немесе мысал есептер берілген...


Өткеннен сабақ алмаған өнер де, білім де алға басып өркендемеке емес.

Олай болса, Ахаң, Жақан, Мағжан, Халел, Жүсіпбек сынды біртуар асыл азаматтардың педагогикалық еңбектерін қалың оқырман қауымға, оның ішінде, әсіресе бала тәрбиелеуші мұғалімдер мен педагог-ғалымдарға қайтадан басып, ұсыну ұлылардың аруағы алдында тағзым етер игі іс деп білеміз.

Серғазы ҚАЛИҰЛЫ –
педагогика ғылымының
докторы, профессор.

Қирағат кітабы

Орынбор — 1923 жыл



میر جاقب دۆلات اولان

اوقۇ قۇرالى

باستالۇچ مەكتەپدە اەكنچى جىل اوقىلاتىن

قىراغات كىتابى

1 - نچى باسماۋى.



ئاۋاتىستان جامەكەت باسماخانىسى

۱۹۲۳ - يىلى

Міржакып
Дулатұлының
Орынбордағы
«Ғ. Ғ. Хұсайнов
баспаханасынан»
алғаш рет 1916 жылы
басылып шыққан
бастауыш мектепте
екі жыл оқылатын
«Қирағат кітабы»
оқу кұралының 1923
жылғы Қазақстан
мемлекет
баспасынан толық-
тырылған
нұскасының
төртінші басылымы.
Араб үлгісіндегі
жәдит жазуынан
казак әрпіне алғаш
рет түсіріліп отыр.

МҰҒАЛІМДЕРГЕ

Қазір біздің қазақ халқында оқудың жаңа дәуірі басталған кез. Біздің қазақ та шын қазақша мектептің керектігін біле бастаған шақ. Бұрын бізде екі түрлі оқушы бар еді. Орысша һәм мұсылманша. Орысша оқығандар қазақша хат тани білуді ғана қанағат қылып, көбі оған да шорқақ еді. Мұсылманша оқу тәртібі ең төмен дәрежеде болып, бұрынғы бізді оқытушылар «Әлібісін – ә, Әлібісін – әй, Әлбітр – о, ә-и, о...» – деп оқытатын еді. Бұрын 5 – 6 жыл оқып та хат тани алмай қалатындар көп болушы еді.

Аз уақытта көп үйреніп, төте жолмен мақсұтқа тез жетуді ойлағанымыз жоқ еді. Соңғы 15 – 16 жылдың ішінде көрші халқымыз – ноғайларда да сол жәдит, усул-хадим мәселесі көтерілді. Бара-бара оқуы жеңілдеп, усул-сауния тәртібіне айналдырудың шарасына кірісті. Мектеп-медреселерін ақырындап түзете бастады. Бұлардың медреселеріне қазақ балалары да кіріп, олардан үлес алды. «Мұғалімдерге» деп сөз жазып отырғанымыздың көбі – сол ноғай медреселерінде оқып шыққан қазақ жігіттеріміз.

Кісі қайда оқыса да: керек ноғайша, керек орысша, керек басқаша, ақыл мақсұты білім үйреніп, асса халқына, қалса өзіне пайда келтіру. Сондықтан ноғайша оқығандарымыз – ноғай, орысша оқығандарымыз – орыс, ғарапша оқығандарымыз – ғарап болып кеткен жоқ. Бөрі де өз тілін сақтады. Тілін сақтағандығы сол: қазақ балаларын оқытуға ноғайша кітаптарды көре тұра, қазақ тілінде оқу кітаптарын керексіне бастады.

Сүйікті қазақ мұғалімдері! Міне, сол сіздер керексіген қазақ тіліндегі оқу кітаптарының бірі – осы кітап. Кемшілігі болса, көрсеткендеріңізге шын көңіліммен рахмет айтамын.

Енді бұл «Қирағат кітабымен» қалай пайдалану, яғни қалай оқыту жайынан кеңеселік. Өздеріңізге мағлұм, қазақ түгіл ноғайда да бұл күнге шейін дарыл мұғалім мен дарыл мұғалімат¹ жоқ. Қазақ түгіл ноғайдың да оқуы керегінше ілгері баспай тұрған себебі сол, рас осы кезде ноғайда тәртібі тәуір деген медреселер бар, олардан өздерің де оқып шықтыңдар. Бірақ, сіздер, онда аз-көп болса да өздерің ғана үйреніп шықтыңдар, басқаларды қалай үйрету жөйін үйренген жоқсыңдар. Өзі білу мен өзгелерге білдіру екі басқа. Білгенін кісіге білдіру, яғни балаларды оқыту өз алдына бір ғылым. Ғылым – педагогика. Орысша учительский институт, учительская семинария, педагогический курстар көп. Сондықтан орыс учительдері көп жапа шеклейді. Біздің қазақ, ноғай мұғалімдері өздерінің тырысуы мен тәжірибелерінің арқасында ғана мұғалім болып жүр. Мектеп программасында бірінші орын алған нәрсе – қирағат – баяндап оқыту. Соның үшін оқытушы ең әуелі баяндап оқытудың асыл мақсұтын жақсы білерге керек. Қирағаттың мақсұтын түсінбеген адам мұғалім үміт еткен пайданы бере алмайды. Балаларға кітаптың құр қарасын саулатып оқыта береді. Жас балаларды оқыған нәрсесі хақында ойлануға, оның мағынасын, қасиетін сездіруге қалай үйретпек керек? Балалар оқыған нәрсесін бір-біріне ұйқастырып ойлануына, оқып шыққаннан кейін жадында ретті һәм толық мағынасымен қалдыруға әдеттендіру керек. Өрбір жазылған сөз – жазушының сезінуімен, естуімен, көруімен (*табиғаттан һәм адамның тұрмысынан*) шыққан нәрсе. Өзін қоршаған табиғат һәм тұрмысты сезуі, көруі жазушының ойында ретке келіп, мағынаға айналғаннан кейін сөз болып сөйленіп, жазу болып қағаз бетіне түседі. Сөйтіп, сөз болып, жазылып шыққан хикаялар, мысалдар, ертегілер – жазушының ойы, табиғаттың, тұрмыстың көңіліне түскен суреті; соның үшін оқушы да жазушының сезінгеніндей сезіп, ойлағанындай һәм сол ойлағанын өз ретімен, өз мағынасымен түсінерге һәм жадында қалдырарға керек. Жазушы әлгі ойларын қалай тізді, басқаларға қалай сездіргісі келеді, соның бәріне жазушының өз көзімен қарап, өз ойымен ойларға керек. Жазушы қайғырса қайғырып, күлсе күлу керек. Оқыған нәрсенің ішкі мағынасымен бірге оның сөзін һәм қалауында есінде қалдырарға керек. Әрине, ақылы толған үлкен кісі оқыған

¹ дарыл мұғалімат – мұғалімдер даярлайтын училище деген мағынада (осы және бұдан кейінгі сілтемелердің бәрі де автордың өзінің ескертюі — Ред.)

нәрсесі хақында жазушыға еруден бұрын, өзі сынайды, сонан кейін ғана жазушының пікіріне қосылады, айырылады. Біздің әлгі айтылып өткен ретіміз балалар туралы. Балалар үлкендердей сынмен оқымай, тек оқыған нәрсенің ағынымен кететін болғандықтан, мінсіз үлгілі боларға керек. Бастауыш мектепте алған тәрбиесінің әсерлі, күшті, сіңімді болуы, қай халықтың мектебінде болса да оқу кітаптары ана тілімен, өз ұлтының тұрмысынан һәм табиғаттан жазылып, баяндап оқытудың асыл мақсұтына муафик үйретуден, осылай біліп, баяндап оқытқанда, балқыған жас баланың ойына, қанына, сүйегіне ұлт рухы сіңісіп, ана тілін анық үйреніп, кезекті мағлұмат алып шығады. Мұндай балалар бастауыш мектепті бітіргеннен кейін қай жұрттың мектеп-медресесінде оқыса да, қай жұрттың арасында жүрсе де, сүйегіне сіңген ұлт рухы жасымайды. Қайда болса да, тіршілігінде қандай ауырлық өзгерістер көрсе де, ұлт ұлы болып қалады.

Оқудағы мақсат – жалғыз құрғақ білім үйрету емес, біліммен бірге жақсы тәрбиені қоса беру. Тәрбие беру үшін «Қирағат кітабын» оқытқанда құр қарасын ғана оқытпай, жоғарыда айтқанымыз секілді, ішкі мағынасын да түсіндіру тиіс. Баяндап оқытудың мәнісін білмеген тәжірибесіз жас мұғалімдер қирағат оқытудағы мақсат харфін танып-көрмей, оқып кету деп біледі. Сондықтан 8 – 9 ай оқитын «Қирағат кітабын» 3 – 4 айда оқып бітіріп, қарап отырады иә басқа кітапқа түсіруге даярланады, жаңа түскен кітапты да әлгіндегідей оқытып шығарады. Бұрынғы тәртіпсіз оқытатын заманда бір кітаптан екінші кітапқа түсіру, неғұрлым көп кітап оқыту таңсық еді. Бірақ балалардың жадында керекті білім қалмаушы еді. Қазақ мұғалімдері тәртіппен оқытқанда, мектептің программасы болады. Балалар бөлімге бөлінеді, сабақты сағатқа айырады. Солай оқытқанда қирағат күніне бір сағаттан артық тимейді. Сол бір сағаттың ішінде «Қирағатты» дұрыстап оқытқанда, кітаптағы қысқа хикаялар, өлеңдер – бір сабақ, ұзындары – екі-үш сабаққа бөлініп оқылады, сөздің сыртқы қарасы оқылып (*бұл сөздің қазақшасы пәлендейтін басқа тіл емес*), ішкі мағынасы һәм онан алатын өнеге жабулы қала берсе, кітапты тез оқып шығып, керекті пайдасына жетіспей қалуы сол болады.

Тәжірибесіз мұғалімдерді жоғарыда айтқан қателерден сақтау үшін кітаптың басынан түскеннен баяндап оқытудың мәнісі қалай болатынын мұғалім болып бір сабақты оқытып көрсетелік.

М ұ ғ а л і м: «Балалар! «Қирағат кітабының» 26*-бетін ашып, «Оқымысты бала» деген сабақты табындар».

М ұ ғ а л і м: «Абылай, сен оқы».

А б ы л а й оқиды: «Оқымысты бала».

М ұ ғ а л і м: «Сен қандай баласың?»

А б ы л а й: «Мен оқып жүрген баламын».

М ұ ғ а л і м: «Қандай кісіні оқымысты дейді?»

Ш ө к і р т: «Көп оқыған кісіні».

М ұ ғ а л і м: «Өрі қарай оқы».

А б ы л а й: «Бір бала қалада оқып, жазғытұры ауылына келді».

М ұ ғ а л і м: «Сен қайда оқып жүрсің?»

Ш ө к і р т: «Ауылда оқып жүрмін».

М ұ ғ а л і м: «Сен қаланы көрдің бе? Қаланы көргендерің бар ма?»

Ш ө к і р т: «Көрдім, (*көргенім жоқ*)».

М ұ ғ а л і м: «Қаланың ауылдан айырмасы қандай?»

Ш ө к і р т: «Қалада тастан, ағаштан салынған биік қабат-қабат үйлер, көшелер, дүкендер, үлкен школдар, мешіттер, шіркеулер бар».

М ұ ғ а л і м: «Бала ауылына қай кезде келді?»

Ш ө к і р т: «Жазғытұры келді».

М ұ ғ а л і м: «Қазір қай кез, мұнан кейін қай кез келеді?»

Ш ө к і р т: «Қазір күз, мұнан кейін қыс келеді».

М ұ ғ а л і м: «Бала ауылына неге жазғытұры келді?»

Ш ө к і р т: «Жазғытұры мектептерде, школдарда оқу болмайды».

Екінші сөйлемді тағы бір бала оқиды: «Әкесі: – Балам, енді шөп шабатын мезгіл жақындады, қолыңа тырнауыш ал, мен шапқан шөпті жинап жәрдеміңді тигіз, – деді».

М ұ ғ а л і м: «Сен әкеңе, ағаларыңа қолғабыс қыламысың? Қолғабыс қылу керек пе?»

Ш ө к і р т: «Қолғабыс қылу керек, мен де қолғабыс қыламын».

Өрі қарай тағы бір бала оқиды: «Баланың жұмыс қылғысы келмейді. – Мен һәр түрлі ғылымдар оқып қайттым, қара қазақтың сөздерін ұмыттым, тырнауыш деген не нәрсе? – деді».

М ұ ғ а л і м: «Бала неге жұмыс қылғысы келмеді?»

Ш ө к і р т: «Жалқаулықтан жұмыс қылғысы келмеді».

М ұ ғ а л і м: «Жалқаулық жақсы ма?»

* Автор түпнұсқа бойынша сілтеме жасап отырған 26-бет бұл басылым бойынша 37-бетке сәйкес келеді. (Ред.)

Северо-Кавказская
областная библиотека
им. С. А. МОВЫ
г. Петропавловск

Өлеңдерді оқып болғаннан кейін үйлеріне жаттап келуге беріп, келер күндердің бірінде талдату керек. Баяндап оқытудың тағы мынандай шарттары бар: анық, айқын оқу, ыңырсымай, сөзді орынсыз созбай, салмақты, айтатын орында асықпай, кісі қалай сөйлесе, солай оқу керек. Сұрау, таңдану, кідіру белгілерін тиісінше оқып, дауысты көтеретін орында көтеріп, бәсеңдететін орында жай оқу тиіс. Балалар дұрыс оқи алмай қиналған жерде, мұғалім өзі оқып көрсету лайық. Баяндап оқытудың асыл мақсаты һәм тәртібі қысқа да болса осыдан аңдалса керек.

«Қирағат кітабына» алғы сөз
ретінде жазылған.
1914 жылы 15 қаңтар.

Балалар, бұл – жолбасы даналыққа,
Келіндер, түсіп, байқап қаралық та.
Бұл жолмен бара жатқан өзіндей көп,
Соларды көре тұра, қалалық па?
Даналық – өшпес жарық, кетпес байлық,
Жүріңдер іздеп тауып алалық та!

А. Б.

КЕЛ, БАЛАЛАР, ОҚЫЛЫҚ!

Бір Құдайға сыйынып,
Кел, балалар, оқылық!
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық!

Істің болар қайыры,
Бастасаңыз Аллалап,
Оқымаған жүреді
Қараңғыны қармалап.

Оқысаңыз балалар,
Шамнан шырақ жағылар...
Тілегенің алдыңнан
Іздемей-ақ табылар.

Кел, балалар, оқылық!
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық!

Мал-дәулеттің байлығы,
Бір жұтасаң жоқ болар.
Оқымыстың байлығы
Күннен-күнге көп болар,
Еш жұтамақ жоқ болар.

Сиса көйлек үстінде
Тоқуменен табылған.
Сауысқанның тамағы
Шоқуменен табылған.

Өнер-білім бәрі де
Оқуменен табылған.

Кел, балалар, оқылық!
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық!

Надандықтың белгісі:
Үлгі ақылға жарымас,
Жайылып жүрген айуандай,
Ақ-қараны танымас.
Аяңшыл ат арымас,
Білім деген қарымас;
Жөн білмеген наданға
Қызыр ата дарымас.

Кел, балалар, оқылық!
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық!

Оқу деген шыны-ды,
Тұрған сайын шыныққан...
Оқу білген адамдар
Май тамызған қылыштан...
Білмегенді білуге
Есті бала тырысқан,
Есер бала ұрысқан.

Кел, балалар, оқылық!
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық!

Өлпештеген ата-ана
Қартаятын күн болар;
Қартайғанда жабығып,
Мал таятын күн болар.
Ата-анаң қартайса,
Тіреу болар бұл оқу;
Қартайғанда мал тайса,
Сүйеу болар бұл оқу.

Оқу білген таниды
Бір жаратқан Құдайды;
Танымаған Құдайды
Не қылғанда ұнайды?

«Шырағым, адам болғай» деп,
Ата-анаң жылайды;
Баладан қайыр болмаса,
Баланы неге сұрайды?!

Кел, балалар, оқылық!
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық!

БӨРІК

Кішкентай Нұрмаш бір күні басына әкесінің бөркін киіп, «енді мен үлкен кісі болдым» деп ойлады. Сөйткенмен, бөрік олай ойламады. Үлкен кісі болғыш Нұрмаштың көңіліне қарамастан, дәл мұрнына түсті. Нұрмаш мұны да елең қылмады, қолына бір таяқ алып, аяқтарын маң-маң басып, ана ауылға қарай жөнеліп еді, мұны мал қайырып жүрген Бекбай отағасы көріп қалып, айқай салды:

«Әй, бөрік! Сен не қылып жүрсің? Біздің Нұрмашты қайда алып барасың?» – деп.

Күлкі сөз – Әй, Қасым! Неге аузыңды томпайтасың?
 – Күпімді күйдіріп алдым.
 – Неге жамап алмайсың?
 – Инем жоқ.
 – Тесігі үлкен бе?
 – Жағасынан басқа түгі қалған жоқ.

МЕКТЕПKE

Ашық күнде жарқырап,
Жаңа жауған жатыр қар.
Адамдардың беттерін
Домбықтырып тұр ызғар.

Жатырсындар неге ұйықтап?
Күн шығып қалды, балалар,
Танертенгі аязбен
Мектебіңе жөнел, бар.

ЖАЗҒЫ КЕШ

Күн батты. Үйге қайтатын да уақыт жетті. Біз жүгіре басып келе жатырмыз. Оның арасында түн көзге түртсе көрінбейтін қараңғы. Өне, бір түп қурайдың тұсынан көктің жиегі мұнарланып көрінді. Бұл не? Өрт пе?.. Жоқ, туып келе жатқан ай екен. Оның оң жағында төменірек ауылдың оты жылтылдап көріне бастады. Міне, біз ауылға келіп қалдық. Мен алдымен жер ошақ басындағы сүт пісіріп отырған өжемді таныдым.

МЕКТЕПТЕН

Мектептен қайтып балалар,
Қызарып беті суықтан.
Үй алдында Майлыаяқ
Жатыр еді бұйыққан.
Құйрығын бұлғап еркелеп,
Қылды ықылас шындықтан.

Күліп, шулап, кірсе үйге,
Самауыр тұр бу шыққан.
Тойып алып тамаққа,
Балалар жатып тыныққан.

ОҚУ

Жүніс сегіз жаста еді. Ол оқи да, жаза да білмеуші еді. «Мені мектепке жібер» деп мазасын ала берген соң, әкесі бір күні мектепке алып барады. Мұғалім жаңа келген жас баланы тиісті орынға отырғызып, аты-жөнін сұрап, дәптеріне жазып алды. Сол күннен былай Жүніс қолтығына кітаптарын қысып, бір күн де сабақтан қалмай, мектепке барып жүрді. Ақырында, біздің Жүніс оқу, жазу, есеп үйреніп, оқымысты болды.

Мақал: «Бір оқығанға екі оқымағанды береді. Сонда да айырбастамайды».

ӘДЕП

Бір жұрттың бас хакімі бір баймен сөйлесіп тұрғанда, қасынан бір кедей адам өтіп бара жатып, иіліп сәлем береді. Оған қарсы өлгі төре жарлыдан да төменірек бас изеп, сәлем алады. Қасындағы бай: «Тақсыр, осынша жұрттың үстінен қарап тұрған хакімсіз. Осы бір жаман кедейге неге сонша бас ұрасыз?» – дейді.

Сонда хакім:

«Ешбір ғылым-білім үйренбеген қара кісі сонша иіліп, әдептілік көрсеткенде, мен одан әдепсіздік болып қалайын ба?» – деп жауап қайтарыпты.

Мақал: «Ұлық болсаң – кішік бол!».

ШЕШЕНҢ БАЛАЛАРЫН СҮЮІ

Кім сендерді, балалар, сүйетұғын,
Қуанышыңа қуанып, қайғыңа күйетұғын?
Түн ұйқысын төрт бөліп, кірпік қақпай,
Шешен байғұс дамылсыз жүретұғын.

Кім сендерді, балалар тербететін,
Еркелетіп, ойнатып, сергітетін?
Жалқау болсаң, балалар, жаман болсаң,
Қамқор анаң көз жасын көлдететін.

Кім сендерді сағынар шетке кетсең,
Ғылым іздеп, тез қайтпай, көпке кетсең?
Бетін жуған жасымен сорлы анаң
Хат жазып тұр, төбесі көкке жетсін.

Кім сағынар сендерді келгеніңше,
Құлындарын көзімен көргеніңше?
Сендер қайтып келсеңдер адам болып,
Неш арманым болмас еді өлгенімше...

НҰРМАШ ПЕН ДҮЙСЕН

Нұрмаш айтады: «Дүйсен, біздің үйге бала бол, сонда біздің үйдің кісілері сіздікінен екі рет артық болады». Дүйсен ойлап тұрды да: «Жок, Нұрмаш. Сен біздің үйге бала бол, сонда сіздің үйдің де, біздің үйдің де кісілері бірдей болады», – деді.

Табындар, балалар, Нұрмаштың үйінде неше кісі бар?
Дүйсеннің үйінде неше кісі бар екенін?

БҮКІР МЕН БАЛА

Бір бүкір тіленші кетіп бара жатыр еді. Ойнап жүрген тентек бала бір тасты ала сала, оның дәл бүкіріне көздеп тигізді. Бүкір арқасын сипалап: «Япырм-ай, шырағым, не қылған көздегіш едің. Міне, менің барым осы, – деп, балаға бір тиын бақыр тастады. – Мен кедей адаммын. Мұнан артық берерім жоқ. Өне, бір бай кетіп барады. Оған да тасты маған тигізгендей дәл тигізсең, менен гөрі ол тәуірірек берер, – деді.

Бала бүкірдің сөзін малданып, жерден тағы бір тас алып, кетіп бара жатқан байдың дәл жауырынына тигізді. Бай баланы ұстап алып, шыңғыртып тұрып құлағын бұрады. Сөйтіп, бала сыбағасын толықтырып алды.

БАЛҒОЖА БИДІҢ ОҚУДАҒЫ БАЛАСЫНА ЖАЗҒАН ХАТЫ

Үміт еткен көзімнің нұры, балам,
Жаныңа жәрдем берсін Хақ тағалам!
Атаң мұнда анаң мен есен-аман,
Сағынып сөлем жаздық бүгін саған.

Атаңды сағындым деп асығарсың,
Сабакқа көңіл берсең басыларсың.
Ата-анаңды өнер білсең асырарсың,
Надан боп, білмей қалсаң аһ ұрарсың!

Шырағым, мұнда жүрсең не етер едің?
Қолына құрық алып кетер едің.
Тентіреп екі ауылдың арасында
Жүргенмен не мұратқа жетер едің?

АҚТӨС

Ақтөс деген ит аузында сүйегі бар, көпірден өтіп келе жатыр еді, қараса, суда өзінің көлеңкесін көрді. Ақтөстің ойына келді: «Мынау басқа бір ит екен. Мұның сүйегін тартып алайын», – деп, көп ойламады, суға секіріп түсіп еді, ит түгілі еш нәрсе де жоқ. Сол арада өз сүйегін де суға түсіріп алды.

АҚҚУ, ШОРТАН ЫӘМ ШАЯН

Жүк алды Шаян, Шортан, Аққу бір күн,
Жегіліп, тартты үшеуі дүркін-дүркін.
Тартады Аққу көкке, Шаян кейін,
Жұлқиды суға қарай Шортан шіркін.

Бұлардың машақаты аз болмады,
Жұмысы орнына кеп мез болмады.
Тартса да бар күштерін аямай-ақ,
Өсілен, жүк орнынан қозғалмады.

Оншама ол жүк артық ауыр емес,
Құр сырттан пәлен деу де тәуір емес.
Жүк бірақ әлі күнге орнында тұр,
Бірыңғай тартпаған соң бәрі тегіс.

* * *

Жігіттер, мұнан ғибрат алмай болмас,
Өуелі бірлік керек болсаң жолдас.
Біріңнің айтқаныңа бірің көнбей,
Істеген ынтымақсыз ісің оңбас.

ҚОЗЫЛАР

Тоғай бойында бір қора қой жайылып жүр еді. Екі қозы қойлардан шетке шығып жүрді. Бір үлкен саулық айтты:

– Ойнамаңдар, қозылар. Бәле мен қаза алыс емес. Бір нәрсеге ұшығарсыңдар.

Бұл сөздерді талдың арасындағы қасқыр естіп тұрып:

– Саулық өтірік айтады, достарым, өзінің аяқтары қартайғаннан жүре алмайтын болған соң, сендерді күндейді. Қайда болса – сонда, көңілдерінді көтеріп жүре беріндер, – дейді.

Қозылар солай істейді. Қойлардан біраз шығып кетіп еді, қасқыр бұларды иығына салып алып, тоғайға кірді де кетті.

ШЫБЖЫҚ ПЕН КӨГЕРШІН

Шыбжық торға түсті соры қайнап,
Барды ма, кім біледі, ажал айдап.
Пәлені қаза менен қайда деме,
Ғаріп боп, отыр сорлы көзі жайнап!

Жанына жас Көгершін ұшып келді:
«Не қара басты торға түсіп?» – деді,
«Тал түсте торды көрмей, соқыр ма едің?
Есалаң, ақылың жоқ, күшік», – деді.

«Түсер ме есі дұрыс күндіз торға?!
Ақылың жоқтығынан қалдың сорға.
Мысалы мені алдап еш уақытта,
Тор түгіл, түсіре алмас онан зорға.

Кім күлмес бостығына сен жаманның,
Алдырған айласына бір наданның?
Мен саған қол берейін түспесіме,
Амалы саған ғана мол адамның».

Десе де, ақыл серік қонған баққа,
Ем болмас бастан бағың таяр шақта.
Пысықсып Көгершінім отырғанда,
Қалыпты өзі түсіп қыл тұзаққа.

–Ақылың қайда кетті, данышпаным?
Серт етіп, түспеске қол алысқаның?
Біреуге күлсең, келер өз басыңа,
Табалап мұнан былай күлме, жаным!

* * *

Біреуді білмес адам табалайды,
Бақ көпсе, ақылыңа қарамайды.
Ісіңнен бір істеген жазым тапсаң,
Болды деп білмегеннен шамалайды.
«Жазмыштан – озмыш болмас» деген сөзді
Бекер деп пікір айту жарамайды.
«Алланың, адам басы, добы» деген,
Қуса да қалай қарай домалайды.

ЕКІ ӨТЕШ

Екі өтеш араздасып, ақырында төбелесті. Біреуі жеңілді. Жеңілгені жұрттан ұялып, бір қараңғы түкпірге тығылып отырды. Жеңгені шаттанып, есік алдында ерсілі-қарсылы жүріп, онан соң ұшып, қораның төбесіне шығып, қанаттарын сілкіп, қомданып, өзін-өзі мақтап, бар дауысымен «Кукереку» деп шақыра бастады. Бір мезгілде қайдан келгенін білмеймін, бір қаршыға ағып келіп, мақтаншақ өтешті көтеріп алды да кетті.

АРЫСТАН МЕН ТҮЛКІ

Арыстан қартайып, аңдарды бұрынғыдай ұстай алмайтын болды. Енді ол айламен тұрғысы келді. Өзі інінде жатып, аңдарға: «Аурумың, жүруге халім жоқ», – деп лақап шашты. Аңдар мұның халін білуге келісті, бірақ ешбірі де кейін қайтпады, арыстанға азық болды.

Бір күні түлкі келді. Ол іннің аузында анадай тұрып, арыстанның халін сұрады. Арыстан айтады: «Неге жақынырақ келмейсің?» Түлкі: «Жақынырақ бармайтын себебім, саған кірген із бар, шыққан із жоқ», – деп жүріп кетеді.

АЯҢЫЗДАР ЖЕТІМДІ

(*Ғ. Тоқай ізімен*)

Жақсы сізге, балалар,
Қысқы кеште рақат.
Жылы үйде жайланып,
Отырсыздар көңіл шат.

Ызғарлы боран соқса да,
Терезеге тақта-тақ.
Балапандай ұяда
Уайым жоқ сізге нақ.
Бәріне жұрттың жасаған
Бермеген бірақ түгел бақ.
Толып жатыр жалғанда
Жетім-жесір, кем бейбақ,

Біреулердің шешесін
Ерте алған лөхат.
Кей балалар айырылған
Атасынан бейуақ.

Осыларды, балалар,
Кез келтірсе сізге хақ.
Бірге туған бауырындай
Еркелетіп бағып-қақ.

ТҮЛКІ МЕН ҚҰМЫРША

Бір қатын далаға егін ора келіп, құмыршасын сүтімен бір шоқтың түбіне жасырып қойды. Мұны түлкі көріп, бұғып келді де, құмыршаның ішіне басын тығып, сүтті жалап ішіп қойды.

Енді кетейін деп еді, басын құмыршадан шығара алмады. Түлкі олай жүрді, бұлай жүрді, басын бұлғады, сөйледі: «Ау, құмырша, ойнадык, жетер, мені енді жібер. Болар, мазақ қылма, жібер енді». Құмырша қалмады. Түлкі ашуланып: «Тоқтай тұр, жақсылықпен қалмасаң, мен сені суға батырайын!» – деді. Жүтіріп, түлкі өзенге келді. Құмыршаны батыра бастады. Өзенге құмырша да батты, түлкіні де ала кетті.

ЕГІННІҢ БАСТАРЫ

Бір адам жас баласын жанына алды,
Екеуі сайран етіп кетіп қалды.
Қыдырып өрлі-берлі жүрді-дағы,
Егінші егін еккен жерге барды.

Аралап әр егінді қарап жүрді.
Кез еді пісіп болған егін түрлі.
Бастарын дөнге толған төмен салып,
Бидайлар бейне тағзым етіп тұрды.

Жалғыз-ақ бір бидай тұр көкке қарап,
Бейне бір жалғыз өзін көпке балап.
Баланың сол бидайға көзі түсіп,
Білмекке кетті көңілі жөнін сұрап:

«Құбылып бидайлар тұр басын салып,
Жіберген мырза Құдай нұрға қанып.
Әй, әке! Мұның мәнін түсіндірші,
Бір іске тұрмын өзім қайран қалып!

Бұл бидай көтеріп тұр басын көкке,
Қарайды шікірейіп өзге көпке.
Өзіне өзгелерді теңгермейтін,
Соншама бұл бидайдың дәні көп пе?»

«Айтайын мұның мәнін, балам саған:
Шырағым, түрін көріп таңданба оған.
Өзгесі төмен қарап бүгілгенге,
Ойлама, кем екен деп бәрі сонан.

Және де әкесі айтты баласына:
Сұқтанба құр сорайған қарасына,
Құдайым өзгесіне дән бергенде,
Бұл бидай дәнсіз қапты арасында.

Бидайлар басы толық иіліп тұр,
Дән берген қожасына сыйынып тұр.
Басында бұл бидайдың дәні болмай,
Кекірейіп, көкке қарап, бүлініп тұр.

Елде көп бұл бидайдай адам, – деді, –
Төкаппар, оны халық, жаман, – дейді, –
Қалпы емес төкаппарлық данышпанның,
Тұтынба бұл мінезді, балам», – деді.

ҚОЖА НАСРИДДИН АҚЫЛЫ

Бір күні Қожа Насриддин жиналған жұртқа үгіт айтуға мінбеге шығады: «Азаматтар, менің сөйлейін деп тұрғаным ненің жайы, білесіңдер ме?» – дейді.

Жұрт: «Жоқ, білмейміз», – дейді.

Қожа: «Білмесендер, сендердің білмейтін нәрселерін жайында мен қалай сөйлеймін?» – деп, мінбеден түсіп кетіпті. Жұрт қапыда қалып: «Білмейміз дегеніміз ағат болған екен, енді сұраса, білеміз деп айтайық», – дейді.

Екінші рет Қожа мінбеге шығып, тағы сұрайды: «Азаматтар! Мен не жайлы сөйлемекпін, білесіңдер ме? – дейді. Жұрттың бәрі: «Білеміз, білеміз», — деп шулайды. «Өздерің біліп тұрсандар, мен несін айтайын?» – деп, Қожа мінбеден түседі. Жиылған адамдар енді сұраса, «Білетіндер де, білмейтіндер де бар» демекші болып сөз байласады.

Үшінші рет Қожа мінбеге шығып, бұрынғыдай тағы сұрағанда, жиылғандар: «Білетініміз де, білмейтініміз де бар», – дейді. «Олай болса, білетіндерің білмейтіндеріңді үйретсін, білмейтіндерің білетіндеріңнен үйренсін!» – деп, Қожа мінбеден түседі де, жүріп кетеді.

КІСІ МЕН КӨЛЕҢКЕ

Айтайын бір тентектің әңгімесін,
Демендер сөз ғып жазған мұның несін!
Есуас көре салып қуалады
Өзінің ұстаймын деп көлеңкесін.

Бұл қуса – көлеңкесі алыстады,
Жүгірсе – жүйріктігі қалыспады.

Қатты да, жай да қуды, ұстатпады
Болғанша бар өнерін қарыштады.

Тентектің бір мезгілде кірді есі:
«Әуре боп қуып маған қажет несі?»
Осылай ойлап қайта жүріп еді,
Артынан қуды енді көлеңкесі.

* * *

Кейбіреу, қыдыр дарып, қараса бақ,
Бейне бір осы айтылған көлеңке нақ.
Қайырылмай қарағанда бақ-дәулетке,
Артынан қуалайды қайтарып ап.

ТҮЛКІ МЕН ҚАСҚЫР

Қасқыр жол үстінде келе жатса, көреді, түлкі балық жеп отыр. «Балығыңнан маған да берші, достым!» – дейді қасқыр.

– Өзің неге аулап алмайсың? – дейді түлкі.

– Мен аулай білмеймін.

– Өзенге бар да, құйрығыңды суға батырып, ұзағырақ отырсаң балық өзі де келіп ілінеді, – дейді түлкі.

Қасқыр ойлайды, мұның жөні бар сөз екен деп.

Тез өзенге барып, ойыққа құйрығын малды да отырды. Бірсыпыра отырғаннан кейін: балық бар ма екен деп құйрығын тартса, құйрық қозғалмайды. «Мұнша көп түсер ме, тартып та шығара алмай жатырмын» деп қасқыр ойлайды.

Бір мезгілде қасқыр қараса, күн шығып қалыпты. Қатындар суға келе жатыр. Бұлар көрген жерден «Қасқыр, қасқыр!» деп айқай салысады. «Қасқыр, қасқыр» деп жан-жақтан жұрт жүгіріп, өркім қолында бармен ұра бастайды. Қасқыр жұлқынып-жұлқынып, құйрығынан айырылып, қашып құтылады.

АЛДАР КӨСЕ ШАЙТАНДЫ ДА АЛДАПТЫ

Бір күні Алдар көсе шайтанмен жолдас болып, аңға шығып, екеуі бір аң атып алыпты. Қазақ әдетінде олжаны жасы үлкен кісі байланады. Соның үшін Алдар көсе шайтаннан сұрапты: «Қайсымыз үлкенбіз? Сен неше жастасың?» – деп. Шайтан: «Құдай дүниені жаратқанда, менің жасым жетіде еді», – депті. Бұл сөзді естіп алып, Алдар көсе өксіп жылай бастайды. Шайтан: «Неге жылайсың?» – деп сұраса, Алдар көсе айтады: «Құдай дүниені жаратқан күні менің жеті жасар балам өліп еді, тірі болса, осы күні сендей болып жүрмес пе еді».

Сонда Шайтан: «Мен сенің балаңмен құрдас екенмін», – деп, олжаны Алдар көсеге байлапты.

АЙТ КҮНІ

Сәулесі күннің түскен бүгін өзге,
Қуаныш шаттық кірген әрбір жүзге.
Нәрселер дүниедегі жанды-жансыз,
Бір түрлі нұр беріп тұр көрер көзге.

Балалар жүр шапқылап аттанысып,
Әрқайсы ашық жүзбен шаттанысып.
Мінген ат, үстіне киген киімменен,
Қояды бір-біріне мақтанысып.

Құрбанға байлар да жүр малын сайлап,
Пышағын союшы жүр өткір қайрап.
Үйлерге ет асылған қыдырысып,
Жүн жіппен кемпірлер жүр белін байлап.

Майлаған, сұлу қыздар, шашын тарап,
Жағынып беттеріне опа-далап.
Ойлайды ауыл-ауыл қыдырсақ деп,
Ат тисе қолдарына, Құдай қалап.

Жаулығын келіншектер жуған нәлдеп,
Ораған күміс оқа оған сәндеп.
Көңілі молданың да қуанышта,
Тері алып бұрыннан да жүрген дөндеп.

Қолына балалар жүр құлақ алып,
Қашаннан келе жатқан бұ да қалып.
Жолығып бір-біріне бозбалалар,
Шаттықпен сөйлеседі тұра қалып.

ТЫШҚАННЫҢ АҚЫЛЫ

Тышқан оңашада баласына үйретіпті: «Адам деген мықты жауымыз бар. Ағаштан қақпан құрып, үстіне ғана май байлап қояды. Соны жеймін деп барсаң, қақпан ұстап алады, балам, соған жолай көрме», – деп.

Бір күні тышқанның баласы ойнап жүріп, майдың иісі шыққан соң, не қылып қойған екен деп, қасына жоламай, алыстан сығалап қана қараса, шешесінің айтқанындай, құрулы қақпанның үстінде май тұр. Ойлайды: «Қарашы, адамның ақылсыздығын, ағаштан қақпан істеп, үстіне май байлап, бізді қызықсын деп қойғанын. Біз сол қулыққа бола қоямыз ба?» – деп, олай-бұлай одырандап жүгіріп жүрді де айтты: ой-хой, май құрғырдың иісінің жақсысы-ай! Жемесем де, тым болмаса, жақындап иіскеуге болады ғой деп, бірте-бірте жақындап бара жатқанда, қақпан тарс етіп, тышқанның баласын басты да қалды.

ҮЙ ХАЙУАНДАРЫ

Жылқы, түйе, сиыр, қой, ешкі, ит, мысық, тауық адамның үй маңайында тіршілік етеді. Соның үшін олар үй хайуандары деп аталады. Үй хайуандары адамға көп пайда келтіреді. Жылқыға мінеді, арба, шанаға жегеді, сүтінен қымыз ашытады. Семіздерін қысты күні соғымға сояды, терісін сатып ақша қылады. Түйеге жүк артады, жабағысы күпіге жақсы болады, сатса жүні пұл болады. Сиыр мен қой адамдарды етімен, сүтімен асырайды. Ит қасқыр мен ұрыдан сақтап, қора күзетеді. Осылардың бәрі тегін қызмет етпейді. Олардың қызметі үшін адам асырайды, бағады, қысты күні аяздан тоңбайтын жылы қора жасайды, ұры, бөріден сақтау үшін бақташы қояды.

ҮЛЕС

Қосылып, бірнеше адам ортақтасып,
Үй салып, ортасынан дүкен ашып.
Саудасы жұғымды боп байып әбден,
Шат болып көңілдері судай тасып.

Ақшаны төбедей ғып үйіп қойып,
Үлесіп отыр еді шуылдасып.
«Үй жанып барады!» деп хабар берді,
Жүгіріп келді біреу түсі қашып.

«Жүріндер! – біреуі айтты, – барайық, – деп, –
Есепке қайтып келіп салайық», – деп.
Айтады екіншісі: «Мың сомым кем,
Токтандар, соны әуелі санайық», – деп.
«Кем, – деді, – екі мыңым, – және бірі, –
Қарандар, ап-анық тұр кемі, міні!»
«Қой, – десті өзгелері, – бұл өтірік,
Болмаса керек қате ондай ірі».
Тауса алман сөздерінің бәрін теріп,
Әйтеуір, зор жанжалдың кірді түрі.

Бірталай ерегіспен мезгіл өтті,
Ұмытты, жанжалдасып, бәрі де өртті.
Есептің бітуіне от қарай ма?
О дағы түтіндетіп келіп жетті.
Шығарға жол жоқ, жалын қамап алған,
Бәрі де мал-мүлкімен күйіп кетті.

Ойласақ, оқиға емес болмайтұғын,
Ел қайда өзін даудан қорғайтұғын?
Қазіргі пайдасына бәрі жетік,
Адам аз алдын қарап, болжайтұғын.
Андыған бірін-бірі жаудан жаман,
Байқасақ, ел белгісі оңбайтұғын.

Бұл белгі табылып тұр біздің жұрттан,
Таласып бір-бірінің жүзін жыртқан.
Алданып арадағы дау-шарына,
Қатерден қапері жоқ келер сырттан.

БЕРЕ БІЛГЕН – БӨЛЕ БІЛЕР

Бай мұжық бір төреге сыйға бес қаз алып келіпті. Төре айтады: «Жақсы, бере білгенде сен бөле де біл. Үйімізде алты кісі бар. Мен, қатыным, екі ұлым, екі қызым. Бірімізге артық, бірімізге кем қылмай, әділ бөлсең, саған мен де сый берермін. Бөле алмасаң, бос қайтарсың», – дейді. Мұжық олай ойлайды, бұлай ойлайды, дұрыстап бөле алмайды.

Сонда төре бір кедей мұжықты шақырып, өлгі қаздарды бөлуге бұйрық қылады.

Кедей мұжық көп ойламай, бір қазды алды да төре мен ханымына беріп: «Міне, бір қазбен үшеу болдыңыз», – дейді. Бір қазды екі ұлына, бір қазды екі қызына беріп: «Міне, сіздер де үш-үштен болдыңыздар», – дейді. Қалған екі қазды өзі алып: «Мына қазбен мен де үшеу болдым», – дейді.

Төре күліп жіберіп: «Міне, жігіт болсаң осындай бол! Жұртты да разы қылып, өзін де ұмытқан жоқ», – деп ақша беріп, қаз иесі мұжықты бос қайтарды.

ЖАЗҒЫТҰРЫ

...Май кірді, жер құлпырды, гүлдер жайнап,
Жібектей көк орайлар жатқан жайрап.
Сұлудай бұрандаған бұтақтар да,
Өн қосып әр түрлі құс тұрған сайрап.
Суықтан тоңып өлген шыбын-шіркей,
Тіріліп қанат қағып быж-быж қайнап.
Аспанда көк күркіреп, от жарқылдап,
Жылы жел қара бұлтты тербеп айдап.
Көкорай жапырақтың арасынан
Құс-құрттар баласына ұя сайлап.
Жүн-жұрқа, ескі-құсқы нәрсе тасып,
Балаға – бауыр еті орын жайлап.
Уызға жаңа тойған жас құлынды
Шыңғыртып, жылқышылар ұстап байлап.
Азырақ күйлі пыққан қысыр тайын
Балалар шапқыласқан мініп жайдақ.
Қыс қысқан арық-тұрақ, жаман-жәутік
Кетті ғой әлдеқашан тырақайлап.
Жаратқан жанға рақат жазғытұры,
Шүкір қыл бір Аллаға «иә, Құдайлап».

ОҚЫМЫСТЫ БАЛА

Бір бала қалада оқып, жазғытұры ауылына келді. Өкесі: «Балам, енді шөп шабатын мезгіл жақындады, қолыңа тырнауыш ал, мен шапқан шөпті жинап, жәрдемінді тигіз», – деді. Бала жұмыс қылғысы келмей: «Мен әр түрлі ғылымдар оқып қайттым, қара қазақтың сөздерін ұмыттым, тырнауыш деген не нәрсе?» – деді. Осы сөзді айтқаны-ақ сол еді, тысқа шықса, жатқан тырнауыштың басын байқамай аяғымен басып қалып еді, сабы тақ етіп маңдайына тиді. Сонда ғана тырнауыштың не нәрсе екені есіне түсіп, маңдайын сипалап тұрып: «Тырнауышты аяқ астына тастаған қандай ақымақ екен», – деп ашуланды.

ЕКІ ШЫБЫН

Бір Өгіз күні бойы тартып сабан,
Қайтты елге сабанымен кешке таман.
Мүйізінде Қара шыбын отыр еді,
Кез болды бір танысы жолда оған.

Танысы мұны көріп келе жатқан,
Астында өгізі бар сабан артқан.
«Көзіме күні бойы көрінбеп ең,
Келесің, сөйле – деді, – сен қай жақтан?»

Сонда бұл мұрынын көкке көтереді,
Адамсып, маңғазданып жөтеледі.
«Жер жыртып күні бойы шаршап келем,
Мазалап сұрап саған не керегі?»

* * *

Адамды кейбір түрлі алып еске,
Қарасақ гибрат бар бұл кеңесте.
Біреудің иә қайратын, иә дәулетін
Өзімсіп жүретіндер бар емес пе?

Кейбіреу көтереді мұрынын көкке,
Өз әдін өзі білген адам көп пе?
Мақтанып, бәрін де өзім еттім дейді,
Біреудің шылауында жүріп текке.

ЖАМАН ЖОЛДАС

Екі дос кісі жолдас болып келе жатса, бір аюға ұшырайды. Бұл екеуінің бірі әлсіз ауру, екіншісі мықты жас жігіт екен. Аю көрген соң жас жігіт ауру жолдасын тастап, бір үлкен ағаштың басына шығып кетеді. Ауру байғұс, ағашқа шығуға дәрмені жоқ, жерге құлайды да созылып, өлген кісі болып жата қалады (*естуі бар еді, аю өлген кісіге тимейді деп.*) Аю жатқан кісінің қасына келіп, иіскелеп тұрады да дыбысы білінбеген соң, тастап жөніне кетеді.

Мұнан кейін манағы жолдасы ағаштан түсіп, аурудан сұрайды: «Достым, аю құлағыңа не сыбырлап кетті?» – деп. Ауру айтады: «Аю құлағыма ақыл сыбырлады. Мұнан былай тар жерде жолдасын жауға тастап қашатын достармен жолдас болма!» – деп.

АЙНА МЕН МАЙМЫЛ

Айнаның қарсы алдына Маймыл барып,
Айнадан өз суретін көре салып,
Аюға жанындағы күліп айтты,
Ақырын аяғымен түртіп қалып:

«Бері қара! Бұл кім өзі мынау перің?
Білмеймін қайдан шыққан мұндай көрім?!
Он екі мүшесінің бірі онды емес,
Көз салып қарап тұрсам әрбір жерін!

Мен бұған титтей ғана ұқсас болсам,
Ішіме пышақ салып өлер едім.
Ол рас, бесеу-алтау бар екені –
Кейіпсіз нақ осындай бөлелерім».

«Маймылжан біраз ғана етсең төзім,
Менің бар жалғыз ауыз айтар сөзім.
Әуре боп бөлелерің санағанша,
Абайлап қарашы әуелі өзіңе-өзің».

Аюдың бұл ақылы айтқан досқа,
Бір жүріп, бірге тұрған көңіл қосқа.
«Алды жөн адасқанның» деген сөз ғой,
Тыңдаусыз құр далада қалды босқа!

Мысалы: адам – маймыл, өлең – айна,
Өлеңде түсінгенге бар көп пайда.
Айтылған өлеңдегі мінін көріп,
Түзейтін мінез-құлқын адам қайда?!

Біреудің мінін айтса өлеңшілер,
Мәз болып, тыңдағандар қарқ-қарқ күлер.
Болса да нақ сол міндер өз басында,
Деп айтар: «секілді екен пәленшелер».

Мен талай көргенім бар осындайды.
Өз мінін кім аңғарып, абайлайды?
Мәселен, бидің жеген парасын айт –
Көрсетер көзін қысып ауылнайды.

ЖАСТЫҚ

Бір жылдың ішінде бір-ақ жаз болады. Ағаш, шөптер, гүл-жапырақтар бір-ақ рет жасарады. Осы секілді, адамның да басына жастық екі келмейді. Жастық – біздің өміріміздің жазы. Жаздан кейін қалай күз келеді, сол секілді жастықтан соң көрілік жетеді. Шаруасына жинақты кісілер жаз күні қыстық азық-түлігін даярлап қояды. Адам да жасында өнер-білім, жақсы мінездерді бойына жинауы тиіс. Мұнсыз ол қартайған шағында рақат тіршілік ете алмайды.

КҮЛМЕҢІЗДЕР КӨРПЕ

Бір кісінің екі баласы болыпты. Бір мезгілде көршілері оған айтады: «Сенің балаларың бір кемпірді мазақ қылды, балаларыңды тыйып қой!» – деп. Өкесі балаларына ұрсады, балалар да мұнан былай кісіге күлмеске уәде береді. Біраз күн өткен соң балалар әкесіне берген уәдесін ұмытып, бір бишара шалды тағы да келемеж қылыпты. Мұны әкесі естіп, балаларын шақырып алып айтады: «Балалар, мен енді мұнан артық өмір сүргім келмейді, менің өлгім келеді; егер өлмей, қартайғанша тұрсам, сендер секілді бір ақымақ

балалар анау күнгі шал мен кемпірге күлгендерің секілді, маған да күлер деп қорқамын». Балалары ұялғаннан қызарып, не қыларға білмей, сонан кейін көрі кісілерге күлуді тіпті қойыпты.

ӨТІРІКШІ

Бір бала қой бағып жүріп, еріккен соң ауылдағы кісілерді бір алдайын деп ойлайды. Ауылға келіп: «Қасқыр, қасқыр! Аттан, аттан! Қойға қасқыр шапты!» – деп айқай салады. Жұрттың аттысы атты, жаяуы жаяу, қолдарына не түссе, соны алып, иттерін ертіп, қойға келсе, дөнене жоқ. Бала: «Өншейін, ойнап айтып едім», – деп күліп тұр.

Мұнан кейін төрт-бес күн өтеді. Бір мезгілде қойға шынымен қасқыр шабады. Бала тағы да ауылға келіп, әуелгісіндей айқайлай бастайды. Тағы да өтірік айтып жүр деп, бұл жолы ешкім де бармайды. Екі қасқыр қойды аралап, көбін алқымдап өлтіріп, өздері тойғанша жеп, қалғанын жаралап, қойдың берекесін кетіріп, жөніне кетеді. Өлгі бала тиісті жазасын тартып, өмірінде ешкім сөзіне нанбайтын өтірікші бала атаныпты.

БҰЛБҰЛ МЕН ЕСЕК

Бір күні Бұлбұл құсты Есек көрді,
Қасына сөз айтпаққа жақын келді.
«Сыртыннан сайрағыш деп жұрт мақтайды,
Тыңдайын, достым, біраз сайра, – деді. –

Кім білсін мұнан былай көрерімді,
Сайра деп тағы саған келерімді?
Мен тұрмын өзім естіп сынамаққа,
Мақтаудай бар ма екен, – деп өнерінді».

Есектің сөзін Бұлбұл қабыл алды,
Құлағын салып Есек тұра қалды.
Дауысын әлденеше түрлендіріп,
Сандуғаш не әдемі өнге салды.

Бұлбұл тұр түрлі-түрлі өнге салып,
Сайрайды бірін нәзік, бірін анық.
Дауысындай сыбызғының алыстағы,
Құлаққа кейбір дауысы келді талып.

Біресе шиқылдаған ащы дауыс
Шекеннен өте жаздап құлақ жарып.
Жан-мақұлық, шыбын-шіркей, құрт-құмырсқа
Тыңдады орын-орнында тұра қалып.

Сайрады бірде ақырын, бірде қатты,
Кейде ысқырып, кей мезгіл таңдай қақты.
Жел тынып, құстар қойып шулағанын,
Қойлар да күйісін тыйып, тыңдап жатты.

Көрсетіп бар өнерін болды Бұлбұл
Есекке қарсы қарап қонды Бұлбұл.
Қарап тұр екі көзін айырмастан,
Сыншы не дер екен деп енді Бұлбұл.

Сонда Есек сөз айтады Бұлбұл құсқа:
«Мақтаулы бар ғой әнпаз әрбір тұста.
Солардың баршасы да әдемі өнге
Тауықтың айғырындай емес ұста.

Айтайын мен бір ақыл, Бұлбұл шырақ,
Тыңда сен ілтипатпен салып құлақ.
Қораздан біразырақ күй үйренсең,
Сайрар ең мұнан гөрі де артығырақ».

Бұл сөзге жәбірленіп Бұлбұл қатты,
Сөз тыңдап онан әрі тұра алмапты.
Есекке сынатпасын Құдайым деп,
Пыр етіп ұшыпты да кетіп қапты.

* * *

Ал енді мұнда қандай ғибрат бар?
Есектей іс ететін көп адамдар.
Сары жезден саф алтынды айырмайтын –
Дүниеде бар емес пе не надандар?!

Есектей қалпы кейбір адамдардың,
Көзі тар, көңілі соқыр жамандардың.
Асылды жасық пенен танымайтын –
Сынынан сақта, Алла, надандардың.

ТҮЛКІ МЕН ҚҰР

Құр ағаш басында отыр еді. Бұған бір түлкі келіп: «Амансың ба, достым, құр» – деді. «Құдайға шүкір», – деп, құр жауап қайырды. Түлкі оның сөзін естімегенсіп: «Не дейсің, достым, құлағым естімейді, мүмкін болса, жерге түс, мынау шайқалып жатқан шалғынның үстінде рақаттанып сөйлесейік», – деді.

Құр айтты: «Жерге түсуге қорқамын. Құс баласы биікті жаратады ғой».

Сонда түлкі: «Өлде сен менен қорқамысың?» – деді. «Сенен басқа да аңдар көп, солардан қорқамын», – деді құр.

Түлкі айтады: «Құр, достым, сен әлі естіген жоқ екенсің ғой. Жаңада ғана жарлық болған. Жер жүзіндегі жан-жануарлар бір-біріне тимесін», – деген.

«Олай болса, бек жақсы болған екен, – деді құр. – Егер бұрынғы заман болса, анау келе жатқан иттерден де саған қашуға керек болар еді, енді қорқу керек емес қой».

Түлкі «ит» деген сөзді естіп, құлағын тігіп, қашуға ыңғайлана бастады.

«Қайда барасың, – деді құр. – Өлгі өзің айтқан жарлық бар емес пе? Иттер саған неге тисін?»

«Кім біледі, олар ол жарлықты әлі естіген жоқ шығар», – деп түлкі қаша жөнелді.

БАЙЛЫҚ

Бір жарлы жігіт жас күнінде оқыған ұстазымен жолығып, өзінің бұл күнде кедей болғандығын шақты. Онымен бірге оқыған серіктерінің көбі бай болып, кейбіреулер жұртқа қадірлі кісі болып кеткенде, өзінің әрқашан көрген күні жоқшылық екенін сөйледі.

«Қалайша, сен өзің айтқандай кедейсің? – деді ұстазы. – Сенің денің сау, қол-аяғың аман. Жұмысқа жарарлықсың. – Және шәкіртінің оң қолын көрсетіп сұрады. – Сенің мына қолыңды мың сомға кестіруге рұқсат етер ме едің?»

«Құдай сақтасын! Он мың сомға да кестірмеймін», – деді жігіт.

«Қаншаға берер едің жарық дүниені көретін көзінді, сақ құлақтарыңды, мықты аяқтарыңды?» – деді ұстазы.

«Мен бұларды дүниенің малына да айырбастамас едім», – деді шәкірт.

Сонда ұстаз шәкіртіне:

«Қалайша енді осынша байлыққа ие бола тұрып, жарлымын дейсің?» – деді.

БАЛГЕР

Елде бір балгер болыпты. Ол мақтанады екен. «Менің болжап білмейтін нәрсем жоқ», – деп. Оның бұл сөзіне нанушылар көп екен. Бір күні мұны бір ауылға шақырып, бал аштырып отырғанда, бір қу жігіт жүгіріп келіп:

«Балгер, балгер!!! Не ғып отырсың, үйің жанып жатыр», – дейді.

Балгер түсі қашып, шауып ауылына келсе, өрт түгілі еш нәрсе де жоқ. Мұнан кейін жұрт күліп сұрайтын болыпты:

«Сен қалай алдағы істі болжап білемін дейсің, өзіңді жігіт алдағанда не ғып білмедің?» – деп.

Сонан бері балгердің өтірігіне ешкім нанбайтын болыпты.

ӨГІЗ БЕН БАҚА

Бір Өгіз айдын шалқар көлге келді,
Жағалап суаты бар жерге келді.
Шілденің сарша-тамыз ыстық кезі,
Бек қатты қаны қашып, шөлдеп еді.

Су ішіп көлдің шықты жағасына,
Мал еді көз тоятын қарасына.
Артықша бір көлбақа күншіл екен,
Сол көлдің Бақасының арасында.

Өгізді суға тойған Бақа көрді,
Секіріп көршісіне жетіп келді:
«Боламын мен де сонау өгіздей», – деп,
Жел тартып, ісіп-кеуіп қарнын керді.

Сұрады жолдасынан: «Толдым ба? – деп, –
Өгіздей анау тұрған болдым ба?» – деп.

Өгіз бен екеуіне қарап тұрып,
Жолдасы жауап берді сонда бүй деп:

«Өгіздей болу саған қайда, шырақ?!
Араңыз екеуіңіздің тым-ақ жырақ!
Онымен бірдей болып толмақ түгіл,
Қалпыңнан асқан жоқсың артығырақ».

«Қарашы, енді қандай болдым? – деді, –
Міне, мен жаңа айдай толдым!» – деді.
Жолдасы тағы қарап денесіне:
«Қалпыңда қараң менен порымын», – деді.

Дүниеде мұнан күншіл кем-ді Бақа,
Зорланды қарнын керіп енді Бақа.
Шыдамай жұқа қарын керуіне,
Жарылып сол арада өлді Бақа.

* * *

Күнәсы күндегеннің жаман қатты,
Күндеме біреуге Алла берген бақты?!
Өгізді күндеп, сондай боламын деп,
Көлбақа онан қанша пайда тапты?

Әуелде Құдай өлшеп берген дене,
Қаншама зорланғанмен артылмапты.
Нақыл сөз: «Өлін білмес – өлек» деген,
Осындай әуре болған жаннан қапты.

ҚОЯННЫҢ ЗАРЫ

Бір қоян жылап сөйлейді: «Дүниеде менен сорлы жоқ. Бәрі де менің соңымда: аңшы да, ит те, қасқыр да, түлкі де, қаршыға да, бадырақ көз жапалақ та. Ақымақ қарға да менің балаларымды тасиды. Жан-жағымның бәрінде пәле, қорғанарға қаруым жоқ. Тиынша ағашқа шыға алмаймын, тышқанша ін қаза алмаймын; тістерім өткір, бірақ тістеуге батырлығым жетпейді. Қорқақтық болмаса, дүниеде жүруге болар еді. Бір дыбыс естисем, құлағым көтеріліп, жүрегім лүпілдеп, шапшаң қаша бастаймын. Дұрыс, жүгіруге тәуірмін. Мені оңай қуып жете алмайды. Құйрығымның

қысқалығы тәуір, итке ұстауға болмайды. Бұлардан да пайда жоқ. Бір жыл болмай-ақ мені өлтіреді, терімді сойып алады. Етімді жейді, сүйегімді итке тастайды».

Қоян басындағы зарын сөйлеп отырып, көңілі бұзылып жылап жіберді де: «Бүйтіп еткен тіршіліктен де өлім артық екен. Суға батып өлейін», – деп өзенге жөнелді. Судың жағасында бақылдап көлбақалар отыр екен. Бұлар қоянды көріп, бөрі де шошып, суға сүңгіп жоқ болып кетті.

Қоян тұра қалып: «Ө, міне, тамаша, Құдайдың жаратқан жанында менен де қорқатындар бар екен ғой. Бұлардың күні менен де жаман екен ғой! Жоқ, суға батып өлмейін!», – деп, көңілі біраз тыныштанып, қайтадан өзінің тоғайына қайтты.

АТЫМТАЙ ЖОМАРТ

Атымтай жомарт есепсіз бай бола тұрып, күн сайын бір мезгіл үстіне ескі киім киіп, отын кесіп, шөп тасып, жұмыс қылады екен. Бір күні бір жақсы танысы сұрайды: «Жомарт, Құдай берген дәулетіңіз бар, ашқа тамақ, жалаңашқа киім, жаяуға ат болдыңыз. Енді өз басыңызды кемшілікке салып, жете алмаған жарлыша отын кесіп, шөп тасығаныңыздың мәнісі не?»

Атымтай айтады:

«Бұған төрт түрлі себеп бар. Біріншісі – әдемі ат, асыл киім, асқан салтанатты үнемі үйреніс қылсам, көңілге жел кіргізеді. Сол желіккен көңілмен өзімнен төмен бишаралардан жиреніп, көз салмай, кем-кетікке жәрдем беруді ұмытармын деп қорқамын. Екіншісі – бар бола тұрып, мен жұмыс қылсам, мұның кемшілік емес екенін көріп, басқалар да үлгі алсын деймін. Үшіншісі – күн сайын өз бейнетіммен тапқан пұлға нан сатып алып жесем де, бойыма сол ас болып тарайды. Еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі, сіңімділігі болады екен. Төртіншісі – Алланың берген байлығын өзімсініп, тиісті орнына жұмсамай, көбін өзім ішіп-жеп, өзім тұтынсам, мал берген Тәңіріме күнәлі болармын деп қорқамын», – депті.

АТЫМТАЙДЫҢ ІНІСІ

Атымтай жомарт өлген соң, інісі де Атымтайдай боламын деп, малын шашпа бастапты. Шешесі неше қабат айтады екен: «Шырағым, малды орынсыз шашпа берме», – деп. Бір күні бұл сөздер баланың көңіліне келіп, шешесінен сұрайды: «Сіз маған мал шашпа дейсіз, мархұм Атымтай ағама бір сөз де айтпайтын едіңіз. Атымтай туған ата-анадан мен де туғаным жоқ па? Атымтайға біткен мал маған да біткен жоқ па? Сіз қалайша менің жомарт болғанымды жаратпайсыз», – деп.

Шешесі жауап береді: «Атымтай туған соң үш күнге дейін жылап, емшек ембеді. Емшегім сыздап сүт аққан соң, көршіміздегі бір жетім баланы әкеп емізіп едім, құшағымда отырған Атымтайым жылағанын қойып, екінші емшекті еме бастады. Осылайша, әрқашан бір емшекті әлгі жетім балаға емізбесем, Атымтай да ембеуші еді. Ал, сен балам, туғаннан былай қарай бір емшегімді еміп жатқаныңда, екіншісін екі қолыңмен мықтап ұстап жатушы едің, міне, соның үшін сен Атымтайдай жомарт бола алмайсың. Малыңды орынсыз шашпа дейтінім сол», – депті.

Мақал: «Ата – балаға сыншы».

БҰХАРҒА БАРҒАН ҚАЗАҚ ШАЛЫ

Жол шегіп бұрын бір қарт Бұхар барған,
Ірімшік, қойдың құрты – азық алған.
Керуен неше күндей үдей жүріп,
Қалаға жетерінде шаршап-талған.
Ашулы, сөз сөйлемей келеді қарт,
Тар ғана тас төсеулі орамдардан.
Бұйдасын қолына алып, өзер өтті
Бір қора есек мінген адамдардан.
Қамалап, сеңсең бөркін жұлып, тартып,
Бір жақтан сарт балалары мазаны алған.
Бұлайша тар көшеден өткен шақта,
Құлаққа келді дауыс азан салған.

* * *

Былтыр бір тағы келіп кетіп еді.
Онда да осы арадан өтіп еді.
Басынан мұнараның салған айғай
Сонда да құлағына жетіп еді.
Жоғары мұнша биік шыққанына
Танданып, мойынын бұра кетіп еді.
«Түсе алса жарар еді жазған сарт» деп,
Ішінен аяушылық етіп еді.

* * *

Ал енді биыл келсе тағы сондай,
Бір сарт тұр жоғарыда салып ойбай.
Көтеріп екі қолын жан-жағына,
Бұрылып шақырады адам қоймай.
Қараса жоғарыға былтырғы сарт,
Басына бөз ораған баяғыдай.

* * *

Шал айтты оған қарап тұрып жолда:
«Түсе алмай тұрғаның ба әлі сонда?
Ей, сорлы, аңқау өскен қорқоршы сарт,
Бар еді не жұмысың сенің онда?
Болған соң түсе алмастай неге шықтың?
Әуелде қарамапсың салып ойға.
Қазір мен түсіруге уақытым жоқ:
Тұрмайды түйем тоқтап сенің сорға.
Бөлініп керуеннен сенің үшін
Қала алман түсірем деп осы жолда.
Шықпасқа мұнан былай болар жақсы,
Түсе алмай тағы біраз тұрсаң сонда.
Күт бір жыл тағы сонда, Құдай қосып,
Келе алсам түсірермін жазда мұнда».

ЕКІ ЖІГІТ

Жаздың бір әдемі күнінде екі жігіт ағаш қасынан өтіп бара жатса, көкектің дауысын естиді. Жігіттің бірі айтады: «Көкек тек құс емес. Ол мені көріп шақырды. Мен мұны ырым етемін, маған ұзамай-ақ бір дәулет болады екен».

Жолдасы айтады: «Көкек саған шақырған жоқ. Маған шақырды, дәулетке мен жолығамын».

Бастапқы жігіт айтады:

– Сен итке не қылған дәулет!

Оған қарсы жігіт:

– Мен ит емес, сен ит!

Екеуі ұрсысып, онан соң төбелесіп, ауыз-мұрындары қып-қызыл қан болып, дәрігерге келеді. Бұлар дәрігерге келіп, жараларын көрсетіп, ем еттіріп отырып, жанжалдың неден болғанын сөйлейді.

Сонда дәрігер айтыпты:

– Әй, ақылсыздар, ол көкек сіздер үшін емес, мен үшін шақырған екен. Көкек шақырмаса, сіздер төбелеспес едіңіздер. Төбелес болмаса, жаралы болып, мен емдеп, ақы алып, олжаға батпас едім.

ҚАЙЫРЫМДЫ ТҮЛКІ

Бір мерген бозша құсты атып алды,
Қоймады өлтіріп-ақ жалғыз жанды.
Басында бір ағаштың үш баласы
Шырылдап ұясында жетім қалды.

Ана жоқ таситұғын тағам-жемді,
Күн көрер бишаралар қайтіп енді?!
Шулаған балапандар дауысын естіп,
Сөз сөйлеп осылайша түлкі келді:

«Алда, сорлы, бишара балалар-ай!
Жасынан өлген екен аналары-ай!
Көбелек, шыбын аулап күн көретін
Жоқ екен пақырлардың шамалары-ай!

Ей, құстар, тыңдаңыздар құлақ салып,
Кезекпен жем тасындар ұшып барып.
Үшеуін асырауға қанша қиын,
Етіңдер аз күн қайыр бөліп-жарып!

Көкек құс, жүнің түлеп жүр ғой бекер.
Азырақ жетім үшін жұлсақ не етер?
Қайырдың бұл дүниеде жетімге еткен
Ғайри іс сауабына бар ма жетер?!

Бозторғай, қарап тұрма сен де текке,
Жүресің бекер шырлап ұшып көкте.
Даладан, тоғайлардан тамақ ізде,
Бұлардың үшеуіне көп керек пе?!

Сармойын, ер жетті ғой балаларың,
Пөледен Құдай сақтар бірер-жарым.
Бұлардың күндіз-түні жанында бол,
Жоқтатпай пақырлардың аналарын!

Қарлығаш, сен келтірсең маса-шыбын,
Бұларға о да көмек болар тығын.
Осындай жұрт жабылған сауап іске
Ұят қой кіріспесең, жарықтығым!

Сандуғаш, не қылайын сені қайрап!
Қоярсың оқтын-оқтын өзің сайрап.
Көңілін біраз ғана көтермекке
Зарлының жетім қалған сору қайнап!

Достарым, осындай бір іс істелік,
Жастарды жетім қалған кісі етелік!
Ізгілер орманда да бар екенін
Осындай сауап іспен көрсетелік!

Тұрғанда түлкі сөйлеп сауап жолды,
Қайғыға естігеннің көңілі толды.
Аштыққа шыдай алмай үш балапан,
Ағаштан төмен жерге түсіп қонды.

Жұрт жинап жақсы кеңес құрған түлкі,
Зарланып жетімді аяп тұрған түлкі.
Аузына үшеуін де қағып салды –
Өзі екен нағыз Құдай ұрған түлкі.

* * *

Жеп қойды құстың жетім балапанын,
Қорықпай-ақ обалынан түлкі залым.
Қарасақ, ел ішінде аз ба адамдар –
Жеп жүрген обалсынбай жетім малын?

Пана боп, өзің сақта, құдіретім,
Кімде-кім балапандай қалса жетім!
Жұмсақ тіл, көңілі қатты залымдардың –
Ете гөр жетімдерден аулақ бетін!

ҮШ МЕРГЕН

Үш мерген құс атуға шығып, күні бойы жалғыз-ақ шүрегей үйрек атып алыпты. Кешке бір жерге келіп отырып сөйлесіпті: «Бұл үйректі үшеуіміз жегенмен тоймаймыз. Біріміз жеп қоюға тағы реті жоқ», – деп.

Бұлардың біреуі қу жігіт екен. Ол айтады: «Мұның ақылы табылады. Үйректі пісіріп, орап қоялық та, үшеуіміз де жатып ұйықталық. Қайсымыз жақсырақ түс көрсек, үйректі сол жесін», – депті.

Осыған сөзді байлап, үйректі пісіріп, орап қойып ұйықтағанда, әлгі қу жігіт тұрып, үйректі жеп, орнын әуелгіше жауып қояды. Ертең жолдастарымен бірге тұрып, қу: «Қане, не түс көрдіңіздер? – деп сұрайды.

Біреу айтады: «Мен ақ боз атқа мініп, алтын тәж киіп, көкке ұшып жүр екенмін», – деп.

Екіншісі айтады: «Мен ұжмаққа кіріп, хор қыздары өзіме қызмет етіп жүр екен».

Сонда қу айтады: «Екеуіңіздікі де рас. Мен түсімде сендерге қарап тұрып едім, бірің патша болып көкке ұшып кеткен соң, бірің ұжмаққа кіріп кеткен соң, бір шүрегей үйрек үшін қайтып келе қоймас деп, үйректі мен жеп қойдым», – депті.

ШАЛ МЕН АЖАЛ

Орманнан бір шал қайтты отын алып,
Бүкшендеп, көтере алмай, өліп-талып.
Отынын жерге қойып, біразырақ –
Қисайып жатты байғұс ойға қалып:

«Мен сорлы әрі кәрі, әрі жарлы,
Асырау оңай емес үйлі-жанды.
Қартайдым, жалданаарға қайратым жоқ,
Бермеді тұтынарлық Құдай малды.

Бұл маған не қылғанын, Жаратқаным?!
Бір шалға үйлі-жанды қаратқаның.
Төлермін салық ақша қайдан тауып,
Қажеттің бірін сай ғып жаратпадың?

Не жаздым, құтқармастай бұл бейнеттен?
Күнің жоқ тілегімді қабыл еткен.
Біреу кеш, біреу ерте өліп жатыр,
Келмейді маған ажал, қайда кеткен?»

Мұны естіп Ажал Шалға жетіп келді.
«Шақырдың жаңа неге мені?», – деді.
Ажалды көрген шақта зәресі ұшып,
Шал байғұс сасқанынан былай деді:

«Жарайды, баракалла, қош келдің сен!
Өрі аш, өрі көрі, қуатым кем.
Отырмын отынымды көтере алмай,
Жібер деп, арқалатып, шақырып ем».

* * *

Шал болсын, жасы жетіп, жеңген қарттық –
Иә жүрген жоқшылықтың зарын тартып.
Сау жер жоқ ағзасында ауырмайтын,
Өлімнен өз тірілігін көреді артық.

Кейбіреу көре алмай жүрсе күнін,
Кейіген сағатында тілейді өлім.
Болады надандықпен зор күнәһар,
Ісінің, күдіреттің білмей жөнін.

ӘКЕ МЕН БАЛА

Бір адам он жасар баласын ертіп, егіннен келе жатса,
жолда аттың қалған бір ескі тағасын көріп, баласына:
«Балам, ана тағаны ала жүр!» – дейді.

Бала әкесіне: «Сынып қалған ескі тағаны алып не
қыламын? – дейді.

Әкесі үндемей тағаны өзі іліп алады да, жүре береді.

Қаланың шетінде ұстаның дүкені бар екен. Сонда жеткен
соң әкесі қайырылып, әлгі тағаны үш тиынға сатады. Онан
біраз өткен соң шие сатып отырғандардан ол үш тиынға
бірталай шие сатып алады. Шиені орамалына түйіп, өзі
шетінен бір-бірден алып жеп, баласына қарамай аяңдап
жүре береді. Біраз жер өткен соң, әкесінің қолынан бір шие

жерге түседі. Бала тым-ақ қызығып келеді екен, жерге түскен шиені жалма-жан жерден алып, аузына салады. Біраздан соң және бір шие, оның артынан тағы бір шие, сөйтіп, әкесінің қолынан әр жерде түскен шиені он шақты рет еңкейіп, жерден алып жейді.

Ең соңында әкесі тоқтап, баласына шиені орамалымен беріп тұрып: «Көрдің бе, балам, мана тағаны жамансынып, жерден бір ғана еңкейіп алуға ерініп едің. Енді сол тағаға алған шиенің жерге түскенін алуға он қабат еңкейдің. Мұнан былай есінде болсын: аз жұмысты қиынсынып, көп жұмысқа кез келерсің. Азға қанағат ете білмесең, көптен күр қаларсың!» – дейді.

ТИЫН МЕН ҚАСҚЫР

Тиын бұтақтан бұтаққа секіріп жүріп, ұйықтап жатқан қасқырдың үстіне құлады. Қасқыр қарғып түрегеліп, тиынды жегісі келді. Тиын: «Мені жібер!» – деп жалына бастады. Қасқыр айтады: «Сені жіберейін, бірақ, маған айт, не себептен сендер әрқашанда мұндай шатсындар, мен әр уақытта қападамын? Сендерге қарасаң, жоғарыда ойнайсындар һәм қарғисындар».

Тиын айтты: «Өуелі мені ағаштың басына жібер. Онан соң мен саған айтайын. Болмаса мен сенен қорқамын».

Қасқыр тиынды жібереді. Тиын ағаштың басына шығып алып, айтты:

«Сен залымсың. Соның үшін һәмән қападасың. Залымдық жүрегінді жандырады. Біз ақ көңілміз. Ешкімге залымдық қылмаймыз. Сол үшін шатпыз».

ЕКІ САУДАГЕР

Темірмен сауда қылатын бір кедей саудагер жолаушылап бара жатып, танысы бай саудагерге өзінің тауарын аманат қалдырып кетеді. Жолынан қайтып келген соң, байдан темірін сұрайды.

Бай темірді сатып жіберген екен, бермеске сылтау қылып айтады:

- Сенің темірің қазаға ұшырады.
- Нендей қаза?

– Қаза алыс па. Темірінді қораға үйдіріп қойып едім, біздің қорада тышқан өте көп болады. Сенің сорыңа, темірінді тышқандар жеп қойыпты. Кеміріп жатқанын өз көзіммен көрдім. Нанбасаң барып қара, – дейді.

Кедей саудагер баймен айтыспайды.

– Несін қарайын, сізге нанбаймын ба? Тышқанның темір кеміретінін өзім де білемін. Қош! – деп, жүріп кетеді.

Кедей саудагер байдан шығып келе жатса, көреді, далада байдың бір ерке баласы ойнап жүр. Оны саудагер қолынан жетелеп алады да кетеді.

Келер күні бай әлгі кедей саудагерге ұшырап, өзінің басына келген қайғысын – баласы жоғалғандығын сөйлейді. «Баламды көріп-білгенің жоқ па?» – деп сұрайды.

Кедей саудагер айтады:

– Неге көрмеймін, көрдім. Кеше сіздің үйден шығып бара жатқанда баланды көз алдымда бір қаршыға көтеріп алды да кетті.

Бай бұған ашуланып айтады:

– Құтырдың ба, сен, дардай баланы қаршыға көтеріп әкетуші ме еді?

– Жоқ, мен қалжындамаймын. Жүз пұт темірді тышқан жеп қойғанда, баланы қаршыға көтеріп әкетуі қиын ба?!

Сонда бай түсініп:

– Сенің темірінді тышқан жеген жоқ, мен сатып жіберіп едім. Екі есе қылып ақшасын төлейін, – дейді.

– Олай болса, сенің де баланды қаршыға әкеткен жоқ. Баланды өзіңе қайтарайын, – дейді кедей саудагер.

ЖҮРГІНШІЛЕР МЕН ИТТЕР

Кеш мезгіл, келе жатты екі кісі,
Сөйлесіп, кеңесерлік болып ісі.
Арсылдап бір ит шығып қақпа астынан,
Бөлінді екеуінің әңгімесі.

Жүгірді және бір ит оны көріп,
Артынан тағы ит шықты оған еріп.
Жиылды сол арада қырық-елу ит,
Бірінің дауысын естіп, бірі келіп.

Біреуі жүргіншінің сонда тұрып,
Ойлады қуалауға таспен ұрып.
Жолдасы жанындағы оған айтты:
«Қарама, не қыласың мойын бұрып.

Өшігер олар қайта мұнан жаман,
Тыймассың кесек атып, лақтырып.
Үндемей жайымызға жүре берсек,
Өздері қояр әлі-ақ үріп-үріп».

Бұл сөзді екеуі де қабыл етті,
Иттерден қырық-елудей қадам өтті.
Басылып бірте-бірте дауыстары,
Кешікпей алды-алдына тарап кетті.

* * *

Тағы да бір сөз айтар келді ретім,
Жаратқан түрлі мінез күдіретім!
Біреудің малын яки бағын күндеп,
Күншілдер жоқ па шулап итше үретін.

Күндесін, шуылдасын, қылсын өсек,
Етпелік сөйлеп жүр деп сөзін есеп.
Иттердей үріп-үріп тарап кеткен,
Қояды шулап-шулап, үндемесек.

ТҮЛКІ МЕН ЕШКІ

Бір түлкі жүгіріп келе жатып, абайсызда терең апанға түсіп кетеді. Шығайын десе шыға алмай тұрғанда, ешкі су іздеп жүгіріп, әлгі апанға келіп, түлкіні көреді:

– Ей, түлкі батыр, сен мұнда не бітіріп тұрсың? – деп сұрайды.

Түлкі айтады:

– Несін айтасың, достым, жаным рақат тауып тұр. Қырда әрі сусап, әрі ыстықтап өліп едім. Апанның іші әрі салқын, әрі түбінде мұп-мұздай, түп-тұнық суы бар екен.

Түлкінің сөзін естіп, ешкі су ішіп, салқындауға апанға секіріп түскенде, түлкі қу қарғып ешкінің үстіне мініп, онан мүйізіне секіріп шығып, қырға қарай бір-ақ атқып, ешкіге:

– Қош-аман бол! – деп жөніне жүріп кеткен.

ОҚУҒА ШАҚЫРУ

Балалар, оқуға бар, жатпа қарап!
Жуынып, киіңдер шапшаңырақ.
Шақырды етеш мана әлдеқашан,
Қарап тұр терезеден күн жылтырап.

Адам да, ұшқан құс та, жүрген аң да,
Жұмыссыз тек жүрген жоқ ешбір жан да.
Кішкене қоңыздар жүр жүгін сүйреп,
Барады аралар да ұшып балға.

Күн ашық, тоғайлар шат, ың-жың орман,
Оянып жан-мақұлық түнде қонған.
Шығады тоқылдақтың тоқ-тоқ дауысы,
Сайдағы сарғалдақтың сыңғырлаған.

Өзенде балықшылар ау қарап жүр,
Тоғайда орақ дауысы шаң-шұң ұрған.
Аллалап, ал кітапты қолдарыңа! –
Құлдарын Құдай сүймес жалқау болған.

МЕЙІРІМДІ БАЛА

Өтірікшінің қолын кесетін қытай жұртында заң бар екен.
Бір қытай осындай іспен кінәлі болып, әлгі айтылған жазаны
тартуға тұрғанда жас қыз баласы: Әкемнің жазасын мен
тартамын, – деп мәлім етеді.

Қыз патшаға келіп айтады:

– Тақсыр, патшам, әкем жазаға лайық болғаны рас, сол
үшін қолынан айырылғалы тұр. Мінеки, тақсыр, әкемнің
қолы, – деп, өзінің қолын көтереді. – Бұл қол да – менің
жазықты болған атамның қолы. Бірақ, мұнымен бала-
шағаны асырауға болмайды. Бұйырыңыз, тақсыр, осы нашар
қолын кесіп, жұмысқа жарап, бала-шағаларын асырайтын
қолын атама қалдыруға!

Патша баланың мұнша атасына мейірімділігіне разы
болып, әкесінің кінәсін кешіпті.

МАЙМЫЛ

Жер жыртты ерте тұрып қарашекпен.
Қашаннан кәсібі еді егін еккен.
Асырап қатын-бала еңбегімен,
Кісі еді күшін жегіп, ауқат еткен.

Ертеден кешке дейін дамыл алмай,
Өткізді ұзақ күнді қызметпенен.
«Жарайды, баракалла, сабаз-ай!» – деп,
Алғысты берді оған өткен-кеткен.

Күншілдік етті бұған Маймыл надан.
(Мақтауды Маймыл түгіл, сүйеді адам).
«Осындай жұрттан мақтау алмайтұғын,
Ойлады: «Мен кеммін бе, – деп, – анадан».

Маймылдың көзі түсті томашаға,
«Енді жұрт қалсын, – дейді, – тамашаға».
Томарды бір көтеріп, бір сүйретіп,
Бүлінді өз-өзінен оңашада.

Томармен домалайды ойға өрден,
Біrese арқалайды алып жерден.
Өкпесін шапқан аттай баса алмайды,
Денесі көрінбейді аққан терден.

Сарп етті жан аямай Маймыл күшін
Ешбір жан мақтамады еткен ісін.
Сықылды осы Маймыл адамдар көп,
Көрсетіп не қылайын ашып түсін.

* * *

Не бітер күшті орынсыз жеккенменен?
Шығар ма тасқа егін еккенменен?
Ойлама алғыс, абырой аламын деп,
Пайдасыз құр меңнат еткенменен.

Мақсұтқа ойыңа алған жете алмайсың,
Мал шашып, құр далаға төккенменен.
Пайдалы істен алар абыройың
Кетпейді кейін қарай тепкенменен.

Орынды болса еткен мехнатың,
Халықтың түсіресің ілтифатын.
«Пәленше, баракалла, жарайды!» – деп,
Шығады сол уақытта жақсы атың.

САРАҢДЫҚ ПЕН ЖИНАҚТЫЛЫҚ

Бірнеше тәуір кісілер бір жетім-жесір қалған үй үшін жылу жинаймыз деп әр үйге қыдырып барып жүріп, бір байдың үйіне келсе, бай жұмыскеріне, бір жіпті жаңбырда ұмытып тыста қалдырдың деп, қатты ұрысып тұр екен. Ұрысып тұрып айтады: «Сен білмейсің, сол қысқа жіпті де біреу тегін бермейді. Малдың табылуы оңай емес», – деп.

Мұны көріп әлгі жылушылар өзара сөйлеседі: «Бір жаман жіп үшін осынша кейіп тұрған кісі бізге ешнәрсе бере қоймас. Ауызымызды ауыртпай, келген ізімізбен қайталық», – дейді.

Сонда арасынан біреу тұрып айтады:

– Неміз кетіп барады, келген соң, бұған да жұмысымызды айтып кетейік.

Жолаушылар байға келіп, сәлем беріп амандасады. Бай бұларды әдеппен үйге кіргізеді. Жұмыстарының мәнісін сұрап, білген соң, сол жердің өзінде басқаларға қарағанда екі есе ақша шығарып береді. Байдың бұл ісіне жылушылар танданып, өздерінің тыста байды сараңға санағандарын айтысады. Сонда бай:

– Аз нәрсені азсынбай, қадірін біліп жиғаннан, осындай мұқтаждарға жәрдем беруге қолым жетті. Жинақтылық – сараңдыққа қосылмайды, – депті.

ҚАПТЕСЕР МЕН КӨРТЫШҚАН

Қаптесер келіп айтты Көртышқанға:
«Бір хабар шашылып тұр жер-жаһанға.
Күн туып біздерге де көз ашқандай,
Жем болды Мысық залым Арыстанға.
Тыныштық бермеуші еді Құдай ұрған,
Жазасын тартпасын ба, ол дұшман да!..»

Көртышқан айтты деңіз сонда не деп?
«Бұл хабар рас болса жақсы ғой бек!
Дүниеде болмайтын бір оқиға екен.
Қуанба, Қаптесерім, сен босқа тек.

Бекер деп, менің бұған нанбайтыным,
Мысықты ешкім жеңіп алмайтуғын.
Тырнасса оныменен, шексіз білем –
Арыстан аман тірі қалмайтынын».

* * *

Бұл сөзді біреу ұқпай, біреу ұқты,
Айтайын, не мағына мұнан шықты:
Қорыққанда бір адамнан жаман ойлар
«Дүниеде ешкім жоқ, – деп, – сонан мықты».

ЖАЗ

Жаз болудың алдында күн ұзарып, ақырындап қар да ери бастайды. Жолдарда, жырақаналарда су жүгіріп, көлге, өзенге құяды. Өзенде мұз жарылып, су лайланып, төмен ағып, сең жүре бастайды. Су өзеннің жиегінен асып, жағаларынан қар кетіп, күн жылынып болған соң, шөп шығып, түрлі-түсті гүлдер шешек атады. Егіншілер соқасайманын түзеп, жер жыртуға шығады. Тоғай да жапырақтарын жамылып, жаңа келген сайрағыш құстардың үнімен көңілді болып кетеді. Жаз жан-жануарлардың бәрін де тірілтеді. Жаздың жетіп, күннің жылынғанына бәрі де шаттықта. Қыстан қысылып шыққан мал жүнін тастап, бие құлындап, қой қоздап, қара жерді сағынып қалған жануарлар, байласа тұрмай, далаға қашады. Қазақ халқының нақ бір байларының болмаса, қысқы үйлері қандай нашар. Енді бұлар да сол қараңғы, иісті қыстауларынан шығып, киіз үйлерін тіккен. Қыстай жарық даланы көрмей жатқан шалкемпірлер мен аурулар да бір жасап, таза ауаны жұтып рақаттанған. Балалар ойынға шығып, жүгіріп, жыл құстары тегіс келіп, жұмыртқа салған. Көлде қаз, үйректер бақылдап толып отыр. Анда-санда аппақ болып, ұзын мойынын иіп, сұлу кеудесін керіп, жүзіп жүрген аққуды да көруге болады. Суға барған қатындарды мазақтап шағала

да шықылықтап күліп жүр. Таң ата шырылдаған торғай мен үйдің алдын, кісінің жолын ерсілі-қарсылы кесіп ұшқан қарлығашта да дамыл жоқ. Құстар әуелгі келгендей емес, соңғы кезде азая бастады. Балалар жұмыртқасын алып, мергендер онан да, мұнан да мылтықтарын тарсылдата берген соң, шошып көрші көлдерге кетсе керек. Міне, майдың он бесі болды. Мал көкке тойынды. Жұрт бие байлады. Балалар анау байлаған жас құлындарды желіге оралып қалмасын деп күзетіп, бір жағынан тайларын үйретіп жүр. Тайы жоқ балалардың сол кезде азырақ көздері қызығады екен.

ЖАЗҒЫТҰРЫ

Қалмайды жазғытұры қыстың сызы,
Масатыдай құлпырар жердің жүзі.
Адамзат, жан-жануар анталаса,
Елжірер ата-анадай күннің көзі.

Енеді жаздың көркі жыл құсымен,
Жас күлер жайраңдасып құрбысымен.
Тұрғандай көрден жаңа кемпір мен шал,
Өзінің жалбандасар тұрғысымен.

Қырдағы ел ойдағы елмен араласып,
Көрісіп, күлімдесіп, құшақтасып.
Жастардың шаруа қуған мойыны босап,
Сырласып, сыбырласып, мауқын басып.

Қой қоздап, түйе боздап – қорада шу,
Құспенен, көбелекпен сайда ду-ду.
Майысып гүл мен ағаш қарағанда,
Бұрандап, сыбдыр қағып ағады су.

Мамырлап көл жағалай қу менен қаз,
Жүгіріп, жұмыртқа іздеп, балалар мәз.
Зырлатып жүйрік атпен тастағанда,
Ілінер жарқ-жұрқ етіп көк дауылпаз.
Байлаған құс қатарлап қанжығаға,
Бұрандап қыз жабысып, қылады наз.

Киінер жазға жақсы қыз-келіншек,
Өң берер жер жүзіне гүл-бәйшешек.
Сайраса қырда торғай, сайда бұлбұл,
Тастағы үнін қосар байғыз, көкек.

Жамырап жаңа пұлмен саудагерлер,
Жер жыртып диқаншылар егін егер.
Бір малы шаруаның екеу болып,
Көбейіп жаңа төлмен дәулет өнер.
Жер жүзін безендіріп Тәңірім шебер,
Дүниеге мейірбандық нұрын төгер.

Жер иіп анамыздай емізгенде,
Өкендей бейне үстіңе аспан төнер.
Жан берген жаз жіберіп қара жерге
Алланың рахматына көңіл сенер.

Мал семіріп, ақпенен ас көбейіп,
Көңілі өсіп адамзаттың көтерілер.
Басқаның қара тастан бәрі жадырап,
Бір сараннан өзгенің пейілі енер.
Қарасан тамашалап Тәңір ісіне,
Қайнайды бойың балқып, іште жігер.

Күн жоқта кісімсінер Жұлдыз бен Ай,
Ол қайтсін қара түнде жарқылдамай.
Шығарын таң атқан соң күннің біліп,
Бола алмас, өңі қашар, бұрынғыдай.

Жылы жел ай-жұлдызға хабар беріп,
Қуанар жан-жануар тойға елеріп.
Азалы ақ көрпесін сілке тастап,
Күлімдер жер өзіне шырай беріп.

Кемпір-шал шуақ іздеп, бала шулар,
Қуанып мал мазатсып, аунап-қунар.
Өуеде жыршы құстар өлең айтып,
Көлдегі кикү салар қаз бен қулар...

Жер көксеп күн-күйеуін ала қыстай,
Біреуі біреуіне қосылыспай.
Көңілі күн лебіне тойғаннан соң
Түрленер жер толықсып тоты құстай.

Көре алмас адам тіктеп күннің көзін,
Тұрады сүйіп, жылып жан лебізін.
Сары алтын, қызыл арай шатырына,
Кіргенін күннің кешке көрді көзім.

РАС СӨЗ АБАҚТЫДАН ДА ШЫҒАРАДЫ

Ізгі һәм данышпан бір патша болыпты. Оның патшалығы артық үлкен болмапты. Ол қол астындағы жұртында не болып жатқанын өз көзімен аралап жүріп көруді жаратады екен.

Бір күні жұртын аралап, хал-жайын білгелі жүргенде, абақтыдағы тұтқындарға келсе, есік алдында үш тұтқынды көріп, бұлардың не үшін абақтыға түскендерін сұрайды.

Біреуі айтады:

– Мен асқан ізгі адам едім, бірақ көршілерім жауыз болып, солардың жамандауымен мұнда түстім.

Екіншісі айтады:

– Дүниеде менен инабатты адам жоқ еді. Төрелер күндеп, осылайша мені тұтқын етті.

Үшіншісі басын иіп тұрып, кінәсін мойынына алып сөйлейді:

– Мен өзім кедей едім. Аштықтан шыдай алмай, біреудің біраз ақшасын ұрлап алып, тамағымды тойдырғаным рас еді. Сол ұрлық үшін абақтыға түстім.

Патша күліп, бастапқы екеуіне айтады:

– Сіздер секілді жан таң қаларлық ақ көңіл сенімді кісілерге мынадай ұрымен бірге отыру лайық емес. Соның үшін екеуіңіз абақтыда қалыңыздар. Ал ұры азат болсын! – деп бұйрық айтыпты.

ӨНЕР-БІЛІМ

Өнер-білім бар жұрттар
Тастан сарай салғызды;
Айшылық алыс жерлерден,
Көзінді ашып-жұмғанша,
Жылдам хабар алғызды.

Мың шақырым жерлерге
Аты жоқ, құр арбаны
Күн жарымда барғызды.
Адамды құстай ұшырды;
Мал істейтін жұмысты
От пен суға түсірді;
Отынсыз тамақ пісірді,
Сусыздан сусын ішірді.
Теңізде жүзді балықтай,
Дүниені кезді жалықпай,
Білгендерге осылар –
Бәрі дағы анықтай,
Білмегенге танықтай;
Біз де бекер жатпалық,
Осылармен таныспай.
Ат өнері білінбес –
Бәйгеге түсіп жарыспай;
Желкілдеп шыққан көк шөптей,
Жаңа өспірім достарым,
Қатарың кетті-ау алысқа-ай.
Ұмтылыңдар қалыспай.
Біз надан боп өсірдік
Иектегі сақалды.
«Өнер – жігіт көркі» деп,
Ескермедік мақалды...
Біз болмасақ, сіз барсыз,
Үміт еткен достарым,
Сендерге бердім батамды.

ПАТША МЕН МҰЖЫҚ

Орман аралап жүріп, патша мұжыққа кез келді. Мұжық ағаш кесіп жатыр екен.

Патша айтады:

– Жасаған жәрдем берсін, мұжығым!

Мұжық:

– Маған сол жәрдем керек-ақ болып тұр.

Патша сұрайды:

– Көп пе, үй ішінде адамдарың?

– Екі ұлым, екі қызым бар.

– Олай болса, артық көп емес екен. Сен тапқан ақшанды не орынға жұмсайсың?

– Мен тапқанымды үшке бөлемін. Бір бөлімін борышыма беремін. Бір бөлімін қарызға беремін. Бір бөлімін суға тастаймын.

Патша ойлайды-ойлайды, таба алмайды.

– Бұл не деген сөз: борышыма беремін, қарызға беремін, суға тастаймын деген?

Мұжық айтады:

– Борышыма берем дегенім – әке-шешемді асыраймын. Қарызға беремін дегенім – ұлдарымды тәрбиелеймін. Суға тастаймын дегенім – қыздарымды өсіремін.

Патша айтады:

– Нендей ақылды бас. Енді сен мені орманнан шығарып жібер, өзім жолды таба алмаймын.

Мұжық айтады:

– Жолды өзің де табарсың. Осыдан тура жүр, біраздан соң оңға бұрыл, онан соң солға, тағы да оңға. Сөйтіп орманнан да шығарсың.

Патша айтады:

– Сенің бұл сілтеуіңмен орманнан шыға алмаймын. Өзің шығарып жібер.

– Еріккен кісіні жолға салып жүруге менің жайым жоқ. Жұмыс кісісінің күні қымбат, – дейді мұжық.

– Қымбат болса, еңбегіңді төлермін, – дейді патша.

– Төлесең айда, – деп мұжық патшаны ертіп жүрді.

Жолда келе жатып мұжықтан патша сұрайды:

– Өмірінде қанша жер жүріп көрдің?

– Біраз жерде болдым.

– Патшаны көрдің бе?

– Көргенім жоқ. Көру керек еді.

– Көргің келсе, орманнан далаға шыққанда көресің.

– Мен оны қалай танимын?

– Жұрттың бәрі жалаң бас тұрар, патша ғана бөрікін алмас.

Міне, бұлар ашық далаға шықты. Жұрт патшаны көрген жерден бөрікін алды. Мұжық қарайды, қарайды, патшаны көре алмайды. Енді сұрайды:

– Патшаң қайда?

Сонда патша айтады:

– Көресің бе, осы топтың ішінде бөрікімен тұрған – мені мен сен. Екеуіміздің біріміз патша шығармыз.

ЖАТЫРСЫҢ НЕГЕ ҰЙЫҚТАП, ҚАРАШЕКПЕН!

Жатырсың неге ұйықтап, қарашекпен!
Жарық жаз қайта келді былтыр өткен.
Қарашы, анау сенің көршілерің
Өлі жүр қызметінде ертеңгі еткен.
Баққаның күндіз-түні тек бір ұйқы,
Адамсың талабың жоқ мұнша неткен?!

Қарашы көз жіберіп өзіңе-өзің.
Кім білер, қате шығар менің сөзім.
Бидай жоқ сарайыңда жалғыз түйір,
Білмеймін, не ойлап жүрсің сенің өзін?

Тап-тақыр шарбағың тұр босқа жайнап,
Кеткендей шоланың тұр шайтан жайлап.
Атыңды әлдеқашан борыш алды,
Ақырда жаяу қалдың сорын қайнап.

Сандығың мынау жатқан төңкеріліп,
Үйің тұр қарт кемпірше бүкірейіп.
Басыңды енді, жаным, көтермесең,
Сөз айтпас қайтып саған, жұрт түңіліп.

Есіңе ал бұрын қандай болғаныңды,
Барында бақ-дәулетің оңғаныңды.
Жөнелтіп астығыңды әр шаһарға,
Толықсып сол бір күнде тұрғаныңды.

Көруге халық сені асық еді,
Әр жерде-ақ есік саған ашық еді.
Төр болса қонақтықта сенікі еді,
Қадірің осылайша асып еді.

Бұл күнде жарлы болдың адам нанбас,
Болған соң жалқау адам ұйқың қанбас.
Бидайың көптен піскен орусыз тұр,
Жарқыным, жетер енді, ұйқыңды аш!
Құс шоқып, жел ұшырып, тамам болды,
Етесің өзіңе-өзің не үшін қас?!

Ұйқыңды қара шекпен, бөлсең не етер,
Мінеки, жаз мезгілі тағы да өтер.

Ауладан көзін салып күз қарайды,
Артынан қатты ызғарлы қысы жетер.

Қар жауып, шанамен жұрт жүріп жатыр,
Базарға не сатасың, жалқау пақыр?
Арбалап астық сатып көршілерін,
Қарашы, пайда көріп, оңып жатыр.

ШІЛДЕ

Жаз өтіп, шілде жетті, шілдеде күн ұзын, түн қысқа, күннің ыстығы сонша күшті, тастар, құмдар қызып кетеді. Шілдеде піспеген шөп қалмайды. Мінілмеген, жұмысқа салынбаған мал семіріп, желідегі құлындар ғана жүдеген. Қымыз мол, қозы піскен. Ел жайлауда бірін-бірі қонақ қылып, қазақ салты өз алдына бір қызық. Қыз ұзатса, ұл туса той болып, жұрт жиналып, ат шауып, күрес болады. Осы кезде қазақ бұрынғыдай алысқа көшпейді. Бұрын жердің еркін шағында жүз елу, екі жүз шақырым жерлерге жайлап кетеді екен. Үлкендер сол күндерін осы күні қатты сағынып, сөз қылысады. Шөп шабатын мезгіл де жетті. Бозбалалар жайлаудың қызығын қия алмай, ерініп әрен шығады. Қазақ шөпті бел орақпен шабады. Машина жаңа тарап келеді. Оқудағы балалар да жаздай қымыз ішіп, тынығып, енді сабаққа баратын күндерін санап жүр.

ЖАЗ

Жаздыкүн шілде болғанда,
Көкорай шалғын, бөйшешек
Ұзарып өсіп толғанда;
Күркіреп жатқан өзенге
Көшіп ауыл қонғанда;
Шұрқырап жатқан жылқының
Шалғыннан жоны қылтылдап,
Ат, айғырлар, биелер
Бүйірі шығып, ыңқылдап,
Суда тұрып шыбындап,

Құйрығымен шылпылдап,
Арасында құлын-тай
Айнала шауып бұлтылдап.
Жоғары-төмен үйрек, қаз
Ұшып жүрсе сымпылдап.
Қыз-келіншек үй тігер,
Бұрала басып былқылдап,
Ақ білегін сыбанып,
Өзілдесіп, сынқылдап.
Мал ішінен айналып,
Көңілі жақсы жайланып,
Бай да келер ауылға,
Аяңшылы жылпылдап;
Сабадан қымыз құйдырып,
Ортасына қойдырып,
Жасы үлкендер бір бөлек
Кеңесіп, күліп сылқылдап.
Жалшы алдаған жас бала,
Жағалайды шешесін
«Ет әпер», – деп қыңқылдап.
Көлеңке қылып басына,
Кілем төсеп астына,
Салтанатты байлардың
Самаурыны бұрқылдап.
Білімділер сөз айтса,
Бәйге атындай аңқылдап,
Өзгелер басын изейді,
«Өрине», – деп мақұлдап.
Ақ көйлекті, таяқты
Ақсақал шығар бір шеттен:
«Малыңды әрі қайтар», – деп,
Малшыларға қаңқылдап.
Бай «байғұсым десін» деп.
Шақырып қымыз берсін деп,
Жарамсақсып, жалпылдап.
Шапандарын белсенген,
Асау мініп теңселген,
Жылқышылар кеп тұрса,
Таңертеннен салпылдап.
Мылтық атқан, құс салған
Жас бозбала бір бөлек
Су жағалап, қутындап.

Қайырып салған көк құсы
Көтеріле бергенде
Қаз сыпырса, жарқылдап.
Бағанағы байғұс шал
Ауылда тұрып күледі,
Қошемет қылып қарқылдап...

ЛҰҚМАН ХАКІМ

Лұқман хакімге бір сопысымақ адам бір жиылыста: «Сіздің ауруға ем етуіңіз күнә. Тәңір жіберген қаза-пәлесіне қарсылық қылып, тоқтаушылық етемін деген болады», – депті.

Сонда Лұқман айтыпты: «Олай болса, осы айтылған сөздерің жазылған кітапты келтіріңіз. Сенімді кітап болса, тәубе етіп, дәрігерлікті қояйын».

Сопы бұл сөзді еш кітаптан көре алған жоқ, кітап алып келе қоям деп айтылмады. Жиылып отырған жұрт шулап қоя берді:

«Сопы! Лұқман жетім-жесірге атадай болып, неше мұнды бишаралардың көз жасын құрғатты. Сен бұл істі күнә деп білсең, кітабыңды көрсет, болмаса қазыға алып барып жазаландырамыз», – деп. Істің бұлайша зорайып бара жатқанын көріп, Лұқман жұрттан өтініш етіп, сопыны тысқа оңаша алып кетіп айтты: «Алла разы болсын, моллам, білген шамаңызша күнәдан тыюға айтқаныңызға. Бірақ бізден де сізге бір ақыл айтылсын. Қашан да бір істі істегіңіз келсе, ол іске әуелі ақылыңызды, онан соң көзіңізді жұмсаңыз. Ақылыңыз дұрыс десе, көзіңіз көріп, жөнін танып мақұл көрсе, тіліңіз бен қолыңызға сонда ерік беріңіз.

Екінші, сіздің айтқан сөзіңізден оқып жетіспегеніңіз көрінеді. Жасаған адам денесіне лайықтап әр түрлі мүше берді. Қол берді жұмыс қылуға, көз берді көруге, құлақ берді естуге, аяқ берді жүруге, ақыл берді ойлап жақсы-жаманды айыруға. Сол берген дененің мүшелерін тиісті орнына жұмсамасаң, Тәңірдің бұйрығына қарсылық болып табылса керек. Сол себепті жүрмей, тұрмай, көрмей, естімей, Құдайға құлшылық етіп те болмайды. Осылар секілді, жансыз нәрселердің де керексіз жаратылғаны жоқ. Бір шөпті у етіп жаратты. Екінші шөпті оған басытқы етіп жаратты.

Бұларды да танып, біліп, бұйрықты орнына жұмсамасаң,
күнәлі боласың. Не нәрсені пайдалы орынға жұмсаудан обал
болмаса керек», – деді.

ӨЗЕН

Таулардан өзен ағар сарқыраған,
Айнадай сәуле беріп жарқыраған.
Жел соқса, ыстық болса, бір қалыпта,
Аралап тау мен тасты арқыраған.

Көңілің суын ішсең ашылады,
Дененде бар дертінді қашырады.
Өксіген оттай жанып жануарлар
Өзеннен рақат тауып, басылады.
Қойынында тілсіз тұрған тоғайлар да
Шуылдап желмен бірге бас ұрады...

Он мың мал айдап өтсең лай қалмаған,
Тасыса су бармаған сай қалмаған.
Тасыған өзен судың қуатымен
Көк шығып, шөп бітпеген жай қалмаған.

Ел қыстап, күн көреді жанабында,
Дәм болар алуан-алуан балығында...
Тас таста, алтын таста сынамаққа,
Сонда да аққан өзен қалыбында.

Құдіретін Құдайымның көресің бе?
Не жеміс өсер өзен дөнесінде...
Арыстан дем алуға суға кірсе,
Балықтар шымшып ойнар денесінде.

МҰЖЫҚ ПЕН ЖАСАУЫЛ

Бір мұжық далада жүріп бір түрлі әдемі тас тауып алып,
көршісінен сұрайды: «Бұл тасты не қылсам жарайды?» –
деп. Көршісі: «Патшаға апарып сыйла», – дейді. Осы сөзбен
мұжық келіп, патшаның алдындағы жасауылының аяғына

жығылып: «Мені патшаға бір жолықтыр», – деп жалынады. Жасауыл: «Патшада не жұмысың бар еді?» – деп сұрайды. «Патшаға сый алып келіп едім», – дейді мұжық. «Олай болса, патшадан не алсаң жартысын маған беретін болсаң жіберейін», – дейді жасауыл. Мұжық осыған уағда етіп, патшаға кіріп, тасын сыйлайды. Патша мұжыққа «Алла разы болсын» айтып мың сом беріп еді, мұжық ақшаны алмай, патшадан елу шыбық соғуды өтінеді.

Мұның бір мәнісі бар шығар деп, патша бір жасауылына мұжықтың арқасына ептеп елу шыбық соқ деп бұйырады. Жиырма бес шыбықты соғып болғанда, мұжық айтады: «Енді маған болар, қалғанын пәлен жасауылыңызға соқтырыңыз. Алған олжамның, не де болса, жартысын соған беруге уағда етіп едім», – дейді. Өлгі жасауылды шақыртып, оған келістіріп жиырма бес шыбық ұрғызады. Мұнан кейін патша мұжықтың бұл ақылына разы болып, екі мың сом беріп қайтарыпты.

СҰЛУ АҒАШ

Тұрмысың аман-есен, сұлу Ағаш!
Қыстауға құмар еді тамам Алаш.
Малы жоқ Жаманқыздың қара құрым,
Сып-сида көрінесің жап-жалаңаш.

Сұлулық қалыбында тұрсын ба аман?
Келуші ем шаттықпенен мен де саған.
Қой маңырап, сиыр мөңіреп жатқан Ағаш!
Иеннің сөйткен сенің жоғы жаман.

Риза емен, сенің тұрған бұл күйіңе,
Жаманқыз, жарасушы ең ақ үйіңе.
Көрініп көкпенбек боп тұрушы едің,
Шыққанда Қысырақтың биігіне.

Жүруші ем келіп-кетіп жүргенімше,
Көңілім тынбаушы еді көргенімше.
«Мырзаға муафиқ сөз қандай бар?» – деп,
Ағашқа ойлаушы едім кіргенімше.

Қат едік Жаманқыз бен Көнтеқ байға,
Жатушы ед бір мың жылқы бір-бір сайда.
Зор мәжіліс және қайда күні-түні,
Кетуші ең әрең-мәрең бір-екі айда.

Панаңда құлындаған биен қайда?
Боталап, боздап жатқан түйен қайда?
Айдатып сан қарасын мекен еткен,
Жаманқыз, Көнтеқ байдай иен қайда?

Салқын үй, сары қымыз құйып жатқан,
Шаттықта тамам Алаш күліп жатқан.
Құрбыны әр жердегі жиып алып,
Ойынды Жанақай жоқ қылып жатқан.

Жанақай! Жұртқа әшкере дабыстарың.
Дәулетті салтанатқа қарыштадың.
Жиылып қыз-бозбала өлең айтқан
Кетпейді құлағымнан дауыстарың.

Кетпейді әлі күнге тілден Ағаш!
Атыңды арғын, жаппас білген Ағаш.
Болғанда түн ортасы жаңғырықтырып,
Маңқылдап май төбетің үрген Ағаш!

Көбең ат семірген жер, жаз жайлаған,
Хан, қара мекен етіп, мал айдаған.
Ағашты жаңғырықтырып өлең айтып,
Сұлу қыз кешке жақын нар байлаған.

Қалыпсың енді жатқа мекен болып,
Суыйды көңілім жаңа мекемденіп.
Шарасыз иелерің көшкен шығар,
Жат жұрттан қала салған секемденіп.

Қылығың әрбір түрлі кетпейді естен!
Жігіттің мекен етіп, көңілі өскен.
Жантілес дәулетті ауылы көшкеннен соң,
Халыққа қор болыпсың отын кескен.

ЕШКІМГЕ ЖАУЫЗДЫҚ ҚЫЛМА

Тіленші байдан қайыр сұрайды. Бай оған ешнәрсе бермей: «Кет, жоғал», – деп ақырды. Тіленші кетпеді. Сонда бай ашуланып, алдында жатқан тасты алып тіленшіге атты. Тіленші жерден тасты алып, қойынына салып тұрып айтты: «Осы тасты қашан сенің өзіңе атуға күн туғанша жоғалтпай сақтармын», – деп.

Тіленшінің айтқанындай-ақ, тасты ататын күн туды. Бай бір жаман іс істеп, малынан айырылып, өзін абақтыға алып бара жатыр екен. Бұған тіленші кез болып, қойынындағы сақтап жүрген тасын алып, атпақшы болды да, ойланып тұра қалып, өзіне-өзі сөйледі: «Өттеген-ай, бұл тасты бекер сақтап жүрген екенмін, мұнан бай әлі күшті күнінде мен бұдан қорқушы едім, мұны күндеуші едім, енді қазір мұндай нашар халін көріп, көңіліме аяушылық түсті».

ҚАСҚЫР МЕН ҚОЗЫ

Бұлаққа су ішуге келді Қозы,
Жанында серігі жоқ, жалғыз өзі.
«Бөрі жоқ десең шығар бөрік астынан»,
Бәле мен қаза алыс па, келсе кезі.

Қаңғырған тамақ іздеп бір аш бөрі
Қозыға жетіп келді жайнап көзі.
Жемекке кінә қойып сол арада,
Жала ғып, міне, Қасқыр айтқан сөзі:

«Сен, Қозы, текке қарап жүре алмайсың,
Соқтықпа маған десем, тіл алмайсың.
Мойыныңды қазір жұлып алайын ба,
Суымды неге былғап, ылайлайсың?»

Қозы айтты: «Қасқыр, тақсыр, тоқта азырақ!
Тергеңіз кінәм болса әділ бірақ.
Ізіңіз жатқан жерден төмен келіп,
Іштім мен жүз қадамдай қапшығырақ.

Бұл жерден ең аз болса бір жүз қадам,
Мүмкін бе ылайлауға осы арадан?

Сіз түгіл өзгеге жоқ қиянатым,
Не шара, жеткен болса бүгін қазам?!»

«Бекер ме, – Қасқыр айтты, – менің сөзім?
Білесің жалғаншы деп кімді өзің?
«Өкенді» алдындағы танымсың –
«Балам» сен байқап қара ашып көзің?!

Осындай сөздер мені күйдіреді,
Десем де шыдайын-ақ етіп төзім.
Есімнен өле-өлгенше кете қалмас,
Былырғы осы арада сөккен сөзің».

«Кезек бер біразырақ сөзге, тақсыр!
Келемін жарты жасқа күзде, тақсыр!
Жаралып дүниеге биыл келсем,
Тиемін былыр неғып, Сізге тақсыр!»

«Ол, ендеше, сен болмасаң, сенің аған,
Ойларың мені жоймақ, келсе шамаң.
Ит болсын, қойшың болсын, қожан болсын,
Жауыздық ойлайсыңдар бәрің маған».

«Нансаңыз ағам да жоқ, інім де жоқ.
Уа, ғайры напарлықтан мінім де жоқ.
Нақақтан мені, тақсыр, күйдіресіз,
Жауыздық сізге ойлаған күнім де жоқ».

«Ол саған әлде күйеу, әлде құда,
Сүймейді қой атаулы мені жүдө.
Иә бөлен, иә нағашың, иә жиенің –
Өйтеуір, саған ұқсас еді о да.

Қой заты талай жәбір берді маған,
Соларын мен де істеймін енді саған.
Кегімді қойдан алмай, кімнен алам –
Тауыспа о деп, бұ деп сөзді оған!»

– «Тақсыр-ай, еш жазығым жоқ қой менің,
Жәбір ғой біреу үшін күйдіргенің!»

– «Үндеме! Жетер! Қазір мұрсатым жоқ,
Тұруға ақ-қаранды тергеп сенің.

Алыпсың жаман әдет қарсыласып,
Сенімен тұрам ба мен мылжыңдасып.
Айтайын, білгің келсе, қозым саған –
Кінәң сол – жегім кеп тұр қарным ашып».

Шопшыды Қозы байғұс құлқын танып,
Құтылар білгенменен онан не ғып?!
Болсын ба қозы жұмыс Қасекеңе, –
Жөнелді иығына салып алып.

* * *

Орманға Қасқыр кетті Қозыны алып,
Белгілі етер ісі алып барып.
Осындай жазықсызды жазғыратын
Әр жерде күштілер де бар ғой қалып.

Қасқырдың зорлық болды еткен ісі,
Ойлаймын – оны мақтар шықпас кісі.
Нашарды талай адам талап жеп жүр,
Беріден артық дейміз оның несі?

ҚАРАБАТЫР

(ертегі)

Қарабатыр деген ерді бала күнінде түрікпен елінің жортуылшылары ұстап алып, еліне апарған соң қой бақтырыпты. Аш-жалаңаш сақтап, жөнді тамақ бермеген соң, бала далада қойдың сүтін сауып ішіп, сонымен күн көріп жүріпті. Бір күні бала далада қамығып жылап отырғанда, алдына бір қарға келіп қонады. Бала қарғаға айтады:

«Қарғалар-ау, қарғалар,
Қанды көрсе жорғалар!
Тұмарымды алсана, сағынып тұрған әкеме бере қалсана».
Қарға бір қарқ етті де ұшып кетті.

Бір мезгілде сауысқан келіп қонды.
«Ей, сауысқан, сауысқан!
Өлексе жеп тауысқан.
Тұмарымды алсана, елге бара қалсана!».
Сауысқан шық-шық етті де ұшып кетті.

Келіп тырна қонды.

«Ұзын мойын тырналар, қайыры бар мырзалар.

Тұмарымды алсана, елге бара қалсана!»

Тырна тырау-тырау деді де ұшып кетті.

Қаз келді.

«Ей, қаздар-ау, қаздар-ау!

Сізге бар-ды наздар-ау!

Тұмарымды алсана, елге бара қалсана!..»

Қаз қаңқ-қаңқ етті де ұшып кетті.

Аққу келді.

«Көлден ұшқан қуларым, құс төресі туларым!

Тұмарымды алсана, елге бара қалсана!..»

Аққу тоқталыңқырап, көлденеңдеп тұрды да, ұшып кетті.

Біраздан соң қарлығаш келді.

«Өй, қарлығаш, тамыр-ай, болдым жауда қалар-ай!

Тұмарымды алсана, елге бара қалсана!..»

Қарлығаш ұшып олай кетті, ұшып бұлай кетті. Ақырында қимай, баланың қолына қонды. Бала ойлады «Өкем тұмарымды көріп таныса да, қай елде екенімді біле алмас. Бұған бір белгі салайын», – деп, өзінің қолын пышақпен шаншып қанатты да, қанымен тұмар үстіне түрікпен елінің таңбасын салды. Сөйтіп, тұмарды қарлығаштың мойынына байлап, елінің, әке-шешесінің жерін айтып, ұшырып қоя берді.

Қарлығаш ұшты аспанмен, баланың айтқан жоспарымен, асқар-асқар таулармен, айдын шалқар көлдермен, батпақ-ылай шөлдермен, түрлі-түрлі жерлермен. Қос қанатын қамшылап, аспаннан қатер көрінсе, таса жерді жамшылап, үстінен тері тамшылап, неше мерзім жерді өтті, неше мерзім елді өтті. Нақ отыз күн болғанда, бір ауылға сол жетті. Баланың айтқан ауылы осы ма деп мезгепті.

Бұл ауылға келген соң, қарлығаш әр үйдің төбесіне қонып, адамын байқап жүрсе де, баланың айтқанына ешқайсысы ұқсамайды. Сөйтіп, шаршап, қалғып отырғанда, бір ыңырсыған кемпірдің дауысы шықты. Құлағын салып тыңдаса, кемпір айтады:

– Ау, шырағым, құлыным, мандайымда тұлымым, көлге біткен құрағым, жалғыз ұлым-шырағым! Жау алды ма, білмедім, су алды ма, білмедім, аң алды ма, білмедім. Жөніңді біліп, шырағым, құрбаның болып өлмедім. Жиырма төрт ай болды, мінеки, мен жалғызды көрмедім!

Сен тұра тұр деп кемпірді тоқтатып, шал айтты:

– Жалғыз біткен тал-шыбық, келбетің келген қарағым, бір дерегің білуге дүние кездім, қарадым, аш бурадай жарадым. Он екі мүшем сөгілді, аш күзендей бүгілді. Таулардың насат тасындай, берік-ақ еді сүйегім, өрт шалғандай егілді, қайда да кеттің, сұңқарым, үміт еткен тұлпарым. Бір көрсетіп алмады, сол ғана болды інкәрім!

Мұнан кейін бір жас қыз бала әке-шешесін тоқтатып сөйледі:

– Нар кескен деген алмастай, асыл еді негізін, бірге туған егізім. Сен тұрғанда ойлаушы ем, арғымақ ат мінермін, асыл киім киермін, тең құрбымнан ілгері мен жарқырап жүрермін; биіктен талап тілермін, ойын-күлкі сауықпен қызық дәурен сүрермін.

Егізімнен айырылып, ақша беттен қан кетті, көңілімнен жан кетті. Желкілдеп шыққан көк шөптей, жап-жас қана күнімде, міне, бізден сән кетті.

Әй, қартымыз-қартымыз! Көзіңнің жасын тартыңыз. Мен бүгін бір түс көрдім, әжептәуір іс көрдім, түсіме жору айтыңыз!

Қолдан ұшқан сұңқарым қайта қонып жүр екен. Бірге туған құлыным үйге келіп жүр екен. Бізге Құдай берген-ді, кісі көрмес өлгенді. Бабатүкті Шашты Өзиз нақ сарт болып кетпесе, бір хабар алып шырақтан, бір қарлығаш келген-ді.

Бұл сөзді естіген соң қарлығаш түп-тура шал-кемпірдің алдына қонады. Бишаралар жылап-сықтап, тұмарды алып, таңбасынан Қарабатыр Түрікпенге барғанын білісті. Сонан соң, ат жаратып, адам жиып, түрікпен жұртына барып, көп тарту-таралғы беріп, баласын алып қайтыпты.

ТАЗА БҰЛАҚ

Бар екен таудан аққан таза бұлақ,
Түк ел жоқ маңайында қылған тұрақ.
Жағалай біткен ағаш жапырақты,
Жайқалып күн мен желден тұрған қорғап.

Шілденің тас қыздырған ыстық күні,
Мөп-мөддір суы салқын, әйбат түрі.
Шыныдай жалтыраған тазалығы
Көрініп айнадай боп жатқан түбі.

Жиһангез үш жолаушы келе жатқан,
Шөлдеген ыстық күнде таңдай қатқан.
Кез болып бақытына өлде қалай,
Су ішіп мейірі қанған сол бұлақтан.

Рақат, сусын қанып, жан жайланып,
Қарап тұр аққан суға қайран қалып.
Көреді суағардан жазулы тас,
Жағалап жоғарырақ жүрсе барып.

Үшеуі мұны көріп қалды тоқтай:
Жапанда жазуы бар неткен тақтай?!
Жазылған, оқып көрсе, сөзі мынау:
«Болсаң бол, ей, жолаушы, бұл бұлақтай!»

Саудагер екен бірі үшеуінің,
Тыңдаңыз сондағы айтқан сөзі мұның:
– «Япыр-ай! Бұл жазылған ақыл екен,
Өткізбей ағар бұлақ күні-түні.

Алысқа бармақшы ол тынбай ағып,
Қосылмас өзге бұлақ бұған нағып?
Зорайып ақырында өзен болып,
Суынан пайдаланар тамам халық.

Менімше, мұнан мұрат, мағына сол,
Көсіп қыл, жалқауланбай, талапты бол.
Бұлақтай мақсұдыңа сен де жетіп,
Басыңа тигізерсің пайданды мол».

Екінші ғалым екен аса зерек,
Ол айтты басын шайқап, назданып бек:
– «Бұл сөздің мағынасы сіз айтқаннан,
Менімше, болса керек тереңірек.

Бұл сөздер – ғибрат сол адамзатқа,
Тегін қыл жақсылықты, пұлға сатпа.
Бұлақтай кез келгенге даяр болып,
Міндетсіз білімді тарат халыққа».

Жас жігіт, жолаушының үшіншісі,
Әдемі көрер көзге көркем кісі.

Тоқталып еш нәрсе айтпай тұрып еді,
– «Не ойлайсың, сөйле, мырза!» – деді өзгесі.

Бұл жігіт берді жауап сонда тұрып:
«Орнында ақпай бұлақ тұрса тұнып,
Шөп-шалам, шаң-топырақ, селеу басып,
Сарқылып қалар еді әлі-ақ құрып.

Жұрт құмар бұлақ таза болғандықтан,
Жазудан мағынам сол менің ұққан.
Көңілінді бойың менен таза сақта,
Пәктікпен артыларсың сонда жұрттан.

Ақ пейіл, таза жүрек, жүзің жарқын,
Секілді мөлдір бұлақ суы салқын.
Болғандай дертке шипа жаны сүйіп,
Шүбөсіз пайдаланар болсын халқың».

КҮЗ

Міне, сентябрь туды, күз келді. Күн қысқарып, түн ұзарды. Аспаннан бұлттар қаптап, сіркіреп жаңбыр да жауып тұр. Күн сирек көрініп, аз жылытады. Анда-санда таңертен салқын болып қояды. Өткір суық жел арық малды, жұқа киімдіні тоңдыра бастады. Жұрт күземін алған, киізін де басып алды. Маса, шыбын, құрт-құмырсқа жоқ болып кетіпті, құстар да жылы жаққа ұша бастады. Қарлығаштар көптен көрінбейді. Аспанда тырналар да тізіліп ұшып барады. Ағаштардың жапырақтары сарғайып түсіп, шөптер де қурап қалған. Егіншілер астығын жинап алып, шабындыда әр жерде ғана жаңбырға сарғайған шошақтар тұр, оларды да иелері тасып алуға шана жолын күтіп отыр.

Ел тегіс биесін ағытып, пысық қатындар желі-ноқтасын кептіріп алды. Жаз күні көп байлағаны есіне түсіп, қымызшыл шалдар арық құлынын жаңа аяп отыр. Ер азамат қыстауды түзеп, кемпір мен шал, борбай балалар от басында отыр. Жаз рақат болса да, киіз үйдің күзді күні суығы-ай!

КҮЗ

Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан,
Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан.
Білмеймін тойғаны ма, тоңғаны ма –
Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан?

Жасыл шөп, бөйшешек жоқ бұрынғыдай,
Жүгірмес, жастар күлмес, бала шулай.
Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,
Айырылған жапырағынан ағаш, курай.

Сапсиды біреу малма, салып иін.
Тартыпты салбыраңқы жыртық киім.
Иіртіп енесіне шуда жібін,
Жыртылған жас қатындар жамайды үйін.

Қаз, тырна қатарланып қайтса бермен,
Астында ақ шомшы жүр, ол – бір керуен.
Керсең де қай ауылды жабырқаңқы.
Күлкі-ойын көрінбейді, сейіл-серуен.

Кемпір-шал құржаң қағып, бала бүрсен,
Көңілсіз қара суық қырда жүрсен.
Сорпа-су, кемік сүйек тимеген соң,
Үйде ит жоқ, тышқан аулар қайда көрсен.

Оты жоқ, күзеу тозған елдің маңы,
Жел соқса, тұман болар шаң-тозаңы.
Үйінің от жақпаған сұры қашып,
Қазақтың ыстан қорыққан құрысын заңы.

* * *

Қараша желтоқсан мен сол бір-екі ай.
Бірі ерте қыстың басы, біреуі жәй.
Жерімді ерте барсам жеп қоям деп,
Күзеуде ықтырмамен отырар бай.

Кедейдің өзі жүрер малын бағып,
Отын жоқ отыруға үзбей жағып.
Жылытып тоңған иін, тонын илеп,
Қатыны шекпен тігер бүрсен қағып.

От та жоқ жас балаға тұрған маздап,
Талтайып қақтана алмай, өле жаздап.
Бар болса кемпір-шалы қандай қиын,
Қысқанда бір жағынан о да азынап.

Кәрі қой ептеп сойған байдың үйі,
Кедейдің қай жерінен тұрсын күйі.
Орта қап қара қидан ұрыспай берсе,
Кедейге о да қылған үлкен сыйы.

Тоңбайды қар жауса да бай баласы,
Үй жылы, киіз тұтқан айналасы.
Жалшы ұлы бай ұлына жалынышты,
Ойнатар, ағып жүріп көздің жасы.

Жаны ашып, жалшы үйіне ас бермес бай.
Артықша артық қайыр қызметке орай.
Байда пейіл, жалшыда мейір де жоқ,
Екеуін аңдыстырған Құдайым-ай!

Алса да аяншақтау кедей сорлы,
Байдың да еңбек білмес жоқ қой орны.
Жас бала, кемпір-шалын тітіретпей,
Тас болма, бір қыс сақта, сен де о ғұрлы.

ЖӘНІБЕК БАТЫР

Жәнібек батыр бала күнінде ақыл-білім үйренуге қаракерей Соқыр Абыз деген кісіні іздеп келген екен. Сәлем беріп кіріп келсе, қарттықтан екі жағын жібек жіппен таңып отырған кісі екен, Жәнібекті көріп:

– Сен қай ұлсың? – дейді.

– Қошқар ұлымын, – дейді Жәнібек.

– Қошқардың адам иісті бір ұлы бар деп еді, сол боларсың ба?

– Болармыз, – дейді Жәнібек.

– Балам, не жұмысың бар, бұл жақта неғып жүрсің?

– Осы жақта бір қарт атамыз бар дегенге, қолын алып, бір-екі ауыз ақыл, білім алайын деп жүр едім.

– Ө, ә! Ел бастап, жұрт алайын деген ұл екенсің, сөз бастап би болайын деген ұл екенсің, қол бастап жол алайын деген

ұл екенсің. Алдына келсе өділдігінді аяма, аймағың кетпес алдыңнан. Жолдастың мыңын алма, бірін ал – мың кісіге бір кісі олжа салатұғын. Олжанды аямасаң, жолдасың қалмас қасыңнан. Жүз жиырма алтыға келіп отырмын. Жас күнінде қалың бер де қатын ал. Жігіттің хан болатын, қыздың ханым болатын кезі сол. Қартайған соң өкінбе, ұлым! Қару жисаң, мылтық жый: жаяу жүрсең – таяғың, қарның апса – тамағың.

Жәнібек мұнан шығып, Кіші жүзде тоқсанға келіп отырған Тайған деген биге келді. Келсе, бидің елі көш екен. Көш үстінде кез болып, сәлем беріп, ат үстінен көрісті. Мұнысын жақтырмай, бұл би де сұрады.

– Жаным, қай ұлсың?

– Қошқар ұлымын.

– Ұлым, не ғып жүрсің?

Оған да айтты: осы жақта бір қарт атамыз бар дегенге жолығып, қолын алып, бір-екі ауыз ақыл сұрайын деп едім.

– He, he! – дейді би. – Азуы алты қарыс Арғынның Қошқарының ұлы Жәнібек Алшынның шалын келемеж қылып кетейін деп едім десеңші!

Жәнібек: «Мен сөз сұрайын деп келсем, көңілімді қайтарды ғой», – деп, атының басын бұрып алып, жүріп кетті.

Анадай жер бара жатқанда би:

– Әй, Жәнібек! – деп шақырды.

Жәнібек артына қарады.

Сонда би:

– Атыңның басын бұрма, солай тұр. Жүзім кішілігінен бір ауыз сөзбен көңіліңді қайтардым. «Өгізді өрге салма, қанатың талар. Жаманға жүзіңді салма, сағың сынар», – депті.

ҚАСҚЫР МЕН МЫСЫҚ

Орманнан Қасқыр келді елге қашып,
Алақтап, не қыларын білмей сасып.
Соңынан бір топ аңшы қиқу салып,
Ит қосып келе жатыр шапқыласып.
Жалынып Қасқыр сонда Мысыққа айтты,
Шетінде бір ауылдың ұшырасып:

«Мысықжан, бұл жердегі жұрттар қандай?
Жау қуып келе жатыр арттан қалмай.
Ит үрген, қиқу салған адамдардың
Дауысын естимісің, тартқан кернай?
Айта гөр қайырымды ер бар болса,
Тасалап мені жаудан құтқарғандай».

«Бара ғой, – Мысық айтты, – Қоянкөзге.
Жігіт кем ер көңілді онан өзге!
Адамды анау-мынау тоқтатарлық,
Өзінің әдебі бар сөйлер сөзге».
«Оны қой, – Қасқыр айтты, – ол жасырмас.
Жеп едім бір ту қойын өткен күзде».

«Барып көр, олай болса, Құрамысқа,
Адам жоқ жасыруға одан ұста.
Шамасыз өзі асқан жақсы жігіт,
Жалғыз-ақ тоны келте, қолы қысқа».
«Мысықжан, оны да қой, өзгесін айт,
Жеп едім бір лағын өткен қыста».

«Иесі анау үйдің Көпберген бай,
Жақсылық-жамандықты көп көрген бай.
Қонақжай, өзі асқан дәулетті адам,
Жатсаң да ауырламас бірнеше ай».
«Баруға, – Қасқыр айтты, – жүрексінем.
Оның да қозыларын жеп ем талай».

«Білмеймін сілтерімді енді қайда!
Барып көр Қисықбасқа, анау сайда.
Болғанмен басы қисық, өнері көп,
Өр түрлі табылады онан айла».
«Мысықжан, оны да айтып әуре болма,
Жеп едім бір бұзауын өткен айда».

«Мен қайран, – Мысық айтты, – істеріңе.
Зарардан басқа нәрсе істедің бе?
Байдың көбі, жарлының жалғызы да,
Тиіпті, тыңдап тұрсам, тістеріңе.
Зараргер жұртқа тегіс болып алып,
Енді не іздеп келдің іштеріңе?

Жынды жоқ сені аман құтылдырып,
Алғандай пәле тілеп үстеріне!
«Не ексең – соны орасың» деген сөз бар,
Ор енді егініңді піскенінде!»

ҚЫПШАҚ СЕЙІТҚҰЛ

Қыпшақ Сейітқұл отыз үйлі тобырымен, жұрттың тегіс аттаныс, барымтасы бар заманында, бұл отыз үй кедейді қалай етсем жұрт қатарына қосамын деп, ойға қалды. Сауда етуге мал жоқ. Барымтамен мал алсам, бір күндерде жау да бізден қуып алады. Ақырында, бұрынғылардың айтуынша, «жортуылшы басы жолда қалса керек». Осының бәрін де шамалап қарап, Сейітқұл мекен еткендей бір орын іздеді. Көп жерлерді кезіп жүріп, Торғай маңындағы Қабырға деген өзен судың бойына тоқтады.

«Мына жақта Өргеніш-Қоқаннан, мына жақта Естек-Қалмақтан шетірек және жаманшылық болса, қалың Қыпшақ деген руға жақынырақ екен» деп. Сол жерді ұнатып қайтқан соң қысты өткізіп, жаздың жылы кезінде кедейлерін жалаңаш-жалпы көшіріп Қабырға бойына алып келді.

Сейітқұлдың бір ағасы бар еді, жол жүріп, ұрлық, барымтаға әдет еткен. Інісінің қанша айтқан ақылын алмай, қасындағы үш-төрт үйімен ескі орны – Түркістан жағында қалды.

Қабырғаның бойына келген соң Сейітқұл қолына кетпен алып, отыз үйлі кедейіне де кетпен беріп, жер тегістеп егін етуге кірісті. Түркістан жағында көрген үлгісімен арық қазып, су шығарып, егінге су жіберді. Егін піскен соң орып алып, артығын маңындағы көшпелі елге сатып, мал қылды. Жаңа мекен еткен жеріне орныққан соң, Сейітқұл егінді жылдан жылға күшейтіп, арық басына шығыр орнатып, суды шығырмен ағызып, астықтың артығын төңіректегі елге айырбас етумен, олардың мал-бараны көбейіп, бай болды. Мұны көріп, әр көшпелі елдерден де қызығушылар табылып, Сейітқұлға келіп қосылып, бес-алты жылда «Сейітқұл елі» деген ел төрт жүз үйге жетті.

Осылайша өзі де, елі де байып, Сейітқұл жұрт ағасы болды. Енді сол жұрттың адал еңбегі, табан ақы, маңдай терімен тапқан дәулетін аңдыған жаудан, ұрыдан, бөріден сақтаудың қамын ойлап, уайымға қалды. Өлгілерден

сақтану үшін Сейіткүл жұртын жиып, кеңесіп, судың бір қолайлы жеріне шымнан биік қорған салдырды. Малдарына реттеп бақташы, қару-жарақты қарауылшылар жүргізді.

Бұлардың осындай бір ауызға қарап бекінген жұрт екенін байқаған соң, малға қызыққан сырттағы көшпелі халықтар келе алмады. Бұл жағынан көңілі тынып болған соң, Сейіткүл енді Бұхарға, Қоқанға мал айдатып, ол кенттерден қазақы қол әр түрлі тауарлар алдырып, жылда егін піскен кезде манағы қорғанда жәрменке ашыпты. Көшпелі халық белгілі кезде малын, жүн-жабағысын, тері-терсегін әкеліп, егіншілер оларға астығын, тауарын айырбастап, осы жөнмен бір жағы егін, бір жағы сауда етіп, Сейіткүлдың елі жұрттан асқан бай болыпты.

Жоғарыда айтылған Сейіткүлдың ағасы жаугершілікпен жұрттың малын ұрлап, бай боламын деп жүргенде, Қоңырат жағында қолға түсіп, кім екені де белгісіз, біреу өлтіріп кетіпті. Қалған мал-жанын ұрының малы деп, Түркістан ұлықтары талап алыпты. Ағасының қатын-балаларын Сейіткүл неше жылда іздеп таптырып, қасына алған екен.

Сейіткүл 1730 жылы дүниеден өтіпті. Сол данышпан кісінің ақылымен егінді әдет еткен ел Қабырға суының бойында әлі көп. Жарлы болып, басқа кәсібі жоқ кісілер Торғай жағында тез егінге айналады. Ерінбей бейнеттенсе, біраз жылда түзеліп, жұрт қатарына қосылады.

ТУҒАН ЖЕР

Бұ жарыққа аяқ басып туған жер,
Кіндік кесіп, кірім сенде жуған жер.
Жастық – алтын, қайтып келмес күнімде
Ойын ойнап, шыбын-шіркей қуған жер.

Жаратылған топырағыңнан, сен – түбім.
Жалғаны жоқ, бөрі сенен жан-төнім.
Сенен басқа жерде маған қараңғы,
Жарық болар Шолпан, Айым, сен – Күнім.

Тәтті суың дәмі аузымнан еш кетпес,
Қалың нуың, қыр суыңа жер жетпес.
Кең даланда ойын ойнап қалсамшы,
Жазу болып адамзатқа ер жетпес!..

Балақ түріп, қозы қуып, жарысып,
Батпағында тең құрбы боп алысып,
Түнде – ақсүйек, алтыбақан, ал күндіз
Үйретем деп асау тайға жабысып.

«Адам басы – Алла добы» деген рас,
Қалай қуса, мойындамақ сорлы бас.
Кім біледі, мен де шетке кетермін,
Әй, туған жер, сені тастап, басым жас!..

ҚЫС

Декабрь жұлдызы. Қар көптен жауып, нағыз қыс болды. Күн әбден қысқарған. Күннің көзі көрінсе де жылынбайды. Өзенді, көлді мұз қаптап, жұрт үстімен жүре бастады. Қалың қардан шөптің басы көрінбейді. Қыс күні аяз күшті болып, үскірік борандар да аз емес.

Орман қарайған, ішінде құстарды көре алмайсың, қоян күндіз жасырынып, түнде ғана жүгіріп, жас ағаштарды кеміріп жүр. Иелері жылы қораға шөп салып бағып-қақса да, қысты күні үй хайуандары да бапсыз. Адамның өзі де суықтан қорғанып, үй салып, жылы киім киіп, үйлеріне от жағып, дәйім жұмыстарынан қала алмайды. Қыстыгүні жылқышыларға бек қиын: қандай суық борандарда күні-түні далада жүргені, қасқырдан бір қорқып, бораннан екі қорқып, бейшараларда тіпті рақат жоқ. Жалтаң аяз көбінің беттерін қарыған.

Шилі бет байғұстар желге де қарсы қарай алмайды. Сабаққа мезгілімен жүретін баланың да ертеңгі аяз есінен көпке дейін шығатын емес.

Мақал: «Қыс – қысыл, жаз – жазыл».

ҚЫС

Денелі, ақ киімді, ақ сақалды,
Танымас, соқыр, мылқау, тірі жанды.
Ақ қырау үсті-басы, түсі суық,
Сықырлап басқан ізі, келіп қалды.

Демалысы – үскірік аяз бен қар.
Қыс келіп, көрі құдаң әлек салды.
Ұшпадай киген бөркін оқшырайтып,
Қызарып аязбенен ажарланды.

Бұлыттай жауып қасы екі көзін,
Қар жауып, басын сіліксе, мазанды алды.
Борандай бұрқ-сарқ етіп долданғанда,
Ақ орда алты қанат үй шайқалды.

Жүгірген әуес көріп жас балалар,
Домбығып беті-қолы, үсік шалды.
Шидем мен тон қабаттап киген малшы
Шыдамай бет қарауға, теріс айналды.

Қажымас қар тепкенге қайран жылқы,
Титығы құруына тез тақалды.
Тұмсығын қыспен бірге салды қасқыр.
Қор қылма, малшыларым, итке малды.
Соныға малды жайып күзетіндер,
Қайрат қыл, ұйқы өлтірмес, бұз қамалды!

АРЫСТАН, ҚАСҚЫР ҒӘМ ТҮЛКІ

Қартайған арыстан ауырып інінде жатыр еді, әр түрлі аңдар мұның халін сұрап келіп-кетіп жүрді. Жалғыз-ақ түлкі келмеген еді. Бұған қасқыр қуанып, не болса да арыстанға түлкіні шағыстырып қалайын деп сөйледі:

– Көресіз бе, жұрттың бәрі келіп көңіліңізді сұрағанда, жалғыз түлкі келген жоқ. Сізді ол есепке де алмай жүр. Патшаның халін, тым болмаса, бір біліп кетер жөні жоқ па?

Мұны түлкі қу естіп тұр екен, ішінен «тұра тұр, қасқырым, бұл ісінді алдына тартармын» деді де, жүгіріп арыстанға келді. Арыстан көрген жерден түлкіге ақырып еді, түлкі жыламсырап:

– Тақсыр! «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деуші еді. Біраз сөз айтуға рұқсат етіңіз, – деді.

Сөйлеуге рұқсат болды. Түлкі айтты:

– Сізге келуге уақытым болмады. Уақытым болмау себебі – дүниені кезіп, ойға-қырға жүгіріп, бақы-балгерден сіздің

дертiңiзге ем iздеп жүрдiм. Мiне, қазiр ғана тауып келдiм, – дедi.

– Ол нендей ем? – деп сұрады арыстан.

– Тақсыр! Ең бiлгiш деген дәрігердiң айтқаны: егер тiрi қасқырдың терiсiн сыпырып алып жылыдай орансаңыз, дертiңiздiң жазыласыз, – дедi.

Сол минутта арыстан қасқырды бас салып ұстап алып, терiсiн сыпыра бастады. Түлкi күлiмсiреп:

– Саған осы керек едi, шырағым, бiреуге жақсылық тiлемей, залымдық ойлағанның жазасы, – деп жөнiне кеттi.

Мақал: «Бiреуге ор қазба, өзiң түсерсiң».

ҚАРҒА

Қой жайылып жазды күн,
Шыққан екен қияға.
Аспаннан бүркіт құйқылжып,
Сорғалап келіп араға,
Бір қозы іліп әкетті
Құздағы қиын ұяға.
Екпінi күшті ер үшін,
Еңбек қылды жем үшін
Ұядағы балаға.
Көрдi де мұны бiр қарға
Желiктi бiр iс бастарға:
«Қозыны да тамақ деп
Кiм алып шықсын тастарға!
Ең семiзiн iлейiн
Қызық қылып асарға», –
Дедi-дағы, аралап,
Жабысты келiп қошқарға.
Қалшылдап, дiрiлдеп
Тырнағын салады.
Қанатын қайқайтып,
Әкетпек болады.
Бүркiттей емес екенi
Кешiкпей-ақ бiлiндi.
Жабағыға тырнағы
Шықпастай боп iлiндi.
Жалпылдап, салпылдап,

Қойшыларға көрінді.
Әдін білмес шіркінді
Құдай әбден қарғады.
Қойшылар көріп күлісіп,
Ұстап алды қарғаны.
Құрысын да шіркіннің,
Семіз қойды алғаны.
Ұшпасын деп қимаған
Қанат, құйрық қалмады.
Бір жіпті берік бек байлап,
Аяғына жалғады.
Балаларға ойын боп,
Қор болып сөйтіп қалғаны.

Азат басың болсын құл,
Қолдан келмес іске ұмтыл!

ҚОЯН

Бір мезгілде күн батты. Ауылға жақын жерде қыстыгүні бір қоян тұрақтаушы еді. Түн болды. Қоян бір құлағын көтеріп тыңдап, онан соң екінші құлағын тікшитіп, мұрттарын сипап, танауын тартып, иіскеленіп, артқы аяқтарымен шоңқиып отырды. Біраздан соң қалың қардың үстімен екі-үш секіріп барып отырды да, жан-жағына жалтақтап қарай бастады.

Маңында қардан басқа ешнәрсе жоқ еді, айдың жарығымен қар жалт-жұлт етіп, толқын секілді құбылып жатты. Бұл қоянға үлкен жолдан өтіп, күзді күні егін соққан жерге бару керек еді. Бір мезгілде үлкен жолдың бойында сықырлаған шананың, пысқырған аттың дыбысы естілді. Қоян тыңдап тұра қалды: жүк тартқандар екен. Жағаларын көтеріп, мойындарын бөкебаймен орап, тұмақтарын баса киіп алған кісілердің сақал, мұрт, қас, қабағын қырау ұстаған, беттері де әрең көрініп, ауыз-мұрындарынан бу бұрқырап, аттарын айдап ысқырып, аттары да терлеп, терлері қырауланып, бусанып келе жатты.

Екі қазақ қатарласып, біреуіне екіншісі қалайша былттыр бір атын ұрлатқанын сөйлеп келе жатыр еді. Жүк өтіп кетті, қоян орғып, жолдан өтіп, қырманға қарай жөнелді. Жолда

ескі таныстарынан екі қоянға кез келіп, олармен біраз ойнап жүрді де, әрі кетті.

Ауылда от сөнген, иттің үргені басылған екен. Жалғыз-ақ бір үйден баланың жылаған дауысы естілді. Бұл да тез қырманға келіп жетті. Мұнда өзінің жолдастарына кез болды. Бәрі ойнап, бидай мен сұлының дөнін жеп, түннің жартысын өткізді. Бір мезгілде күн шығыстан бозарып таң көрінді, аспанда жұлдыздар азайып, ауылға да жан кіре бастады, қатындар суға жөнеліп, еркектер жұмыстарына қарап, балалар да жылап, шулай бастады. Жүкшілер жолға шығып қалған екен. Біздің қоян қайтадан жүгіріп ініне келіп, екі құлағын арқасына салып, екі көзін бадырайтып апқан қалпыменен ұйықтап қалды.

ШЕГІРТКЕ

Шырылдауық шегіртке
Ыршып жүріп өн салған.
Көгалды қуып гөлайттап,
Қызықпен жүріп жазды алған.

Жазды күні жапырақтың
Бірінде тамақ, бірінде үй.
Жапырақ кетті, жаз кетті,
Күз болған соң, кетті күй.

Жылы жаз жоқ, тамақ жоқ,
Өкінгеннен не пайда?
Суыққа тонған, қарны апқан
Ойын қайда, өн қайда?

Оныменен тұрмады,
Қар көрінді, қыс болды.
Сауықшыл сорлы бүкшиді,
Тым-ақ қиын іс болды.

Секіру қайда, сүрініп,
Қабағын қайғы жабады.
Саламда жатып дөн жиған
Құмырсқаны іздеп табады.

Селкілдеп келіп жығылды,
Аяғына бас ұра:
– Қарағым, жылыт, орын бер,
Жаз шыққанша асыра!

– Оның, жаным, сөз емес,
Жаз өтерін білмеп пе ең?
Жаның үшін еш шаруа
Ала жаздай қылмап па ең?

– Мен өзіндей шаруашыл,
Жұмсақ илеу үйлі ме?
Көгалды қуып өн салып,
Өлеңнен қолым тиді ме!?

– Қайтсін, қолы тимепті,
Өлеңші, өңші есіл ер!
Ала жаздай өн салсаң,
Селкілде де билей бер!

ҚАСҚЫР ҚЫСТЫ ҚАЛАЙ ӨТКІЗЕДІ

Ызылдап соққан суық жел. Аттының жолын, жаяудың ізін қар басқан, көлдер мен өзендерде мұз толған. Аяз бен боран жан-жануарлардың бәрін де үйіне, қорасына қуып тыққан да, далада тұрақсыз қаңғырып, суыққа дірдектеп, қарны ашып, бұралып көкшіл жүнді қасқыр жүр. Бір жерге де рақатпен жатқызбай, тоғайларды, мидай даланы кездіріп, мұны қуып жүрген аштық. Сорлыға күндіз де, түнде де дамыл жоқ. Қалың қарда кейде аяңдап, кейде жортып, тістерін сақылдатып, қайдан бір тоятын тамақ табылар екен деп жүргені. Ормандағы үлкен аңның бірі аю, ол жаз семіріп алып, жылы үйшігіне кіріп бекініп жатып, ұзақ ораза ұстаған кісідей ұйықтап жатыр. Өзіне лайық жып-жылы іні бар түлкі куда тіпті қайғы жоқ. Көртұшқандар да астығы мол үйлерді сағалап, неше бөлме ін қазып алып, уайымды ұмытқан. Ақылы жоқ бадырақ көз қорқақ қоянға шейін ақ тоншасын киіп алып, бұтақ кеміріп шаттықта жүр. Жалғыз-ақ сорлы қасқырдың басына қыс күні бар пәле орнаған, мұның бір ғана үміті – бекітусіз қора, күзетсіз жылқы.

ШАЛ МЕН ЖҰМЫСКЕР

Шал қайтты малайымен пішен шауып,
Пәлені сезе ме адам тұрған бағып.
Орманмен кешке тұрым келе жатты,
Баратын елге тура бір жол тауып.

Тап берді қарсы алдынан аю шығып:
Болмады айла етер о ғып, бұ ғып.
Үстіне Шалдың аю қонып қалды,
Сорлыны ө дегенше жерге жығып.

Жұмарлап, басып-жаншып аю Шалды,
Жемекке енді бастап ыңғайланды:
«Бауырым, пәленшежан, айырсай», – деп,
Малайға Шал жалынып қолқа салды.

Малайы темір айыр, балтаны алып,
Аюды жықты, басын, ішін жарып.
Қан-қан боп үсті-басы өлейін деп,
Қорқырап аю жатты ыңыранып.

Шал тұрып енді орнынан есен-аман,
Жақындап Жұмыскерге келді таман.
«Әумесер, ақылың жоқ, ит-доңыз!», – деп,
Байғұсты балағаттап, сөкті жаман.

«Ұрсасың неге, Шалым, маған, – деді, –
Сөккендей не істедім саған, – деді,
Жазғаным менің сені аю жаудан
Айырып алғаным ба аман?!» – деді.

Шал айтты: «Көрмеймісің не еткенінді,
Желігіп, жындануға жеткенінді.
Бардай-ақ өкең құны сонша шаншып –
Терісін іске алғысыз еткенінді?»

Сөз жаздым үгіт үшін бозбалаға,
Осындай елде оқиға аз ғана ма?
Қайырың наданға еткен – шашқан мүлкін,
Болады рәсуа-и құр далаға!

Құдайым, жолдас қылма жамандарға!
Көзі тар, көңілі соқыр надандарға!
Жақсылық етсең де бір, етпесең де,
Жақпайсың кей ақымақ адамдарға!

БҰҒЫ

Петербордан жоғары Архангельский деген губерне бар. Соның көп жері сазды болып, шөп шықпайды, мүк шығады. Онда самоиед деген жұрттың күн көретіні – бұғының бір түрлі тұқымы. Ол бұғының мүйізі тармақ-тармақ, жалпақ болады. Үлкендігі тайдай, жүні қара бурыл, жасаған сайын ағара-ағара, ақырында ақ боз болып кетеді. Еркегі жыл сайын мүйізін тастайды. Ұрғашысының да мүйізі болады, бірақ еркегінікінен кішірек. Баласын отыз жұмадай көтеріп, май айының ортасында табады. Оттайтұғыны – манағы мүк. Бұғының қолтумасы да болады. Ондағы жұрт сүтін ішіп, етін жеп, терісін киіп және терісінен үйлерін де жауып алады. Әйелдері тарамысынан жіп иіріп, киім тігеді. Қанынан дәрі істейді. Шанасына жегіп жүреді. Бұғының тұяғы қарға батпайды. Жәңіл басып, қалың қардың үстімен иесінің тілеген жеріне жеткізеді. Бұғысы мыңға жеткен самоиед бай есебіне кіреді.

ҚАРАШЕКПЕН МЕН ҚОЙ

Шақырды Қарашекпен Қойды сотқа,
Күймей ме біреу үшін біреу отқа?
Белгілі Қойдың тауық жемейтіні,
Жазықсыз жаза тартқан пенде жоқ па?

Түлкі екен судьясы теңшіл деген,
Атақтан сау емес ед жемшіл деген.
Бір күні талапкер мен жауапкерге
Шақыру қағаз шықты келсін деген.

Екеуі айтқан күні сотқа келді,
Түлкіекең Қойды көріп көңілденді.
Тексеріп әрлі-берлі жауап алып,
Тез істі бітірмекке жәһидтенді.

Талапкер Мұжық айтты: «Пәлен күні,
Қотанда Қойдың жалғыз қонған түні,
Жоқ болып екі тауық ертеңінде,
Сүйегі, бұрқыраған жатыр жүні.

Дер едім сырттан ұры келген шығар,
Шықпады түні бойы иттің үні.
Ойыма салыстырып қарадым да,
Қой екен жеген дедім, шексіз мұны».

Қой айтты: «Шөпке тойып күні бойын,
Қозғалмай жаттым ұйықтап түні бойы.
Біледі аймағымның бәрі, тақсыр,
Жоқтығын бұзық көңіл, арам ойым.

Құдайға аян ұрлық етпегенім,
Орнымнан тұрып түнде кетпегенім.
Жалғыз-ақ тауықтардың тұсында емес,
Әсілі, ғұмырымда ет жемедім».

Ал, сонда Түлкі қалай hükim етті:
«Ұрлаған тануға да, – деді, – епті.
Өзге ұры келмегенін мұнан білем,
Уақиға болмыс түні ит үрмепті.

Келмесе, сырттан ұры, бұл жемесе,
Жоғалып екі тауық қайда кетті?
Жан берсе нанып болмас, жақын жатып,
Жемедім дегеніне төтті етті.

Тексерген іс түріне қарағанда,
Мағыын, тауықтарды осы жепті.

Обал жоқ өртесе де мұны отқа,
Апарып өлтіріндер байлап оққа.
Терісімен талапкерді риза етіп,
Ап келіп тапсырындар етін сотқа».

ПІЛ

Піл дегеніміз бір жануар, қазақ халқы атын білсе де, өзін көргені жоқ шығар, өзі жер жүзіндегі хайуандар арасында бір мықты, үлкен нәрсе. Биіктігі екі құлаштай, ұзындығы екі құлаш та бір кез. Төрт аяғы сондай жуан, ағаштың түбіріндей, буын жоқ секілді көрінеді. Мойыны қып-қысқа, басы үлкен, көзі кішкене, мұрны мұрын емес, бір жарым құлаштай болып, түп жағы жуан, үш жағы жіңішкерек. Тап ұшында екі тесігімен иреңдеп жатқан, еркек пілдің мүйіз секілді, сыртқа шығып тұрған екі ұзын тісі бар. Әрбіреуі бірнеше пұттан келетін. Пілдің тістері аппақ, қадірлі һәм қымбат болады. Құлаш тебінгідей, терісі қалың, сөйтсе де зор мылтықпен атып өлтіруге болады. Табаны жұмсақ, тым айырылып кетпесе де, бес тарам. Ұрғашы пілдің төс жағында екі емшегі бар, еркегіндей сыртқа шығып тұрған тісі болмайды.

Піл ыстық жақта болады. Біздің суығымызға шыдай алмайды. Жемі – жас ағаштың жапырағы, жемістері һәм әр түрлі дәмді нәрселер. Жейтін жемін де, басқа нәрселерді де әлгі ұзын мұрнымен алады. Жерде жатқан бір инедей нәрсені де ыңғайсыз көрінген мұрнымен оп-оңай алады. Бір ағашқа келіп, жемісін жеуден бұрын, әуелі ағашты мұрнымен соғып, сілкіндіріп, құрт-құмырсқасы түскендей болған соң жей бастайды. Піл сондай түсінікті хайуан, ұстаған соң кісіге тез үйір болып, көп қызмет қылады. Оның арқасына бір үйшік секілді нәрсе орнатып, біраз мініп те жүреді. Пілге мінушілер басына отырып алып, тілеген жағына қарай айдайды. Пілге жүген ноктаның керегі жоқ, қожасының қақпақтаған жағына қарай бұрыла береді. Үйренген кісісінен айырылмайтын мінезі де бар. Жай жүргенде жуас болса да, біреу ашуландырса, ұзын мұрнымен бірақ салып жығып, аяғымен таптап өлтіріп тастайды. Піл сондай күшті, үстімен әлденеше жүз пұт, мұрнымен бір жүз пұт көтереді дейді.

БҰЛБҰЛ

Сайрайсың мұнды күймен жүз құбылтып,
Кейде аяң, кейде желіс, кейде сылтып.
Дүниені ысытасың, суытасың,
Тұрасың маужыратып, кейде жылытып.

Құясың төтті дауыс тамылжытып,
Тұрады жан-жануар демін жұтып.
У-шу жоқ, қарқ-қарқ еткен қарға, торғай
Ұялған, өлдеқайда кеткен зытып.

Ұста сөз, мұнды дауысың басты байлар.
Токтаған шабуынан құлын-тайлар.
Дауысыңнан елжіремес нәрсе бар ма,
Жас төгер бойы балқып терең сайлар.

Бұлбұл күс! Көзімде жас, кеудемде от,
Толып, мен саған келдім, ішімде шоқ.
Дертіме сенен ғана дәрмен болар,
Басқадан, анық білдім, еш пайда жоқ.

Бұл жерден ұшып кетіші, сәулем жаққа,
Барып қон нәзік қана бір бұтаққа.
Сөйле оған ашындырып менің жайым,
Көңілін елжіретпей, қанат қақпа!

Жүз құбылт дауысыңды, өрте өзегін,
Суыңдыр, жата алмасын, ол төсегін.
Ойын ал, бойын балқыт, сүйдір мені,
Қалсын ол ойлай алмай өз есебін.

Тез, бұлбұл, мұнды дауыс, өткір тілдім!
Дәрменді қалың дертке сенен білдім.
Қылмасаң бір мейірім, сорлы пенден,
Қайғыдан қолым жетпей, міне, өлдім.

КИТ

Бір түрлі жәндіктер бар, өзі балық секілді су ішінде тұрып, тірі бала тауып, емшегін емізіп өсіретін. Сондай жәндіктердің ең үлкені – кит. Оның ұзын бойы он құлаштан он төрт құлашқа шейін, кеудесі ұзын бойына қарағанда бегірек жуан. Басы кеудесінің жартысындай, төбесі жалпақ, үстінде томпайып жабылып, ашылып тұрған екі тесік бар. Дем алғанда аузына су толса, суды әлгі тесіктерінен аспанға шырылдатып атып жібереді. Басының екі жағында екі көзі бар, сиырдың көзінен үлкен емес. Басының зорлығына қарағанда, көзі жоқ секілді көрінеді. Тісі болмайды, тіс орнына екі езуіне мүйіздей қара нәрсе бітеді. Терісінің қалыңдығы екі елдей болады, оның астындағы майы сондай қалың. Бір киттен екі-үш жүз пұттай май түседі. Жемі уақ балық, шаян, көр-жер болады. Ұрғашы киттің қарнының астында екі кішкене емшегі бар. Жаңа тапқан баласының ұзындығы бір құлаш шамасындай болады. Кит үлкен түпсіз терең теңіздерде жүреді. Суда жүзетін балықтікі секілді құйрығы бар. Бауырының астында қанаттары бар. Киттің еті жеуге жарамайды. Киттің майы мен тіс орнына біткен нәрсесі үшін аулаушылар көп болады. Өрбір киттің тіс орнына шыққан мүйіздей нәрсесі жүзден болып, әрбіреуінің ұзындығы үш құлаштай болады. Тілінің үлкендігі алты қанат үйдің орнынан үлкен болмаса, кіші шықпас, қазақтың: «жандыда балық үлкен, жансызда қамыс үлкен» деп жүргені осы кит болса керек.

САРЫ ШЫБЖЫҚ

Мақтанып Сары шыбжық шалқып-тасты,
Теңізді өртеймін деп лақап шашты.
У-шу боп бұл хабарды естіген соң,
Теңізді тастап құстар үркіп қашты.

Таң қалып, тамашаны көреміз деп,
Алыстан аңдар келді әдейі іздеп.
Адам да тұс-тұс жақтан келе жатыр,
Лек-лек боп, топ-тобымен мыңдап-жүздеп.

Есепсіз теңізге көп халық келді,
Шыбыжық құс өртейді деп нанып келді.
Балық жеп, сорпа ішіп тойынбаққа,
Аш пенен, көбінесе, арық келді.

Бір соғым пұлсыз астан жейтіндер де
Қасығын қолдарына алып келді.

Үңіліп, суда болып назарлары,
Сыйып тұр жағалауға өзер бәрі.
Теңізді жанады деп кім естіген?
Көрмек те соны жұрттың ынтызары.

Шыбыжық құс мақтанды ма, ойнады ма?
Кім білсін, күйдірем деп ойлады ма?
Теңізге от салғанмен жана қоймас,
Десеңші, тым болмаса, қайнады ма?

Ол теңіз күймек түгіл, қайнаған жоқ,
Жұрт неге келді деп те ойлаған жоқ.
Қап, бәлем, тоқтай тұр! – деп, Торғай қайтты,
Теңізге тісін басып, қайраған боп.

* * *

Кейбіреу қолдан келмес істі ойлайды,
Мақсұты оныменен тұс болмайды.
«Ұялған – тек тұрмайды» деген рас –
«Қап, бәлем, тоқтай тұрмен» жұртты алдайды.

БАЙ МЕН ЖАРЛЫ БАЛАСЫ

(хикая)

1

Қасым деген бай баласы, Нұржан деген жарлы баласы екеуі құрдас екен. Бір күні ел көшкенде қыр астында ойнап жүріп, ескерілмей, екеуі жұртта қалыпты. Бір мезгілде үйге қайтса, ауыл жоқ, құр жұрт жатыр. Қасым өксіп жылай бастайды. Нұржан ойланып тұрды да, айтты:

– Жылағанмен бір нәрсе де өнбес. Көшкен ауылды іздеп табалық.

– Елді қайдан табамыз. Қай жаққа кетіскенін де көргеніміз жоқ, – дейді Қасым.

Нұржан үндеместен Қасымды ертіп, көшкен жұртқа келді. Жұртта көзі сынған бір ине жатыр екен, оны алды. Және бір пышақтың сынығын, бір-екі уыстай қыл тауып, оларды да алды. Сонан соң ауылдың жұртын айнала жүгіріп жүріп, көштің кеткен сүрлеуін тауып, сол сүрлеуге түсіп жүре берді. Біраз жер жүрген соң сүрлеу екіге айырылды. Мұны көріп, енді қайсысына түсеміз деп, Қасым жылай бастады. Нұржан қарап жүріп, біреуіне түсті. «Мынау сүрлеу – бүгін жүрген көштің сүрлеуі екен, малдың жас тезегі жатыр», – деді.

2

Біраз жер өткен соң Қасым қарным апшты деп жылады. Нұржан үндемей келе жатса, екеуінің алдынан бір үйрек ұшып, ұзамай қастарына қонды. Қасымның онымен ісі болмай жүре берді. Нұржан жүгіріп барып сипалап жүріп, үйректің орнынан алты жұмыртқа тапты. Қасым қуанып, жұмыртқаны алайын деп еді, Нұржан алдырмай: «Жолдан адасып көп күн жүрсек, бізге тамақ керек болады, үйректі ұстап алайық», – деді.

Қасым айтады: «Оны қалай ұстаймыз?»

Нұржан: «Мен өкемнің ұстағанын көріп едім», – деп, манағы жұрттан тауып алған қылдан есіп, тұзақ істеді де, оны апарып ұяға құрды. Онан соң Қасымды шақырып алып, екеуі бір таса жерге, қалың шөптің арасына барып жатты. Көп ұзамай, үйрек қайта ұшып келіп, жан-жағында адам көрінбеген соң, ұясына қонды. Біраздан соң Нұржан жүгіріп, ұяға барып еді, үйрек ұша алмай, далбырлап жатыр екен, қараса мойынынан ілініп қалыпты.

Қасым: «Үйректі тірі алып, ойнап баралық», – дейді.

Нұржан айтты: «Өкем үйрек-қаз – адал құстар. Зәрулікте Құдай бұларды адамға алып, тамақ қылуға бұйырған. Бірақ тірідей байлап-матап әуре қылу обал деп айтушы еді. Өуре қылмай, бауыздап алалық», – деді. Осыны айтып, Нұржан баяғы жұрттан тауып алған пышақтың сынығымен үйректі бауыздады.

3

Мұнан соң келе жатып, түс ауған кезде екеуі бір өзенге кез келді. Су ішіп, сусындарын қандырып алған соң, Нұржан: «Енді бір тамақ пісіріп ішейік», – деді.

Қасым: «От жоқ, қалай пісіреміз?» – деп сұрады. Нұржан үндемей, су жағалап жүгіріп кетіп, бір шақпақ тас тауып әкелді. Және шапанының жыртық жерінен азғана мақта суырып алып, тастың үстіне қойып, бармағымен қатты қысып тұрып, манағы пышақтың сыртымен тасқа қатты ұрып еді, от шығып, мақта да тұтанды. Мақтаның айналасына тезек үгіп салып, Нұржан өзі отты тұтандырып, Қасымды қу тал жинап әкелуге жіберді. Тал жиып әкелген соң от жағып, әуелі жұмыртқаны отқа салып пісірді. Онан кейін үйректің жүнін жұлып, бұтарлап, бір талдан істік істеп, үйректі отқа қақтады. Піскен соң екеуі жеп тойып алды.

4

Тамағы тойған соң көңілінен уайым шығып, Қасым су жағалап, жүгіріп кетті. Бір мезгілде дауыстады: «Нұржан, Нұржан! Мынау таяз жердегі балықтарды қарашы!» – деп. Нұржан оған қарамай, баяғы жұрттан тапқан инені отқа салды, ине біраздан соң оттың қызуымен балқып, қызарды. Нұржан пышақпен ептеп иіді. Қармақ даяр болды. Енді Қасымды шақырып алып: «Сен шегіртке тере бер», – деді де, өзі манағы қылдан қармаққа бау есіп тағып, талдан кесіп сап істеді.

Қармағы сайманымен даяр болған соң, Нұржан суға барып, Қасымның шегірткесін жемге шаншып, қармағын суға салды. Су әдемі, айнадай таза екен. Ішіндегі ойнаған балықтар көрініп тұрды. Әуелі шабақ келді. Біреуі бір, екеуі екі жемді иіскелеп, тиіп-қашып, жұлқып өтіп жүрді. Сөйтіп тұрғанда шабақтар дүркіреп келіп қашты. Қараса, бір шортан келген екен. Ол шортан жемге де қарамай, төкаппарланып, жайымен бұландап өтіп жүре берді.

Шортан өткен соң әлгі бытырап кеткен шабақтар тағы жалма-жан жиылып келіп, жемнің айналасында ойнап, бірін-бірі қуып, жемге де тиіп қашып, соғып жүрді. Сөйтіп тұрғанда, шабақтар және дүркірей қашып жөнелді. Көзге көрінбей жоқ болып кетті. Қараса, бір бөлек алабұғалар екен. Жемді ең бұрын көрген біреуі тоқтамастан келіп қауып қалғанда, Нұржан қармақты тартып алып, қырға топ еткізіп шығарып тастай берді. Сол ретпен Нұржан бірталай алабұға алды.

Балықтың алынған қызығына қарап тұрып, балалар күннің батқанын да сезбей қалыпты. Бір мезгілде Нұржан күнге қарап: «Оу! Күн кешкіріп қалыпты ғой, жарықта өткел

тауып алалық», – деп, қармағы мен балықтарын жинай бастады. Жинап болған соң, балықтарын біреуінің шапанына орап алып, манағы шақпақ тасын, қармағын, бәрін де қалдырмай алып, өткел іздеуге жүрді. Бұл арада да Нұржан манағы сүрлеудің өткел жерін тауып алып өте шығады.

5

Біраз жер жүрген соң күн кеш болды. Тағы біраздан соң ымырт жабылып, жол көрінбеді. Түн болған соң балалардың екеуі де қорқайын деді. Сөйтсе де, Нұржан сыр білдірмеді. Енді жүрсек адасамыз деп тоқтады. Тезек теріп, от жақты. Біраз отырған соң, Қасым, күндіз көп жүріп шаршаған бала, ұйықтап қалды.

Нұржан ойлады: «Әкем айтушы еді, елді жердің ұрысы, далалы жердің бөрісі болады деп». Ұйықтамайын деді де, отқа күндізгі алған балығын пісіріп, ермек қылып отыра берді. «От жағып отырса қасқыр келмейді» деп естуі бар еді.

Қарап отырса, бір топ киік келді. Олар анадайда одырайып қарап тұрып-тұрып, өз-өзінен үркіп жөнелді. Біраздан соң құлын-тайы бар бір үйір құлан келді. Айғыры алдында басын тікшітіп, құйрығын шанышып оскырынып, өзгелері танданып қарап тұрды-тұрды да, олар да шауып жөнелді.

Бір мезгілде жақын жерде қасқыр ұлыды. Алысырақ өгіз шағалалар адамша пынғырып, біресе жылаған балаша, біресе қарқылдап күлген адамша әр түрлі дауысқа салды. Нұржан түйсінінкіреп бойы мұздап, қолына манағы қармақтың таяғын қысыңқырап ұстап, отыра берді.

Осылайша әр жануарларды көріп және оттың жарығына жиылған құрт-құмырсқа, көбелектерге қарап, бұл көбелек, қоңыздар неге көріне көзге өлім іздеп отқа түседі екен деп, әр түрлі ойға қалып сүйеніп жатып, таң атырды.

Күншығыста таң әуелі алтынмен бояғандай қызарып, жан-жаққа жайыла-жайыла барып, ақыры қызылы тарап, ағара бастағанда, Нұржан Қасымды оята бастады. Қасым далада екенін ұмытып, үйдегі қалпынша жуық арада оянбай ыңырсыса да, Нұржан еркіне қоймай оятып алып, екеуі тағы да жолға шықты.

6

Балалар жүріп келе жатыр еді, бір мезгілде сәске болды. Сүрлеу бір қатаң шақаттау жерге түсіп көрінбей кетті. Балалар енді дағдарып, қай жаққа жүрерін білмей, жан-жағына қарап тұрса, алдында биік қырдың үстінде бір

үлкен мола көрінді. Сонда Нұржанның есіне әкесінің бір сөзі түсті: «Далада жүріп адассаң, молалы жерде су болады» деген. Сол ақыл бойынша Нұржан Қасымды ертіп, тура молаға қарай жүрді.

Молаға жақындап келгенде қаңқылдаған қаздың дауысы естілді. Нұржан енді білді, жақын жерде көл бар екенін.

Екі бала молалы қырдың үстіне шықты. Қараса, қырдың жығылар асты үлкен көл екен. Көлдің айналасы да, іші де малға сыймай тұр. Жағасындағы жиектей жапырылған көк орай шалғында қора-қора қой мен жылқы. Жылқының бір бөлегі көл ішіне кіріп, белінен құрақта тұр. Бір жақ жағасындағы сортаңда бір топ түйе жатыр. Бұларды көріп, балалар қырдан түсіп, жүгіріп малға келді. Келсе, өз ауылдарының малы екен. Жылқышылар Нұржан мен Қасымды көріп қуанып, біреуі әке-шешелерінен сүйінші сұрауға шауып кетті. Өзгелері балаларды атқа мінгізіп, ауылға алып жүрді. Балаларды алып келе жатып, жылқышылар кісілердің бәрі бұларды іздеуге кеткенін сөйледі.

Нақ бесін кезінде балалар аман-есен үйлеріне келді.

ҚОБЛАНДЫ БАТЫР МЕН ТАЙБУРЫЛ

Әуелі, Алла, Анайым!
Хақ жаратқан Құдайым.
Ұжмақта хорлар сымбатты
Үйде Құртқа жұбайым.
Жұбайым олқы болды деп,
Жемеймін, Бурыл, уайым!
Шешен тұлпар деуші еді,
Шешеннің сөзін сынайын.
Жан серігім бурыл ат,
Жайың қалай Бурылжан?
Қалқам, бүгін бұлаймын!

* * *

Жан серігім жалғыз ат,
Төрт аяғың сом болат.
Қолтығыңда қос қанат,
Үстінде мен аманат.
Үкілі құйрық, майда жал,

Кесер басың сары алтын.
Үстіңе біткен түгіннің
Жары күміс, жары алтын,
Ырғала басып жүр жарқын!
Құртқам баққан Бурылжан,
Терлемесің, күн салқын!

* * *

Жылқыда тұлпар сен едің,
Жігітте сұңқар мен едім.
Сен астымда сау тұрсаң,
Қыдыра жалды, қыл күйрық
Сенен озбас деп едім!
Аяғы екеу, бір басты
Менен озбас деп едім.
Бүгінгі күн, Тайбурыл,
Қолқа салдым өзіңе,
Құлағың сал сөзіме:
Қырық күншілік Қазанды
Көрсет бүгін көзіме!

* * *

Біздің ауыл алыста...
Азулы да көп жаудың
Жылқылары қамыста.
Қатын, Қоблан, қалды деп,
Кешегі кеткен жолдасқа
Қоясың ба намысқа?
Қырық күншілік Қазанға
Бір мезгілде жетуге
Сендей малға алыс па?
Озушы едің Қыпшақтың
Тай-бөйгесі, жарыста.
Жаным, төнім – Бурылжан,
Барыңды бүгін қарышта.

* * *

Қобланды соны айтты да,
Тартып-тартып жіберді
Тайбурылдың санына.
Жан серігі Бурылдың
Қатты батты жанына.

Жанына батпай не қылсын:
Сауысқан, қарға тойынды
Тайбурылдың санынан,
Қамшыдан тамған қанына.

* * *

Санына қамшы батқан соң,
Қаны судай аққан соң;
Жоғарғы ерні жыбырлап,
Төменгі ерні қыбырлап,
Тайбурыл ат сөйлейді:
«Жан жолдасым Қобланды ер!
Айтқан сөзің шекер-бал.
Аямай тарттың қамшыны
Батыр туған Қоблан нар.
Өлмесем де кеудемнен
Шыға жазды шыбын жан.
Жапанда жалғыз досыңа
Өлдеқандай кегің бар?..
Қызылбастың жұртына
Мұнша болдың ынтызар.
Жалғыздық кегін менен ал,
Жамбасыма қамшы сал.
Қалалы жерде қарғырмын
Қазып салған кең орға.
Ақ сұңқар құс түседі
Тамақ үшін ақ торға...
Төрт аяғым тең жорға.
Үстімде сен есенде,
Астыңда өзім есенде
Қажу бар ма мен сорға...
Ат қылып Төңір жаратты
Сен секілді алайға.
Жігіт адам қысылса,
Бір Төңірге жылай ма...
Қырық күншілік Қазанға
Жалғыз күнде жет дейсіз,
Ұшқан құсқа да оңай ма?
Қиын да болса Қобланды,
Қиналамын қайтейін,
Уағдаңыз солай ма?!
Намаздігер өткенше,

Намазшамға жеткенше,
Қазан Ағаш бағысын
Түсірмесем жүзіңе,
Көрсетпесем көзіңе,
Жан серігің Бурылды
Сол жерде шал Құдайға!

* * *

Сонан соң Қоблан қуанып:
«Шырағым, Бурыл, шу!» – деді,
Шу дегенде гуледі.
Табаны тасқа тимеді,
Тау менен тасты көрмеді,
Тер шыққан сайын өрледі,
Асқарды көзі көрмеді.
Көлденең жатқан көк тасқа
Тіктеп тиген тұяғы
Саз балшықтай иледі.
Жақын қылды алысты,
Берсін кімге намысты:
Күн төбеден аумай-ақ,
Түзеді Бурыл шабысты.
Қос құлағы тігілді,
Қайырға біткен қамыстай,
Түс ауған соң бүктелді
Илеуі жеткен қайыстай.
Байлаулы малдай шешілді,
Төрт аяғы көсілді,
Әбіресімдей есілді.
Кешегі кеткен көп қолға
Жетемін деп Қобланды
Жоқ еді тіпті есінде.
Кеткен қолға аңқытып
Ағыны қатты Бурылмен
Жетіп келді бесінде...

Қобланды батыр дем алып,
Алдыңғы жаққа қарады.
Көз ұшында бір адам
Шауып өтіп барады...
Шауып жетсе – Боқан ер.
Боқанға келді «Ар ма?» – деп, –
«Алдыңда кісің бар ма?» – деп.

Сонда Боқан сөйледі,
Сөйлегенде не деді:
«Жылқы ішінде алаалы,
Қалшын жүнді қаралы.
Аты қалар деп пе едің,
Өзіңнен үлкен ағаны.
Мынау белдің астында
Қос-Дәулет кетіп барады».
Тайбурыл енді құтыртып
Соған да келді сыпыртып.
«Үлкен едің, ар ма? – деп, –
Алдыңда кісің бар ма? – деп.
Ол да айтады: «Алалы...
Жоқ деп ек Қоблан баланы,
Осынау белдің астында
Аққозы кетіп барады».

Тайбурыл енді құтыртып,
Оған да келді сыпыртып:
«Үлкен едің, ар ма? – деп, –
Алдыңда кісің бар ма?» – деп.
Ол да айтады: «Баласың,
Енді алдыңда Қараман,
Жетсең соған барасың.
Жеткендей деп ойлаймын,
Өз көңіліме шамасын.
Кешегі күн шапқалы,
Құрдасыңның көрмедік
Өлі күнге қарасын».

Бұлаңдаған Бурылға
Тағы соқты қамшыны-ай,
Тайбурылдан тер ақты
Көктен жауған тамшыдай.
Найзасы түспей қолынан,
Жұлдызы туды оңынан.
Боқанға жеткен бесінде
Қараманның шұбалып
Және жетті соңынан.

* * *

Артынан жетіп сөйледі,
Сөйлегенде не деді:
«Болғаныңа, досым-ай,
Мақтаған атың осыма-ай.
Он екі күнде жетерсін
Менің жауда кеткен қосыма-ай!
Електі өтсең, Есенбай,
Қыс қыстауға борсық жай...
Қобланды шауып жөнелді,
Көп қиятқа қарамай.
Қалың қият, көп қосын
Бәрі қалды артында
Бірі еруге жарамай...

* * *

Шынымен Қоблан «шу» деді.
Құбылып Бурыл гуледі.
Аманбайдың ақ тікен
Аса қарғып жөнелді;
Қарсы келген қабақтан
Қарғып асып жөнелді.
Сеңгір-сеңгір таулардан
Секіріп асып жөнелді.
Ол төбе мен бұл төбе,
Бауыры жұпар гүл төбе,
Онан да өтіп жол шекті.
Бөктергілі бүгіл сай,
Су түспеген терең сай,
Сыпсың біткен қарағай –
Онан да өтіп жөнелді.
Қамыстының қазды көл,
Қоғалының қулы көл,
Жекендінің жалғыз көл,
Шабактының шаңды көл,
Шағалалы Шалқар көл,
Қызғыштының қызды көл,
Қара тоғай қос көлден,
Айналасы бес көлден,
Күдердің кара дөңінен
Бесінде өтті деңінен...
Барлы-барлы, Барлы тау,

Басы биік қарлы тау,
Би жайлаған Алатау,
Хан жайлаған Қаратау,
Түйе мойнақ Айыр тау,
Қыз емшекті Сүйір тау,
Онан да өтіп жөнелді...
Атасу менен Манасшы,
Ішейін десең суы ащы,
Мал оттауға оты ащы,
Бұдан да өтіп жөнелді.
Қампай, Күмпей қасынан,
Жемтемірдің басынан,
Қалбағайлы Болдидан,
Қасқалдақты ылдидан,
Тобылғылы Нұрадан,
Сексеуілді жырадан,
Баялышты құмайттан,
Бүлдіргенді шыңайттан
Жалғыз өтіп жөнелді.

* * *

Астындағы Бурылдың
Жоғарғы ерні көк тіреп,
Төменгі ерні жер тіреп,
Жауған күндей күркіреп,
Жаңбырдай тері сіркіреп,
Омырауы есіктей,
Мойынды еті бесіктей.
Сырты сұлу Бурылдың
Құмдаудан қазған көсіктей.
Қос құлағын қайшылап,
Жұбыдан тері тамшылап,
Тау суындай сылқылдап,
Тобық еті бұлтылдап,
Құбылып ойнап жер басты.
Алдыңғыдан артқысын
Сынық сүйем кем басты.
Жалғасып ұшқан қоңыр қаз
Тозаңынан адасты...
Асқар төбе, бел еді,
Бірде шауып, желеді.
Көлденең жатқан көк тасқа
Тіктеп тиген тұяғы

Ұршығынан енеді.
Құбылып ойнап, жер басып,
Дөңгеленіп келеді...
Садақтың бауы сартылдап,
Жанында қылыш жалтылдап,
Масатыдан шалбардың
Сала құлаш балағы
Жел соққандай жалпылдап.
Белеңнен асты былқылдап,
Тозаңы шықты бүрқылдап,
Табанына тас тисе,
Түнде жаққан шақпақтай
От шығады жылтылдап...

* * *

Аттың жолы қазылды,
Ұмтылғанда қызынып,
Бес жүз құлаш жазылды.
Омырау тері көпірді:
Бурылжан көкке секірді.
Шаба-шаба шатылды.
Тұяғымен ұшқан тас –
Қызылбас мылтық оғындай
Аспан-көкке атылды.
Тұяғымен тоздырды
Бұтасыз майдан-тақырды.
Тақиядай көрмеді
Үстіне мінген батырды!..
Бұландап шапқан Бурылдың
Маңдайында масат бар –
Марал ішсе таусылмас.
Құйрығында құдық бар –
Құлан ішсе таусылмас.
Қабырғасы Қалқан тау –
Хандар мінсе қайыспас.
Омыртқасы Орман тау –
Ерлер мінсе майыспас.
Арандай аузын ашады,
Аяғын топтап басады,
Жүні судай тасады.
Бір төбенің тозаңын
Бір төбеге қосады.

Кешке таман Бурылжан
Жын қаққанға ұсады:
Құлан менен құлжаның,
Марал менен бұғының
Ұзатпай алдын тосады.
Көл жағалай отырған
Көкқұтан мен Қарабай
Көтеріліп ұшқанша
Белінен кесе басады.
Дуадақ пен Жек қалды,
Бірқазан құс көп қалды.
Өлде өтірік, өлде шын,
Ақсарыбас лашын
Өлген құсты жеп қалды.
Ебелек ұшпас елсізден,
Құла мидай шөлдерден,
Қан сасыған жерлерден,
Батпақ, ылай көлдерден
Асқар-асқар белдерден
Жалғыз шауып жол шекті.
Үмітін үзіп келеді,
Қараспан тауды жайлаған
Қалың қыпшақ елдерден!

* * *

Намаздігер өткенде,
Намазшамға жеткенде
Белес-белес бел көрді,
Астында белдің ел көрді...
Мұны көріп Бурыл ат
Қос құлағын қадады,
Шабысын түзеп алады,
Көздері оттай жанады.
Нақ ымырттың кезінде
Қазан ердің көп жылқы
Салып жетіп барады.

МАҚАЛДАР

1. Ақыл жастан, асыл тастан.
2. Ойнап сөйлесең де ойлап сөйле.
3. Көре-көре көсем болар, сөйлей-сөйлей шешен болар.
4. Апу – дұшпан, ақыл – дос, ақылыңа ақыл қос.
5. Ерте оңбаған кеш оңбас, кеш оңбаған – еш оңбас.
6. Ойлай берсең – ой да көп, сана да көп.
Ойнай берсең – ой да жоқ, сана да жоқ.
7. Білмеген мың пөлеге тұтылар, білген мың пөледен құтылар.
8. Жақсыдан қашпа, жаманға баспа.
9. Ер азамат белгісі – өрі мырза, өрі құл.
10. Жаманның жаны төтті, жақсының сөзі төтті.
11. Өтірік деген дұшпан бар, отқа сүйреп салады.
12. Бар болсаң – таспа, жоқ болсаң – саспа.
13. Жоқтық ұят емес, барлық мұрат емес.
14. Малым – жаным садағасы, жаным – арым садағасы.
15. Ақылсыз достан ақылды дұшпан артық.
16. Денсаулық – зор байлық.
17. Ел аралаған сыншы, ағаш аралаған үйші.
18. Бірлік болмай, тірлік болмас.
19. Жалғыз жігіт би болмас, жалғыз ағаш үй болмас.
20. Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ.
21. Тәуекел ет те тас жұт, ажалың жетпей өлмек жоқ.
22. Сом темірге балға бар, сомсынғанға Алла бар.
23. Ер жаңылып қолға түсер, құс жаңылып торға түсер.
24. Сабыр түбі сары алтын, сарғайған жетер мұратқа.
25. Тындамасқа сөйлеген есіл сөзім, жыламасқа жылаған екі көзім.
26. Ашу келсе ақыл кетер, ашудан ақыл көп болса – ашу не етер?
27. Шалқайғанға шалқай – пайғамбардың ұлы емес, еңкейгенге еңкей – атаңнан қалған құл емес.
28. Арғымақты жамандап, қане, тұлпар тапқаның.
29. Қанша тұлпар десе де, мініп болмас жалсызды, қанша білгіш десе де, халық сүймес малсызды.
30. Жомарт бергенін айтпас, ер айтқанынан қайтпас.
31. Жақсыдан жаман бала туса емі табылмас, жаманнан жақсы бала туса – теңі табылмас.
32. Қара арғымақ арыса, қарға адым жер мұң болар.
33. Алтын ерің атқа тисе, алтынын ал да отқа жақ.
34. Соқырдан қарауыл қойсаң – елінді жауға алдырар; наданнан би қойсаң, елінді дауға қалдырар.
35. Жаманнан жақсы туады, адам айтса нанғысыз.
Жақсыдан жаман туады – бір аяқ асқа алғысыз.

Есеп құралы

(Бірінші жылдық)

Орынбор — 1922 жыл



340

9600

روسیا قۇرمانسینک
 1922-1923-жылдағы Казань университетінің құрамындағы

Миржакып Дулатұлы

Бастауыш мектепте
 бірінші жыл оқылатын

Миржакып Дулатұлы

Ақпараттық орталық



Миржакып Дулатұлы

Орталық, Қазань Университетінің құрамындағы
 1923 ж.

Міржакып
 Дулатұлының
 бастауыш мектепте
 бірінші жыл
 оқылатын мемлекет
 баспасөз бөлімінің
 Кіндік Қазақ
 баспаханасынан
 1922 жылы шыққан
 «Есеп құралының»
 үшінші басылымы.
 Араб үлгісіндегі
 жәдит жазуынан
 қазақ әрпіне алғаш
 рет түсіріліп отыр.

ӘУЕЛГІ ОННЫҢ ІШІНДЕГІ САН

1	2	3	4	5					
.	..	...							
6	7	8	9	10					
.....									
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

БІРДЕН ОНҒА ШЕЙІН САНАУ

(Мұғалім балаларға асық, қалам, қарындаш, кескен шыбық сияқты нәрселерді санатуы керек.)

Міне, менің қолымда бір асық, бұған тағы да бір асық қостық, неше асық болды? Енді осы екі асыққа тағы да бір асық әкеліп қостық, неше асық болды?..

Осы ретпен мұғалім әрбір көрініп, қолға ұстайтын нәрселерді бір-бірден онға шейін қостырып, санатады. Мұнан кейін, осы ретпен бір-бірден қосып отырып, онға шейін санатады.

Мысалдар:

1) Нұрғалидың бір қарындашы бар еді, әкесі тағы бір қарындаш сатып әперді. Нұрғалидың қарындашы енді нешеу болды?

2) Нұржан мен інісі қалада оқып жүр, ағасы – үйде. Бұлар неше ағайынды?

3) Сәрсенбайдың үш ұлы, бір қызы бар. Сәрсенбайдың балалары нешеу?

4) Бір баланың 4 сақасы бар екен. Тағы да бір асық тауып алыпты. Баланың асығы енді нешеу?

5) Шәкірттің 5 табақ қағазы бар еді, мұғалім тағы бір табақ қағаз берді. Баланың қағазы неше табақ болды?

6) Біздің үйде алты ат бар еді. Құдамыздан тағы бір ат алдық. Біздің үйдің аты нешеу?

7) Ойнап жүрген балалар 7-еу еді, бұларға тағы бір бала келіп қосылды. Ойыншылар енді нешеу?

8) Байдың үйінде сегіз қонақ бар еді, бұлардың үстіне тағы бір қонақ түсті. Байдың қонағы нешеу?

9) Ескендір кітап үшін саудагерге 9 тиын берген екен. Бір тиыны жетпепті. Ескендір алатын кітап неше тиын?

10) Ахметжанның үйі соғымға бес қой, бір сиыр сойған. Ахметжанның үйі соғымға неше мал сойды?

11) Шәкірттің тысталған 2 кітабы, тыссыз бір кітабы бар. Шәкірттің кітабы нешеу?

12) Көл басында 7 қаз отыр еді, қасына тағы бір қаз келіп қонды. Бәрі неше қаз болды?

13) Мектепте 8 бала бір сабақтас еді. Бұларға тағы бір бала қосылды. Сабақтас балалар нешеу болды?

14) Жылқыбайдың 4 айғыр үйір жылқысы бар еді, тағы бір қысырақ матады. Жылқыбайдың жылқысы неше үйір болды?

15) Саудагер бір қой терісін, бір ешкі терісін сатып алды. Саудагер неше тері алды?

ОННАН БІРГЕ ҚАРАЙ КЕЙІН САНАУ

16) Міне, менің қолымда 10 қарындаш (*қалам, асық, тас, түйме...*) тұр. Мұның біреуін алдық, нешеуі қалды? 9-дан біреуін алдық, нешеуі қалды? 8-ден біреуін алдық, нешеуі қалды? Осы ретпен бір-бірден кеміте-кеміте, түк қалмағанша санау керек.

17) Балабектің 10 асығы бар еді, біреуін жоғалтты. Балабектің неше асығы қалды?

18) Жолбарыстың 9 қаламы бар еді, біреуін сындырып алды. Жолбарыстың енді неше қаламы бар?

19) Біздің 8 қозымыз бар еді, біреуін қасқыр жеді. Неше қозымыз қалды?

20) Біздің ауылда 7 үй бар еді, бір үй қыстауға көшіп кетті. Енді неше үй қалды?

21) Шәкірттің 6 табақ қағазы бар еді, бір табағын жазып бітірді. Шәкірттің неше табақ қағазы қалды?

22) Бір ауылда 5 ит бар еді, біреуі жоғалып кетті. Өлгі ауылдың неше иті қалды?

23) Сәрсенбайдың үйінде 4 қонақ бар еді, біреуі аттанып кетті. Сәрсенбайдың неше қонағы қалды?

24) Ағаш басында 3 қарға отыр еді, біреуі ұшып кетті. Ағаш басында неше қарға қалды?

25) Мерген 2 қаз алып еді, біреуін ақсақалға байлады. Мергеннің өзінде неше қаз қалды?

26) Бейсенбай 5 ағайынды еді, біреуі жолаушы жүріп кетті. Үйде нешеуі қалды?

27) Молданың 8 қойы бар еді, біреуін қонаққа сойды. Молданың неше қойы қалды?

28) Бір үйдің желісінде 10 құлын бар еді, біреуін ағытып жіберді. Желісінде неше құлын қалды?

29) Бір ауылда 7 бала оқушы еді, біреуі науқастанып қалды. Қазір неше бала оқиды?

30) Бір баланың 4 кітабы бар еді, біреуін кішкене қарындасына сыйлады. Баланың өзінде неше кітабы қалды?

ӘУЕЛГІ ОНДЫҚТЫҢ ІШІНДЕГІ САНДАРДЫ ҚОСУ

31) Мерген 4 үйрек, 2 қаз атып алды. Мерген неше құс атып алды?

32) Баланың 6 кенейі, 2 сақасы бар. Баланың неше асығы бар?

33) Абылайдың 5 табақ қағазы бар, Әбіптің 3 табақ қағазы бар. Екі баланың неше табақ қағазы бар?

34) Шаншар мен Ахметжан қара суға қармақ салып, Шаншар бір алабұға алды, Ахметжан 7 шабақ алды? Екі баланың ұстаған балығы нешеу?

35) Қарасуда екі үйрек, 7 балапан жүзіп жүр. Қара суда неше құс жүзіп жүр?

36) Нарбай үйінің желісінде 6 құлын, 2 қысырдың тайы байлаулы тұр. Нарбай үйі неше бие сауады?

37) Байболаттың 2 ұлы, 3 қызы бар. Байболаттың балалары нешеу?

38) Сәбелдің суретті 3 кітабы бар. Суретсіз кітабы да сонша. Сәбелдің бар кітабы нешеу?

39) Жамал қағазының таңертең 3 бетін, кешке 4 бетін жазып бітірді. Жамал неше бет жазды?

40) Жәдігер үйінде 6 бала, 3 үлкен кісі бар. Жәдігердің үйінің барлық адамы нешеу?

41) Көл ортасында 6 аққу отыр еді, бұлардың қасына 4 қаз келіп қонды. Көлде отырған құс нешеу болды?

42) Бір саудагер 7 тері сатып алды. Екінші саудагер онан 3 тері артық алды. Екінші саудагер неше тері сатып алды?

43) Бір үйдің 3 баласы, екінші үйдің 5 баласы, үшінші үйдің 2 баласы бар. Үш үйдің барлық балалары нешеу?

44) Қыпшақбай соғымға 2 жылқы, 2 сиыр сойды. Қыпшақбайдың соғымға сойған қарасы нешеу?

45) Нұрбайдың 3 ұл, 3 қызы бар. Нұрбайдың барлық балалары нешеу?

46) Жұмабике 4 тиынға қағаз, 4 тиынға дәптер алды. Жұмабике қанша ақша ұстады?

47) Саудагер қалаға 3 ат, 3 өгіз астық жөнелтті. Саудагер қалаға неше көлік астық жіберді?

48) Зылықаның тойында 5 құнанға бөйге тігілді. 5 құнан бөйгесіз болды. Зылықаның тойында неше құнан болды?

49) Мектепке әуелгі күні 3 бала, келер күні 6 бала кірді. Екі күнде мектепке неше бала кірді?

50) Күлтай туғанда Қапез 4-те еді. Осы күні Күлтай үште. Қазір Қапез нешеде?

51) Мыңжасар базарға 5 құнан қой, 6 саулық айдады. Мыңжасар базарға неше қой айдады?

52) Етікші бір жұмада 3 пар, келер жұмада 2 пар кебіс тікті. Етікші екі жұмада неше пар кебіс тікті?

53) Сағынбай қалыңмалға 3 жылқы, 5 сиыр берді. Сағынбай қалыңмалға неше мал берді?

54) Бір тойда 2 жылқы, 4 қой сойылды. Тойға неше мал сойылды?

55) Үлкен үй 7 бие, отау 3 бие сауады. Екі үй неше бие сауады?

56) Асылбектің бешпентінде 5 түйме, камзолында 3 түймесі бар. Асылбектің екі киімінде неше түйме бар?

57) Қойшыбай үйі 5 өре қоңыр киіз, 3 өре ақ киіз басты. Қойшыбай үйі барлығы неше өре киіз басты?

58) Қаракөз 5-те, Жүніс оныммен құрдас. Екі баланың жасын бірге санағанда нешеу?

59) Енесбайдың 3 түйесі бар. Жаманшаның онан 2 түйесі артық. Жаманшаның түйесі нешеу?

60) Ауылдың сыртында 4 жылқы жайылып жүр. Жайылып жүрген сиырдың саны да сонша. Ауыл сыртында неше мал жайылып жүр?

61) Қарындаш 5 тиын тұрады, қаламсабы одан 2 тиын қымбат. Қаламсабы неше тиын тұрады?

62) Әнуарбек 3-те, Қаламқас одан 5 жас үлкен. Қаламқас нешеде?

63) Сырық бақаннан үш кез ұзын. Сырық неше кез, егер бақанның ұзындығы 7 кез болса?

64) Үйдің көлденеңі 6 кез, тұрқы онан 4 кез артық. Үйдің тұрқы неше кез?

ҚОСУ БЕЛГІСІ (+) ҚАЛАЙ ЖАЗЫЛУЫН КӨРСЕТУ КЕРЕК

1) $3 + 5 =$	2) $8 + 2 =$	3) $4 + 5 =$	4) $2 + 8 =$	5) $4 + 5 =$
$2 + 6 =$	$6 + 4 =$	$4 + 4 =$	$2 + 3 =$	$7 + 2 =$
$2 + 7 =$	$5 + 5 =$	$3 + 6 =$	$2 + 2 =$	$4 + 3 =$
$6 + 3 =$	$1 + 7 =$	$2 + 4 =$	$3 + 3 =$	$3 + 7 =$

Мынау сан мысалдарының әрқайсысына балалардың өздеріне есеп ойлату керек. Мысалы: Нұржанның 3 табақ, Мұқаштың 5 табақ қағазы бар. Екеуінің қағазы қанша?

ӘУЕЛГІ ОНДЫҚТЫҢ ІШІНДЕГІ САҢДЫ КЕМІТУ – АЛУ

65) Шілікбайдың 7 сом ақшасы бар еді, 3 сомына дүкеннен кант, шай алды. Шілікбайдың қанша ақшасы қалды?

66) Ақтай үйректің 8 жұмыртқасын тауып алып, үшеуін кішкентай інісіне берді. Ақтайдың өзінде неше жұмыртқа қалды?

67) Көлде 9 қаз отыр еді, біреуін мерген атып алды. Көлде неше қаз қалды?

68) Жермайдың салмағы ыдысымен 8 қадақ. Ыдысының өзі 2 қадақ. Ыдысында неше қадақ жермай бар?

69) Сарыбайдың 9 жылқысы бар еді, 2 жабағысын қасқыр жеді. Сарыбайдың неше жылқысы қалды?

70) 9 бала қосылып ән салды. Бұлардың үшеуі қыз балалар. Өлең айтқан балалардың нешеуі ұл бала?

71) Саудагер бір күні 9 тері алды. Бұлардың 4-еуі жылқы терісі, қалғаны сиыр терісі. Саудагер неше сиыр терісін алды?

72) Бір үйдің 7 баласы бар, төртеуі еркек бала. Өлгі үйдің қыз балалары нешеу?

73) Ағасы 8-де, қарындасы 3 жас кіші. Қарындасы нешеде?

74) Өрмекшінің 8 аяғы бар, шыбынның екі аяғы кем. Шыбынның аяғы нешеу?

75) Нысанбай 8 қозы көгендеді. Бикеш одан төртеуді кем көгендеді. Бикеш неше қозы көгендеді?

76) Етікшінің 10 қалыбы бар. Бұлардың үшеуі жаңа. Етікшінің ескі қалыбы нешеу?

77) Сұлушаштың 9 шыны-аяғы бар. Үшеуі қызыл, басқалары ақ. Сұлушаштың қанша ақ шыны-аяғы бар?

78) Атығай онда, Сүйімбике жетіде. Екеуінің қайсысы үлкен һәм неше жас?

79) Шәкірт саудагерге қарындаш пен қағаз үшін 10 тиын ақша беріп еді, саудагер 4 тиынын қайтарып берді. Шәкірт қарындаш пен қағазға қанша тиын төледі?

80) Жексембіде 6 сом ақша бар еді, 4 сомын борышына төледі. Жексембінің қанша ақшасы қалды?

81) Баланың 8 асығы бар. Бесеуі бояулы, басқасы бояусыз. Баланың бояусыз асығы қанша?

82) Бір желіде 9 құлын байлаулы. Бұлардың төртеуі ұрғашы, қалғаны еркек. Желідегі құлынның еркегі қанша?

83) Бір қатын 8 кез сисадан 2 қызына көйлек тікті. Үлкен қызының көйлегіне 6 кез кетті. Кіші қызының көйлегі неше кезден тігілді?

84) Шәкірт қарындаш, қағазға 8 тиын төледі. Қарындаш 5 тиын тұрады. Ол қағазға қанша төледі?

85) Екі құдықтың суы 8 үйір жылқыға жетеді. Бір құдықтың суына 5 үйір қанса, екінші құдықтың суы неше үйір жылқылық?

86) Бір жұмада 3 күн ұдайы жаңбыр жауды. Сол жұманың неше күні ашық болды?

87) Өгіз терісі 6 сом тұрады. Тайынша терісі одан 3 сом арзан. Тайынша терісі қанша тұрады?

88) Тайынша 10 сом тұрады. Бұзау онан 6 сом арзан. Бұзау қанша тұрады?

89) Абыралы жетіде, Мәмбет одан үш жас кіші. Мәмбет нешеде?

90) Кілемнің тұрқы 6 кез, ені үш кез қысқа. Ені неше кез?

91) Бір ауылда 10 үй бар. Оның алтауы ақ, қалғаны қара. Бұл ауылда қара үй нешеу?

92) Ағасы 7 есеп шығарды. Қарындасы онан үш есепті кем шығарды. Қарындасы неше есеп шығарды?

93) Байдос тоғызда. Өлмес онан 4 жас кіші. Өлместің жасы нешеде?

94) Бөйбіше 2 арқан есті. Біреуі 9 құлаш, екіншісі 3 құлаш қысқа. Екінші арқан неше құлаш?

95) Қаздың салмағы 7 қадақ, үйрек одан 3 қадақ жеңіл. Үйрек неше қадақ?

96) Сегіздің үшеуін кеміт, жетінің төртеуін кеміт, тоғыздың бесеуін кеміт.

97) Шыққаны жетеу болуы үшін 3, 4, 5, 6, 5-ті қандай санға қосу керек?

98) Шыққаны 10 болуы үшін 8, 6, 5, 4, 3, 2-ні қандай санға қосу керек?

АЛУ БЕЛГІСІ (-) ҚАЛАЙ ЖАЗЫЛУЫН КӨРСЕТУ КЕРЕК

6)	7)	8)	9)	10)
1 - 1 =	8 - 6 =	7 - 3 =	8 - 4 =	8 - 5 =
2 - 1 =	9 - 2 =	8 - 3 =	9 - 4 =	9 - 5 =
3 - 1 =	10 - 2 =	9 - 3 =	10 - 4 =	10 - 5 =
4 - 2 =	3 - 3 =	10 - 3 =	5 - 5 =	6 - 6 =
6 - 2 =	4 - 3 =	4 - 4 =	6 - 5 =	7 - 6 =
5 - 2 =	5 - 3 =	6 - 4 =	7 - 5 =	8 - 6 =
7 - 2 =	6 - 3 =	7 - 4 =	9 - 6 =	

11)	12)	13)	14)	15)
10 - 6 =	5 - 3 =	9 - 5 =	6 - 3 =	9 - 3 =
7 - 7 =	8 - 4 =	8 - 2 =	8 - 5 =	10 - 2 =
8 - 7 =	7 - 3 =	10 - 7 =	7 - 5 =	9 - 6 =
9 - 7 =	9 - 8 =	8 - 3 =	8 - 6 =	10 - 3 =
10 - 7 =	10 - 5 =	10 - 4 =		
10 - 8 =	10 - 9 =	10 - 7 =		
7 - 2 =	10 - 6 =	10 - 6 =		
8 - 3 =	10 - 5 =	10 - 5 =		

Осы мысалдардың кейбіріне өздерің есеп ойлаңдар.

ҚОСУ ЫӘМ АЛУ

99) Шәкірт дәптер, қарындаш сатып алды. Дәптерге 6 тиын төледі. Қарындашқа 2 тиын кем төледі. (*Қарындашқа қанша төледі?*) Шәкірт барлығы қанша ақша жұмсады?

100) Бір кісі қалаға сатуға 7 ту қой, 3 саулық айдап барды. (*Барлығы неше қой?*) Қалада ол 8 қойын сатты. Неше қойын айдап қайтты ол кісі?

101) Мұғалім шәкіртке әуелі 5 табақ, онан кейін 4 табақ қағаз берді. (*Мұғалім барлығы неше табақ берді?*) Шәкірт бар алған қағазының 7 табағын жазып бітірді. Оның жазылмаған қанша қағазы қалды?

102) Бір қатын саудагерден 2 тиынға түйме, 5 тиынға бояу алды. (*Қатын қанша ақша жұмсады?*) 10 тиыннан ол қанша ақша қайтарып алды?

103) Жылқышы қаздың 5, үйректің 4 жұмыртқасын тауып алды. Әкеле жатқанда 3 жұмыртқасын жарып алды. Жылқышы неше жұмыртқа бүтін әкелді?

104) Ағаш басында 6 сауысқан отыр еді, бұлардың қасына 4 сауысқан келіп қонды. Онан кейін 7 сауысқан ұшып кетті. Ағаш басында неше сауысқан қалды?

105) Қазыбек 7-де, апасы 2 жас үлкен. (*Апасы нешеде?*) Інісі Нияз 4 жас кіші. Інісі нешеде?

106) Күбіде 8 шелек су бар. Онан 3 шелек су алынды. (*Күбіде неше шелек су қалды?*) Күбідегі су 7 шелек болуы үшін енді неше шелек су құю керек?

107) Әкесі үлкен ұлына 7 тиын, кішісіне 5 тиын берді. Балалар ақшасын 3 тиыннан қағазға жұмсады. (*Үлкен ұлы 3 тиын жұмсағанда, қанша ақшасы қалды? Кішісі 3 тиын жұмсағанда қанша қалды?*) Балалардың неше тиыннан ақшалары қалды. Екеуінің ақшасын қосқанда қанша?

108) Дүкенші 3 кісіге 10 қадақ қант сатты: біріне 4 қадақ, екіншісіне 3 қадақ. Үшіншісіне қанша қант сатты?

109) 2, 5, 6, 7, 8, 9, 10-ды қандай екі саннан біріктіруге болады?

110) Қандай үш саннан 5, 9, 7, 8, 6, 10-ды біріктіруге болады?

16)

$$\begin{aligned}8 + 1 - 6 &= \\3 + 6 - 8 &= \\8 - 7 + 9 &= \\6 + 3 - 4 &= \end{aligned}$$

17)

$$\begin{aligned}4 - 1 + 7 &= \\5 + 5 - 3 &= \\8 - 5 + 4 &= \\10 - 9 + 8 &= \end{aligned}$$

18)

$$\begin{aligned}6 - 3 + 2 &= \\6 + 2 - 3 &= \\8 - 6 + 8 &= \\4 + 5 - 8 &= \end{aligned}$$

$$\begin{aligned}7 - 5 + 6 &= \\3 + 5 - 4 &= \\7 - 2 + 1 &= \\6 + 3 - 1 &= \\8 - 4 + 5 &= \end{aligned}$$

$$\begin{aligned}7 + 2 - 3 &= \\10 - 6 + 4 &= \\3 + 5 - 4 &= \\2 + 8 - 2 &= \\10 - 7 + 4 &= \end{aligned}$$

$$\begin{aligned}1 + 5 - 4 &= \\6 + 3 - 3 &= \\9 - 5 + 4 &= \\3 + 4 - 3 &= \\10 - 6 + 4 &= \end{aligned}$$

19)

$$\begin{aligned}3 - 4 + 5 &= \\3 + 6 - 1 &= \\7 - 2 + 4 &= \\8 - 5 + 6 &= \\5 + 4 - 7 &= \\3 - 1 + 6 &= \\9 - 3 + 4 &= \\7 - 3 + 2 &= \\4 + 3 - 5 &= \end{aligned}$$

20)

$$\begin{aligned}2 + 6 - 3 &= \\6 - 2 + 3 &= \\1 + 9 - 8 &= \\10 - 5 + 4 &= \\8 - 6 + 7 &= \\8 + 2 - 8 &= \\7 - 4 + 6 &= \\5 - 2 + 4 &= \end{aligned}$$

21)

$$\begin{aligned}9 - 3 + 4 &= \\2 + 8 - 8 &= \\8 - 2 + 3 &= \\3 + 4 + 2 &= \\6 - 2 + 3 &= \\9 - 4 + 5 &= \\4 + 3 - 5 &= \\8 - 3 + 5 &= \end{aligned}$$

22)

$$\begin{aligned}8 - 2 + 4 &= \\10 - 5 + 4 &= \\8 + 2 - 4 &= \\9 - 7 + 8 &= \\5 + 5 - 4 &= \\8 - 5 + 6 &= \\3 + 5 - 7 &= \\10 - 6 + 4 &= \end{aligned}$$

23)

$$\begin{aligned}3 + 4 - 2 - 2 &= \\10 - 3 - 3 + 4 &= \\2 + 2 + 3 - 6 &= \\5 + 5 - 6 + 5 &= \\9 - 6 + 5 - 7 &= \\2 + 6 - 6 + 8 &= \\5 + 2 - 4 + 3 &= \\8 - 4 + 5 - 8 &= \end{aligned}$$

Осы мысалдардың кейбіріне өздерің есеп ойлаңдар.

КӨБЕЙТУ

111) Шөкірт екі дәптер тікті. Өрқайсысы 4 табақ қағаздан екі дәптерде неше табақ қағаз бар?

112) Бала үш қарындаш сатып алды, әрқайсысы 3 тиыннан. Бала қанша ақша жұмсады?

113) Мырза 4 қадақ май сатып алды, қадағы 2 сомнан. Барлық май қанша тұрады?

114) Саудагер 5 арбаға 2 аттан жеккен. 5 арбаға жеккен аты қанша?

115) Шәмелдің 2 табақ қағазы бар. Ахметтің қағазы 4 есе артық. Ахметтің қағазы қанша?

116) Мектепке қарай 2 бала бара жатыр еді, бұларға жолшыбай тағы да балалар қосылып, 5 есе болды. Балалар енді нешеу болды?

117) Балықшы 2 алабұға ұстады. Ұстаған табаны алабұғадан 4 есе көп. Балықшы неше балық ұстады?

118) Үйші бөренені үшке бөліп кесті. Әр бөлігі 3 кезден болды. Бөрене кесілмей тұрғанда неше кез еді?

119) Үш баланың неше аяғы бар? Екі аттың аяғы нешеу? Екі қолда неше саусақ бар?

120) Бір саржында 3 кез бар. 2 саржында неше кез бар? 3 саржында неше кез?

121) Құстың қанаты екеу. 2 құста, 3 құста, 4 құста, 5 құста неше қанат бар?

122) Тоқтамыстың 5 асығы бар. Ғалиханның асығы 2 есе артық. Ғалиханның асығы қанша?

123) Арбаның дөңгелегі төртеу. Екі арбада неше дөңгелек бар?

124) Мерген бір күні 3 үйрек атып алып еді, келер күні екі есе артық атып алды. Мерген келер күні неше үйрек атып алды?

125) Бір қойда 2 асық бар. 4 қойдың асығы қанша?

КӨБЕЙТУ БЕЛГІСІ (×) ҚАЛАЙ ЖАЗЫЛУЫН КӨРСЕТУ КЕРЕК

24)	25)	26)	27)
$2 \times 2 =$	$3 \times 2 =$	$1 \times 8 =$	$1 \times 6 =$
$2 \times 3 =$	$3 \times 3 =$	$2 \times 4 =$	$2 \times 5 =$
$2 \times 4 =$	$4 \times 2 =$	$3 \times 3 =$	$2 \times 3 =$
$2 \times 5 =$	$5 \times 2 =$	$2 \times 5 =$	$2 \times 4 =$

Осы мысалдардың кейбіріне өздерің есеп ойлап табындар.

ҚОСУ, АЛУ ҒӘМ КӨБЕЙТУ

126) Асылбек онда, Сәбелбек онан 7 жас кіші, Зейнеп Сәбелбектен үш есе үлкен. Сәбелбек нешеде, Зейнеп нешеде?

127) Менің оң қалтамда 3 тиындық 2 бақыр ақша бар. Сол қалтамда 2 тиындық 2 бақыр бар. Оң қалтамдағы ақшамның сол қалтадағыдан қаншасы артық?

128) Екі шанаға ат үштен жегілген. Үшінші шанаға 2 ат жегілген. Барлық шанаға неше ат жегілген?

129) Қарындаш 2 тиын, дәптер онан 3 есе қымбат. Қаламсап дәптерден 2 тиын арзан. Қаламсап неше тиын тұрады?

130) Бір кісі 3 сомға бір тоқты, 2 сомнан 2 ешкі сатып алды. Бұл кісі алған малына қанша ақша жұмсады?

131) Екі бала екі беттен жазып бітіргенде бір үлкен кісі екеуінен екі есе артық жазды. Үлкен кісі балалардан неше бет артық жазды?

132) Бір баланың 10 асығы бар еді. Екі інісіне екіден, екі серігінің біріне 3, біріне 2 асық берді. Баланың өзінде қанша асық қалды?

133) Мұғалім 2 балаға 2 табақтан, 2 балаға 3 табақтан қағаз берді. Балаларға үлестірмекші қағазы 10 табақ еді, мұғалімнің қолында енді қанша табақ қалды?

134) Күләштің 2 қозысы бар. Айдарханның қозысы үш есе артық. Қарабаланикі Айдархандікінен екеуі кем. Қарабаланың қозысы қанша?

135) Үш үйге 9 қонақ қонды. Бір үйде 3 қонақ, екінші үйде екі есе артық. Үшінші үйге неше қонақ қонды?

28)	29)	30)	31)
$3 \times 3 - 1 =$	$4 \times 2 - 2 =$	$2 \times 2 + 4 =$	$2 \times 4 + 1 - 7 =$
$2 \times 4 - 2 =$	$3 \times 3 - 5 =$	$3 \times 3 - 2 =$	$2 \times 5 - 9 + 8 =$
$2 \times 5 - 4 =$	$5 \times 2 - 6 =$	$2 \times 4 - 2 =$	$2 \times 3 + 4 - 8 =$
$3 \times 3 - 7 =$	$4 \times 2 - 7 =$	$5 \times 2 - 7 =$	$2 \times 4 + 1 - 6 =$

БӨЛУ

136) Әкесі екі баласына базарлыққа 6 көмпит әкеліп берді. Балалар бірдей бөліп алды. Әрқайсысына нешеу тиді?

137) 6 түймені бірдей қылып үшке бөл.

138) 9 қаламды бірдей қылып үшке бөл.

139) Бір табақ қағаздан жарты табақты қалай бөліп жыртып аласың, ширек табақты қалай жыртып аласың?

140) Міне, саған 8 қалам. Маған дәл жартысын бер, ширегін бер...

141) Ағасы екі інісіне 4 асық берді. Олар оны бірдей тең бөліп алды. Әрқайсысына нешеуден тиді?

142) Шөкірт 6 тиынға 2 қарындаш сатып алды. Шөкірт әр қарындашқа неше тиын төледі?

143) Егер 4, 6, 8, 10-ды бірдей қылып екіге бөлсек қанша болады?

144) 6-да, 9-да неше үш бар?

145) Бөліндер: 6-ны 3-ке, 8-ді 2-ге, 10-ды 2-ге, 10-ды 5-ке.

146) Азайтыңдар: 6, 9-ды үш есе. Азайтыңдар: 4, 6, 8, 10-ды екі есе?

147) Қорада 8 қой бар. Сиыр онан 4 есе кем. Сиыр қанша?

148) Ағасы тоғызда, қарындасы үш есе кіші. Қарындасы нешеде?

149) Бір қадақ нан 2 тиын тұрады. 8 тиынға неше қадақ нан алуға болады? 10 тиынға ше?

150) Шөкірт 9 табақ қағаздан 3 дәптер тікті. Әр дәптерге неше табақ қағаз кетті?

151) Алтынның, сегіздің, онның жартысы қанша болады?

152) Екі бала 10 жұмыртқа тауып алды, бірдей бөлісті. Бала басына неше жұмыртқа тиді?

153) 8, 9, 4, 6, 10 қандай бірдей сандардан құралады?

154) 6 кездік тақтай бірдей үш бөлімге кесілді. Әр бөлім неше кез болады?

155) Лаушының 6 аты бар. Бұлар неше пар?

156) 3, 6, 9-дың үштен бір үлесі қанша?

157) Бай базарға 9 ат апарды. Мұның үштен бірін сатты. Бай неше ат сатты?

158) 4, 8-дің төрттен бірі нешеу?

159) 5, 10-ның бестен бірі нешеу?

БӨЛУ БЕЛГІСІ (:) ҚАЛАЙ ЖАЗЫЛУЫН КӨРСЕТУ КЕРЕК

32)	33)	34)	35)
$2 : 2 =$	$8 : 2 =$	$6 : 3 =$	$8 : 4 =$
$4 : 2 =$	$10 : 2 =$	$9 : 3 =$	$5 : 5 =$
$6 : 2 =$	$6 : 2 =$	$4 : 4 =$	$10 : 5 =$

Осы мысалдардың кейбіріне өздерің есеп ойлаңдар.

КӨБЕЙТУ ҒӘМ БӨЛУ

160) Ысқақтың ақшасының жартысы 3 тиын. Ысқақтың ақшасы қанша?

161) Үйдегі кісілердің үштен бірі – 3. Үйде неше кісі бар?

162) Баланың үйренген харіптерінің төрттен бірі – 2. Бала неше харіп үйренген?

163) 8-дің төрттен бірін табындар. Оны үш есе көбейтіңдер, сонан екі есе азайтыңдар. Қанша болады?

164) Қорада сиыр, қой, жылқы аралас тұр. Қой саны 6, жылқы үш есе кем. Сиыр жылқыдан 2 есе артық. Қорада неше жылқы, неше сиыр бар?

165) Өрімші 9 жүген өрді. Үштен бірін екі сомнан сатты. Өрімші қанша ақша алды?

166) Шәкірттің 4 табақ ақ қағазы, одан екі есе артық сызықты қағаз бар еді. Сызықты қағазынан ол әрқайсысы 2 табактан дәптер тікті. Бала неше дәптер тікті?

167) Мұғалім балаларға екі қалам, одан бес есе артық қарындаш берді. Қарындаштарды 5 бала бірдей бөліп алды. Әр балаға неше қарындаштан тиді?

168) 5 лақ 10 сом тұрады. Бір лақ қанша тұрады? 2 лақ 3 лақ? 4 лақ қанша?

169) 4 лампада күн сайын 8 қадақ жермай жанады. Неше қадақ жермай жанады бір лампада? 3 лампада?

170) Шебер байдан 4 күнгі ақысына 8 сом алды. Шебер 3 күнге неше сом алды? 5 күнге?

171) 5 кісі күніне 10 қадақ ет жейді. Неше қадақ ет жейді күніне 3 кісі? 4 кісі?

172) Шәкіртке 8 қалам 4 жұма жазуына жетеді. Неше жұмаға жетеді 6 қалам? 10 қалам?

36)

$$(4 + 5) : 3 =$$

$$(10 - 8) \times 4 =$$

$$(3 + 7) : 5 =$$

$$(8 - 2) : 3 =$$

$$(10 - 7) \times 2 =$$

37)

$$10 : (4 - 2) =$$

$$8 : (3 + 5) =$$

$$8 : (3 + 1) =$$

$$6 : (5 - 3) =$$

$$2 \times (3 + 2) =$$

38)

$$(9 : 3) \times 2 =$$

$$(10 : 5) \times 2 =$$

$$(6 : 3) \times 4 =$$

$$(8 : 4) \times 3 =$$

$$(4 : 2) \times 5 =$$

Осы мысалдардың кейбіріне өздерің есеп ойлаңдар.

ТӨРТ АМАЛ

(Қосу, алу, көбейту, бөлу)

173) Баланың 8 асығы бар еді. Ағасы 2 асық берді. Сонда інісінің асығы ағасынкінен екі есе артты. Ағасының балаға бермей тұрғанда неше асығы бар еді?

174) Біреудің 2 баласы бар. Біреуі мұнан 3 жыл бұрын 7 жаста еді. Екіншісі мұнан 2 жыл бұрын 3 жаста еді. Осы күнде балалардың бірінен-бірі неше жас үлкен?

175) 2 қарындасы мен ағасы 10 жұмыртқа тауып алды. Қарындастары 3 жұмыртқадан алды. Ағасы қалғанын алды. Ағасына неше жұмыртқа тиді?

176) Мұғалім балаларға үлестіруге 10 табақ қағаз әкелді. 3 балаға 2 табақтан, төртінші балаға 3 табақ берді. Мұғалімнің өзінде неше табақ қағаз қалды?

177) Шәкірт 3 қарындаш, екі тас қалам сатып алды. Қарындаштарға ол 9 тиын төледі. 2 тас қаламға неше тиын төледі, егер, тас қалам қарындаштардан бір тиын арзан болса?

178) Бәтін 8, Күләш екі есе кем қызғалдақ терді. Жамал Күләштан 5 қызғалдақ артық терді. Жамал неше қызғалдақ терді?

179) Екі қыздың 10 сақинасы бар еді, әрқайсысында бірдей. Апасы сіндісіне екі сақина сыйлады. Енді әрқайсысында неше сақина болды?

180) Менің екі қолымда 8 кітап бар. Әрқайсысында бірдей. Міне, мен бір қолымнан екінші қолыма бір кітап ауыстырдым. Енді әр қолымда неше кітап бар?

181) Менің оң қолымда 3 тиындық бақыр ақша бар. Сол қолымда 5 екі тиындық бақыр бар. Қай қолымда ақша артық және қаншасы?

182) 2 қадақ ақ нан 8 тиын, 5 қадақ қара нан 10 тиын. Ақ нанның қадағы қара наннан қанша қымбат?

183) Әкесі балаларына әуелі 5 кітап, онан кейін 4 кітап сатып әперді. Балалары тең бөліп алғанда, әрқайсысына 3 кітаптан тиді. Балалар нешеу?

184) Мен саудагерден 9 тиын қайырып алуым керек. Маған 5 тиындық күміс және бағасы бірдей 2 бақыр ақша қайырды. Неше тиын бақыр ақша алдым?

185) Бір кісіге 9 шақырым жүру керек. Ол жолының үштен бірін ғана жүрді. Оған енді неше шақырым жер жүру керек?

186) 5 қадақ шай 10 сом тұрады. 3 қадақ шай неше сом тұрады?

187) 2 жігіт бір күні 4 шөмеле пішен үйді. 5 жігіт бір күнде неше шөмеле пішен үйді?

188) Екі ешкі 8 сом, 5 лақ он сом тұрады. Бір ешкі бір лақтан неше есе қымбат?

189) Қарындасының 3 кітабы бар. Ағасынікі үш есе артық. Ағасының неше кітабы артық?

190) Бір кісінің 9 тоқтысы, 8 лағы бар еді, ол жаздыкүні тоқтысының үштен бірін лағының жартысын қонаққа сойды. Оның тірі қалған тоқтысы мен лағының қайсысы артық және нешеуі артық?

191) Еркек бала бір сағатта үш бет жазды. Ал қыз бала бір беті кем. Екеуі екі сағатта неше бет жазып бітірді?

192) Саудагер 10 тиынға бояу сатпақшы болып, өз есебінше 2 тиын пайда қыламын деп ойлады. Бірақ ол пайда орнына 2 тиын зиян қылды. Бояуын ол қаншаға сатты?

193) Саудагер 2 қарындашты 10 тиынға сатты. Ол неше тиын пайда алды, егер әр қарындаш өзіне төрт тиыннан тұрса?

194) Саудагер үш сомнан алған теріні 2 сомнан сатты. 5 тері сатса, неше сом зиян көрді?

195) Саудагер кезін екі сомнан алған трикені 3 сомнан сатты. 5 кез трике сатқанда неше сом пайда алады?

196) Тігінші бір күнде 2 сом табады. Бір жұмада қанша табады, егер жұма күннен басқа тағы 2 күн тіксе?

197) 8-ді 4 есе азайтыңдар. Шыққан санға үшті қосыңдар. Мұнан шыққан санды 2 есе көбейтіндер. Қанша болады?

198) Мен бір сан ойладым, оған үш қостым да қақ бөлдім. Сонда шықты – 5. Мен қандай сан ойладым?

199) Мен тағы бір сан ойладым. Оны 3 есе көбейттім де 1 қостым. Мұнан шыққанды қақ бөліп едім 5 шықты. Мен қандай сан ойладым?

200) Шешесі балаларына 10 құрт үлестірді. Екі қыз баласына 3-тен, ұлдарына 2-ден. Неше ұлы болған?

201) Бір кісінің 3 ұлы, бір қызы бар. Ортаншы ұлы жетіде, кіші ұлы ортаншысынан 2 жас кіші. Үлкені кенжесінен 2 есе үлкен. Қыз үлкен ұлынан 4 жас кіші. Қыз нешеде?

202) Егінші 2 қап сұлы шашып, орғанда 5 есе қап алды. Орған сұлының 4 қабын ол сатты. Қалғанымен 6 айдай аттарын семіртті. Егінші ай сайын аттарының жеміне қанша сұлы берді?

203) Ағайынды екі баланың 10 табақ қағазы бар еді.

Екеуінікі де бірдей. Ағасы інісіне екі табақ қағаз берді. Балалардың әрқайсысында енді неше табақ қағаз болды?

204) Бір үйде 4 бөлме бар. 2 бөлмеде терезе екіден, басқаларында 3-тен. Бұл үйдің барлық терезесі қанша?

205) Бір үйдің ұлы екеу. Қызы үш есе көп. Екінші үйдің 2 ұлы, 2 қызы бар. Екі үйдің бірінен бірінің баласы неше есе артық?

39)

$$2 \times 2 + 5 - 3 =$$

$$8 : 2 - 3 + 7 =$$

$$6 : 2 - 2 + 8 =$$

$$9 : 3 + 4 - 5 =$$

40)

$$3 \times 3 - 7 + 5 =$$

$$10 : 2 + 4 - 6 =$$

$$8 : 2 + 3 - 5 =$$

$$6 : 3 + 6 - 3 =$$

41)

$$10 : 2 - 3 + 2 =$$

$$10 : 2 + 5 - 3 =$$

$$8 : 4 + 4 + 4 =$$

$$7 : 7 + 6 - 2 =$$

42)

$$4 : 2 + 6 + 2 =$$

$$3 \times 3 - 4 + 3 =$$

$$2 \times 4 - 5 + 6 =$$

$$5 \times 2 - 7 + 6 =$$

$$2 \times 3 - 5 + 7 =$$

43)

$$4 : 2 + 7 - 4 =$$

$$2 \times 4 + 2 - 7 =$$

$$3 \times 3 - 7 + 5 =$$

$$4 \times 2 - 6 + 7 =$$

$$5 \times 2 - 8 + 4 =$$

44)

$$8 : 4 + 5 + 2 =$$

$$3 \times 3 + 1 - 8 =$$

$$5 \times 2 - 9 + 4 =$$

$$8 \times 1 + 2 - 9 =$$

$$5 \times 2 - 7 + 2 =$$

45)

$$(10 : 5) \times 4 =$$

$$(8 : 2) \times 2 =$$

$$(8 + 2) : 2 =$$

$$(7 + 2) : 3 =$$

46)

$$5 \times (10 - 8) =$$

$$3 \times (8 : 4) =$$

$$4 \times (7 - 5) =$$

$$10 : (8 : 4) =$$

47)

$$8 : (6 - 2) =$$

$$6 : (6 - 4) =$$

$$10 : (2 + 3) =$$

$$4 : (9 - 7) =$$

48)

$$(6 + 2) - (8 : 4) =$$

$$(4 + 2) - (3 \times 2) =$$

$$(10 - 7) - (10 : 5) =$$

$$(9 : 3) + (6 : 2) =$$

$$(3 \times 3) - (4 \times 2) =$$

49)

$$(9 : 3) + (7 - 4) =$$

$$(10 - 8) + (4 \times 2) =$$

$$(10 - 6) + (10 : 5) =$$

$$(8 : 4) + (6 : 2) =$$

$$(10 : 2) - (2 \times 2) =$$

50)

$$(5 + 4) : (9 - 6) =$$

$$(7 + 2) : (10 - 7) =$$

$$(6 - 4) \times (9 - 6) =$$

$$(8 - 5) \times (10 : 5) =$$

$$(4 + 6) : (10 : 5) =$$

ЖҮЗДІҢ ІШІНДЕГІ ОНДЫҚТАР ЕСЕБІ

(Мұғалім балаларға 10-нан бастап 100-ге шейін ондықтарды жатқа санатады: он, жиырма, отыз ... деп, онан кейін сол сандарды жаздырып үйретеді.

Балалардан: жиырмада неше ондық, неше бірлік, қырықта, елуде неше ондық, неше бірлік бар екені сұралады).

Қосыңдар: 10-ды 10, 20, 30, 40, 50, 60, 70, 80, 90-ға.

Қосыңдар: 20-ны 10, 20, 30, 40, 50, 60, 70, 80-ге.

Қосыңдар: 30-ды 10, 20, 30, 40, 50, 60, 70-ке.

Қосыңдар: 40-ты 10, 20, 30, 40, 50, 60-қа.

Қосыңдар: 50-ді 10, 20, 30, 40, 50-ге.

Қосыңдар: 60-ты 10, 20, 30, 40-қа.

Қосыңдар: 70-ті 10, 20, 30-ға.

Қосыңдар: 80-ді 10, 20-ға.

Қосыңдар: 90-ды 10-ға.

Қосыңдар: 10-ды 30, 70, 50, 80-ге.

Қосыңдар: 20-ны 30, 40, 70, 30-ға.

Қосыңдар: 30-ды 60, 30, 50, 40-қа.

Қосыңдар: 40-ты 20, 50, 40, 60-қа.

Қосыңдар: 50-ді 30, 50, 20, 40-қа.

206) Адамның екі қолында 10 саусақ, екі аяғында 10 саусақ бар. Адамның аяқ-қолында неше саусақ бар?

207) Біреу базарда атын 50 сомға, өгізін 50 сомға сатты. Аты мен өгізін иесі қаншаға сатты?

208) Бір қыстауда 40 үй, екінші қыстауда 40 үй бар. Екі қыстауда қанша үй бар?

209) Етікші 70 тиынға ұлтан алғанда 30 тиын ақшасы артылып қалды. Етікшінің қанша ақшасы болған?

210) Бір кісі алғашқы күні 30 шөмеле, келесі күні 40 шөмеле пішен тасыды. Тасылмай қалған пішені 20 шөмеле. Ол кісінің неше шөмеле пішені болған?

211) Сыыр 30 сомға сатылды. Ат сыырдан 30 сом қымбат сатылды. Сыыр мен ат қаншаға сатылды?

51)

$$20 + 10 =$$

$$20 + 20 =$$

$$30 + 20 =$$

$$30 + 30 =$$

$$30 + 40 =$$

52)

$$30 + 50 =$$

$$50 + 40 =$$

$$60 + 40 =$$

$$20 + 50 =$$

$$30 + 70 =$$

53)

$$10 + 20 + 30 =$$

$$20 + 20 + 40 =$$

$$30 + 10 + 50 =$$

$$40 + 20 + 40 =$$

$$50 + 30 + 20 =$$

$20 + 40 =$	$20 + 80 =$	$70 + 20 + 10 =$
$30 + 60 =$	$30 + 70 =$	$30 + 40 + 20 =$
$40 + 40 =$	$50 + 50 =$	$30 + 30 + 30 =$

АЛУ

Алыңдар: 10-ды 100, 90, 80, 70, 60, 50, 40, 30, 20, 10-нан.

Алыңдар: 20-ны 100, 90, 80, 70, 60, 50, 40, 30, 20-дан.

Алыңдар: 30-ды 100, 90, 80, 70, 60, 50, 40, 30-дан.

Алыңдар: 40-ты 100, 90, 80, 70, 60, 50, 40-тан.

Алыңдар: 50-ді 100, 90, 80, 70, 60, 50-ден.

Алыңдар: 60-ты 100, 90, 80, 70, 60-тан.

Алыңдар: 70-ті 100, 90, 80, 70-тен.

Алыңдар: 80-ді 100, 90, 80-нен.

Алыңдар: 90-ды 100, 90-нан.

212) Бір кісі базарға сатуға 50 қой айдап барған еді, сол күні 30 қойын сатты. Неше қойы қалды?

213) Алыпсатар базарға 100 тері апарып еді, бір саудагер 40 терісін алды. Екінші саудагер қалған терісін алды. Екінші саудагер неше тері алды?

214) Менің атам 80-де, әжем 60-та. Атам әжемнен неше жас үлкен?

215) Менің дүкеншіге жарты сом бересім бар еді, оған мен бір сом күміс бердім. Маған дүкенші қанша ақша қайырып беруі керек? (*Бір сомда 100 тиын, жарты сомда 50 тиын болады.*)

216) Бір кісінің тебінде 80 жылқысы бар еді. 20-сын пішенге байлады. Ол кісінің тебінде неше жылқысы қалды?

217) Жолаушы әуелгі күні 50 шақырым жүрді. Келер күні 10 шақырым кем жүрді. Жолаушы келер күні неше шақырым жүрді?

54)

$$\begin{aligned} 30 - 10 &= \\ 20 - 10 &= \\ 80 - 10 &= \\ 100 - 10 &= \\ 40 - 20 &= \\ 60 - 40 &= \\ 90 - 20 &= \\ 100 - 20 &= \end{aligned}$$

55)

$$\begin{aligned} 50 - 30 &= \\ 70 - 30 &= \\ 90 - 30 &= \\ 60 - 40 &= \\ 80 - 40 &= \\ 90 - 40 &= \\ 100 - 40 &= \end{aligned}$$

56)

$$\begin{aligned} 70 - 50 &= \\ 90 - 50 &= \\ 100 - 50 &= \\ 80 - 60 &= \\ 90 - 60 &= \\ 100 - 20 &= \\ 100 - 80 &= \end{aligned}$$

$$\begin{aligned}
 57) \quad & 70 - 10 - 20 = \\
 & 90 - 20 - 30 = \\
 & 70 - 30 - 20 = \\
 & 60 - 20 - 40 = \\
 & 100 - 40 - 50 = \\
 & 100 - 20 - 30 = \\
 & 100 - 50 - 20 =
 \end{aligned}$$

ҚОСУ ҒӘМ АЛУ

218) Жұмысшылар әуелгі күні 60 шөмеле пішен тасыды. Келер күні 30 шөмеле тасыды. Жұмысшылар екі күнде қанша пішен тасыды?

219) 3 кітап 1 сом тұрады. Бір кітаптың бағасы 50 тиын. Екінші кітап онан 20 тиын арзан. Үшінші кітап қанша тұрады?

220) Бір кісінің үш түлік малы бар. Қой, сиыр, жылқы. Қой – 70, сиырдың қойдан 50-і кем, жылқысы қой мен сиырын қоса есептегендегіден 80-і кем. Ол кісінің малы қанша?

221) Мал жиюшы үш өгіз алды. Бір өгізге 50 сом төледі. Екінші өгізге 20 сом кем төледі, үшінші өгіз екінші өгізден 10 сом арзан. Үшінші өгіз қанша тұрады һәм барлық үш өгіз қанша тұрады?

222) Мұғалім шәкірттер үшін 70 кітап алдырды. 30-ы әліппе, 20-сы есеп кітабы. Қалғаны қирағат кітабы. Мұғалім неше қирағат кітабын алдырды?

58)	59)	60)
$80 - 30 + 40 =$	$50 + 30 - 20 =$	$90 - 60 + 20 =$
$70 + 20 - 50 =$	$80 + 20 - 50 =$	$70 - 50 + 70 =$
$90 - 60 + 50 =$	$40 + 50 - 70 =$	$30 + 70 - 60 =$
$100 - 40 + 30 =$	$30 + 60 - 40 =$	$80 - 40 + 50 =$
$80 - 20 + 40 =$	$50 + 40 - 30 =$	$30 + 70 - 50 =$
$20 + 80 - 70 =$	$60 + 40 - 80 =$	$50 + 30 - 40 =$
$60 + 30 - 40 =$	$10 + 70 + 10 =$	$100 - 60 + 20 =$

Көбейтіңдер: 10-ды 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10-ға.

Көбейтіңдер: 20-ны 2, 3, 4, 5-ке.

Көбейтіңдер: 30-ды 2, 3-ке.

Көбейтіңдер: 40-ты 2-ге.

Көбейтіңдер: 50-ді 2-ге.

223) Ауылдан қала өкі күндік жері Күніне 50 шақырымнан жүрсе, еркін жетеді. Ауылдан қала қанша шақырым?

224) Хатшы айына 20 сом қаламақы алады. Хатшы 3 айда, 4 айда, 5 айда қанша ақша алады?

225) 5 көгенге 20 қозыдан көгендеді. Көгенде қанша қозы бар?

226) Бір кісінің аяқ-қолында 20 саусақ бар. 3 кісінің, 4 кісінің, 5 кісінің саусағы қанша?

227) Бір қазанның салмағы 10 қадақ. Екіншісі 3 есе ауыр. Үшінші қазан екіншіден 2 есе ауыр. Үшінші қазан неше қадақ?

228) Бір қыстауда 40 үй. Екінші қыстауда екі есе артық. Екі қыстауда неше үй бар?

61)	62)	63)
$20 \times 2 =$	$30 \times 2 =$	$10 \times 3 =$
$20 \times 3 =$	$40 \times 2 =$	$50 \times 2 =$
$20 \times 4 =$	$30 \times 3 =$	$10 \times 10 =$
$20 \times 5 =$	$20 \times 4 =$	$10 \times 7 =$

БӨЛУ

10-ға бөліңдер: 100, 90, 80, 70, 60, 50, 40, 30, 20, 10-ды.

20-ға бөліңдер: 100, 80, 60, 40, 20-ны.

30-ға бөліңдер: 90, 60, 30-ды.

40-қа бөліңдер: 80, 40-ты.

50-ге бөліңдер: 100, 50-ді.

2-ге бөліңдер: 90, 60, 30-ды.

4-ке бөліңдер: 80, 40-ты.

5-ке бөліңдер: 100, 50-ді.

6-ға бөліңдер: 60-ты.

7-ге бөліңдер: 70-ті.

8-ге бөліңдер: 80-ді.

9-ға бөліңдер: 90-ды.

229) Бай жүз сомдық қағаз ақшаны уатып, өңкей 10 сомдық қағаз алды. Бай неше 10 сомдық қағаз ақша алды?

230) Мұғалім бір айда 20 сом ақы алады. Мұғалім 100 сомды неше айда алады?

231) Үш бірдей көгенде 90 қозы бар. Өр көгенде неше қозы?

232) Балкыбайдың 60 жылқысы бар. Бекжаннның жылқысы Балкыбайдікінен үш есе кем. Бекжаннның жылқысы қанша?

233) Бай қызметкеріне 7 ай үшін 70 сом ақы берді. Қызметкер айы қаншаға тұрады?

234) Екі дүтта 80 қадақ. Бір дүтта неше қадақ?

235) Бір сомда 100 тиын. Бір сомның жартысы, бестен бірі, оннан бірі неше тиын?

64)	65)	66)	67)	68)
40 : 2 =	60 : 3 =	80 : 8 =	40 : 4 =	60 : 60 =
60 : 2 =	80 : 4 =	90 : 9 =	100 : 10 =	80 : 40 =
80 : 2 =	70 : 7 =	100 : 5 =	100 : 20 =	90 : 30 =
100 : 2 =	80 : 8 =	60 : 6 =	60 : 20 =	100 : 50 =
30 : 3 =	50 : 5 =	80 : 4 =	40 : 20 =	80 : 20 =

КӨБЕЙТУ ЖӘМ БӨЛУ

236) Саудагер үш панаға бірдей қылып 30-дан тері тиеді. Базарға келген күні терісін үштен бірін сатты. Саудагер неше тері сатты?

237) Бес қадақ қант бір сом тұрады. 2 қадақ, 3 қадақ, 4 қадақ қант қанша тұрады?

238) 5 құнан өгіз 100 сом тұрады. Сондай үш өгіз қанша тұрады?

239) Біреу қора мен үй салуға 40 таң сырғауыл сатып алды. Үй мен қорасын салып болғанда сырғауылдың төрттен бірі артылып қалды. Неше сырғауыл артты?

240) 10 ат күнне 10 қадақ сұлы жейді. 4 ат екі күнде қанша сұлы жейді?

241) Саудагер 90 кой терісін жиы. Жылқы терісін кой терісінен үш есе кем, сиыр терісін жылқы терісінен екі есе артық жиы. Саудагер неше сиыр терісін жиы?

242) Саудагер 20 теріні 4 сомнан сатып, бұл ақшаға 8 құнан қой алды. Әр кой саудагерге қаншадан келді?

243) Үш айда 90 күн бар. Екі айда неше күн бар?

244) Біз екі жылда 60 күн бұраза ұстадық. Үш жылда неше күн бұраза ұстаймыз?

245) 20 балаға мұғалім бірдей қылып 80 табак қаназ берді. Мұғалім 10 балаға қанша қағаз берді?

246) Екі қыстауда 30-дан үй бар еді, жазғытұры бұлар алты ауыл болып бөлінді. Ауыл сайын неше үй болды?

69)

$$20 \times 5 : 2 =$$

$$30 \times 2 : 3 =$$

$$40 \times 2 : 4 =$$

$$50 \times 2 : 5 =$$

70)

$$(40 : 2) \times 4 =$$

$$(50 : 5) \times 7 =$$

$$(80 : 4) \times 3 =$$

$$(90 : 3) \times 2 =$$

71)

$$20 \times 4 : 8 =$$

$$30 \times 3 : 9 =$$

$$(100 : 5) \times 3 =$$

$$(80 : 8) \times 9 =$$

72)

$$(100 : 50) \times 30 =$$

$$(80 : 40) \times 50 =$$

$$(80 : 20) \times 10 =$$

$$(90 : 30) \times 20 =$$

ТӨРТ АМАЛ

247) 3 кісі 80 тиын ақшаны былай бөліп алды: біреуі бар ақшаның төрттен бірін алды, екеуі қалғанын бірдей бөліп алды. Өрқайсысы қаншадан алды?

248) Базарбайдың 100 қойы бар. Бестен бірі қозы. Бойдағы қозысынан 30-ы артық. Саулығы мен ту қойы қанша?

249) Батырша мен Теміртастың 20 тиыннан ақшасы бар. Сүлейменнің 40 тиыны бар. Үш баланың бар ақшасы қанша?

250) Мұғалім 20 тиыннан 3 қас тақта алды. 30 тиынға қарындаш алды. Бір сом ақшасының қаншасы қалды?

251) Үш еркек бала, бес қыз бала бір айда 80 табақ қағаз жазып бітірген. Өрқайсысының қағазы бірдей екен. Еркек балалар қанша, қыз балалар қанша қағаз жазып бітірген?

252) Ахметтің әкесі дүкеннен үш қадақ өрік алды. 30 тиынға бір қадақ қант алды. Ол қанша ақша жұмсады, егер қанттың қадағы өріктің қадағынан екі есе қымбат болса?

253) Мектептің төменгі бөлімінде 30 бала бар. Жоғарғысында 3 есе кем, ортаншысында екі есе артық. Жоғарғы мен ортаншы мектепте неше бала бар?

254) Бір қобдишада 90 қалам бар, екіншісінде 80 қалам бар. Мұғалім әуелгі қобдишадан балаларға үштен бірін, екіншіден төрттен бірін үлестірді. Мұғалім барлығы қанша қалам үлестірді?

255) Мұғалім 5 әліппе, 3 есеп кітабын сатып алды. Әліппелерге ол бір сом төледі. Кітаптарына ол қанша төледі, егер әр есеп кітабы әліппеден 10 тиын қымбат тұрса?

256) Саудагер елден 20 тиынға алған елтіріні қалаға апарып 40 тиыннан сатты. Ол 5 елтірі сатса, қанша пайда қылар еді?

257) Етікшінің бір жарты сомдық, екі 20 тиындық ақшасы бар еді. Ол 5 шолақ ұлтан алайын десе, 10 тиын ақшасы жетпейді. Шолақ ұлтан қанша тұрады?

258) Біреу екі тайынша, үш құнажын сиыр сатты. Ол тайыншаны 10 сомнан өткізген. Барлық алған ақшасы 80 сом. Құнажынды неше сомнан сатты?

259) Шәкірттің 20 тиын ақшасы бар еді, ол ақшасының жартысына кітап алды. Қалған ақшасының үштен біріне қағаз алды. Баланың қағаз алғаннан кейін қанша ақшасы қалды?

260) Мұғалімде 90 табақ қағаз бар. Ол 40 табағын төменгі бөлімдегі балаларға, қалған қағаздың бестен бірін ортаншы бөлімге, одан қалғанның жартысын жоғарғы бөлімге берді. Мұғалімнің өзінде қанша қағаз қалды?

261) Құдабайдың 80 қойы бар. Ешкісі қойының төрттен біріндей. Құдабайдың барлық қой-ешкісі қанша?

262) Дүкенші 40 тиыннан екі бөкі, 20 тиынға бір бөкі сатты. Дүкенші 3 бөкіге қанша ақша алды?

263) Егіншінің 2 ұрада 50 пұттан тарысы бар еді. Ол 20 пұтын сатты. Өзінде неше пұт тары қалды?

264) Ұста 2 қап көмір алып, 20 тиындықтан 4 күміс берді. Көмірдің қабы қанша тұрған?

265) Егіншінің бір ұрада 20 пұт, екінші ұрада 70 пұт бидайы бар еді. Бидайын ол 3 көлікке бірдей бөліп, базарға жөнелтті. Әр көлікке ол неше пұттан артты?

266) Біреу 50 сомға бидай, 40 сомға сұлы сатып, алған ақшасына әрбірі 30 сомдық ат алды. Ол кісі неше ат алды?

73)

$$\begin{aligned}20 \times 4 - 60 &= \\30 \times 3 - 70 &= \\20 \times 4 - 40 &= \\20 \times 2 - 40 &= \\20 \times 5 - 70 &= \\40 \times 2 - 30 &= \\100 : 2 - 40 &=\end{aligned}$$

74)

$$\begin{aligned}40 \times 2 - 50 &= \\60 : 3 + 70 &= \\80 : 2 + 60 &= \\90 : 3 + 40 &= \\70 : 7 + 80 &= \\60 : 2 + 40 &= \\100 : 2 - 20 &= \end{aligned}$$

75)

$$\begin{aligned}40 : 4 + 60 - 50 &= \\10 \times 9 - 50 + 50 &= \\90 : 9 + 70 - 30 &= \\20 \times 3 + 40 - 80 &= \\20 \times 3 - 60 + 40 &= \\80 : 2 + 50 - 60 &= \\100 : 2 + 40 - 70 &= \end{aligned}$$

76)

$$\begin{aligned}
 60 : 2 + 50 - 40 &= \\
 20 \times 2 + 60 - 90 &= \\
 20 \times 3 + 40 - 80 &= \\
 80 : 2 + 30 - 50 &= \\
 40 \times 2 - 50 + 70 &= \\
 100 : 2 + 40 - 60 &= \\
 80 : 4 + 50 + 10 &=
 \end{aligned}$$

77)

$$\begin{aligned}
 5 \times (70 : 7) &= \\
 30 \times (60 : 30) &= \\
 90 : (3 \times 10) &= \\
 80 : (40 \times 2) &= \\
 (100 : 2) + (80 : 4) &= \\
 (30 \times 2) - (100 : 10) &= \\
 (20 \times 5) - (60 : 2) &= \\
 30 + (20 \times 2) - 50 &=
 \end{aligned}$$

Үлгі – екі ондықтың ішіндегі сандар

ҚОСУ

Қосыңдар: бірді – 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19-ға.

Қосыңдар: екіні – 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18-ге.

Қосыңдар: үшті – 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17-ге.

Қосыңдар: төртті – 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16-ға.

Қосыңдар: бессті – 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15-ке.

Қосыңдар: алтыны – 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14-ке.

Қосыңдар: жетіні – 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13-ке.

Қосыңдар: сегізді – 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 12-ге.

Қосыңдар: тоғызды – 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 11-ге.

Қосыңдар: онды – 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10-ға.

267) Ысқақ жетіде, Нұртай төртте. Екеуінің жасы нешеде?

268) 8 еркек бала, 6 қыз бала соқыртеке ойнап жүр. Ойнап жүрген балалардың бөрі нешеу?

269) Біздің үйде бес бұзау бар. Ірі сиырдың одан сегізі артық. Біздің бұзауымыз бен сиырымыздың бөрі нешеу?

270) Мұғалім шәкіртіне 8 табақ ақ қағаз, 8 табақ сызулы қағаз берді. Шәкіртке барлығы қанша қағаз берді?

271) Саудагер 9 тарақ сатты. Өзінде 7 тарақ қалды. Оның бар тарағы нешеу болған?

272) Бір ауылда 11 үй, екінші ауылда 8 үй бар. Екі ауылда неше үй бар?

273) Бір жігіт өз ауылынан екінші бір ауылға шықты. Ол 12 шақырым жер жүргенде алдындағы ауылға 7 шақырым қалған еді. Екі ауылдың арасы неше шақырым?

274) Бір үйге 9, екінші үйге 6 қонақ қонды. Екі үйде неше қонақ бар?

275) Бір үйде 3 түйе бар. Екінші үйдің үш түйесі артық. Үшінші үйдің түйесі екінші үйдікінен екеуі артық. Үш үйдің түйесі қанша?

276) Саудагер 13 сомға тауар сатып, 6 сом зиян көрді. Тауар өзіне қаншаға түскен?

277) Бір үй бес қанат, екінші үйдің екі қанаты артық. Екі үйдің керегесі неше қанат?

278) Бір баланың 5 қызыл, 7 ақ, 8 көк асығы бар. Баланың барлық асығы қанша?

279) Бір қыздың 10 тиындық 6 күмісі бар, 15 тиындық 9 күмісі бар, 20 тиындық 5 күмісі бар. Қыздың барлық күмісі қанша?

280) Көл басында үш ауыл отыр 7, 6, 5, үйден. Үш ауылда неше үй бар?

281) Токтарбектің түйесі екеу. Түйесінен жылқысының төртеуі артық. Жылқысынан сиырының бесеуі артық. Токтарбектің неше қарасы бар?

78)	79)	80)	81)	82)
$6 + 8 =$	$9 + 3 =$	$9 + 3 =$	$10 + 3 =$	$10 + 4 =$
$9 + 7 =$	$8 + 2 =$	$8 + 4 =$	$9 + 4 =$	$9 + 5 =$
$8 + 8 =$	$8 + 4 =$	$7 + 5 =$	$8 + 5 =$	$8 + 6 =$
$6 + 7 =$	$6 + 5 =$	$6 + 6 =$	$7 + 6 =$	$7 + 7 =$
$7 + 8 =$	$5 + 6 =$	$5 + 7 =$	$5 + 8 =$	$10 + 5 =$
$9 + 9 =$	$4 + 7 =$	$8 + 4 =$	$4 + 7 =$	$8 + 7 =$

83)	84)	85)	86)	87)
$10 + 6 =$	$10 + 9 =$	$11 + 5 =$	$14 + 3 =$	$35 + 7 =$
$9 + 7 =$	$6 + 6 =$	$12 + 4 =$	$15 + 3 =$	$65 + 6 =$
$10 + 7 =$	$8 + 8 =$	$12 + 6 =$	$12 + 8 =$	$65 + 4 =$
$9 + 7 =$	$9 + 9 =$	$13 + 7 =$	$16 + 4 =$	$84 + 8 =$
$10 + 8 =$	$11 + 5 =$	$15 + 4 =$	$17 + 3 =$	$75 + 8 =$
$9 + 9 =$	$12 + 5 =$	$12 + 7 =$	$18 + 2 =$	$78 + 5 =$

АЛУ

Алыңдар: бірді – 20, 19, 18, 17, 16, 15, 14, 13, 12, 11-ден.

Алыңдар: екіні – 20, 19, 18, 17, 16, 15, 14, 13, 12, 11-ден.

Алыңдар: үшті – 20, 19, 18, 17, 16, 15, 14, 13, 12, 11-ден.

Алыңдар: төртті – 20, 19, 18, 17, 16, 15, 14, 13, 12, 11-ден.

Алыңдар: бесті – 20, 19, 18, 17, 16, 15, 14, 13, 12, 11-ден.

Алыңдар: алтыны – 20, 19, 18, 17, 16, 15, 14, 13, 12, 11-ден.
Алыңдар: жетіні – 20, 19, 18, 17, 16, 15, 14, 13, 12, 11-ден.
Алыңдар: сегізді – 20, 19, 18, 17, 16, 15, 14, 13, 12, 11-ден.
Алыңдар: тоғызды – 20, 19, 18, 17, 16, 15, 14, 13, 12, 11-ден.
Алыңдар: онды – 20, 19, 18, 17, 16, 15, 14, 13, 12, 11-ден.

282) Баланың 11 асығы бар еді, бесеуін інісіне берді. Баланың неше асығы қалды?

283) Мұғалімнің қолында 10 қарындашы бар. Төртеуін шәкірттеріне берді. Өзінде нешеуі қалды?

284) Кенжебай он үште, Садық 8-де. Кенжебай Садықтан неше жас үлкен?

285) Жазу жазғанда Мырзақай 14 қате шығарды. Өзбектің онан 8 қатесі кем болды. Өзбек неше қате шығарды?

286) Безбеннің бір табағында 15 қадақ кір бар. Екінші табағында 8 қадақ қант бар. Безбеннің екі жағы тең болуы үшін неше қадақ қант салу керек?

287) Мектепте 15 еркек бала бар. Қыз балалардың 8-і кем. Мектепте неше қыз бала бар?

288) Ғазиза 3 дәптерге 9 тиын төледі. Ғазиза 15 тиын ақшасынан неше тиын қайтарып алды?

289) Самауыр 16 сом тұрады. Шай сайманы 7 сом. Самауыр қанша қымбат?

290) Бір қатын 17 кез ақ һәм қызыл сиса сатып алды. Қызыл сиса неше кез, егер ақ сисасы 8 кез болса?

291) Біреу дүкеншіден 12 тиынға сабын алып, 20 тиын ақша берді. Ол неше тиын қайырып алады?

292) 13 болуы үшін қандай санға 7-ні қосу керек?

293) 15-тен 7-нің нешеуі кем?

294) 5-тен 20 қанша артық?

295) Кітап пен қарындаш 20 тиын тұрады. Кітапқа қанша төленді, егер қарындаш 3 тиын тұрса?

296) Ағасы 17-де, інісі 5-те. Інісі туған жылы ағасы нешеде болған?

297) Түн қысқарғанда – 7 сағат, күн 17 сағат болады. Түннен күн неше сағат ұзақ?

298) 13 кез сәтеннен бір шапан, бір камзол тігілді. Шапанына неше кез сәтен кетті, егер камзол 5 кезден тігілсе?

299) Өлжанның 19 қозысы бар еді, үшеуін қонаққа сойды. Өлжанның неше қозысы қалды?

88)	89)	90)	91)
$11 - 2 =$	$12 - 3 =$	$13 - 4 =$	$14 - 7 =$
$11 - 3 =$	$12 - 4 =$	$13 - 5 =$	$14 - 8 =$
$11 - 4 =$	$12 - 5 =$	$13 - 6 =$	$14 - 9 =$
$11 - 5 =$	$12 - 6 =$	$13 - 7 =$	$15 - 6 =$
$11 - 6 =$	$12 - 7 =$	$13 - 8 =$	$15 - 7 =$
$11 - 7 =$	$12 - 8 =$	$13 - 9 =$	$15 - 8 =$
$11 - 8 =$	$12 - 9 =$	$14 - 5 =$	$15 - 9 =$
$11 - 9 =$	$12 - 10 =$	$14 - 6 =$	$16 - 7 =$

92)	93)	94)
$16 - 8 =$	$17 - 8 =$	$14 - 7 =$
$16 - 9 =$	$15 - 8 =$	$16 - 7 =$
$17 - 8 =$	$13 - 5 =$	$14 - 9 =$
$18 - 9 =$	$14 - 6 =$	$18 - 5 =$
$18 - 6 =$	$15 - 4 =$	$19 - 7 =$
$19 - 7 =$	$15 - 3 =$	$13 - 5 =$
$20 - 8 =$	$17 - 9 =$	$12 - 6 =$

95)	96)	97)
$17 - 9 =$	$17 - 2 =$	$13 - 11 =$
$16 - 7 =$	$12 - 7 =$	$16 - 13 =$
$13 - 6 =$	$15 - 8 =$	$18 - 16 =$
$15 - 9 =$	$12 - 5 =$	$19 - 14 =$
$15 - 7 =$	$14 - 8 =$	$18 - 15 =$
$13 - 9 =$	$16 - 9 =$	$20 - 13 =$
$16 - 8 =$	$14 - 5 =$	$20 - 16 =$

300) Шәкірт қарындаш, қалам һәм қағаз сатып алды. Қарындашқа ол 4 тиын төледі. Қаламға 3 тиын қымбатырақ төледі. Егер шәкірт барлығы 20 тиын жұмса, қағазға қанша тиын төледі?

301) Қырықтықшы бір күні 12 қой қырықты, келер күні 5 қой кем қырықты. Екі күнде ол неше қой қырықты?

302) Бір баланың 8 асығы, екіншісінің 12 асығы бар еді. Бұлардың асықтарын бірге қосып жіберіп есептесе, сақалары алтау екен. Екі баланың кенейлері нешеу?

303) Бір жігіт бешпент, шалбар һәм желетке сатып алды. Бешпентке ол 12 сом төледі. Шалбарға 6 сом кем төледі. Жігіт ұстаған ақшасының барлығы 20 сом болса, желеткеге неше сом төледі?

304) Біреудің 17 қарасы бар. Жылқы, сиыр һәм түйе. Сиыры – 5, түйесі – 4, қалғаны жылқы. Ол кісінің жылқысы нешеу?

305) Бір қыстауда 15 үй бар. Үшеуі ағаштан жасалған. Шымнан салынған үйдің ағаш үйден бесеуі артық. Қалғаны кірпіш үй. Кірпіш үйі нешеу?

306) Үш ағайынды баланың ағасы 9-да, ортаншысы онан 3 жас кіші. Кішісінің жасы екі ағасының жасын бірге қосқандағыдан 10 жас кем. Кенже інісі нешеде?

307) Бір үйдегі қонақтарға үш табақ тартылды. Үш кісіге бір табактан, 5 кісіге бір табак, үшінші табақ тартылған қонақтың саны әуелгі екі табақтағы қонақтан екеуі кем. Үшінші табақ неше кісіге тартылды?

308) Бір шәкірт үш айда 18 сабақтан қалды. Әуелгі айда 5 сабақтан, екінші айда 7 сабақтан. Шәкірт соңғы айда неше сабақтан қалды?

309) Асарға 20 орақшы шақырылып еді. Түске шейін жетеуі, түстен кейін тоғызы келді. Басқасы келмей қалды. Шақырылған орақшының асарға нешеуі келмей қалды?

310) Бала 18 беттік кітапшаны оқып шықпақшы болды. Әуелі алғашқы сағатта 7 бет, келер сағатта 6 бет оқыды. Қалғанын оқып бітіруге әкесі жұмысқа жіберіп, келер күнге қалды. Кітаптың неше беті оқылмай қалды?

98)

$$8 + 7 + 4 =$$

$$8 + 7 + 8 =$$

$$11 + 5 - 8 =$$

$$19 - 12 + 9 =$$

$$7 + 11 - 6 =$$

$$13 + 5 - 6 =$$

$$17 - 8 + 5 =$$

99)

$$12 - 3 + 7 - 9 =$$

$$8 - 8 + 6 + 2 - 9 =$$

$$0 - 14 + 3 - 5 + 3 =$$

$$3 - 19 - 5 + 6 - 3 =$$

$$20 - 6 + 5 - 7 =$$

$$18 - 4 + 5 - 3 =$$

$$17 - 5 + 6 - 9 =$$

100)

$$8 + 7 + 3 =$$

$$19 - 9 + 8 =$$

$$13 + 5 - 8 =$$

$$20 - 4 - 8 =$$

$$18 + 2 - 3 =$$

$$9 + 8 - 11 =$$

$$17 - 3 - 8 =$$

101)

$$8 + 8 + 5 =$$

$$16 - 3 + 7 =$$

$$20 - 8 + 2 =$$

$$16 - 6 - 5 =$$

$$15 - 6 + 8 =$$

$$17 - 4 - 7 =$$

$$20 - 6 + 7 =$$

102)

$$18 - 9 + 4 + 5 =$$

$$16 - 8 + 5 - 8 =$$

103)

$$16 + 4 - 3 =$$

$$17 + 2 - 6 + 5 =$$

$$\begin{aligned} 19 - 5 - 7 + 8 &= \\ 16 - 7 + 8 - 9 &= \\ 19 - 6 + 5 - 9 &= \\ 18 - 4 + 5 - 8 &= \end{aligned}$$

$$\begin{aligned} 19 - 16 + 7 + 6 &= \\ 20 - 14 + 16 - 9 &= \\ 14 - 6 + 8 - 9 &= \\ 15 - 12 + 9 - 8 &= \end{aligned}$$

КӨБЕЙТУ

<i>Екіні көбейтіңдер</i>	– 5, 6, 7, 8, 9, 10 рет.
<i>Үшті көбейтіңдер</i>	– 4, 5, 6 рет.
<i>Төртті көбейтіңдер</i>	– 3, 4, 5, рет.
<i>Бесті көбейтіңдер</i>	– 3, 4 рет.
<i>Алтыны көбейтіңдер</i>	– 2 рет.
<i>Жетіні көбейтіңдер</i>	– 2 рет.
<i>Сегізді көбейтіңдер</i>	– 2 рет.
<i>Тоғызды көбейтіңдер</i>	– 2 рет.
<i>Онды көбейтіңдер</i>	– 2 рет.

311) Біреу кезі 3 сомнан 5 кез шұға сатып алды. Ол бар шұғаға неше сом төледі?

312) Сара үште, Әбіш онан 4 есе үлкен. Әбіш нешеде?

313) Қойшыбай 3 сомнан 6 бөрене сатып алды. Қойшыбай бар бөренеге қанша ақша төледі?

314) Бір қазанға 5 шелек су сияды. 4 қазанға неше шелек су сияды?

315) Қасапшы 5 сомнан үш қой сатып алды. Қасапшы алған қойларына қанша ақша төледі?

316) Бір кісіде екі қол бар. 7 кісінің қолы нешеу?

317) Бір құстың қанаты екеу. 7 құстың қанаты нешеу?

318) Мұғалім 9 шәкіртке 2 табақтан қағаз үлестірді. Мұғалім барлығы қанша қағаз үлестірді?

319) Дәтжан бәйбіше бір жұмада 3 ұршық жіп иірді. Екінші жұмада 6 есе артық иірді. Дәтжан бәйбіше екінші жұмада неше ұршық жіп иірді?

320) Бір сомда бес 20 тиын бар. 4 сомда неше 20 тиын бар?

321) Тайынша терісі 3 сом тұрады. Сиыр терісі екі есе қымбат. 3 сиырдың терісі неше сом тұрады?

322) Бір жылқының аяғы төртеу. 5 жылқының аяғы нешеу?

104)	105)	106)	107)
$2 \times 5 =$	$2 \times 9 =$	$3 \times 6 =$	$5 \times 2 =$
$2 \times 6 =$	$2 \times 10 =$	$4 \times 3 =$	$5 \times 3 =$
$2 \times 7 =$	$3 \times 4 =$	$4 \times 4 =$	$5 \times 4 =$
$2 \times 8 =$	$3 \times 5 =$	$4 \times 5 =$	$6 \times 2 =$
108)	109)	110)	111)
$6 \times 3 =$	$10 \times 2 =$	$3 \times 6 =$	$2 \times 3 \times 2 =$
$7 \times 2 =$	$6 \times 3 =$	$8 \times 2 =$	$2 \times 2 \times 4 =$
$8 \times 2 =$	$5 \times 3 =$	$3 \times 5 =$	$2 \times 4 \times 2 =$
$9 \times 2 =$	$7 \times 2 =$	$9 \times 2 =$	$2 \times 5 \times 2 =$

БӨЛУ

Екіге бөліндер – 2, 4, 6, 8, 10, 12, 14, 16, 18, 20-ны.

Үшке бөліндер – 3, 6, 9, 12, 15, 18-ді.

Төртке бөліндер – 4, 8, 12, 16, 20-ны.

Беске бөліндер – 5, 10, 20-ны.

Алтыға бөліндер – 6, 12, 18-ді.

Жетіге бөліндер – 7, 14-ті.

Сегізге бөліндер – 8, 16-ны.

Тоғызға бөліндер – 9, 18-ді.

Онға бөліндер – 10, 20-ны.

Екіге тең бөлінетін сандарды жұп дейді.

Жұп сандар: 2, 4, 6, 8, 10, 12, 14, 16, 18, 20.

Тақ сандар: 3, 5, 7, 9, 11, 13, 15, 17, 19.

323) 6 кез білтеге біреу 12 тиын төледі. Білтенің кезі неше тиын тұрады?

324) Бір қыз сабынға 12 тиын төледі. Тарақ 2 есе арзан. Тарақ неше тиын?

325) 2 қанарға тең толтырылған бидай 8 пұт. Бір қанарда неше пұт бидай бар?

326) Бір кезде 16 бөршек. Ширек кезде неше бөршек бар?

327) Біреу тайынша һәм бұзау сатты. Тайыншаға 15 сом алды. Бұзауға 3 есе кем алды. Бұзауды қаншаға сатты?

328) Әкесі балаларына базарлыққа 14 көмпит әкелді. Балалары жетеу екен. Бала басына неше көмпит тиді?

329) Ат бір сағатта 20 шақырым шабады. Ширек сағатта неше шақырым шабады?

330) Кітап 18 тиын тұрады. Қаламсап үш есе арзан. Қаламсап неше тиын тұрады?

331) Арба дөңгелегінің шеңбері 3 кез. Дөңгелек 15 кез жерге неше айналады?

332) Дөңгелек 18 кез жерге 9 айналды. Дөңгелектің шеңбері неше кез?

333) Бір саржында 3 кез. 12, 15, 18 кезден неше саржын шығады?

334) 15-тің бестен бір, 16-ның сегізден бір, 18-дің алтыдан бір бөлігін табыңдар.

335) 16 төрттен неше есе артық? 8-ден 16 неше есе артық?

336) 14-тен 7 неше есе кем? 16-дан 8 неше есе кем? 18-ден 9 неше есе кем?

112)	113)	114)	115)
10 : 2 =	12 : 4 =	16 : 2 =	18 : 6 =
11 : 11 =	12 : 6 =	16 : 4 =	18 : 9 =
10 : 5 =	14 : 2 =	16 : 8 =	20 : 2 =
12 : 12 =	14 : 7 =	16 : 16 =	20 : 4 =
12 : 3 =	15 : 3 =	18 : 2 =	20 : 5 =
	15 : 5 =	18 : 3 =	20 : 10 =

КӨБЕЙТУ ҒӘМ БӨЛУ

337) 5 қарындаш 15 тиын тұрады. 6 қарындаш, 3 қарындаш, 4 қарындаш неше тиын тұрады?

338) 5 дәптер 51 тиын тұрады. 3 дәптер неше тиын тұрады?

339) Біреудің 20 тоқтысы бар еді. Бестен бірін ол қонаққа сойды. Сойған тоқтыларын ол 4 сомнан сатқан болса, қанша ақша алар еді?

340) Екі баланың 9-дан асығы бар. Бұлардың асығын 6 балаға тең бөліп берсе, нешеден келер еді?

341) Бір қатын 6 сиырдан 3 қарын май алды. Ол қатын неше сиыр болса, 5 қарын май алар еді?

342) Саудагер кезі екі сомдық 8 кез трикені 4 кез барқытқа айырбастады. Айырбастап алған барқыттың кезі неше сом?

343) 20 кез жерге дөңгелек 10 айналады. Неше кез жерге дөңгелек 6 айналады?

344) 3 қой 18 сомға сатылды. 2 қой қанша тұрады?

345) 4 саржында 12 кез бар. 5 саржында неше кез?

346) 20 табақ қағаз 5 балаға үлестірілді. 4 балаға қанша қағаз тиді?

347) Мұғалім 9 балаға 2 қаламнан берді. 6 бала неше қалам алды?

348) 5 айда 20 жұма бар. 3 айда неше жұма бар?

116)

$$(10 : 2) \times 4 =$$

$$(12 : 2) \times 3 =$$

$$(14 : 7) \times 8 =$$

$$(16 : 8) \times 6 =$$

$$(15 : 5) \times 6 =$$

$$(12 : 3) \times 2 =$$

$$(20 : 4) \times 3 =$$

117)

$$(12 : 4) \times 6 =$$

$$(15 : 3) \times 4 =$$

$$(12 : 4) \times 5 =$$

$$(12 : 6) \times 9 =$$

$$(18 : 6) \times 3 =$$

$$(18 : 6) \times 4 =$$

$$(18 : 3) \times 2 =$$

118)

$$(12 : 3) \times 4 =$$

$$(20 : 5) \times 3 =$$

$$(18 : 9) \times 5 =$$

$$(20 : 5) \times 4 =$$

$$(14 : 7) \times 8 =$$

$$(20 : 5) \times 2 =$$

$$(20 : 5) \times 4 =$$

119)

$$(14 : 7) \times 8 =$$

$$(15 : 5) \times 3 =$$

$$(6 : 3) \times 9 =$$

$$(18 : 6) \times 4 =$$

$$(8 \times 2) : 4 =$$

$$(18 : 9) \times 8 =$$

$$(16 : 4) \times 5 =$$

$$(2 \times 9) : 9 =$$

ТӨРТ АМАЛ

Әуелгі екі амалдың ішіндегі есеп

349) 3 ағаш жіп 15 тиын тұрады. 4 ағаш жіпке қанша төлеу керек?

350) Бір бала әуелі 4 тиыннан 5 дәптер алғысы келді. Онан кейін дәптер алмай, оған лайықтаған ақшасына 4 қарындаш алды. Бір қарындаш қанша тұрады?

351) Бәйгеге 12 ат шауып еді. Үштен біріне ғана бәйге тігілді. Бәйге неше атқа тігілді?

352) Бір ауылдан 4 қыз бала оқиды. Еркек бала 3 есе артық. Бұл ауылдан барлығы неше бала оқиды?

353) Қыз баланың 3 күміс 5 тиындығы бар еді. Бұл

ақшасына ол сырнай сатып алғанда 3 тиын ақшасы артылып қалды. Сырнай неше тиын тұрады?

354) Саудагер 5 теріні 3 сомнан алып, өзі 18 сомға сатты. Ол қанша пайда қылды?

355) Саудагер әр 3 табақ қағазды 2 тиыннан сатады. Егер ол 18 табақ қағаз сатса қанша ақша алады?

356) 4 қадақ ұннан 5 қадақ нан шығады. 12 қадақ ұннан піскенде неше қадақ нан шығады?

357) Қарындаш 18 тиын тұрады. 4 қаламсап 20 тиын. Қаламсап қарындаштан қанша қымбат?

358) Біреудің 3 сомнан 6 қағаз ақшасы бар еді. Өуелі ол ақшасының жартысын жұмсады. Онан кейін қалған ақшасының үштен бірін жұмсады. Оның қанша ақшасы қалды?

359) Абылай бір күні кітаптың 12 бетін оқыды. Нұрлан онан 4 есе кем оқыды. Қасым 4 бет оқыды. Үшеуі неше бет оқыды?

360) Бір бала 6 қаз жұмыртқасын һәм 3 есе артық үйрек жұмыртқасын тауып алды. Үйіне әкеле жатқанда 3 үйрек жұмыртқасы жарылды. Баланың қолындағы қаз жұмыртқасынан үйрек жұмыртқасының қаншасы артық?

361) Егіншінің қырманында 15 қап бидай бар еді, ол бидайының үштен бірін 20 сомға сатты. Бидайының қабы қаншадан сатылды?

362) Бір шәкірттің 16 табақ қағазы бар еді, мұғалім оған 4 табақ қағаз берді. Шәкірт бар қағазының төрттен бірінен дәптер тікті. Шәкірттің неше табақ қағазы қалды?

363) Тігінші 3 кез шұға һәм 4 кез трикеге 17 сом төледі. Шұғаның кезі неше сом, егер трикенің кезі 2 сом тұрса?

364) Әбікей күндіз 5 бет кітап оқыды. Кешке екі есе артық оқыды. Ахметжан Әбікейдің күндіз һәм кешке оқығанынан 3 бет кем оқыды. Ахметжан неше бет кітап оқыған?

365) Біреудің 20 қойы бар еді. Ол қойының 17-сін өзіне қалдырып, қалғанын 6 сомнан сатты. Қой иесі қанша ақша алды?

366) 9 кез сиса қызға көйлек шығады. Жігіт көйлегіне одан 4 кез кем кетеді. Осындай 4 жігіт көйлегіне неше кез сиса керек?

367) Бір баланың көкке бояған 14 асығы, қызылға бояған асығының одан сегізі кем. Бала асығының төрттен бір бөлігін досына берді. Баланың неше асығы қалды?

368) Саудагер 3 дәптерді 18 тиынға сатып, дәптер басынан үш тиын пайда қылды. Бір дәптер саудагердің өзіне қаншаға түскен?

369) Жалқау шәкіртке мұғалім күніне шығаруға 5 есеп берсе, ол үшеуін ғана шығаратын болған. Бір жұманың ішінде жалқау шәкірт неше есеп шығармай қалдырған?

370) Біреудің қой мен ешкісі аралас 15 екен. Ол 3 қойын сатқанда ешкісі мен қойы бірдей болып қалған. Ол кісінің қойы қанша болған?

371) Мектепте 20 бала оқыды (еркек, әйелі аралас). Сабақтан 4 еркек бала ерте қайтып кеткен соң қалған балалардың еркек, әйелі бірдей болды. Бұл мектепте еркек бала нешеу болғаны?

372) 17 асықты екі бөлікке бөліндер. Бірақ бір жағында 5 асық артық болсын.

373) 15 асықты екі бөлікке бөліндер. Бір жағындағысы екінші жағындағысынан 2 есе артық болсын?

374) Әкесі екі баласына 16 тиынды бөліп бергенде үлкенінен кішісіне үш есе артық тиді. Әрқайсысы неше тиын алды?

375) Қазыбек Күләштан 3 есе үлкен. Әрқайсысы нешеде екен, егер екеуінің жасын қосқанда 20 болса?

376) Мен бір сан ойладым. Егер оны 3 есе көбейтіп, тағы қоссам 16 болады. Мен қандай сан ойладым?

377) Сартай мен Сарманның 20 асығы бар еді. Сартай 6 асығын жоғалтқанда екеуінің асығы бірдей болып қалды. Әрқайсысының асығы нешеу еді?

378) Бір кісі дүкеннен 5 кез барқыт алды. Екінші біреу тағы да сондай барқыттан 9 кез алды. Екінші кісі әуелгіден 8 сом артық төледі. Бұлар әрқайсысы қаншадан төледі?

379) Баладан біреу неше табақ қағаз бар деп сұрады. Бала, егер менің қағазым қазіргіден 3 есе артық болса, оның үстіне тағы 2 табақ қосылса, 20 табақ болар еді, дейді. Баланың қағазы қанша екен?

380) Саудагер машина жіптің ағашын өзі 4 тиыннан алып, 7 тиыннан сатады. Саудагер неше ағаш жіп сатқанда 15 тиын пайда қылады?

381) Шәкірт 3 қарындаш, 2 тас қалам сатып алды. Қарындаштарға ол 12 тиын төледі, тас қаламға екі тиыннан төледі. Шәкірт барлығы қанша ақша жұмсады?

382) Арбаның алғы дөңгелегінің шеңбері 2 кез, артқысынікі 4 кез. Өр дөңгелек 20 кез жерге неше айналады?

383) Екі үстелдің үстінде 18 кітап жатыр еді. Бір үстелден 4 кітап, екіншісінен бір кітап алғанда екі үстелдегі кітап саны бірдей болды. Өр үстелдің үстінде неше кітап жатыр еді?

384) Дүкенші әр 4 қарындашты 24 тиынға алып, әрбір үшеуін 17 тиынға сатты. Дүкенші 10 тиын пайда қылу үшін неше қарындаш сатуы керек?

385) Біреу баратын ауылының жарты жолына жеткенде тағы да 7 шақырым жүруі керек. Оның баратын ауылы өз үйінен неше шақырым?

386) Сырғауылды 4-ке бөлгенде бір бөлімі 3 кез болады. Сырғауылдың ұзындығы қанша болғаны?

387) Күбінің ішіндегі суының төрттен бірін құйып алғанда 15 шелек қалады. Күбіде неше шелек су болғаны?

388) Бала 3 дәптер алғанда 8 тиын ақшасы қалды. Егер бала 5 дәптер алса, ақшасының бәрін жұмсар еді. Баланың ақшасы қанша?

389) Шәкірттің 19 табақ қағазы бар. Ол жеткенінше әрқайсысы 5 табақтан дәптер тікті. Дәптерге толмай қалған қағазын екі қарындасына тең бөліп берді. Шәкірт неше дәптер тікті һәм қарындастары неше табақтан қағаз алды?

390) Бір бала саудагерден 3 тиыннан 4 дәптер, 4 тиыннан 2 қарындаш алды. Баланың бар ақшасы 15 тиын еді. Баланың қанша ақшасы жетпеді?

391) Ағасының кенейі – 12, сақасы – 3 есе кем. Інісінің кенейі – 12, сақасының төртеуі кем. Екі баланың қайсысының асығы көп һәм қанша көп?

392) Кітапшаның 20 беті бар. Бала дүйсенбі күні 3 бет, сейсенбі күні 4 бет оқыды, сәрсенбі күні бастапқы екі күнде оқығандай оқиды. Бейсенбі күні кітапшаны оқып бітірді. Бала бейсенбі күні неше бет оқыды?

393) Екі бала қармақ салып, біреуі 5 алабұға һәм онан 3 есе артық шабақ алды. Екінші бала 8 шабақ алды. Шабақтан 6 алабұға кем алды. Әуелгі бала соңғыдан неше есе артық балық алды?

394) Біреудің жылқысы – 4, сиыры үш есе артық. Қойының сиырынан сегізі артық. Қойы жылқысынан неше есе артық?

248) Ақ қағаздан шаршы метр желімдеп жасап, оны шаршы дециметрлерге бөліндер. Оны тең қылып, екі тік төрткілге бөліп, кесіндер. Әр тік төрткілде неше шаршы дециметр болады?



Шаршы дециметр. Мұнда 100 шаршы сантиметр бар (10×10)

249) Қысқа қабырғалы тік төрткілдер бүктендер. Бүтін тік төрткілдің тұрқы мен ені қандай болады?

250) Шаршы метрді тең қылып, 2 үшкілге кесіндер. Өрқайсысында неше шаршы дециметр болады?

Бұлардан бір үшкіл жасаңдар.

Мұнда неше дециметр болады?

251) Кесу мен шаршы метрді шаршы кезбен салыстырыңдар. Шаршы метрді шаршы таяқпен салыстырыңдар.

252) Отынның қума метрі қоймада үш сом тұрады. Қума кез базарда 1 сом 80 тиын. Отын қайсысында қымбат?

253) Отынның қума таяғы базарда 18 сом тұрады. Қума метр қоймада 3 сом 50 тиын. Отын қайсысында қымбат?

254) Темірдің табағының тұрқы 2 кез, ені 1 кез. Мұнда неше шаршы метр бар?

255) Бөлмедегі терезелердің жарық түсіретін ауданын шамалаңдар.

256) Шөкірт басы жарық түсіретін аудан қанша келеді?

**Ескі өлшеулерді жаңа өлшеулерге айналдыру үшін
мағлұмат**

2 шаршы кез = 1 шаршы метр.

2 шаршы таяқ = 9 шаршы метр.

Шаршы бөршек = 70 шаршы сантиметр.

2 шаршы дүйім = 13 шаршы сантиметр.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

МЫҢҒА ШЕЙІН САНАУ АМАЛДАРЫ

САНАУ

257) Жарты килограмм бұршақты таразыға салып өлшеңдер.

Мұрат, Науан, Зейнеп, Меруерт жеке дөңдерді он-оннан топтап санай береді.

Сейілбек пен Күлтай ондықтарды санап, қобдишаға жүздеп салып отырады.

Мейрам жүздіктерді санап, табаққа 10 жүзден салады. Он жүзден мың шығады.

258) Жазалық мыңды – 1000.

259) Шотқа ондықтарды сала беріңдер.

10 жүзді төртінші сымда 1 дөңгелекке ауыстыралық. Бұл – мың болады.

260) Шотқа 2 жүздікті салыңдар. Бұл – екі жүз болады. Шотқа салып, жазып отырыңдар.

2 жүздік – екі жүз – 200

3 жүздік – үш жүз – 300

4 жүздік – төрт жүз – 400

5 жүздік – бес жүз – 500

6 жүздік – алты жүз – 600

7 жүздік – жеті жүз – 700

8 жүздік – сегіз жүз – 800

9 жүздік – тоғыз жүз – 900

10 жүздік – мың – 1000

261) Мыналарды оқыңдар: 170, 740, 350, 460, 570, 630, 780, 890, 970, 435, 483, 193, 596, 648, 739, 841, 963.

262) Осы сандарды шотқа салындар.

263) Мыналардың арасында қандай сандар бар: 199 бен 201; 499 бен 501; 399 бен 401; 899 бен 901; 699 бен 701-дің.

264) Жазындар: 3 бірлік, 3 ондық, 3 жүздік, 5 бірлік, 5 ондық, 5 жүздік, 8 бірлік, 8 жүздік.

265) Жазындар: 8 жүздік, 3 ондық, 5 бірлік, 3 жүздік, 5 ондық, 5 бірлік, 9 жүздік, 2 ондық, 8 бірлік, 5 жүздік, 4 ондық, 1 бірлік, 7 жүздік, 2 ондық, 4 жүздік, 5 ондық, 1 жүздік, 4 бірлік, 6 жүздік, 5 ондық, 3 жүздік, 9 бірлік.

Жаңа өлшемдер

1000 метр – километр болады. Километр – шақырымнан аз-ақ кем – 969 таяқ.

1000 грамм – килограмм болады. Қысқартып айтқанда кг.

1000 килограмм – тонна (т) болады.

Жаттығу

266) Бір бөтелке таза судың ауырлығы неше грамм болады (*өлшеп біліңдер*)? Жазып қойындар.

267) 500 грамм су сыярлық мойыны кең шыны сауыт тандап алып, 100, 200, 300, 400, 500 грамм келетін жерлерін белгілендер.

268) Бидайдың, қара бидайдың, сұлының тағы басқа астық дәндерінен 1 грамға нешеуі кетеді, соны біліңдер.

269) Шырпының*, түйменің, иненің, қаламның, қарындаштың ауырлығын біліңдер.

270) Өз бойларыңды сантиметрмен өлшендер. Мұны баған сықылдандырып сызындар.

271) Өз ауырлықтарыңды килограммен, граммен өлшендер. Соны сызындар.

272) Бөлмедегі барлық шәкірттердің бойын, ауырлығын сатылап сызындар.

273) Бөлмедегі барлық шәкірттердің бойын, ауырлығын диаграмма қылып сызындар.

274) Қадақта неше грамм барлығын біліңдер (*өлшеп*).


275) Таза бір стақан судың ауырлығын біліңдер.

*Шырпы – оттық.

Бұған бір шай қасық тұз салып, араластырындар.
Тұз араласқаннан кейінгі салмағын біліңдер.

Аудандар өлшеуі

276) Мынау суреті салынған пішіндердің аудандарын өлшендер.



277) 4 шаршы сантиметрлік тік төрткіл сызындар.
2 шаршы сантиметрлік тік бұрышты үшкіл сызындар.

278) Қағаздан 6 шаршы метрлік тік төрткіл кесіндер.
Қағаздан 3 шаршы сантиметрлік тік бұрышты үшкіл кесіндер. Қағаздан 6 сантиметрлік тік бұрышты үшкіл сызындар.

279) 10 шаршы сантиметрлік тік төрткіл сызындар.

5 шаршы сантиметрлік тік бұрышты үшкіл сызындар.

10 шаршы сантиметрлік тік бұрышты үшкіл сызындар.

280) Шырпының ұзындығын өлшендер (*сантиметрмен*).

3 шырпыдан үшкіл жасаңдар, оның ауданын біліңдер.

281) $\frac{1}{4}$ табақ қағаздың ауданын өлшендер.



Ширек табақты 2 тең үшкілге бөліп, кесіндер. Әр үшкілдің ауданы қандай?

Бұлардан бір үшкіл жасаңдар.

Мұның ауданы қандай?

282) 8 шаршы см; 5 шаршы см; 20 шаршы сантиметрлік үшкілдер сызындар.

283) Мынау пішіндердің аудандарын өлшендер.



Деректі сандардың жазылуы

5 м 25 см былай жазуға да болады 5,25 м.

8 м 5 см былай жазуға болады 8,05 м.

1) Өзгеше жазындар: 2) Жайша жазуға ауыстырындар:

15 м 40 см	26,50 м
25 м 75 см	11,25 м
90 м 15 см	15,44 м
75 м 48 см	90,40 м
16 м 23 см	81,05 м
7 м 5 см	24,02 м
29 м 8 см	37,75 м
44 м 1 см	50,40 м
96 м 10 см	29,04 м
25 см	0,45 м

8 килограмм 150 грамның орнына 8,150 кг деп жазуға болады.

1 килограмм 85 грамм орнына 1,085 кг деп жазуға болады.

3) Өзгеше жазындар:

2 кг 315 г
10 кг 508 г
25 кг 240 г
7 кг 215 г
48 кг 75 г
50 кг 250 г
7 кг 4 г
1 кг 105 г
80 кг 750 г
— — 450 г

4) Жайша жазуға ауыстырындар:

15,015 кг
35,195 кг
6,040 кг
10,005 кг
75,275 кг
2,500 кг
17,208 кг
62,014 кг
25,010 кг
0,096 кг

ҚОСУ

- | | |
|--|--|
| 1) $26,14 \text{ м} + 13,12 \text{ м}$
$15,05 \text{ м} + 45,64 \text{ м}$
$11,75 \text{ м} + 5,20 \text{ м}$
$50,40 \text{ м} + 35,25 \text{ м}$
$96,12 \text{ м} + 3,27 \text{ м}$
$42,14 \text{ м} + 0,05 \text{ м}$ | 2) $10,34 \text{ м} + 10,48 \text{ м}$
$5,25 \text{ м} + 7,38 \text{ м}$
$25,44 \text{ м} + 15,37 \text{ м}$
$65,58 \text{ м} + 0,15 \text{ м}$
$0,46 \text{ м} + 25,08 \text{ м}$
$24,90 \text{ м} + 0,06 \text{ м}$ |
| 3) $5,13 \text{ кг} + 2,16 \text{ кг}$
$0,20 \text{ кг} + 15,27 \text{ кг}$
$48,05 \text{ кг} + 12,22 \text{ кг}$ | $15,38 \text{ кг} + 0,25 \text{ кг}$
$14,50 \text{ кг} + 24,25 \text{ кг}$
$0,48 \text{ кг} + 5,05 \text{ кг}$ |

Жатқа қосу

- | | | |
|---|---|---|
| 1) $100 + 100$
$200 + 100$
$400 + 100$
$200 + 200$
$300 + 200$
$500 + 200$
$700 + 100$
$900 + 100$
$800 + 200$
$600 + 200$ | 2) $300 + 300$
$600 + 300$
$400 + 300$
$700 + 300$
$500 + 300$
$400 + 400$
$600 + 400$
$200 + 300$
$300 + 100$
$300 + 400$ | 3) $500 + 500$
$300 + 500$
$100 + 500$
$100 + 600$
$300 + 600$
$400 + 600$
$200 + 700$
$100 + 800$
$200 + 800$
$100 + 900$ |
| 4) $200 + 400$
$400 + 500$
$300 + 700$
$100 + 700$
$200 + 600$
$100 + 200 + 300$
$200 + 200 + 500$
$300 + 100 + 400$
$500 + 200 + 300$
$100 + 500 + 300$ | 5) $250 + 150$
$650 + 250$
$450 + 450$
$250 + 350$
$680 + 120$
$260 + 240$
$790 + 210$
$570 + 330$
$410 + 290$
$130 + 370$ | 6) $175 + 125$
$250 + 225$
$450 + 325$
$675 + 225$
$525 + 75$
$425 + 575$
$25 + 250$
$465 + 100$
$525 + 300$
$400 + 530$ |
| 7) $800 + 60$
$50 + 400$
$240 + 200$
$100 + 480$
$280 + 110$ | 8) $80 + 40$
$50 + 90$
$75 + 60$
$95 + 80$
$40 + 68$ | 9) $400 + 50 + 100$
$200 + 40 + 300$
$150 + 200 + 50$
$260 + 300 + 40$
$450 : 200 + 150$ |

650 + 220
350 + 640
220 + 440
240 + 250
360 + 330

75 + 50
65 + 52
73 + 64
95 + 28
48 + 84

250 + 100 + 250
180 + 200 + 100
420 + 100 + 300
175 + 100 + 225
325 + 75 + 200

10) $x - 100 = 200$
 $x - 300 = 400$
 $x - 450 = 250$
 $x - 250 = 150$
 $x - 120 = 180$

$x - 400 = 550$
 $x - 200 = 640$
 $x - 25 = 175$
 $x - 225 = 275$
 $x - 375 = 125$

11) $240 + 452 = 692$

Мұндағы 240 пен 452 қосылма, 692 қосынды деп аталады.

Жазып қосу

$$\begin{array}{r} 1) \quad + 324 \\ \quad 212 \\ \hline \end{array}$$

436 + 323
548 + 431
257 + 502
645 + 354
804 + 184
625 + 361
706 + 203
502 + 301

$$\begin{array}{r} 2) \quad + 456 \\ \quad 234 \\ \hline \end{array}$$

172 + 218
354 + 326
615 + 235
527 + 123
724 + 246
608 + 312
468 + 401
305 + 265

$$\begin{array}{r} 3) \quad + 285 \\ \quad 430 \\ \hline \end{array}$$

572 + 245
650 + 196
432 + 373
264 + 542
162 + 362
795 + 120
357 + 251
498 + 102

$$\begin{array}{r} 4) \quad + 175 \\ \quad 254 \\ \hline \end{array}$$

468 + 243
572 + 139
647 + 275
369 + 452
272 + 258
355 + 165
486 + 214
173 + 327

$$\begin{array}{r} 5) \quad + 115 \\ \quad + 245 \\ \quad + 514 \\ \hline \end{array}$$

408 + 215 + 140
375 + 125 + 128
260 + 94 + 305
185 + 205 + 218
684 + 128 + 72
118 + 228 + 338
75 + 405 + 230
602 + 48 + 130

Өздігінен шығару үшін мысалдар

1) $600 + 100$ $200 + 400$ $300 + 500$ $400 + 300$ $200 + 100$ $500 + 200$ $700 + 100$ $300 + 700$	2) $200 + 150$ $400 + 250$ $800 + 120$ $300 + 175$ $120 + 400$ $260 + 200$ $500 + 320$ $800 + 125$	3) $640 + 320$ $510 + 230$ $160 + 220$ $340 + 150$ $170 + 410$ $550 + 330$ $860 + 130$ $240 + 350$
---	---	---

4) $340 + 160$ $120 + 280$ $570 + 230$ $680 + 220$ $190 + 110$ $850 + 150$ $220 + 780$ $675 + 125$	5) $400 + 200 + 125$ $600 + 150 + 40$ $500 + 30 + 120$ $240 + 160 + 150$ $240 + 150 + 160$ $380 + 220 + 145$ $550 + 240 + 110$	6) $850 + 60 + 70$ $340 + 170 + 50$ $420 + 80 + 240$ $80 + 240 + 420$ $350 + 110 + 140$ $620 + 180 + 200$ $620 + 220 + 80$
---	--	--

7) $425 + 124$ $326 + 125$ $184 + 115$ $296 + 215$ $484 + 319$ $252 + 349$ $489 + 452$ $724 + 248$	8) $316 + 496$ $275 + 175$ $384 + 418$ $845 + 98$ $527 + 325$ $175 + 196$ $218 + 275$ $464 + 389$
---	--

9) $45 \text{ км}^* 250 \text{ м} +$ $4 \text{ км} 476 \text{ м} +$ $36 \text{ км} 625 \text{ м} +$ $70 \text{ км} 775 \text{ м} +$ $95 \text{ кг} 790 \text{ г} +$ $48 \text{ кг} 250 \text{ г} +$ $48 \text{ кг} 250 \text{ г} +$ $240 \text{ кг} 475 \text{ г} +$ $385 \text{ кг} 295 \text{ г} +$	$28 \text{ км} 375 \text{ м}$ $19 \text{ км} 511 \text{ м}$ $15 \text{ км} 850 \text{ м}$ $24 \text{ км} 528 \text{ м}$ $16 \text{ кг} 330 \text{ г}$ $127 \text{ кг} 330 \text{ г}$ $127 \text{ кг} 845 \text{ г}$ $321 \text{ кг} 690 \text{ г}$ $510 \text{ кг} 832 \text{ г}$	10) $120 \text{ с} 35 \text{ т} +$ $382 \text{ с} 75 \text{ т} +$ $95 \text{ с} 36 \text{ т}$ $545 \text{ с} 84 \text{ т} +$ $275 \text{ с} 29 \text{ т}$ $286 \text{ с} 25 \text{ т} +$ $662 \text{ с} 96 \text{ т}$
---	---	---

*км – километр

Шотқа салындар

$$\begin{array}{ll}
 1) \quad 1 \text{ с } 48 \text{ т} + 2 \text{ с } 21 \text{ т} & 8 \text{ с } 65 \text{ т} + 3 \text{ с } 25 \text{ т} \\
 \quad 2 \text{ с } 96 \text{ т} + 5 \text{ с } 3 \text{ т} & 10 \text{ с } 25 \text{ т} + 2 \text{ с } 75 \text{ т} \\
 \quad 7 \text{ с } 14 \text{ т} + 2 \text{ с } 52 \text{ т} & 2 \text{ с } 84 \text{ т} + 1 \text{ с } 16 \text{ т} \\
 \quad 2 \text{ с } 55 \text{ т} + 4 \text{ с } 33 \text{ т} & 5 \text{ с } 51 \text{ т} + 4 \text{ с } 49 \text{ т} \\
 \quad 1 \text{ с } 75 \text{ т} + 2 \text{ с } 15 \text{ т} &
 \end{array}$$

$$\begin{array}{l}
 2) \quad 2 \text{ с } 75 \text{ т} + 4 \text{ с } 50 \text{ т} \\
 \quad 6 \text{ с } 50 \text{ т} + 5 \text{ с } 65 \text{ т}
 \end{array}$$

$$\begin{array}{ll}
 2,96 \text{ с} + 3,09 \text{ с} & 7,15 \text{ с} + 2,45 \text{ с} + 3,28 \text{ с} \\
 7,64 \text{ с} + 5,57 \text{ с} & 4,55 \text{ м} + 6,28 \text{ м} + 5,03 \text{ м} \\
 6,72 \text{ м} + 1,19 \text{ м} & 2,75 \text{ м} + 4,11 \text{ м} + 3,25 \text{ м} \\
 5,91 \text{ м} + 4,20 \text{ м} &
 \end{array}$$

Жаттығу

284) Мектептің айналасына албар салу керек. Мектептің қабырғалары мен екі арасы 4 метр. Мектептің жоспарын салындар. Жоспарға албарды кіргізіңдер. Албардың тұрқын есептендер.

285) Ауылдарың қаншалық астық алғанын сұрастырып, біліңдер. Соны дәптерлеріңе жазып қойыңдар.

286) Елдегі шаруаның жылдық табысы мен шығысының есебі (*шамамен*).

Табысы

№	Нәрсенің аты	Саны	Бағасы	
			сом	тиын
1	2	3	4	5
1.	4 десятинадан бидай алынды	4 тон.	90	–
2.	Қара бидай – 3 десятинадан	3 т	75	–
3.	Сұлы – 2 десятинадан	1 т	20	–
4.	Арпа	250 кг	–	15 т
5.	Бұршақ	180 кг	–	8 т
6.	Кендір шөбі	150 кг	–	50

1	2	3	4	5
7.	Капуста	400 кг	–	25
8.	Қой жүні сатылды	10 кг	1	10
9.	Түйе жүні	3 кг	–	75
10.	Қашар сатылды	–	25	
11.	4 тоқты сатылды	95 кг	–	40
12.	Пішен шабылды	8 т	12	–
13.	Сүт алынды	280 шелек	1	–
14.	Лаудан түсті	–	40	
15.	Отын даярланды	–	50	
16.	5 қой сатылды	–	12	
17.	2 ат сатылды	–	75	
18.	Шекпен тоқылды	–	10	

Ескерту: өз шаруасынан өндіріліп, түгелімен өз үй ішінің керегіне жұмсалған заттар есепке кірмейді.

Шығысының есебі (шамамен)

№	Қай орынға жұмсалды	Саны	Бағасы	
			сом	тиын
1	2	3	4	5
1.	Алым-салықтар	–	45	–
2.	6 адам бар бір үйге қара бидай	$1\frac{1}{2}$ т	75	–
3.	Үй шаруасына сұлы, арпа	350 кг	–	8
4.	Бұршақ, үй ішіне	110 кг	–	15
5.	Атқа сұлы	$\frac{3}{4}$	90	–
6.	Үй ішіне ет	30 кг	–	40

1	2	3	4	5
7.	Малға пішен	7	12	–
8.	Үй ішіне сүт	200 шелек	1	–
9.	Отын	–	40	–
10.	Шай, қант	–	25	–
11.	Жермай	–	10	–
12.	Ақ ұн	–	12	–
13.	Соқа-сайманды жаңғырту	–	75	–
14.	Қора-қопсыны түзеу	–	25	–
15.	Киім-кешек	–	90	–
16.	Аяқ киім	–	40	–
17.	Мейрамдар	–	17	–
18.	Шырпы	–	1	–
19.	Түрлі шығындар	–	20	–
20.	Қонақасы	–	28	–
21.	Күнделп жалдаған адамдарға	–	25	–

287) Осы үлгіге қарап өз шаруаларыңның жылдық табысы мен шығысының есебін жазыңдар.

288) Ауылдық кеңестеріңнен біліңдер, сіздің ауылда егіндік, пішендік, жайылымдық жер қанша екен?

Бір ауылдың барлық жері неше десятина екен?

Диаграмма жасаңдар.

289) Ауылдық кеңестеріңнен біліңдер, сіздің ауылда барлық жанның саны қанша екен (*еркегі, әйелі айрықша*)?

Диаграмма жасаңдар.

290) Өз ауылдарыңның адамдарынан сұрастырып біліңдер, әр үй қанша егін салады екен (*егіннің түрлерін айырып есептеңдер*).

Диаграмма жасаңдар.

291) Бір айда үй басы өздері үшін қанша ұн пайдаланады

екен. Соны білiндер. Бір ауылдың бір айда пайдаланатын ұны қанша екен, соны білiндер.

Диаграмма жасандар.

292) Бір үй бір жылда қанша ұн пайдаланатынын білiндер.

Диаграмма жасандар.

293) Былтыр астықтың (әр түрінің) шығысы қандай болғанын білiндер.

Диаграмма жасандар.

294) Өз үйлерің қанша жермай (әрайдыкін жеке) жаққанын білiндер. Сіздің үйге бір жыл үшін қанша жермай керек?

Диаграмма жасандар.

295) Біздің бөлім тегіс бір үлкен қайыққа отырып, серуендеп кетті. Қайыққа мінген тек біздің бөлімнің ғана шәкірттері. Қайық қанша жүк әкетті (дәптерлеріңнен қараңдар, салмақтарың қанша екен)?

ЕСЕПТЕР

Ойын-сауық

296) Қалада «Жас пионерлер» мейрамы болғанда 2 топ бала ойынға шықты. Бұлар мектептен шығарда қатар түзеді. Бір тобы 8 қатар болды, әр қатарында он адамнан. Екіншісі 5 қатар 12 адамнан. Екі топта қанша бала болғаны?

297) Ойын екі түрлі еді: Футбол бәсекесі мен жарыс. Футболды 24-тен бөлініп 3 лек бала ойнады. Жаяу жарысушылар 36 бала болды. Барлық ойыншылардың саны қанша?

298) 24 бала соқыртеке ойнады. Айгөлек ойнаушылардың олардан 65-і артық болды. Айгөлек ойнаушылар қанша?

299) Өзеннің жары биік. Ені 96 метр. Жардың сырғанақтайтын жері 47 метр. Сырғанақ тепкен балалардың шаңасы жиектен жібергенде өзеннің арғыжақ жиегіне 15 метр жетпей тоқтайды. Балалар қанша жер сырғанайды?

300) Мансүр бір минутта аяңмен 48 метр жүреді. Жүтіргенде екі есе артық жер алады. Ол егер 1 минут жүтірсе, 2 минут аяңдап жүрсе қанша жер жүреді?

301) Судың ағыны қайықты бір минутта 38 метр әкетеді. Ескекпен қайық 27 метр кетеді. Егер Мансүр судың ағынына

қарсы 2 минут, ағынымен 1 минут есе қайық қанша метр жүзер еді?

302) Балалар екі дай болып, доп ойнағанда бір жағы 88 доп ұрды, екінші жағы 2 есе кем ұрды. Егер бұлар орта есеппен допты әрбір ұрғанда 1 минут кетіп отырса, қанша уақыт ойнады?

Шаруашылық

303) Бір десятина бидайды үлгірту шығыны

Жұмыстың аты	Жұмыс күндері			Жұмыс бағасы	
	көлік	еркек	әйел	сом	тиын
Күзден жыртып тастау	3	–	–	6	–
Көктемде тырмалау	1	–	–	1	20
Тезек-қорда төгу	2	–	4	6	–
Қорданы араластырып жырту	3	–	–	6	–
Өңдеген жерді тырмалау	1	–	–	1	20
Тұқым шашар алдында жырту	3	–	–	6	–
Тұқым шашу	–	$\frac{1}{2}$	–	–	75
Тұқым шашқан соң тырмалау	1	–	–	1	50
Ору	–	–	12	6	–
Қырманға тасу	1	–	–	1	50
Басу, ұшыру	–	12	12	15	–
Тұқым бағасы	–	–	–	9	–

Бір десятина бидай шашқан тұқымнан 6 есе, 7 есе, 8 есе болып шыққанда таза пайдасы қанша болады, соны есептеп шығарыңдар.

АЛУ

Шығару

- | | |
|-------------------------|--------------------|
| 1) 15 с 26 т – 9 с 12 т | 2) 7,20 с – 5,40 с |
| 15,26 с – 9,12 т | 15,50 м – 9,80 м |
| 25,40 с – 11,17 т | 4 м – 1,25 м |
| 73,75 с – 25,50 т | 10 с – 5,25 с |
| 40,80 м – 10,50 м | 5,25 с – 3,50 с |
| 28,45 м – 12,15 м | 4,30 м – 2,70 м |
| 63,50 м – 17,15 м | 30,45 с – 15,75 с |
| 35,65 м – 22,30 м | 29,15 м – 5,29 м |
-
- | | | | |
|--------------|--------------|--------------|-------------|
| 3) 500 – 200 | 4) 400 – 150 | 5) 725 – 205 | 6) 150 – 75 |
| 800 – 100 | 700 – 350 | 545 – 405 | 164 – 72 |
| 1000 – 500 | 900 – 420 | 809 – 400 | 184 – 93 |
| 400 – 300 | 500 – 280 | 605 – 200 | 148 – 74 |
| 550 – 100 | 575 – 400 | 120 – 80 | 145 – 68 |
| 750 – 400 | 845 – 200 | 145 – 60 | 152 – 75 |
| 680 – 500 | 695 – 375 | 135 – 75 | 106 – 58 |
| 940 – 300 | 835 – 215 | 148 – 58 | 125 – 89 |

7) $400 - 250 = 150$. Мұнда 400 азайтылатын, 250 алы-
натын, 150 қалдық сан деп аталады.

- | | |
|--------------|-----------------|
| 8) 500 + 400 | 9) 50 + x = 120 |
| 900 – 400 | 75 + x = 145 |
| 900 – 500 | 500 + x = 700 |
| 750 – 250 | x + 450 = 550 |
| 750 – 500 | 48 + x = 110 |
| 85 + 45 | x + 95 = 155 |
| 130 – 45 | 64 + x = 156 |
| 130 – 85 | x + 36 = 115 |
| | 65 + x = 132 |

Жазып есептеу үшін

- | | | |
|--|--|--|
| 1) $\begin{array}{r} - 324 \\ 212 \end{array}$ | 2) $\begin{array}{r} - 490 \\ 275 \end{array}$ | 3) $\begin{array}{r} - 546 \\ 352 \end{array}$ |
|--|--|--|

546 – 225
678 – 364
840 – 605
720 – 108
493 – 351
987 – 75
183 – 75
183 – 162
450 – 245

180 – 124
630 – 628
870 – 526
370 – 225
562 – 128
753 – 338
975 – 269
275 – 158

715 – 524
605 – 123
435 – 242
806 – 444
763 – 381
300 – 165
500 – 274
800 – 108

4) $\begin{array}{r} 625 \\ - 238 \\ \hline \end{array}$

413 – 225
526 – 138
620 – 536
840 – 367
224 – 135
601 – 325
405 – 248
1000 – 195

5) $\begin{array}{r} 645 - 224 \\ 421 + 224 \\ 645 - 421 \\ 224 + 421 \\ 715 - 636 \\ 79 + 636 \\ 715 - 79 \\ 636 + 79 \end{array}$

6) $\begin{array}{r} x + 443 = 865 \\ 525 + x = 768 \\ x + 604 = 915 \\ 802 + x = 957 \\ x + 236 = 555 \\ 527 + x = 835 \\ 516 + x = 805 \end{array}$

Өздігінен шығару үшін

1) $\begin{array}{r} 600 - 100 \\ 800 - 200 \\ 500 - 400 \\ 900 - 500 \\ 400 - 200 \\ 700 - 600 \\ 300 - 100 \\ 1000 - 500 \end{array}$

2) $\begin{array}{r} 350 - 200 \\ 470 - 300 \\ 860 - 500 \\ 925 - 400 \\ 475 - 100 \\ 840 - 600 \\ 750 - 200 \\ 180 - 100 \end{array}$

3) $\begin{array}{r} 300 - 150 \\ 500 - 120 \\ 700 - 280 \\ 900 - 360 \\ 600 - 490 \\ 800 - 510 \\ 400 - 270 \\ 700 - 530 \end{array}$

4) $\begin{array}{r} 370 - 120 \\ 820 - 410 \\ 960 - 350 \\ 540 - 230 \\ 790 - 580 \\ 460 - 320 \\ 280 - 160 \\ 870 - 550 \end{array}$

5) $\begin{array}{r} 845 - 123 \\ 968 - 455 \\ 715 - 502 \\ 647 - 325 \\ 475 - 251 \\ 396 - 174 \\ 986 - 675 \\ 573 - 262 \end{array}$

6) $\begin{array}{r} 813 - 705 \\ 645 - 236 \\ 973 - 128 \\ 791 - 325 \\ 615 - 224 \\ 823 - 631 \\ 538 - 246 \\ 754 - 272 \end{array}$

- | | |
|--------------|-------------------|
| 7) 623 – 274 | 8) 600 – 140 – 57 |
| 814 – 325 | 500 – 270 – 35 |
| 453 – 185 | 860 – 400 – 152 |
| 706 – 457 | 730 – 200 – 248 |
| 600 – 352 | 845 – 123 – 300 |
| 800 – 174 | 963 – 532 – 400 |
| 507 – 309 | 648 – 124 – 213 |
| 303 – 107 | 875 – 432 – 241 |

9) Шотқа салып шегеріндер

- 5 с 48 т – 3 с 25 т
 10 с 17 т – 1 с 15 т
 48 м 35 см – 12 м 24 см
 36 м 75 см – 21 м 52 см
 25 с 50 т – 4 с 28 т
 6 с 25 т – 2 с 75 т
 6 м 40 см – 1 м 13 см
 15 м 27 см – 14 м 18 см

Жаттығу

304) Албардың тұрқы барлық қабырғалардан қанша ұзынырақ екенін есептеп біліндер (*қосуға жаттығу есебінің 284-ін қараңдар*).

305) Қайық 90 пұт көтереді. Егер қайыққа біздің бөлім шәкірттерінің барлығы отырса, қайықтың жүгі қанша кем иә қанша артылып кетеді, соны біліндер (*қосуға жаттығудың 295-ін қараңдар*).

306) Бойларың, салмақтарың былтырғыға қарағанда қанша артты, соны біліндер (*керекті мағлұматтарды дәптерлеріңнен табыңдар*).

Диаграмма жасаңдар.

307) Бір бөтелке су мен бір бөтелке сүттің ауырлық айырмасын табыңдар.

308) Бір стақан бидай мен бір стақан сұлының айырмасын табыңдар.

ЕСЕПТЕР

Тұрмыс, табиғат

309) Қаладағы қазақ мектебінің маңайындағы фабрикте казарма бар. Мұнда 850 адам тұрады. Біздің ауыл адамдары санының бұдан 567-сі кем. Біздің ауылда қанша жан бар?

310) Ертістің ені (*Семей қаласының тұсында*) 633 метр. Еділдің ені (*Самар қаласының тұсында*) 960 метр. Еділ Ертістен неше метр ендірек?

Өз жерлеріндегі өзендер мен Ертістің енін салыстырыңдар.

311) Мәскеудегі Суворов қорғанының биіктігі 64 метр. Сол қорған біздің мектептен неше метр биігірек (*мектеп үйінің биіктігі қанша екенін өлшеп иә сұрап біліңдер*)?

Мектеп пен көрші үйдің биіктігін салыстырыңдар.

312) Тауар вагонына 240 қап жүк тиелді. Шалман 4 жүк автокөліктің үстінде 96 қап барлығын санап шығыпты. Тауар вагонына бір автокөліктікінен қанша артық қап салынған?

313) Аэропланның ұшқырлығы сағатына 160 километрге шейін. Жолаушы поезі 3 сағатта 99 километр жүреді. Пойызбен салыстырғанда аэропланның ұшқырлығы неше шақырым артық?

314) Жолаушы пойызы бір минутта 575 метр жүреді. Жүк пойызы одан 262 метр кем жүреді. Жүк пойызы бір минутта қанша жүреді?

315) Жақсы ат бір минутта желіспен 260 метр жүреді. Жаяу адамның орта жүрісі бір минутта 75 метр. Аттың жүрісі адамның жүрісінен неше метр артық?

Өздеріңнің жүрістерің мен аяңдарыңды салыстырыңдар.

316) Мәскеу мен Ленинград арасы 651 километр. Осы екі қаланың арасында Мәскеуден 167 километрлік жерде Тверь қаласы бар. Тверьден Ленинградқа шейін неше шақырым?

317) Кітаптың 168 беті бар. Құлатай 39 беттен 2 бабын оқыды. Оған оқуға енді неше бет қалды?

318) Бір жылда 365 күн бар. Біз неше күн оқимыз, егер азаттық уақыттарға, мейрамдарға 169 күн кететін болса?

Өз мектептеріңде оқылмайтын күндерді санандар.

Диаграмма жасандар.

319) Қызылжар тұсында Есіл 2 ноябрьде қатып,

2 апрельде сені қозғалды. Семей тұсында Ертіс 137 күн мұз астында болды. Есіл Ертіске қарағанда мұз астында неше күн артық болды?

320) Өз өзендерің неше күн қатып жатты, қай уақытта мұзы еріді, соны есептендер.

321) Самұрат мектепке жақын жерге қар өлшеуіш шаншып қойды. Жаңа жылда барып қараса, қардың қалыңдығы 78 сантиметр болыпты. $1\frac{1}{2}$ айдан кейін қардың қалыңдығы 1 м 45 см болыпты. $1\frac{1}{2}$ айдың ішінде неше сантиметр қар қосылған?

322) Мағжан дөптеріне жазғанын қараса, таған бізден жылы жаққа 16 октябрьде ұшып кетіп, 14 мартта қайтқан. Жылы жақта таған неше күн тұрғаны? Таған қай жақта артық тұрды, неше күн?

323) Ағбат көлеңкеден байқап, терезенің алдындағы теректің бойы мектеп үйінен 269 метр биік екенін білген. Теректің бойы 9 метр 50 сантиметр. Мектептің биіктігін табындар.

324) Фабрик мұржасының биіктігі казарманың биіктігінен 255 дециметр артық, ал телеграф бағаны казарманың биіктігінен 2 метр 75 сантиметр кем. Осы нәрселердің әрқайсысының биіктігін табындар, егер фабрик мұржасының биіктігі 421 дециметр екені мәлім болса.

325) Тасбақаның орта өмірі пілдің өмірінен 160 жыл артық. Ал піл орташа есеппен адамнан 85 жыл артық өмір сүреді. Осылардың әрқайсысы қанша өмір сүретінін табындар, егер адамның орта өмірі 55 жыл болады десек.

326) Бір стопа қағаздан 48 табақтан 2 үлкен кітап, 4 табақтан 23 дәптер жасалды. Стопадан неше табақ артылып қалды?

327) Айдарбек санаса, бір қума таяқ отында 323 кескен ағаш бар екен. Егер, күн сайын 7 ағаштан алынып тұрған болса, бір таяқтан екі жеті жаққаннан кейін неше ағаш қалады?

Өлеумет мекемелері

328) Фабрикте жұмыскерлердің мүддесін қорғайтын, қамын ойлайтын – фабрик-зауыт комитеті (*фабком*). Бұл жұмыскерлер мен қызметкерлер өкілдерінің жалпы жиылысында сайланады. Өкілдер жиылысында 195 еркек болды, әйелдер саны еркектерден 98-ге кем болды. Жиылыста өкіл әйелдер қанша болғаны?

329) Фабрикте халық ағарту істерін басқару үшін фабком мәдениет комиссиясын сайлайды. Бұл комиссия үлкендердің, балалардың ағаруы жолында қызмет қылады.

Биыл фабрик жанындағы мектептерде 840 бала оқиды, оқитын үлкендер санының балалардікінен 456-сы кем. Фабрик жанындағы мектептерде неше ересек адам оқиды?

330) Фабрик жанында ересек жұмыскерлерге ашылған клуб бар. Соңғы айдың ішінде мұнда 236 адам болған. Бұлардың арасында қызметкерлерден жұмыскерлердің 148-і артық. Клубтың жұмыскер мүшелері қанша?

331) Екібастұз зауытында жұмыскерлер қазақ пен орыс. Қазақ жұмыскерлері 748, орыс жұмыскерлерінің қазақтан 502-сі кем. Екібаста орыс жұмыскерлері қанша?

332) Екібаста мәдениет комиссиясы балаларға жанды сурет көрсетпек болды. Сауық үйінде 160 кісілік орын бар.

Комиссия оқып жүрген балалар үшін 14 орыннан 5 қатар, 18 орыннан 3 қатар арнап, өзге орындарды оқымайтын балаларға қалдырды. Оқымайтын балаларға қанша орын тиеді?

333) Зауытта кеннің қалай қазылатынын көрсету үшін тәрбиешілер 2 күннің ішінде 165 бала апарды. Алғашқы күні әрқайсысы 13-тен 7 топ бала барды. Келер күні неше бала барды?

334) Жаңада бізде сақтау кассасы ашылған еді. Кассаға салынған ақша пайда береді. Салауаттың әкесі кассаға 418 сом салған екен, дәл бір жылдан кейін сол ақша 442 сом болыпты. Касса неше сом пайда бергені?

335) Бұдан бір ай бұрын Ережеп 5 пұт ұнға 5 сом 75 тиын төлеген еді. Сондай ұн қазір 6 сом 15 тиын болған. Ұнның пұты қанша қымбаттаған?

336) Біздің кооператив саудадан бір күннің ішінде 115 сом 25 тиын түсірді. Келер күні өзінің сатып алған тауары үшін 72 сом 15 тиын төледі. Кооперативтің кассасында қанша ақша қалды?

Біздің кооперативтің күндік түсім ақшасын біліңдер.

Біздің кооперативтің айлық табысын, шығысын біліңдер. Оның айлық пайдасын біліңдер.

337) Былтыр біздің ауылда шаруа серіктігі ашылды. Ол пішендік қылу үшін шалпық жерді құрғатуға кірісті.

Күздікүні ұзындығы 365 метрге жетті. Көктемде неше метрлік ор қазылды?

338) Орынборға жақын ауылдар базарға пішен апарып сатады. Бір күннің ішінде 8 кісі 12 көліктен, 13 кісі

7 көліктен пішен түсірді. Келер күні базарға сол ауылдардан алғашқы күнгіден 48 көлік кем түсті. Екі күннің ішінде базарға неше көлік пішен түсті?

КӨБЕЙТУ, БӨЛУ

Көбейту

1) 100×2	2) 20×2	3) 30×2	4) 40×2
100×3	200×2	300×2	400×2
100×4	20×3	30×3	40×3
100×5	200×3	300×3	40×4
100×6	20×4	30×4	40×5
100×7	200×4	30×5	40×6
100×8	20×5	30×6	40×7
100×9	20×6	30×7	40×8
	20×7	30×8	40×9
	20×8	30×9	
	20×9		

5) 50×2	6) 60×2	7) 70×2	8) 80×2
50×3	60×3	70×3	80×3
50×4	60×4	70×4	80×4
50×5	60×5	70×5	80×5
50×6	60×6	70×6	80×6
50×7	60×7	70×7	80×7
50×8	60×8	70×8	80×8
50×9	60×9	70×9	80×9

9) 90×2	10) 200×3	11) 20×5	12) 400×2
90×3	30×3	4×5	60×2
90×4	230×3	24×5	460×2
90×5	120×4	32×6	240×3
90×6	440×2	45×7	370×3
90×7	210×4	15×8	235×3
90×8	213×3	29×5	468×2
90×9	324×2	56×4	165×4
	431×2	68×3	182×5
		75×2	206×4

$36 \times 4 = 144$. Мұндағы 36 – өспе, 4 – өсірме, 144 – өсінді сандар аталады.

Жаттығу

339) Шаршының әрбір қабырғасы 45 м. Барлық қабырғаларының ұзындығын табыңдар. Сызыңдар.

340) Үшкілдің әрбір қабырғасы 75 м. Барлық қабырғаларының ұзындығын табыңдар. Сызыңдар.

341) Кітаптың бетінде 37 жол бар. 8 бетте неше жол бар?

342) Қаланың үлкен үйлерінің әр қатарында 35 терезе бар. 4 қатар үйдің терезелері қанша?

343) Бір футта 30 сантиметр бар. Таяқта неше сантиметр бар?

344) 7 метрде неше сантиметр бар?

345) 8 кезде неше сантиметр бар? 2 таяқта неше сантиметр бар?

346) Бір шелек судың ауырлығы 12 килограмм. 20 шелектік бір кеспек су қанша тартады?

347) 5 сағатта неше минут бар? 3 минутта неше секунд бар?

348) 9 дюжинада неше қалам бар?

349) Жолаушы пойызы бір сағатта 42 километр жүреді. Мәскеуден Тверьге шейін ол 4 сағат жүреді. Мәскеу мен Тверьдің арасы неше шақырым?

350) 2 стопада неше табақ қағаз бар?

351) Вагонда 48 жататын орын бар. 9 вагондық поезда неше орын бар?

352) Шетберт кара бидайдың, жай бидайдың, сұлының, арпаның ауырлығын білiңдер.

353) Бір шелек сүттің ауырлығын білiңдер.

354) Еділ бойында кеме төмен қарай (*ағын бойымен*) бір сағатта 15 километр жүреді. Кеме күндізгі 3 сағаттан 12 сағатқа шейін қанша жер жүреді?

Бөлу

13) $80 : 4$

$800 : 4$

$600 : 3$

$900 : 3$

$400 : 2$

$300 : 3$

$200 : 2$

$700 : 7$

$900 : 9$

14) $840 : 4$

$330 : 3$

$160 : 4$

$150 : 5$

$240 : 3$

$350 : 7$

$630 : 9$

$750 : 5$

$960 : 8$

15) $336 : 3$

$484 : 4$

$648 : 2$

$505 : 5$

$164 : 4$

$355 : 5$

$287 : 7$

$369 : 9$

$488 : 8$

16) $120 : 8$

$16 : 8$

$136 : 8$

$135 : 5$

$224 : 7$

$452 : 4$

$726 : 6$

$371 : 7$

$192 : 2$

$475 : 5$

$828 : 8$

17) 15×9

$135 : 9$

$48 : 4$

$192 : 4$

57×5

$285 : 5$

64×6

$384 : 6$

68×4

$272 : 4$

18) $x : 4 = 40$

$x : 5 = 165$

$x : 8 = 24$

$x : 7 = 81$

$x : 9 = 55$

$x : 4 = 140$

$x : 5 = 275$

$x : 8 = 368$

$x : 6 = 252$

$150 : 5 = 30$. Мұндағы 150 – бөлінбе, 5 – бөлме, 30 – үлес сандар аталады.

Жаттығу

355) Шаршының барлық қабырғаларының ұзындығы 120 метр. Бір қабырғасы қандай? Сызыңдар.

356) Тең қабырғалы үшкілдің барлық қабырғаларының ұзындығы 150 метр. Бір қабырғасын табыңдар. Сызыңдар.

357) 120 тақтай 8 данадан қатарланып үйілген. Барлығы неше қатар?

358) Кеме (*пароход*) 8 сағаттың ішінде 176 километр жүрді. Ол сағатына қанша жүрді?

359) 8 десятина жерден 418 пұт бидай алынды. 1 десятина неше пұт бидай бергені?

360) Темірбек бір таяқта 213 сантиметр бүтін барлығын өлшеп білген. Бір кезде неше сантиметр?

361) 2 қадақта 819 грамм. Бір қадақта неше грамм бар?

362) Ұлбике мен Қызбике 156 табақ қағаз алды. Бөгенбай олардікінен екі есе кем алды. Балалар барлығы қанша қағаз алды?

363) $\frac{1}{2}$ стопада, $\frac{1}{4}$ стопада, $\frac{1}{8}$ стопада неше табақ қағаз бар?

364) 2 километрде 937 бүтін таяқ бар. Километрде неше таяқ?

365) Егер бір үй күн сайын 3 килограмм нан жесе, 150 килограмм нан қанша уақытқа жетеді?

366) Лампаларда күн сайын 2 килограмм жермай жанады. Бір тонна жермай неше күнге жетеді?

367) Темірдің табағы 200 шаршы дециметр. 6 шаршы метрлік ауданды жабу үшін неше табак темір керек?

Барлық темірдің ауырлығын білiндер, егер әр табағы 4 килограмнан болса?

368) Мектепте әрбірiнде 36 шәкiрттен 5 бөлiм бар. Бұларға екi орындыдан неше парта керек?

369) 549 шаршы метрлік бақшалық жердi 9 кiсiлiк бiр артель алды. Артель мүшелерiнiң әрқайсысына неше шаршы метр жер тиедi?

370) Бiр сауыт – 144 қаламды бөлiмдегi шәкiрттер бөлiп алды. Сонда шәкiрт басына 6 қаламнан тидi. Бөлiмде неше шәкiрт болғаны?

Деректi сандарды көбейту, бөлу

19) $8\text{ т } 1\text{ к} \times 2$
 $3\text{ б } 10\text{ қ} \times 2$
 $5\text{ с } 25\text{ т} \times 3$
 $14\text{ к } 3\text{ б} \times 5$

$5\text{ м } 15\text{ см} \times 6$
 $12\text{ кг } 16\text{ г} \times 8$
 $25\text{ т } 2\text{ п} \times 3$
 $9\text{ с } 11\text{ т} \times 9$
 $12\text{ б } 2\text{ қ} \times 8$

21) $1\text{ с } 25\text{ т} \times 6$
 $5\text{ б } 12\text{ қ} \times 5$
 $4\text{ к } 6\text{ б} \times 7$
 $5\text{ т } 2\text{ п} \times 9$
 $15\text{ м } 25\text{ см} \times 7$
 $8\text{ кг } 40\text{ г} \times 8$
 $96\text{ с } 32\text{ т} \times 3$
 $15\text{ ш } 200\text{ т} \times 4$
 $75\text{ с } 20\text{ т} \times 9$

20) $5\text{ б } 8\text{ қ} \times 5$
 $2\text{ б } 10\text{ қ} \times 8$
 $6\text{ с } 20\text{ т} \times 5$
 $25\text{ с } 25\text{ т} \times 8$

$10\text{ к } 4\text{ б} \times 4$
 $3\text{ к } 8\text{ б} \times 6$
 $7\text{ м } 25\text{ см} \times 4$
 $15\text{ м } 50\text{ см} \times 6$
 $8\text{ б } 15\text{ қ} \times 8$
 $6\text{ ш}^* 125\text{ т} \times 4$

22) $6\text{ к } 12\text{ б} : 3$
 $5\text{ с } 25\text{ т} : 5$
 $8\text{ б } 16\text{ қ} : 4$
 $12\text{ м } 48\text{ см} : 6$
 $4\text{ т } 2\text{ к} : 2$
 $16\text{ кг } 80\text{ г} : 8$
 $3\text{ п } 9\text{ д} : 3$

*ш – шақырым.

$$\begin{aligned}
 23) \quad & 9 \text{ к} : 8 \\
 & 5 \text{ с} : 4 \\
 & 12 \text{ б} : 8 \\
 & 16 \text{ м} : 5 \\
 & 5 \text{ п} : 4 \\
 & 15 \text{ с} : 2 \\
 & 26 \text{ м} : 4
 \end{aligned}$$

$$\begin{aligned}
 24) \quad & 1 \text{ к} \ 2 \text{ б} : 9 \\
 & 1 \text{ б} \ 9 \text{ к} : 7 \\
 & 2 \text{ б} \ 15 \text{ к} : 5 \\
 & 5 \text{ т} \ 1 \text{ к} : 4 \\
 & 10 \text{ м} \ 80 \text{ см} : 9 \\
 & 25 \text{ с} \ 60 \text{ т} : 8 \\
 & 40 \text{ м} \ 20 \text{ см} : 3
 \end{aligned}$$

Өздігінен шығару үшін

$$\begin{aligned}
 1) \quad & 200 \times 3 \\
 & 400 \times 2 \\
 & 200 \times 4 \\
 & 100 \times 7 \\
 & 50 \times 3 \\
 & 50 \times 6 \\
 & 70 \times 4 \\
 & 90 \times 7
 \end{aligned}$$

$$\begin{aligned}
 2) \quad & 30 \times 9 \\
 & 40 \times 3 \\
 & 60 \times 5 \\
 & 80 \times 7 \\
 & 30 \times 6 \\
 & 40 \times 5 \\
 & 300 \times 3 \\
 & 200 \times 2
 \end{aligned}$$

$$\begin{aligned}
 3) \quad & 5 \times 60 \\
 & 4 \times 8 \\
 & 3 \times 70 \\
 & 2 \times 400 \\
 & 8 \times 90 \\
 & 5 \times 50 \\
 & 3 \times 300 \\
 & 2 \times 200
 \end{aligned}$$

$$\begin{aligned}
 4) \quad & 110 \times 5 \\
 & 230 \times 4 \\
 & 420 \times 2 \\
 & 330 \times 3 \\
 & 240 \times 2 \\
 & 320 \times 3 \\
 & 120 \times 4 \\
 & 250 \times 2
 \end{aligned}$$

$$\begin{aligned}
 5) \quad & 25 \times 6 \\
 & 92 \times 3 \\
 & 84 \times 5 \\
 & 66 \times 4 \\
 & 115 \times 2 \\
 & 233 \times 3 \\
 & 422 \times 2 \\
 & 150 \times 4
 \end{aligned}$$

$$\begin{aligned}
 6) \quad & 300 : 3 \\
 & 800 : 4 \\
 & 600 : 2 \\
 & 700 : 7 \\
 & 900 : 3 \\
 & 600 : 300 \\
 & 800 : 200 \\
 & 1000 : 200
 \end{aligned}$$

$$\begin{aligned}
 7) \quad & 240 : 8 \\
 & 848 : 4 \\
 & 396 : 3 \\
 & 606 : 6 \\
 & 812 : 4 \\
 & 508 : 2 \\
 & 609 : 3 \\
 & 755 : 5
 \end{aligned}$$

$$\begin{aligned}
 8) \quad & 966 : 3 \\
 & 848 : 4 \\
 & 396 : 3 \\
 & 606 : 6 \\
 & 812 : 4 \\
 & 508 : 2 \\
 & 609 : 3 \\
 & 755 : 5
 \end{aligned}$$

$$\begin{aligned}
 9) \quad & 3 \text{ км} \ 200 \text{ м} \times 4 \\
 & 8 \text{ км} \ 400 \text{ м} \times 2 \\
 & 15 \text{ кг} \ 75 \text{ г} \times 10 \\
 & 16 \text{ кг} \ 100 \text{ г} \times 9 \\
 & 45 \text{ с} \ 30 \text{ т} \times 6 \\
 & 12 \text{ с} \ 55 \text{ т} \times 8 \\
 & 80 \text{ с} \ 25 \text{ т} \times 4 \\
 & 96 \text{ с} \ 75 \text{ т} \times 6
 \end{aligned}$$

371) Өз үйлеріңнен алынатын шаруа салығын есептендер.
Жергілікті нарықпен оны астыққа айналдырыңдар.

Өз ауылдарыңнан қанша салық алынады.

Мұны да жергілікті нарықпен астыққа аударыңдар.

Бұлардың жауабын диаграмма қылып сызыңдар.

372) Бекетке десятина басы 3 сом 25 тиын салық түсті. Ол 7 десятина үшін қанша төлейді?

373) Оразбай бар болғаны 27 килограмм ғана бидай шашты. Тұқымы 5 есе болып шықса, Оразбай қанша бидай алады?

374) Бір шетберк бидай 18 килограмм тартады. Бір шетберт бидай қанша тартады?

375) Баланың көйлегіне 1 м 60 см мата кетеді. 4 көйлекке қанша мата алу керек?

376) Трамвай 10 минутта 2 км 100 м жүреді. Ол бір сағатта қанша жер алады?

377) Бәтима дүкеннен 12 метр 80 сантиметр тек алды. Мықия одан 3 есе артық алды. Мықия қанша тек алды?

378) 9 метр 60 сантиметрлік тақтай 4 ке тең бөлінді. Әр бөлімнің ұзындығы қандай?

379) Үмбет 150 кг сұлы алды. Тұқымы 3 есе болып шыққан Үмбеттің шашқан тұқымы қанша?

380) Үлкендігі бірдей 5 кітап 4 сом 60 тиын тұрады. Бір біреуі қанша тұрады?

381) 8 метрлік арқанды 5-ке тең бөліндер.

382) 4 метр трике 9 сом 20 тиынға түсті. Трикенің метрі қанша тұрады?

383) Бір үйдің іші бір жылда 816 кг астықпен қоректенді. Күніне қанша астықпен қоректенеді?

384) Бір шелек сүттен 540 грамм май алынады. Бір ширек сүттен қанша май түседі?

10-ға, 100-ге ауызша көбейту, бөлу

1) 5×10	2) 3×10	3) $60 : 6$
50×10	3×100	$600 : 10$
30×10	7×100	$800 : 10$
45×10	9×100	$550 : 10$
75×10	4×100	$250 : 10$
68×10	4×100	$400 : 100$
22×10	40×10	$700 : 100$
84×10	100×10	$200 : 100$
	10×100	$1000 : 100$
4) 48×10	5) $15 \text{ с } 10 \text{ т } \times 10$	6) $36 \text{ с } : 100$
$480 : 4$	$25 \text{ с } 20 \text{ т } \times 10$	$5 \text{ м } : 100$
5×100	$3 \text{ м } 10 \text{ см } \times 10$	$15 \text{ м } : 10$

$$\begin{aligned} 500 : 100 \\ 75 \times 10 \\ 750 : 10 \\ 960 : 10 \\ 96 \times 10 \end{aligned}$$

$$\begin{aligned} 8 \text{ м } 50 \text{ см} \times 10 \\ 10 \text{ с } 80 \text{ т} \times 100 \\ 7 \text{ м } 25 \text{ см} \times 100 \\ 9 \text{ с } 40 \text{ т} \times 100 \end{aligned}$$

$$\begin{aligned} 24 \text{ с} : 10 \\ 7 \text{ м } 60 \text{ см} : 10 \\ 48 \text{ с } 50 \text{ т} : 10 \\ 18 \text{ м } 30 \text{ см} : 10 \end{aligned}$$

Ондық бөлімдер

7) $\frac{1}{10} = 0,1$

$\frac{2}{10} = 0,2$

оқыңдар:

0,5

0,8

0,4

1,5

1,1

11,1

111,1

8) жазыңдар:

онның жетісін, онның үшін, бір бүтін және

онның екісін, алты бүтін және онның төртін, он бес бүтін және онның сегізін.

9) $60 : 10$

$65 : 10$

$98 : 10$

$100 : 10$

$125 : 10$

$242 : 10$

$455 : 10$

Жаттығу

385) Қағаздан 0,1 метр кесіндер.

Метрдің бұл бөлімі қалай аталады?

386) Дәптерлеріңе 0,3 дециметр сызыңдар.

0,1 дециметр қалай аталады?

387) Стопа қағазды қалыңдығы 0,5 см қылып бөліндер.

0,1 см қалай аталады?

388) Бір табақ қағазды 10-ға тең бөліндер.

0,4 табактан тік төрткіл жасандар.

389) 0,1 метрде неше сантиметр бар? 0,5 метрде, 0,8 метрде, 2,5 метрде неше сантиметр бар?

390) Мектепте демалыс уақыты 0,2 сағатқа созылды. Бұл неше минут?

391) 0,5 килограмм неше грамм болады?

392) Сиырдың бір сауым сүті 0,4 шелек, бұл неше бөтелке?

- 393) Метрдің үстіне 0,7 метрді белгілендер.
 394) Кірлерді сайлап алып, 0,2 килограмм шығарындар.
 395) 0,1 жылда неше бүтін күндер бар?
 396) 0,1 сәткеде бүтін сағат нешеу?
 397) 0,6 килограмда неше грамм?
 398) 0,1 жетіде бүтін сағат қанша?
 399) 0,4 сомда неше тиын бар?

Жүздік бөлімдер

10) 0,01 – жүздік бөлім.

0,02 – жүздің екісі.

11) оқындар:	1,01 жазындар:
0,05	жүздің төртін, жүздің он үшін, бір
0,08	бүтін және жүздің жиырма сегізін,
0,15	сегіз бүтін және жүздің алпыс төртін,
0,25	отыз алты бүтін және жүздің қырық
0,48	бесін.
2,78	
10,68	
1,1	

Жаттығу

- 400) Метрде неше сантиметр бар?
 см метрдің қандай бөлімі?
 401) Бір сомда неше тиын бар?
 Тиын бір сомның қандай бөлімі?
 402) Неше см бар – 0,07 м; 0,15 м; 0,35 м; 4,3 м-де?
 403) Неше грамм бар 0,5 кг; 0,8 кг; 0,2 кг-да?
 404) Неше тиын бар 0,09 сомда; 0,16 с; 3,25 с; 8,56 сомда?
 Кейде жүздің бір бөлігі дегеннің орнына процент деп те айтылады.

% ПРОЦЕНТТЕР

- 405) Метрдің 5%-і. Бұл неше сантиметр? Килограмның 10%-і. Бұл неше грамм? Сомның 25%-і. Бұл неше тиын?
 406) Оңдық бөліктер ретімен % -ті жазындар. 0,04; 0,36; 0,45; 0,69; 0,05; 0,5; 0,08; 0,8.

407) Бөлімде 50 шәкірт бар еді. 4-і бүгін сабақта болмады. Бұл неше процент?

408) Ақ ұн 4 сом еді. Соңғы жетінің ішінде ұн 10% арзандады деп газеттерде жазылып отыр. Ұн енді қанша тұрады?

409) Сәлімнің әкесінің табысы 90 сом. Ол ақшасының 20%-ін уақ-түйекке жұмсайды. Сонда оның қанша ақшасы өзінде қалады?

410) Жәшікке қара топырақ салып, қара бидайдың, жай бидайдың, сұлының, арпаның, тарының 100-ден дөңдерін егіндер. Содан кейін бұлардың шығысын байқап жүріңдер, сатыны жазып толтырыңдар.

Шығыс сатысы

№	Аттары	Дөңдердің шыққан күндері										Шығыс %%
		1 күні	2 күні	3 күні	4 күні	5 күні	6 күні	7 күні	8 күні	9 күні	10 күні	
1.	Қара бидай											
2.	Жай бидай											
3.	Сұлы											
4.	Арпа											
5.	Тары											

Дөңдердің шығыс түрлерін диаграмма қылып сызыңдар.

411) Жүздік бөлімдермен, %-пен жазыңдар.

412) Ондық бөлімдермен жазыңдар:

0,2	0,40	70%
0,8	0,60	20%
0,6	0,20	60%
0,1	0,50	80%
0,9	0,30	30%
0,5	0,10	
0,7		
0,3		

413) 40 см-дің миллиметрмен %-і қанша болады, солайша 30 см, 80 см, 50 см, 60 см, 10 см-дің миллиметр бойынша 1 %-і қанша, соны біліңдер.

Мұны диаграмма сықылды ғып сызыңдар.

414) Өлшеп біліңдер. Неше процент (*бүтін*) болады: 30 см-ден 5 см; 20 см-ден 3 см; 50 см-ден 8 см; 70 см-ден 10 см; 60 см-ден 6 см; 90 см-ден 10 см?

415) Сабаққа келмей қалған шәкірттер неше процент екенін есептеп біліңдер.

Күн сайын мұны диаграмма сықылдандырып сызып отырыңдар.

ДӨНГЕЛЕК ОНДЫҚТАРҒА, ЖҮЗДІКТЕРГЕ КӨБЕЙТУ, БӨЛУ

Ауызша есептеу

12) 3×20

3×200

5×100

7×100

4×200

3×300

2×400

2×500

13) 20×2

20×20

30×20

10×40

20×40

30×30

20×50

20×30

14) 25×2

25×20

32×20

48×20

15×30

14×20

12×80

36×20

15) 5×80

7×60

9×70

15×40

17×30

19×50

11×20

12×50

16) $800 : 20$

$600 : 100$

$900 : 300$

$800 : 400$

$800 : 200$

$400 : 200$

$1000 : 500$

$600 : 200$

17) $600 : 20$

$800 : 40$

$900 : 30$

$600 : 30$

$400 : 20$

$800 : 20$

$1000 : 20$

$1000 : 50$

18) $500 : 20$

$700 : 20$

$900 : 20$

$750 : 30$

19) 40×20

$800 : 20$

$800 : 40$

24×30

840 : 40	720 : 30
960 : 60	480 : 60
650 : 50	480 : 80
810 : 90	80 × 6

Жаттығу

416) Телеграф бағандарының арасы 65 метр болады. Мектептен ауруханаға шейін 20 телеграмм бағаны бар. Мектептен аурухананың алыстығы қанша?

417) Егіндіктің ені 480 метр. Егіншілер мұны 30 метрден тілімдеп бөлді. Неше тілім шықты?

418) Отарбаның жолының табаны 10 метрлік темірден істеледі. Табанның метрі 40 килограмм тартады. Әр табанның ауырлығын килограммен өлшендер.

419) Телеграф сымының километрі 200 килограмм тартады. 5 километр сым қанша тартады?

420) Бір вогонға неше килограмм сым тиеуге болады, егер вагон $16\frac{1}{2}$ тонна көтеретін болса?

421) Пойыз вагоны бір километрге 17 шелек су жұмсайды. Екі бекеттің* арасы 40 километр. Осы екі араға қанша су керек?

422) Жарты таяқ отындап жағуға шақтап кескен ағаш 96. Вагонға 5 таяқ отын тиелді. Бұл неше ағаш?

423) Осы отынды вагоннан тасып алу үшін неше көлік керек, егер, бір көлікке 160 ағаш салынатын болса?

424) Көгершін бір секундта 27 метр ұшады. Ол жарты минутта қанша ұшады?

425) Велосипедпен жарты минутта 270 метр жүруге болады. Бір секундта қанша жүруге болады?

426) Жолаушы пойызы велосипедтен екі есе тез жүреді. Пойыз көпір арқылы 20 секунд жүрді. Көпірдің ұзындығы қандай?

427) Біздің егіндігіміз 10 десятина. Десятинаға 95 килограмм шашу керек болғанда, тұқымға қанша бидай сақтау керек?

428) Кооперативке 900 кесе келді. Ашып қарағанда мұның 12%-і қираған екен. Бүтіні қанша?

*Бекет – станция

429) Өрісте 400 жылқы бар. Мұның 8%-і қотыр болған. Жылқының сауы қанша?

430) Менің әкем шаруа қарызының 5 сомдық қағаздарын сатып алды. Бұлардың бағасы өз нарқынан 15% кем. Әкем бір-бір табағына қанша төлеген?

431) Мектепте 200 шәкірт бар. Бұлардың 65%-і еркек балалар. Мектепте қыздар қанша?

432) Өзенге тасталған ағаш жарты сағатта ағынмен 960 метр жерге кетті. Өзеннің бір минуттағы ағысын білдіңдер.

ҚАНДАЙ САНДАРҒА БОЛСА ДА КӨБЕЙТУ, БӨЛУ

Жазып есепте

$$\begin{array}{r} 20) \times 84 \\ \times 2 \\ \hline 168 \end{array}$$

$$\begin{array}{r} \times 84 \\ \times 30 \\ \hline 2520 \end{array}$$

$$\begin{array}{r} \times 168 \\ \times 2520 \\ \hline 2688 \end{array}$$

$$\begin{array}{r} \times 84 \\ \times 2 \\ \hline + 168 \\ + 2520 \\ \hline 2688 \end{array}$$

$$21) 68 \times 14 \quad 22) 82 \times 12$$

$$25 \times 21$$

$$35 \times 25$$

$$16 \times 16$$

$$64 \times 15$$

$$12 \times 12$$

$$16 \times 31$$

$$28 \times 28$$

$$13 \times 45$$

$$43 \times 16$$

$$19 \times 32$$

$$36 \times 15$$

$$26 \times 35$$

$$48 \times 1$$

$$22 \times 22$$

$$23) 3 \times 312$$

$$2 \times 426$$

$$5 \times 108$$

$$4 \times 204$$

$$3 \times 305$$

$$2 \times 476$$

$$5 \times 192$$

$$4 \times 215$$

$$24) \begin{array}{r|l} 240 & 100 \\ \hline 200 & 2 \end{array}$$

$$\begin{array}{r} 200 \\ \hline 40 \end{array}$$

$$850 : 200$$

$$940 : 300$$

$$640 : 50$$

$$520 : 70$$

$$725 : 100$$

$$960 : 90$$

$$430 : 40$$

$$760 : 80$$

25) Қалдықсыз дәл 40-қа, 70-ке, 30-ға, 50-ге, 200-ге, 32-ге, 45-ке бөлінетін сандарды жазыңдар.

$$26) 390 : 130 \quad 27) 460 : 23$$

$$440 : 110$$

$$560 : 14$$

$$560 : 140$$

$$850 : 17$$

$$28) 169 : 13$$

$$264 : 24$$

$$576 : 16$$

$$29) 26 \times 14$$

$$364 : 14$$

$$364 : 26$$

675 : 225	870 : 29	648 : 24	35 × 25
963 : 321	650 : 13	756 : 36	875 : 25
756 : 252	840 : 21	864 : 36	875 : 35
856 : 214	900 : 12	572 : 11	62 × 14
975 : 195	775 : 25	901 : 53	868 : 14
			868 : 62

30) $588 : x = 14$
 $483 : x = 23$
 $x : 27 = 15$
 $x : 48 = 13$
 $x \times 25 = 625$
 $x \times 17 = 306$
 $45 \times x = 585$
 $32 \times x = 672$

31) $13 \text{ с } 25 \text{ т} \times 24$
 $16 \text{ м } 20 \text{ см} \times 21$
 $25 \text{ к } 86 \times 32$
 $15 \text{ т } 2 \text{ п} \times 48$
 $326 \text{ 11 к} \times 22$
 $44 \text{ м } 50 \text{ см} \times 18$
 $302 \text{ м } 75 \text{ см} \times 3$
 $86 \text{ с } 10 \text{ т} \times 11$

32) $135 \text{ 6 30 к} : 15$
 $256 \text{ м } 80 \text{ см} : 16$
 $625 \text{ м } 75 \text{ см} : 25$
 $241 \text{ с } 20 \text{ т} : 24$

$677 \text{ с } 30 \text{ т} : 26$
 $514 \text{ т } 6 \text{ п} : 17$
 $826 \text{ м } 10 \text{ см} : 55$
 $778 \text{ м } 11 \text{ см} : 37$



Жаттығу

433) Шаршы метрді сызындар. Мұны шаршы дециметрге бөліңдер. Мұны қалай істеу керек? Неше дециметр шығады?

434) Шаршы кез сызындар. Мұны шаршы бөршекке бөліңдер. Неше шаршы бөршек шығады?


435) Десятина сызындар. Оны 4-ке тең қылып бөліңдер.

$\frac{1}{4}$ десятинада неше шаршы таяқ бар?



436) Бірінші десятинадан екінші десятинаны қалай жасауға болады? Мұны кесіп жасандар.


437) Тақта жердің ұзыны 12 метр, көлденеңі – 8 дециметр. Мұнда шаршы дециметр нешеу? Мұнда шаршы метр нешеу?



Тақтаның жоспарын сызыңдар.

438) Ұзыны 45 метр, көлденеңі 7 метр тілім жерге алма ағашы отырғызылған. Әр 5 шаршы метрге 1 алма ағашынан келеді. Тілімде неше алма ағашы отырғызылған?

439) Бір бөлек жердің ұзыны 24 метр, көлденеңі 22 метр. Екіншісінің ұзыны 36 метр, көлденеңі 15 метр. Бұлардың қайсысының ауданы үлкен?



440) 18 дестеде қанша табақ қағаз бар?

441) 648 табақ қағазды дестеге бөліңдер. Неше десте шығады?

442) Бір бетте 32 жол. Жол сайын 29 хәріп. Бір бетте неше хәріп бар?

443) $\frac{1}{2}$ сәткеде неше минут бар?

- 444) 4 сағат 15 минутта неше минут бар?
- 445) 0,4 сәткеде неше минут бар?
- 446) Бір ауыл 825 сом салық тартады. Ауылда неше үй бар, егер үй басы орта есеппен 25 сом тартады десек?
- 447) 115 килограмм шай сегіздікке (*қадақтың сегізден біріне*) бөлінді. Неше сегіздік шығады?
- 448) 12 дюжина бір gros болады. Бір gros қалам жеке сауытқа салынады. 5 сауытта неше қалам болады?
- 449) 4 сауыт қалам 36 шәкірті бар бөлімге берілді. Бір шәкіртке неше қаламнан келеді?
- 450) Екі қайыңның арасы 16 метр. Бұлардың арасына биіктігі 1 метр 50 сантиметр отын үйілді. Мұнда неше кума метр отын сыйды?
- 451) Малдыбай 3 көлік пішен тасып алды. Бір көлігіне 275 килограмм салған болса, барлығы қанша пішен тасыды?
- 452) Тақтаның ұзындығы 36 метр. Егер бұл жерге қияр егіліп, әр ұрықтың арасы 2 дециметрден болса, қанша ұрық керек?
- 453) Бір шетберкке орта есеппен 200 баренгі кетеді. Ұзындығы 95 метрлік тақтаға отырғызу үшін әлгі баренгі жете ме? (*Әр см-ге бірден отырғызылады*).
- 454) Ине – бақшалап сатылады. Бақшада 2 дюжина ине болады. 15 бақшада (*қағазда*) неше ине бар?
- 455) Бір ағашта 180 метр жіп болады. Жіпті бір километрге тарту үшін неше ағаш керек?
- 456) Килограммда 125 шағым қант бар. Бір шағымы неше грамм болады?
- 457) Метр өлшеулеріне аударындар: (*метрді 22 бәршек деп*) 44 кезді, 66 кезді, 50 кезді, 14 бәршекті, 34 кез 6 бәршекті, 24 кез 12 бәршекті.
- 458) Орыс өлшеулеріне аударындар: 6 м; 14 м; 24 м; 42 м; 50 м; 36 м.
- 459) Бір бөтелке су 1 жарым қадақ тартады. Бір стақан су неше грамм болады? Стақанда неше қасық, шай қасық барлығын есептеңдер. Бір шай қасық судың ауырлығын білiндер.
- 460) 3 шылымға 4 грамм темекі кетеді. Сәткесіне қанша темекі керек, егер, әрбір 10 минуттан кейін барлығы 16 сағат тартылатын болса?

ҮШІНШІ БӨЛІМ

ТӨРТ АМАЛДЫҚ ЕСЕПТЕР

АЙНАЛАДАҒЫ ТАБИҒАТ

461) Өсімдіктер өсіп тұрғанда жерден өзіне су тартып алып тұрады. Қара бидай құрғақ заттың (*саламның, дәннің, кебектің*) әр грамына 240 грам су тартады (*ішеді*). Қара бидайдың 1 кг дәнін алу үшін қанша су керек, егер бір килограмм дән орта есеппен 1 баудан түседі десек және баудың ауырлығы $2\frac{1}{2}$ килограмм десек?

462) Өлгі шыққан судың ауырлығын шелекке аударыңдар (*шелекте 12 кг*).

463) Жарты килограмм қара бидай дәні өсу үшін қанша су кеткен болса, 6 адамы бар бір үйдің 4 күнде жұмсайтын суы да сонша. Бір үй бір күнде қанша су кетіреді?

464) Егер 100 кг көк шөпті дұрыстап кептірсек, суы кетіп, 20 кг ғана пішен шығады. Ауырлығы жарты тонналық бір жүк көк шөптен қанша құрғақ пішен шығады?

Кеуіп кеткен судың ауырлығын білiндер.

465) Егер 20 кг құрғақ пішенді отқа жақсақ, $\frac{1}{2}$ кг күл шығады. Өзгелерінің бәрі түтін ретінде әуеге ұшып кетеді. Жарты тонналық бір көлік шөптен қанша күл түседі?

466) Кішкене пешке айына 2 метр отын кетеді. Метрдің орта салмағы 250 килограмм. Әрбір килограмм отыннан қалатын күл – 120 грамм. Бір жылдың ішінде пештен қанша күл алынады?

467) Жеміс ағаштарының жапырағын кішкене ақ көбелектің (алма күлінің) құрты жейді. Әр көбелек орта

есеппен 30 жұмыртқа салады. Бұлардан тағы жаңа көбелектер шығады. Мәселен, жұмыртқалардың $\frac{1}{3}$ -і өледі делік, ал жұмыртқадан шыққан әрбір құрт алма ағашының 25 жапырағын бүлдірсін. Бір көбелектің тұқымы қанша жапырақты бүлдіреді?

468) Жеміс ағаштарының жапырағын жейтін көбелек құртының тағы бір түрі бар. Бұл алма күлінен жұмыртқаны 8 есе артық салады. Мұның жұмыртқасының 0,1 бөлігі ғана өледі. Бір көбелектен қанша жұмыртқа шығады?

469) Сүлеймен көлеңкеден шамалап қараса, телеграф бағанының бойы 4 таяқ, терезенің алдындағы қайыңның бойы 9 метр екен. Бұлардың қайсысы биігірек және шамасы қаншалық биік?

470) Базарда сиыр сары майының қадағы 50 тиын. Кооперативте 1 килограмм май 1 сом 15 тиыннан сатылады. Май қайда арзан, қаншалық арзан?

471) Құрғатқан шалшық жердің 10 шаршы дециметрінен 150 өсімдік шықты. Мұның 16% арам шөптер. 10 шаршы дециметрде керекті өсімдіктер қанша болғаны?

472) Бақшаның (қарбыз, қауын егетін) шаршы метрінен (дұрыс тазартпағанда) 950 шамалы өсімдік табуға болады. Мұның 80% шамасы арам шөп. Бақшаның бір шаршы метрінен қанша арам шөп табуға болады?

473) Шәкірттердің диаграмдары бойынша 10 ашық күн болған. Өзге күндер бұлтты, жаңбырлы болған. Сентябрьде ашық күндер бұлтты, жаңбырлы күндердің неше %-і болады?

474) Былтырғы қыс 200 күнге созылды. Биыл 192 күн болды. Биылғы қыс былтырғыдан неше % қысқа?

475) Бір қадаққа шиенің 80-данасы келеді. Кооператив шиені килограммен сатып алады. Бір килограмға қанша ши кетеді?

476) Көйлекке $4\frac{1}{4}$ кез сиса керек. Магазин метрлеп сатады. Көйлекке неше метр сиса алу керек?

477) Қол машинамен кендірдің дәнінің 1 килограммынан 200 грамм май алынады. Бұмен айналатын машинамен май алатын зауыт одан 50% артық алады. Қол машинасы бір тонна дәннен майды қанша кем алады?

Еңбекті тұрмыс

478) Біздің көрші қаланың мұжығы Тимофей малға беру үшін шалқам екті. 12 килограмм шалқам 3 килограмм жақсы пішеннің орнына жүреді. Ол барлығы 14 қап шалқам алды, әр қабы 65 килограмнан. Барлық шалқам қанша пішеннің орнына жүреді?

479) Бір сиыр жазғы өрісте жүріп, күніне 100 килограмм шамалы шөп жейді. Сиыр егер майдың 5-нен октябрьдің 10-на дейін далада жайылса жаз бойы қанша шөп жейді?

480) Қазақ халқы ешкі асырағыш келеді. Қыстың күнінде ешкіге 1 килограмм жақсы пішен, $1/2$ килограмм астық саламы керек.

Егер, 200 күн асырау керек болса, 2 ешкіге 500 килограмм пішен, 250 килограмм салам жете ме?

481) Ешкі қайыңның бұтағын өте тәуір көреді. Егер оған 2 сәткеде 1 килограмм бұтақ берсе, оның сүті артылады. Егер, бір бұтақтың ауырлығы $3/4$ килограмм тартатын болса бір қысқа 100 бұтақ жете ме?

482) Тауық орта есеппен жылына 73 жұмыртқа салады. Күн сайын 2 жұмыртқадан жеп отыру үшін неше тауық асырау керек?

483) Тауықтың жүні, қауырсыны 125 грамм шамалы тартады. Бір жастықтың ауырлығы 5 қадақ. Осындай жастық істеу үшін неше тауық керек?

484) Молдаш тырнауыш істеп, кооперативке сатып тұрады. Тырнауыштың бір дюжинасы үшін оған 1 сом 50 тиын береді. Қыс бойы Молдаш 24 сом тапты. Ол неше тырнауыш істегені?

485) Ағашы даяр болғанда ол бір тырнауыштың жұмысына бір сағат уақыт өткізеді. Егер 8 сағаттық жұмыс күнімен есептесек, ол неше күн тырнауыш істегені?

486) Екі кісі бір құдықты 15 күн қазды. Сондай құдықты 3 кісі неше күнде қазып бітіреді?

487) Жұмыскер көпірді 3 күнде түзеп бітірді. Сол көпірді 9 кісі неше күнде түзер еді?

488) Бір килограмға 8 сантиметрлік шегенің 100-і кетеді. Осындай шегеден бір тонна істеу үшін ұзындығы қандай сым керек?

489) Қасымның бір оқыған жолдасы Санка Петров орқоян асырайды екен. Бір орқояны 200 күнде 600 грамм түбіт беріпті. Орқояннан 1 килограмм түбіт қанша уақытта түседі?

490) Бір парынан жылына 20 қоян өрбиді. Сегіз айлық қоянның егі 3 килограмм. Сойғанда бұлардың егі қанша болады?

491) Жүрістерді салыстыру

1. Бақа	6 метр бір сағатта
2. Тегіс жердегі өзеннің ағымы	2 километр
3. Адам орта аяңмен	4 км
4. Жегулі ат	7 км
5. Пароход өзен ағынымен	15 км
6. Трамвай	6 метр бір секундта
7. Велосипед	8 м
8. Жүйрік ат	12 м
9. Жүйрік пойыз	17 м
10. Ұшқыр көгершін	28 м
11. Шағала	32 м
12. Автомобиль	40 м
13. Қарлығаш	48 м
14. Аэроплан	55 м

Осыдан үлгі алып, есеп ойлап шығарындар, диаграмма жасаңдар.

492) Бір десятинаға шашылған түрлі өсімдіктердің тұқымы және шығысы: (килограмм иә тонна)

№	Аттары	Тұқым	Шығысы	Пішен иә салам (тоннамен)
1.	Бидай	165	850	2
2.	Қара бидай	145	720	3
3.	Сұлы	250	650	1½
4.	Арпа	160	800	1½
5.	Тары	145	900	2
6.	Баренгі	1½ т	12 т	1/3
7.	Кендір	80	320	1/3
8.	Шалқам	5	48 т	1/3
9.	Жоңышқа	12	240	2½

493) Сержанға доқтыр бір шыны дәрі жазып берді. Мұны 15 тамшыдан күніне 3 рет ішу керек. Шыныда 4 ас қасық дәрі бар екен. Сержан есептеп қараса, бір ас қасықта 4 шай қасық, бір шай қасықта 45 тамшы бар екен. Осы дәрі неше күнге жетеді?

494) Бір шай қасық дәрі 3 грамм тартады. Бір грамға неше тамшы кетеді?

495) Қант ұнтағының бір стақаны 400 грамм тартады. 2 қасық қант ұнтағын салғанда бір стақан шай төтті болып шығады. Бір стақан шайды қант ұнтағының неше грамы төтті қыла алады?

496) Бір стақан су 250 грамм тартады. Көбік қар судан 10 есе жеңіл. Жарты шелек қардың ауырлығын табындар. (Бір шелекте 50 стақан).

497) Есеп шығару үшін жаттығу.

Шелек = 50 стақан

Стақан = 17 ас қасық

Ас қасық = 4 шай қасық

Шай қасық = 45 тамшы

Стақан су = 250 грамм

Стақан май = 230 грамм

Стақан қар = 25 грамм

Тұздың стақаны = 470 грамм

Кірпіш = $4\frac{1}{2}$ килограмм

№ 6 бір табақ қағаз = 10 грамм

498) Шаруа, өсімдіктер туралы мағлұмат

(есеп ойлап шығару үшін)

Аттары	Шетберк ауырлығы		Шығыстың орта %	Қанша уақытта піскені	1 грамға неше дән кетеді
	қадақ	км			
Қара бидай	45	18,42	90	340 күн	45–50
Сұлы	30	12,28	92	110–120	45–50
Арпа	38	15,56	92	115–125	35–40
Кендір	38	15,56	85	100–110	220–230
Гречиха	33	13,61	80	90–95	55–60
Шекілдеуік	26	10,64	90	100–110	30–35
Бұршақ	50	20,47	90	95–100	– 6

499) Осы мағлұматтарды есеп, диаграмма үшін пайдаға асырындар.

Еңбек өнімі

500) Бір десятинаны орақпен ору – 80 жұмыс сағаты.

1 десятина машинамен ору – 3 сағат (*парат, 1 жұмыскер, 9 байлаушы керек*).

Шынжырмен соғу – сағатына бір кісіге 15 бау.

1 десятинаны соқамен жырту – 3 жұмыс сағаты.

1 десятинаны тырмалау – 1 жұмыс күні.

1 десятинаны трактормен жырту – 1 жұмыс сағаты.

1 десятинаға қолмен шашу – $1\frac{1}{2}$ – 3 жұмыс сағаты.

1 десятинаны (*пішенді*) белорақпен ору – 30 жұмыс сағаты.

1 десятинаны машинамен шабу – 6 жұмыс сағаты.

1 десятинаға баренгі орнату – 2 жұмыс күні (*1 ат, 4 жұмыскер*).

1 десятина баренгі қазып алу – 10 жұмыс күні.

1 десятина кендірді тарту – 15 жұмыс күні.

Тік тұрған орманнан 1 кума таяқ отынды арамен кесу – $1\frac{1}{2}$ жұмыс күні (*2 кісіге*).

501) Осы мағлұматтарды есеп, диаграммаға пайдаланындар.

502) Метрдің өлшемдерін орыс өлшемдеріне аудару үшін саты

Метр = 1,4 кез; 36,4 дүйім

Километр = 4888,7 таяқ = 0,94 шақырым

Дециметр = 4 дүйім

Сантиметр = 0,39 дүйім = 0,22 бөршек

Килограмм = 2 қадақ 42,4 мысқал

Грамм = 0,23 мысқал

1–20 метрді кезге аудару үшін дербес саты жасаңдар

1–20 килограмды қадаққа аудару үшін дербес саты жасаңдар.

503) Орыс өлшеулерін метр өлшеулеріне (*анығырақ*) аудару үшін саты

Шақырым = 1 км 66 м 80 см

Кез = 71,1 см

Таяқ = 2 м 13 см

Бөршек = 44 см

Пуд = 34,8 см

Дүйім = 25 см

Пұт = 16 кг 380 г

Қадақ = 409,5 г

Мысқал = 4,3 грамм

1–100 шақырымды, 1–100 таяқты, 1–10 кезді, 1–10 пұтты, 1–10 қадақты метр өлшеулеріне аудару үшін дербес саты жасаңдар.

Жаңа аудан өлшеуі гектар десятинамен бірдей деуге болады. Өрбір қабырғасы 100 метрлік шаршы гектар болады.

Aa	Bb	Pp	Tt	Dd	Rr	Zz
ا	ب	پ	ت	د	ر	ز
Ss	Cc	Jj	Qq	Kk	Gg	Ĝĝ
س	س	ج	ق	ک	گ	ع
Ll	Mm	Nn	n	Oo	Uu	Vv
ل	م	ن	گ	و	ۇ	ۋ
Bb	Yy	Ee	Hh	'		
ى	ي	•	•	دايه گشى		
Adet adet emes, jon adet.						

Қазақ арасына дүние
көбірек жайылса, әрбір аурудан
сақтанар жолын білер еді ...

Міржақып



ЧУМА ҚАНДАЙ АУРУ? ОДАН ҚАЛАЙ САҚТАНУ КЕРЕК?

Чума қазақ жерінің біразында көптен бері зөрін шашып, талайдың басын жұтып келе жатқан ауру. Чумадан жаман ауру жоқ.

Чума Орал губерниясында 1904 жылы басталды. Сол жылы Сарайшықта 406 адам өлді. 1907 жылы Қызыл-молада 11 адам өлді. Жымпитыда 1909 жылы 218 адам, 1910 жылы 5 адам, 1911 жылы 14 адам, 1912 жылы 55 адам өлді. Князь ауданында 1913 жылы 405 адам, 1914 жылы 17 адам өлді.

1914 жыл мен 1924 жыл арасында чума Орал губерниясынан үзілген жоқ. Бірақ, қолда анық цифр болмағандықтан, қанша адам өлгенін көрсете алмай отырмыз.

Бөкей елінің жерінде чуманың алғаш білінуі 1899 жыл. Сонымен қазақ жерінде чуманың ұясы саналатын Орал, Бөкей еді, ол елдермен сыбайлас Астрахань жері еді. 1923—1924 жылдары чума Қарақалпақ елінің Оңтүстік шегінде де білінді. Онда жүздеген адам құрбан болды. Бұл арада білінген чума Орал, Бөкейдегімен байланысы жоқ. Мұның қайдан шыққан, қалай шыққан себебі ашылмай қалып отыр.

Ал енді жуырда Адай үйезінде чума білінді. Бұл туралы «Ауыл тілі» газетінің 17-санында оқығанымыз мынау:

«Адай үйезінде чума білінген екен. Бұл туралы Адайдың төңкеріс комитеті хабарды октябрьдің бірінде ғана алған. Бір жетіден кейін Астраханьнан бастығы профессор Никаноров болып дәрігерлер шыққан. Чума Адайдың орталық қаласы Кетіктен (*Порт Александровский*) 400 шақырым Құлғара деген жердегі 11 үйлік екі ауылда білінген екен. Бұл екі ауылдың бар адамы 68 екен, соның 38-і ауырып, бәрі де өлген. Бұл ауру августың ортасында

білінген екен. Чумадан шошынған ел өзі де бірімен-бірі араласпай, сақтанған көрінеді. Октябрьдің 24-де сол маңайдағы ауылдардан 3 адам ауырып өлген. Доктырлар тексеріп карағанда, бұл маңда тышқан қырылған екен, чуманың тарауы содан болған деседі.

Доктырлар жұмыс бітті ғой деп Саратовқа қайтқан екен, жуырда Адай төңкеріс комитетінен тағы да чума білінген жерлер бар деген телеграмм алынған. Бү жолы чума Кетпек қаласынан 120 шақырым жерде білінген. 9 адам өлген. Тезірек қам қылынбаса, ауру қалаға жетіп қалу қаупі бар деген. Дәрігерлерге телеграмм беріліп, тезірек қайтадан бара көріндер деп тапсырылған.

Бұл Адай үйезіндегі чуманы құртуға Астраханнан шыққан дәрігерлер не істеп, не қойғанын, қалай жүріп, қалай зерттегенін толық көрсететін сол дәрігерлер бастығы профессор Никаноровтың Қазақстан саулық сақтау комиссариатына жазған баяндамасы бар. Оқушыларды мұнымен таныстырудан бұрын чуманың қандай ауру екенін айтып өтелік.

Чуманың тегі – көзге көрінбейтін уақ құрт. Адамның ішкі сарайына кірумен құрт індет болып жабысады. Үлкейтіп көрсететін құралмен карағанда, чума құрты екі басы домалақтау қысқа таяқ тәрізді болады. Адамның ішіне кіріп алған соң чума құрты көбейіп, денеге уын жайып, ауырған кісіні өлтіреді.

Чума төрт-бес күннің ішінде адамды алай-түлей қылады. Чуманың түрі екеу. Бірі – без ісітетін, екіншісі – өкпеден алатын болады. Без чумасының белгісі мынау: әуел ауырғанда кісі сүле болып жүреді де, содан кейін қатты бас ауруы пайда болады. Ауру лоқсып, құса береді. Өл кетеді, адамның тұла бойы қызып, жүрек тамыры қатты соғады. Аурудың бет ажары өзгеріп, көзінен нұр кетіп, алақтап, есірік кісі сықылды тәлтіректеп, әлсірейді, көз еті қызарып, шап, қолтық, тамақ бездері шошып, іседі. Қолмен ұстағанда, бұл бездер ауырады. Без чумасы – үш-төрт күннен әрі кетпейді. Ауру өледі. Өлмесе, ақырындап оңала бастайды. Іскен без қайтады иә іріндеп барып жарылып, бітіп кетеді. Без чумасынан гөрі өкпе чумасы қорқыныштырақ. Өкпе чумасынан жазылу жоқ. Шаншу болып тиіп, жөтелтіп барып, қан түкіртеді. Өкпе чумасында адам әлсіреп, қатты қызып, басы ауырып, демін қиналып алып, тамыры қатты соғып, өледі. Бұл чума үш күннен артпайды. Без чумасында құрт ішкі сарайға кісінің терісінен кіреді. Денесінің бір

жерінде жарасы болса, бит-бүрге сықылдылардың шаққан орындарынан кіреді. Өкпе чумасы демнен, мойын, ауыз арқылы кіреді.

Чума біреуден біреуге күйедей жұғады. Ауру баққандарға, аурудың көңлін сұрай келгендерге, араласып жүрген адамдарға өте жұғымпаз болады. Өте-мөте өкпе чумасы жұғымпаз. Ауру сөйлесе, қақырса, түкірсе, сілекейін шашыратып жұқтырады.

Чумадан өлген адамды жуғандар, киім-кешегін, төсек орнын алғандар ауырады. Тышқан, балпақ, саршұнақ, қарабауырлар чумамен ауырғыш болады. Чуманы елге жаюға осылар да себепкер. Кір, лас, қараңғы, дымқыл, адамы көп үйлерге де чума құрты әуес келеді. Өсіресе бүргесі, биті, қандаласы көп үйлерге өш. Чуманың жалпы түрі, міне, осындай.

Енді оқушыларды профессор Никаноровтың баяндамасымен таныстыралық. Баяндаманың мазмұны.

Октябрьдің 12-күні 4 дәрігер төңкеріс комитетінің өкілі Бағдаулетұлымен бірге автомобильге отырып, чума білінген Қаратөрткүлге жөнелдік. 180 шақырымдай жақсы жүрдік, тек бір-екі асуда ғана автомобильді түйемен сүйретуге тура келді. Одан әрі жүрісіміз өнбеді. Жол жаман болды, жолдағы тастарды өзіміз аршып отырдық. Сай-салада қырсық болды, көп уақытымыз босқа кетті. Жол осындай ауыр болғандықтан, күніне орта есеппен 50 шақырымнан артық жүре алмай, октябрьдің 17-күні кешке ауру бар деген жерге келіп жеттік. Келсек, көшіп кеткен ауылдың жұрты жатыр, ондай-мұндай нәрселерін тастап, үркіп кеткен тәрізді. Қалдырған нәрселерінің өртенгендері бар.

Елді тауып алып, аурудың мән-жайын сұрастырсақ, былай болған. Сентябрьдің орта кезінде Құлғара құдығында отырған бір ауылда үш жасар қыз бала 10 күндей ауырып, өледі. Оның артынан қыздың шешесі ауырып, үш күннен кейін ол өледі. Қыз – оң жақ қолтығым ауырады дейді екен, жөтелетін болған, қан түкірген. Бұларды қойғаннан кейін үш күннен соң ауыл үстіртке көшіп шығады. Бұ жерге қонған соң кешікпей 20 адам ауырады, бұлардың бәрі де өледі. Сұрастыра келсек, бұлардың бәрі де жөтелетін болған, қан түкірген, кенет өліп кеткен. 20-сы өлгеннен кейін ауылдың адамы да азайған, ауру тоқталғандай болған, өлгендерін шала көмген, жаназа оқу сықылды ырымдар да істелмеген.

Ауру тоқтаталғаннан кейін ауыл адамдары есін жияды, енді өлгендерін дұрыстап арулап қоймақшы болады, жаназа оқытуға «Бабас» деген жерден молданы шақыруға бір кісі жұмсайды. Шақырушы Бабастағы ауылға барған жерінде өледі. Содан кейін сол ауылдың адамдары ауыра бастап, ауылдағы 32 адамның 16-сы өледі, ең соңынан молда өледі.

Сөйтіп, бірнеше күннің ішінде екі ауылдан 38 адам ауырып өледі.

Бұдан кейін ауру тағы да тоқталады. Енді біреу тұрып, молданы дұрыстап қоймақшы болады. Сөйтіп жүргенде тағы 3 адам ауырып, үшеуі де өледі. Сонымен екі ауылдан аз күннің ішінде 41 адам өледі.

Елдің айтуына қарағанда, бұл өлген адамның бәрі де чумадан өлген-ау деп шамаладық. Сөйтсе де, анықталық деп үш адамның сүйегін қазып алып қарадық. Қазып алынған сүйектің бірі алғашқы өлген қатындікі еді. Өлгеніне бір ай болған, өзі жердің үскі қабатына ғана көмілген екен, денесі шіріп кеткендіктен еш нәрсе айыра алмадық. Одан кейін өлген қыздың сүйегін аштық. Оның қолтығынан без таптық. Бабастағы ауылға бір доқтырды жіберіп, ең соңғы өлген молданы сойғыздық. Молданікі өкпе чумасы болып шықты. Осыдан кейін ауырғандардың бәрі чумадан өлгеніне өбден көзіміз жетті.

Біз енді бұл арадағы елге чуманың қайдан келгенін, неден жұққанын білгіміз келді. Сол мақсатпен біз тышқан, саршұнақ сықылдыларды зерттеуге кірістік. Құлғарадан саршұнақ табылмады, індерінде жатып қалған екен. Тапқанымыз тышқан болды. Тышқандардың інін қазып қарасақ, толып жатқан сүйек, қаудырлап қалған тышқанның терісіне кездестік. Сөйтіп жүргенде жаңада ғана өлген бір тышқанның өлімтігін таптық. Тексеріп қарасақ, тышқандар чумадан қырылған екен, содан барып ауру елге жұққан екен.

Тышқанның індеті бар жерде алдымен чумамен ауыратын балалар болады. Өйткені балалар тышқан ұстап ойнайды; әлсіз, ауру тышқан қолға тез түседі. Қолға түскен тышқан балаларды иә тістейді, ауруын сонымен жұққызады, иә тышқанның бүрге сіркесі баланың денесіне түседі. Тышқанды шаққан бүрге чума құртын жұтып, адамға қонғаннан кейін, денесін шағып, сілекейімен адамға жұқтырады иә бүргенің нәжісінен жұғады.

Осылайша тексере келгенде, Құлғара құдығындағы елге чума тышқаннан жұққанына көз жеткендей болды: алғашқы

өлген қыз бала тышқан ұстаймын деп, ойнап жүргенде ауырды деуге қисыны бар.

Жоғарыда айтқанның бәрін қорыта келгенде ойға келетін бір нәрсе мынау. Чума сықылды өте жұкпалы, өзі тез тарайтын ауру аз уақыттың ішінде қалайша тоқтала қалды?

Мұның мәнісі былай: елдің өзі чуманың тоқталуына қам қылған. Біз сұрастырып қарасақ, бүкіл ауыл адамы болып сөз байласқан: кімде-кім ауырғандай болса, оңаша үйде жатсын дескен. Осыны орындаған. Аурулар бөлек үйде жатқан, сонда өлген. Тек саулары оларға тамақ, сусын ғана апарып беретін болған. Міне, сондықтан ауру тез тиылған. Және де біз өз көзімізбен де көрдік. Ел өлген адамнан қалған (*киім-кешек, төсек-орын сықылды*) нәрселерді өртеп жіберген. Аурудың тез тоқталуына бұ да себеп болған. Біз өз тәжірибемізде елдің чума ауруына қарсы мұндай сақтық қамын істегенін көрген емес едік. Біздің Адай елі, надан да болса, чума сықылды опатқа қарсы қам қыла біліп, қолдарынан келгенше сақтана білген. Қаптап келе жатқан қалың пәледен сөйтіп құтылған. Чума білінген жерлерді аралағанымызда, біздің байқағанымыз: ел жаман шошынған тәрізді, бұған елдің дүние-мүлкін тастап алыс жерге көше қашқандығы дәлел.

Осы айтқанның бәрінен бұл арада болған ауру чума екендігі көрініп тұр.

Сіздерге керекті екінші мәселе мынау: Егер бұл араның тышқанында чума болса, тышқаннан бұл ауру көп жылдарсыз арылмайды. Ғылым, тәжірибеге қарағанда, тышқан чумасы тез тиылмайды, көп уақытқа созылады, тұқым қуып та қалады, мұны біз республикамыздың көп жеріндегі сарығұнақты зерттеуімізден де білеміз. Сондықтан Адай жеріндегі тышқан чумасы көпке созылады. Олай болса, бұл елдің адамына да чума дүркін-дүркін білініп тұруы мүмкін.

Ел арасында тағы да чума болмауы үшін біз не істедік? Бұдан былай да не істеу керек? Біз, жоғарыда айтқанымыздай, чума жайын тексердік, зерттедік. Елдің тастап кеткен мүліктерін ауру жұқтырмайтын қылдық. Біз елмен қоян-қолтық келіп отырып сөйлестік, кімнің қалай ауырғанын естідік. Елге чуманың қандай ауру екенін, қандай зияны барлығын, қалай сақтану жолдарын түсіндірдік. Сөйтіп, елде әзірше адам чумасы тоқталды, бірақ тышқан чумасы қалды. Сондықтан тышқан арқылы чуманың адамға

тағы да жұғуы ықтимал. Бұдан құтылу үшін тышқан біткенді қырып бітіру керек.

Бірақ бұл әзір қолдан келмейтін жұмыс. Чумадан сақтану үшін әзірше істейтін жұмыс, докторлар дүркін-дүркін тышқанның жайын біліп тұруы керек. Өйткені тышқан чумасы адамға чумадан тышқан қырылған кезде ғана болады, мұны біз Бөкей губерниясының жерінде, тағы да өзге аудандарда тәжірибе жүзінде көрдік. Қазір Адай үйезінде чума бірсыпыра тышқанды қырып кетті. Ауырған тышқандардың іні құдық пен ауылдың арасындағы жолда болған. Сондықтан елдің бір ескеретін нәрсесі тышқанның бар жерін, ауырған жерін біліп, сақтануы керек. Одан кейін ол чума неден жұғатынын, одан қалай сақтану жолын білуі керек. Бұл жөнінде Адай елі доктордың ақылын алатынына көзіміз жетті. Жергілікті әкімдер тышқанның жайын байқап жүріп, тышқан өлімі білінсе-ақ, саулық сақтау мекемелеріне білдіріп отыруға міндетті болсын. Бұлай деуіміздің мәнісі – бұл арада тышқанның көп қырылғанын көрдік. Тағы да қырылар деп ойлаймыз. Докторлар чума болған орындарды зерттеп отырсын. Әдейі арнап тышқан зерттейтін жасақ шығарып, қуу керек. Бұлар тышқанды зерттеп, қырумен болсын.

Міне, біздің істеген ісіміз, чуманы құрту жөнінде айтар ақылымыз осылар.

1-сұрақ: Түлкі, қасқыр, тағы басқа айуандарға тышқаннан чума жұға ма?

Жауап: Қоянға жұғады, түлкіге одан кем жұғады, күзенге одан да аз жұғады; өзге жануарлардан чума жұғатын түйе. Түйеден чума адамға сойған уақытта жұғады.

2-сұрақ: Маңында тышқан өлген құдықтарды жауып тастау керек пе, ондай құдықтардан су ішуге бола ма?

Жауап: Адай жеріне құдық қымбат, сондықтан жабудың керегі жоқ. Елге чуманың жұғатынын түсіндіру керек, ектіретін қылу керек. Суда чума құрты 30 күн шамасындай ғана тұра алады, одан кейін өліп қалады. Суды қайнатса, құрт дереу өледі. Сондықтан чума құрты болғанда да, суды қайнатып ішсе қорқыныш жоқ.

3-сұрақ: Чума жылдың қай кезінде көбірек болады?

Жауап: Жазды күні болмайды, бізде көбінесе күзден басталады.

4-сұрақ: Еккеннен пайда бар ма?

Жауап: Ағылшын елінде елге чума егіледі. Біздің ақылымыз чума білінген жерлерде ғана егу керек. Егуден пайда бар.

5-сұрақ: Тышқан, сірә, басқа жаққа ауа ма?

Жауап: Ауады. Тышқанның аууы жердің отына қарай болады. Бірақ ауса да тым көп жерді қаптап кетпейді.

6-сұрақ: Бұл араның тышқанына чума қайдан жұққан?

Жауап: Бұдан екі жыл бұрын біз Түркістанда тышқанның чумамен ауырғанын тапқамыз. Бұрынырақ Хиуада солай еді. Адайға чума ауруы сол жерлерден келді ғой деп ойлаймыз, өйткені Адай елі көп жерге көшеді ғой. Адайға чума Орал губерниясының жерінен де келуі де мүмкін.

МЕРЕЗДЕН ҚҰТҚАРДЫ

(Н. Ановтан)

2 перделі, 3 суретті пьеса

Ойнаушылар:

Е р ж а н, М ұ қ а ш – жазғы демалысқа Ержанның ауылына келіп жатқан комсомол ұйымындағы рабфак студенттері. Жастары 18-де, 3 жылдай үлкен қалада тұрған. Киімдері орысша.

З е й н е п – Ержан ауылындағы ұзатқан апасына келіп жатқан қыз.

Д о қ т ы р – Қазақстан саулық сақтау комиссариатының ауру зерттейтін көшпелі жасағының бастығы.

Ауыл кеңесінің ағасы (*ауылнай*).

Б а л а.

Ө н ш і.

Б ә й б і ш е – үй иесі.

С а р б а с – Зейнептің қайын атасы.

Ауру зерттейтін жасақтың қызметкерлері.

Ауыл адамдары.

БІРІНШІ ПЕРДЕ

Ауқатты қазақтың үйі. Зейнеп жылап отыр. Қайғылы күйде. Біреу-міреу жылағанын естіп қала ма дегендей елеңдеп, есік жаққа қарап қояды. Киіз үйдің есігі ашылады. Ержан кіріп келеді. Зейнеп көзінің жасын сүртіп, жылағанын сездірмегісі келеді.

БІРІНШІ КӨРІНІС

(Ержан, Зейнеп)

Е р ж а н. Зейнеп, жылап отырмысың... не болды саған? Немене? Айтшы... айтшы, қарағым (*Зейнептің қасына келіп отырады*).

З е й н е п (*қамығып отырғанын білдірмеу үшін жайдары-сыл*). Кім айтты саған жылады деп?.. Жылағам жоқ.

Е р ж а н (*сенбей, басын шайқап*). Жасырмай-ақ қой-сайшы... Менен несін жасырасың?.. Неге жылайсың, пыныңды айт, одан да. Маған сенбейсің бе? (*Түрегеліп, ерсілі-қарсылы жүреді*). Мені жатырқайтын не жөнің бар, көрісіп отырғанымыз бүгін емес. (*Зейнепке жақындап, қолынан тартып*) сырыңды айтшы, жаным...

З е й н е п (*қабағын шытып*). Менің сенен жасыратын түгім жоқ. Осы үй оңаша, кел, сөйлесейік деген соң, қыздардан амалдап бөлініп шығып келіп отырмын. Көне, өзің айт. Неге кел дедің?

Е р ж а н (*жымыңдап, қуанып, қызды құшақтайды*). Зейнеп, талай сөйлессек те, тура айтуға бата алмай жүруші едім, енді айтпасқа болмайды, мен... сені... сүйемін... (*Сүйгісі келеді*).

З е й н е п (*Ержанды ақырын итеріп*). Жоқ, жарамайды, Ержан, ұят емес пе, қойшы... ұяламын... қорқамын (*бұлқынып, орнынан тұрып кетеді*).

Е р ж а н. Міне, қызық, неменесіне қорқасың. Мен сондай-ақ... (*Зейнепке тағы жақындайды*).

З е й н е п. Қойшы, осыныңды қойшы.

Е р ж а н. Зейнеп! (*Зейнеп біролай, бір бұлай жүріп, бұлтара береді. Ержан соңынан қалмай, ұстайды. Бетінен сүйіп-сүйіп алады. Маңдайынан сипап уатады.*) Мені ренжітті деп өкпелеме, қалқам. Сені мен ренжітпеймін. Сенемісің менің сөзіме? Не деп айт дейсің? (*Зейнептің иығына басын сүйеп, ауыр күрсінеді.*)

З е й н е п. Мұның не, Ержан, неге күрсінесің, құдай менің қағымнан сақтасын...

Е р ж а н. Күрсінбей қайтейін, сенімен танысқаным екі ай болды, содан бері ояу болсам ойымнан, ұйықтасам түсімнен кетпейсің. Ынтығым саған күннен-күнге күшеюде, міне, енді жүрегімнің жұмбағын бүгін саған шешкелі отырмын.

З е й н е п. Мен сенің не айтқалы отырғаныңды сеземін. Бірақ... Не айтарымды білмей, дағдаратын сықылдымын, әсіресе бүгін...

Е р ж а н. Неге бүгін?.. Бүгін не болды саған?

З е й н е п. Мен ауылға қайтамын. Әкем келіп, алып қайтпақшы. Үйде де көп тұра алмаспын... *(күрсінеді).*

Е р ж а н. Неге? Неге?

З е й н е п. Білетін шығарсың ғой, жорта білмегенсінсің. Сарбастың баласы Көбекке мені беріп қойғанын естімей жүрсің бе? Малың алып бітірген. Мені кешікпей ұзатпақ.

Е р ж а н. Жоқ, олай болмас... Бірақ Көбекті сүйетін шығарсың, өзің, онда.

З е й н е п. Беу, Ержан-ай, мені күйдіруге айтасың-ау, мен оны сүйетін болсам, мұнша қайғырар ма едім.

Е р ж а н. Өзің сүймесен, неменеден қорқасың. Әйелді малға сату қалғанын әлі күнге шейін білмей жүрсің бе, сені кім зорлап береді?

З е й н е п. Әке-шешемді ренжітпегім келеді. Олар бата бұзғысы келмейді.

Е р ж а н. Ммм... Түсіндім. Мұның балалық, Зейнеп, сүймеген адамға бармауың үшін әке-шешеннің ренжігені сөз емес. Адам түгіл, туған баласын айуан да жақсы көреді, айуан да аяйды. Сенің әке-шешен әдет-ғұрыпқа сүйеніп, сені сүймеген адамға берем деуі адамшылыққа да, әділшілдік жолға да сыйымсыз. Бұл ретте әке-шешеннің тілін алмауың күнә да емес, ұят та емес. Бүгін әкең келетін болса, енді оңаша сөйлесе беру қиын да болар, көңілің менде екені шын болса, міне, енді ашып айтар кезің келді... Мен сені қор қылмаймын, мен сені елден әкетем, көне, не айтасың?

З е й н е п. Мен не айтайын. Сені сүюін сүйем, бірақ... жүргенше тағы ойланайын.

Е р ж а н. Не ойлайтыны бар. Қазір айт, қалқам... *(Зейнепті сүйеді. Екеуі сүйіседі).*

ЕКІНШІ КӨРІНІС

(Бұрынғылар мен Мұқаш)

М ұ қ а ш *(кіріп келеді, сүйісіп тұрған қыз бен жігіттің үстінен шығады). Қайырлы болсын. (Мұқаш күледі. Зейнеп ұрылып, шығып кетеді.)*

Е р ж а н (*сәл ұялғандай болып*). Соғылған, сен жоқ жерде қайдан келіп қалдың?

М ұ қ а ш (*ыржалаңдап*). Жоқ жер ме екен?.. Бірақ мен кетейін.

Е р ж а н. Енді кеттің не, кетпедің не, бүлдіріп тұрып...

М ұ қ а ш (*отырады*). Мен танертеннен бері мылтық тазалаумен әуреленіп жатыр едім, құс атуға шықпақшы едім. Сені қайда жүр десем, сенің өз құсың өзінде екен ғой (*қарқ-қарқ күледі*).

Е р ж а н. Мұқаш, қылжақты қойсайшы.

М ұ қ а ш. Жарайды, жарайды... Басқа бір естіген сөзімді айтайын. Кеше сен Шалдыбайларға кеткенде, мен құсқа шыққамын. Аржақта Орынбайды көрдім. Содан естігенім – осы елде қаладан келген доктыр жүр дейді, ауру қарайды; дәрі береді, мерез ауруы жайынан лекция оқиды дейді. Орынбайдың айтуынша, қазақтың бақсы-балгерлері ел арасына өтірік сөз таратып, доктырды құбыжық қылып көрсетіп жүрсе керек. Соларға нанып, доктырға көрінбей, жасырынып қалып жатқан аурулар болса керек. Осындай соғылғандар-ақ өзі надан елдің түбіне жететін болды-ау. Орынбай айтады: Таймінер ауылында бір қатын мерез екен, баласын тастай береді екен, сол қатынды емдетуге бақсы шақырады, бақсы қара қоймен қағады. Қара қойдың етіне тойып, терісін қанжығасына байлайды. Өзге де олжалары болады. Жүрерде қатынға сиырдың жапасын тарттырып кетеді. «Бірсыпыраға шейін осыны тарта бер, мың да бір дауа» дейді. Бірақ бұдан қатын жазылмайды. Бұрын баласын тастай беретін болса, енді екіқабат болудан қалады. Қайта, қарынында құрт пайда болады. Міне, шырағым, қараңғылық қалай. Әй, бәлем, сол бақсы қолыма түссе, жанын жөндемге жіберер едім, оллаһи.

Е р ж а н. Пай-пайдың қатаңын-ай!

М ұ қ а ш. Қалжыңы жоқ. Елге мерез, құлғана сықылды жұқпалы аурулардың осынша көп тарау себебі солардан емес пе? Надан ел соларға сенемін, соларға емдетемін деп, осындай күйге жетіп отыр. Осы елде талай мерезді көрдім.

Е р ж а н. Түпу, Мұқаш-ай, мерез-серезінді қоя тұршы. Менің ойым қазір басқа нәрседе... мен... менің ойым қазір жалғыз Зейнепте ғана. (*Орнынан тұрып, ерсілі-қарсылы жүреді*.) Мұқаш, сен не білесің?

М ұ қ а ш. Не білейін, еш нәрсе білмеймін.

Е р ж а н. Мен Зейнепті сүйемін.

М ұ қ а ш. Міне, қызық, оның неменесі бар. Зейнепті мен де сүйемін.

Е р ж а н (*кейін*). Мұқаш.

М ұ қ а ш. Ал, ал, немене, Зейнепті сүймеуге бола ма? Зейнеп тамаша қыз деп, аузыңнан сілекейің ағатын. Сен қызыққан қызға өзге кісі қызықпай ма екен?

Е р ж а н. Өзіл бір басқа, шын бір басқа. (*Ойланып, тоқтап тұрып.*) Жок, менің сүюім өзгеше, сенің сүюіндей емес. Қалай деп айтайын... өйтеуір өзгеше сүйемін.

М ұ қ а ш. Әй, сен өзің қызық екенсің. Сен өзгеше сүйгенде, басқа кісі өзгеше сүйе алмай ма екен? Қайдан білесің. Мен де өзгеше сүйетін шығармын.

Е р ж а н (*ашуланып*). Бәтір, қалжыңды қойшы, жаныма бататын қалжыңды айтпа маған, шын жолдас болсаң.

М ұ қ а ш (*күлімсіреп*). Жарайды, ендеше, қалжыңдаймын. Саған батып кеткен екен ғой.

Е р ж а н. Мен сенімен ақылдасқалы отырмын. (*Үй ішінде ерсілі-қарсылы жүріп.*) Тыңда. Мен жеңіл-желпі жұмысқа кіріскелі отырғаным жоқ.

М ұ қ а ш. Құлағым сенде.

Е р ж а н. Мен Зейнепті сүйемін.

М ұ қ а ш. Манадан бері естіп отырмын.

Е р ж а н. Зейнеп те мені жақсы көреді.

М ұ қ а ш. Оны өзі айтты ма?

Е р ж а н. Білемін.

М ұ қ а ш. Өзі айтпаған болса, сабыр ет, аптықпа.

Е р ж а н. Білмесем, айтам ба бұл сөзді, екеуіміз сүйіністік. Міне, Мұқаш, сырым, мен Зейнепті алғым келеді.

М ұ қ а ш. Үйленгім келеді, қатын алам деймісің? Не дейсің, қайтадан айтшы. (*Кекетіп күледі.*)

Е р ж а н (*қызараңдап*). Әй, сен неге жырқылдайсың мұнша.

М ұ қ а ш. Үйленем деп отырсың ғой. (*Тағы күледі.*)

Е р ж а н. Оның не күлкісі бар?

М ұ қ а ш. Осыны шынымен айтып отырсың ба?

Е р ж а н. Сен жыңды шығарсың, Мұқаш, шынымен айтпағанда... Манадан бері не тыңдап отырсың?

М ұ қ а ш (*ойланып*). Ым... мм... солай еді десейші. Жарайды, жігітім, үйленемін де. Мұндай ақыл ойыңа қайдан түсті?

Е р ж а н. Қайдан түскені несі, Зейнепті сүйдім, сондықтан үйленемін. Бұл арада ақылдың не қатысы бар.

М ұ қ а ш. Қош... содан кейін?..

Е р ж а н. Содан кейіні жоқ. Зейнепті өмірлік жолдас қылғым келеді. Зейнептің өзге біреуге қор болғанына, басқаның қатыны болғанына риза емеспін. Мұның несіне танырқайсың сен?

М ұ қ а ш (ойланып). Бұ туралы саған не айтарымды білмеймін. Өзің ойлап қарашы, жасың 18-де, өзің оқып жүрсің әлі. Өзің асқан зерексің, оқу жолында әлі де көп жылдар жатыр. Оқуынды тастауға болмайды. Қатын алған адамның аяғы шырмалады. Келер жылы рабфакты бітіргелі отырсың. Одан әрі жоғарғы мектепке түсесің. Сен анау-мынау емессің, оқуға жақсысың. Сен ірі адам боласың. Мұны жұрт та сезеді. Өзің де білесің. Ал енді Зейнепке келелік. Рас, Зейнеп сұлу қыз, бірақ оқу-жазу білмейді, ешнәрсе көрмеген. Осындай қыз саған жолдас болуға жарай ма? Екеуіннің ойың, пікірің, дүниеге көзқарасың басқа, екеуің қалайша тең боласындар? Және бір сөз, өзің ақылға салып қарашы. Сенің осының шын сүю ме? Жаз елге келдің, ерігіп жүріп, Зейнеппен таныстың. Сүйдім дейсің. Кәне, бір айдан соң Мәскеуге барады екеміз, сонда әрі-беріден соң сабақтың қызығына түскен соң, Зейнебің ойыннан шығып кетуіне менің көзім жетеді. Нанбасаң көрерсің, айтқаным келер.

Е р ж а н. Мұқаш, бұлай деме. Менің сүюім – шын сүю. Зейнеп маған шын жолдас, шын жар болады деп сенемін. Қысты күні театрға барып жүргенімізде орыс қыздарымен танысқанымыз есінде ме? Мен сонда солардың біреуін, ана біреу шашын күзеген, бұғағы...

М ұ қ а ш. Мәрусәні айтқалы келесің ғой.

Е р ж а н. Иә, сол Мәрусәні сүйгендей болғамын. Бірақ мен соны алмақ болғам ба екем? Жоқ, мен – қазақ, мен – кең даланың баласымын. Менің үшін қырдың қара көзі қаланың бұраң белдерінен жүз есе сүйкімді, мың есе артық. Сен мені жассың дейсің. Зейнеп менен де жас емес пе. Жаста не бар, мен оқып жүрмін. Әкем қолынан келген жәрдемін аяп жүрген жоқ. Мен Зейнепті алсам, әкем менен безе ме? Зейнепті мен оқыта алмаймын ба, хат танытпаймын ба, көзін ашпаймын ба? Не керегі бар. Сен, Мұқаш, Зейнепті мендей жақсы білмейсің ғой. Екі айдан бері мен Зейнептің қандай қыз екенін әбден білдім. Мінез-құлқымен жақсы таныстым. Оқымаған, надан, қырдың қызы, басыңа масыл, аяғыңа тұсау болады дегің келеді. Зейнептің оқуға қандай құмар екенін сен білмейсің ғой. Мен Мәскеудің жайын, өзіміздің үшкөл жайын, комсомол жайын сөйлегенімде, Зейнеп қандай тыңдайды. Осы күннің өзінде-ақ Зейнептің көзі ашылып

қалды. Жаңа өмірге талпына бастағандай, өке-шешесінің көңіліне қараудан да қайтатын түрі бар. Мұнысы түсінгендік емес пе? Қазақ қызының көбі, әсіресе Зейнептей жас кезінде, оп-оңай түсіне бермейді. Зейнепті жарыққа шығару, оқуға ынталы қылу енді қиын жұмыс емес.

М ұ қ а ш. Солай-ақ болсын. Бірақ қалыңмал алып, Сарбас баласына бермек болып қойғанын қайтесін?

Е р ж а н. Ол сөз емес. Ерегісsem, мен қалыңмал бергені үшін Сарбас-Марбасыңды абақтыға жаптыруға бармын.

М ұ қ а ш. Әй, білмеймін...

Е р ж а н. Не білмейтіні бар, қалыңмал туралы декрет тұрғанда білмейтін, қолдан келмейтін түк жоқ.

М ұ қ а ш. Декрет бар ғой, бірақ сол декретті қырда жұрттың бәрі бірдей орындай бермейтін көрінеді-ау.

Е р ж а н. Ол жағынан уайым қылма.

М ұ қ а ш. Ендеше, жарайды, мен сенің айтқаныңнан шықпаймын. Өкел қолыңды. *(Қолын береді.)* Бұл жұмысқа мен де кірістім.

ҮШІНШІ КӨРІНІС

(Сырттан дауыс естіледі. Ержан мен Мұқаш тыңдай қалады. «Әнші келді. Төлеу келді» деген сөздер.)

М ұ қ а ш. Төлеу келіп қалғаны ма?

Е р ж а н. Солай болғаны ғой. Ол саған келе жатқан шығар. Сенің қазақтың ауыз әдебиетін жазып алып жүргенінді елдің бәрі біліп болған. Төлеудің өлеңін де жазып алсын, әнін естісін дегені ғой, оның өлеңін жазамысың?

М ұ қ а ш. Әбден жазамын. Естіген сөзді, дұрысы, жақсы-жаман демей, жаза беру ғой *(Үйге бірсыпыра жастар, қыздар кіреді, ішінде Зейнеп те бар).*

Д а у ы с. Төлеу келді, Төлеу. Мұқаш, біз Төлеуді әдейі саған әкелдік. *(Мұқаш пен Ержан Төлеумен амандасады. Келгендер айнала отырады. Төлеудің қолында домбырасы бар.)*

Д а у ы с. Кәне, Төлеу. Мынау біздің Ержанның Мәскеуде бірге оқып жүрген жолдасы, әнге құмар, өлеңдерінді жазып алады, Мәскеуге апарады, кәне, соқ, «Қара торғайға» саламысың. «Екі жиренді» айтамысың, өзің біл. *(Төлеу домбырасын тартып, «Қара торғайға» салады.)*

Т ө л е у:

Қараңғы менің көңілім, бұлбұл ақын,
Алтынды домбыраңмен келші жақын.
Ішек бойлап он саусағым жорғаласа,
Бейістің үні шығар қоңыр салқын.

Қараторғай,
Жүрсін зарлай,
Бейшара-а,-а,-а,
Шырылдайсың-ай
Жерге қонбай.

Атыңнан айналайын келдің қайдан,
Ала үйрек алма мойын ұшар сайдан.
Өй қалқа, мекенінді айтып қойшы.
Адамның жат болмағы осындайдан.

Ақау Кенжеш,
Кел, белің шеш.
Жүрелік,
Күліп ойнап, ертеңді-кеш.

(МұқашТөлеудің әнін тыңдап, дәптеріне кейбір өлеңдерін жазып отырады. Зейнеп пен Ержан қатар отыр. Төлеу ән шырқап, жұрттың назары сонда болып отырғанда, Ержан мен Зейнеп сыбырласып тіл қатысады. Сонан соң Ержан Мұқашты ымдап шақырып алады. Әнші домбырасының құлағын бұрап отырғанда арада екеуі сөйлеседі.)

Е р ж а н (ақырын). Болды, уәде пісті. Зейнеп мана сөйлескенімде «әлі ойланамын» деп еді. Жаңа «Не де болса сенің айтқаныңнан шықпаймын, қайда бастасаң да өзің біл» дейді. Енді қам қылуымыз керек. Енді не істейміз?

М ұ қ а ш. Ендігі жұмыс оңай ғой деймін. Алып қашпай-ақ сөйлесіп алуға да болар деп ойлаймын. Өкеңе білдір, өкең сені жақсы көреді. Не тілегіңе болса да өкең қарсы болмайтынына екі айдан бері менің көзім жетті.

Е р ж а н. Жарайды, мен де солай ойлаймын. Өкеме сенемін. *(Төлеу әнін бітіреді. Жұрт «о, пәлі» деседі. Қол шапалақтайды.)*

Д а у ы с. Тағы бір өн сал. Тағы, тағы. «Ағаш аяқты» айта білемісің? «Маң-маңкер...» «Қарғаға» салсын. Өзі айтсын да, өзіне қоя бер. *(Төлеу «Қарғаға» салады.)*¹

¹ Мұнда көрсетілген өндерді білуші болмаса, ойнаушы өзі білген басқа өндерді салуға болады.

Т ө л е у:

Сәулем-ай, қылығың жаққан маған,
Көңілім кетеді еріп, көрсем саған.
Айдынның ақ құсындай сұлу еркем,
Мұратқа жетерміз бе есен-аман. *(қайыру)*

Уыздай уылжыған нұрлы жүзің,
Мөлдірер қарақаттай екі көзің.
Қылықпен жан тартатын сөйлегенде
Тастайды құр сұлдемді кей мінезің. *(қайыру)*

ТӨРТИНШІ КӨРІНІС

(Бұрынғылар мен бала)

Б а л а *(тыстан кіріп келіп)*. Сарбас келді... Зейнептің қайын атасы келді... Осы үйге келе жатыр.

(Ренжіген түспен Зейнеп үйден шығып кетеді, оның соңынан Ержан мен Мұқаштан басқалардың бәрі де шығып кетеді.)

М ұ қ а ш. *(Ержанға қарап)*. Біз Зейнептің атасын көрейік. Отыра тұрайық.

Е р ж а н. Жарайды. *(Үйге үш кісі кіреді. Алдында пұшық Сарбас. Мerezден мұрнынан айырылған. Қонақтар төрге шығады. Бұлармен бірге артынан үй иесі бәйбіше кіреді. Сарбастар Ержан, Мұқаштармен амандасады.)*

Б ә й б і ш е *(Ержандарға қарап)*. Немене, балалар, мен жоқта біздің үйге қыз ойнақ салып жатырсыңдар ма? Бұл отау үй емес еді ғой.

Е р ж а н. Шеше, мұнда еш нәрсе істегеніміз жоқ. Төлеуге ән салдырдық.

Б ә й б і ш е *(қонақтарға қарап)*. Сіздерге мал союға отағасымыз үйде жоқ, даяр ет бар.

С а р б а с *(кеңсірігінен сөйлеп)*. Жарайды, бәйбіше, болады. *(Бәйбіше шығып кетеді. Қонақтар өзара кеңкілдесіп, сөйлесіп отырады. Ержан мен Мұқаш шетте отырып, өзді-өзі Сарбасты сөз қылысады.)*

М ұ қ а ш. Сарбас осы де... Зейнепті осының баласына бермек қой.

Е р ж а н. «Мерекең» мұрнын жұрдай қылғанын қара.

М ұ қ а ш. Мұның ғой, дәу де болса, баласы да ауру.

Е р ж а н. Ауруы сол, баласының да мұрыны осындай.

М ұ қ а ш *(басын шайқап)*. Япыр-ай, Зейнепті соған бергелі жүрген... Әй, қазақшылықты қойсайшы.

Е р ж а н. Қазақшылық деген наданшылық деген сөз ғой. Қайтып қана шыдарсың, осындай пұшыққа Зейнепті бергелі жүрген қазақтың ісіне.

М ұ қ а ш. Рас, Зейнепті оған қор қылуға болмайды екен. Сенікі дұрыс екен.

Е р ж а н. Зейнепті сүю өз алдына, сүймесем де Зейнеп сықылды қыздың қор болғанына риза болмас едім. Мен енді, не де болса, шыдадым. Зейнепті алмай қоймаймын. *(Бәйбіше етәкеледі, қонақтарға су құйып, алдына табақ қояды.)*

Б ә й б і ш е *(Ержан мен Мұқашқа)*. Отырындар, балалар. *(Табакқа шақырады.)*

Е р ж а н *(басын шайқайды)*. Рақмет, бәйбіше. *(Мұқашқа қарап.)* Мына мерезбен мен табақтас болмаймын. Мерез жұқтырып алар жайым жоқ.

М ұ қ а ш. Көңілдеріне келіп жүрмесе.

Е р ж а н. Елде көңілге қарау деген нәрсе кемірек болса, мерез, құлғана сықылды жұқпалы аурулар осыншалық тамыр жайып кетпес еді.

М ұ қ а ш. Мұның дұрыс, мен де онымен табақтас болмаймын.

Е р ж а н *(қонақтар ет жеп болып, қолын сүртіп жатқан кезде)*. Өне, қарашы, бір орамалмен бәрі бірдей аузын, қолын сүртіп жатқанын. Мерез елге осылай тарамай қайтеді. Қазақ арасында жұқпалы аурулардың жайылып бара жатқаны осыдан ғой... Қазақ мұнысын қоймаса, мерез түбіне жетеді ғой.

М ұ қ а ш. Әрине, осыдан үш жылдай қалада жүрген саған ғана жат көрініп отыр, әйтпесе елдің көбі бұдан жиренуді, сақтануды біле ме, бұған не амал, не шара...

Е р ж а н. Елдің бәрін бір күнде түзетіп жіберу қолымыздан келе қоймас, бірақ мұндаймен күресуіміз керек. Мен, алдымен, бұл пәледен Зейнепті құтқарамын. Зейнептің мерез жігітке барғаны – өлім, тірідей көрге түскенмен бір есеп. Мен Зейнепті құтқарамын.

(Перде түседі.)

ЕКІНШІ ПЕРДЕ

Мұқаш үйдің жанында мылтық тазалап отыр. Ішіне сығалап қарайды. Мылтығын тазалап, сүртіп отырып, ыңырсып мынадай өлең айтып отырады.

Махаббат бір тікенек,
Жүрекке барып қадалар.
Бақытсыз ғой бұл жүрек,
Тамшылап одан қан ағар.

Тез жазылмақ бұл жара,
Бал тілімен сүйсе жар.
Сүймесе жар, дариға,
Өлер жүрек, қансырар.

Махаббат бір төтті у, –
Ішер жүрек, болар мас.
Дүниедегі у мен шу
Мас жүректі оятпас.

Махаббат бір төтті у, –
Ішер жүрек, төгер жас.

БІРІНШІ КӨРІНІС

*(Ержан кейіген түспен келіп, Мұқаштың қасында тұрады,
ауыр күрсінеді.)*

М ұ қ а ш. Немене, не болды, хабар бар ма?

Е р ж а н *(қолын сермеп)*. Құрысын. *(Мұқаштың жанына
отырып, алақанына маңдайын сүйейді.)*

М ұ қ а ш. Өкең келді ме?

Е р ж а н. Келді.

М ұ қ а ш. Қалай, не болыпты?

Е р ж а н. Түк те жоқ.

М ұ қ а ш. Неге, себеп?

Е р ж а н. Белгілі емес пе, айнала анайы, надан жұрттың
ортасында емеспіз бе? Қазақты қалың қара тұман қаптап
тұрған жоқ па? Бұдан безіп те кете алмайсың, туған
жұртыңнан қалай кетерсің, өз жұртың болған соң? Осындай
оңбаған қылықтарын көріп отырсаң да безе алмайсың, амал
бар ма!

М ұ қ а ш. Немене, қалай?

Е р ж а н. Не болғаны сол. Зейнептің өкесі, менің әкеммен
жөнді сөйлеспепті де. Айтқаны: «Құдаммен айырылыса

алмаймын, аруаққа шет бола алмаймын, малын алып қойдым. Сенің орысша балаң маған мал бере ме», – депті.

М ұ қ а ш. Зейнептің күйеуі мерез екенін, оған берсе Зейнеп те сол ауруға душар болатынын әкең айтып па?

Е р ж а н. Бәрін айтыпты, айтпағаны жоқ көрінеді.

М ұ қ а ш. Бұған не депті?

Е р ж а н. Ауру деген, мерез деген құдайдан ғой, сауды ауру, ауруды сау қылайын десе құдіреттің қолынан не келмейді деп айтады дейді.

М ұ қ а ш. Міне, ақымақтық. Міне, надандық, амалын болмас!

Е р ж а н. Енді мен өзге бір шара істеуге кіріспесем болмас, иә сот арқылы аламын, иә тура алып қашамын. Осы екеуінің қайсысын істесем екен.

М ұ қ а ш. Өзге бір ақылын ойлап қаралық.

Е р ж а н. Басқа жол жоқ.

М ұ қ а ш. Түк шықпаса, сенің айтқаның.

Е р ж а н. Мұқаш, қазір сен менің жүрегімнің өртеніп бара жатқанын білесің бе? Зейнеп сықылды сүйіп жүрген қызымды іріп-шіріген бір мерез алатын болса, басым қаңғырмай ма, онан артық қорлық бар ма? Кіршіксіз таза Зейнепті көре-біле тұрып, отқа салуға, өлімге басын байлауға мен шыдай алмаймын. Зейнепті алған күннің ертеңіне Сарбас баласы мерезін жұқтыратынына көзім жетеді. Осыны біле тұра, Зейнепті оған беріп қоя беру – басын көрнеу өлімге байлағанмен бірдей емес пе. Бұдан жаман нәрсе бар ма? Біз комсомол болсақ, рабфак студенті болсақ, мұндай нәрсе біздің көз алдымызда болуына қалайша шыдауға болады. Бұған біз қалайша үндемей отыра аламыз? Бұған кіріспесек, біз кім болғанымыз? Сенің не ойлайтыныңды білмеймін. Мұқаш, мен өзім шыдай алмаймын. Мен Зейнепті сүйемін, Зейнеп үшін бүкіл елге қарсы шығуға даярмын. Бұл жолда мені ешнәрсе тоқтата алмайды. Не де болса, мен Зейнепті құтқарамын.

М ұ қ а ш. Қамықпа, кейіме, Ержан. Мен сенің жан жолдасыңмын, досыңмын. Қолымнан келген көмегімді сенен аямаймын дедім ғой. Айтқаным айтқан. Бірақ енді бұл істі еппен, әдіспен істеу керек. Әкеңе, туысқандарыңа зиян келмейтін қылып орындау керек.

ЕКІНШІ КӨРІНІС

(*Мұқаш, Ержан, бала.*)

Б а л а (*дауыстап жүгіріп келеді*). Ержан, Мұқаш, ауылға қызыл арба келді. Қаладан келген лектр дейді, ауру қарайды дейді.

М ұ қ а ш (*түрегеліп қарайды*). Бұл көшпелі дәрігерлер жасағы екен ғой. Анау күнгі естуімше, бұл ауылға бұдан екі жеті бұрын келсе керек еді. Жолда бөгелген ғой. Мен анау күні Сарыкөлге құс атуға шыққанда естіп едім.

Е р ж а н. Келе берсін, өзімнің ауруым жоқ. Сарбастың мерез баласы өлетін болса, мүрдем қатсын. Маған сонысы керек. Өзімен қоймай, Зейнепті бақытсыз қылмақ болып жүргенін көрмеймісін.

М ұ қ а ш (*жаратпай, басын шайқап*). Көзім жаңа жетті, Ержан, сенің басыңды Зейнептің махаббаты мейлінше айналдырған екен.

Б а л а. Осында келеді, осында келеді. Арбалары Сандыбай үйіне тоқтады.

ҮШІНШІ КӨРІНІС

(*Ержан, Мұқаш, доқтыр*)

Д о қ т ы р (*келіп*). Мына көрші ауылда маған айтқандары сіздер боларсыздар. Осы ауылда Мәскеуден жазғы демалысқа келіп жатқан екі комсомол бар деп еді. Сіздерге кездескеніме өте қуанамын.

М ұ қ а ш. Сіз жаңа келген дәрігерлер жасағының доқтыры боларсыз?

Д о қ т ы р. Иә, мен доқырмын.

Е р ж а н. Қалай, ел арасында жақсы келемісіз?

Д о қ т ы р. Аса жақсы. Ел көңілдегідей қарсы алулы. Бұрын бұл елдерді доқыр аралап көрмеген екен ғой. Доқырдан дәрі алу дегенді бұрын бұл ел білмейді екен. Доқырдың жәрдеміне ел аса мұқтаж екен. Біз аралаған жерлерде мерез ауруы өте-мөте жайылған көрінеді.

М ұ қ а ш. Көп ауруды жаздыңыздар ма?

Д о қ т ы р. Бірсыпыра ауруларға жәрдем бердік. Біз ауруды емдеп қана қоймаймыз, емдеумен қатар қазақтың тұрмысымен танысып, аурудан сақтану жолдарын да

үгіттеп жүрміз. Емдеуден бұрын, қазақтың тұрмысы қандай, неден ауырады, осы жағы аса маңызды нәрсе. Сондықтан күр емдеу ғана емес, елдің жай-күйін зерттеу жағын да қатты ескереміз. Міне, осы жөнінен сіздерден жәрдем сұраймын.

Е р ж а н. М ұ қ а ш. Біз қандай жәрдем ете аламыз?

Д о қ т ы р. Сіздерден көп жәрдем күтемін. Оқыған жігітсіздер, оның үстіне – комсомолсыздар. Біздің жұмысымыздың мән-жайын сіздерге түсіндіріп жатудың да аса қажеті жоқ сықылды, жұқпалы аурулардың өршіп бара жатқаны да өздеріңізге мәлім. Қазаққа бұл аурулар батып барады. Бұл жаман ауруларға қарсы тұруды, одан құтылудың шарасын қазақ білмейді. Қыр елі мерез, құрт сықылды ауруларды жұқтырмау жайын білген болса, аман да қалар еді. Міне, қазаққа осындай білімді беретін нәрсе – саулық сақтау ұясы. Сол ұяны бүгін сіздермен бірігіп ашпақпыз. Ол елге тазалық жайын үйретпек. Қазақ өзін, тұрған үйін таза ұстау жайын білетіндей қылу керек.

М ұ қ а ш. Былай, доктыр, біз бұл ауылда уақытша ғана тұрамыз. Жазғы демалысқа келіп едік. Күзге таман оқуға қайтамыз.

Д о қ т ы р. Ол ештеңе емес. Ең керегі – игі жұмысты бастап беру. Одан кейін аяқтаушы табыла беруі керек. Қазір ауыл адамдарын хабарландырыңыздар, біздің келгенімізді айтыңыздар. Бір өтінішім осы.

М ұ қ а ш. *(келіп тұрған бір-екі балаға).* Барындар, ауыл адамдары түгел келсін осында. *(Балалар жүгіріп кетеді.)*

Д о қ т ы р. Міне, біз осы арада мерез жайынан сөйлесеміз. *(Жасақ қызметкерлеріне бұйырады.)* Жолдастар плакат, қағаздарыңды даярландар.

М ұ қ а ш. Ауыл адамдары келе жатыр, доктыр жолдас.

Д о қ т ы р. Бек жақсы. *(Плакат, қағазын қауым отыратын жаққа қаратып қояды.)* Қазір мерез жайынан сөз бастаймыз.

(Перде бір минутқа түседі.)

(Мұқаш, Ержан, Сарбас, Зейнеп, басқа ауыл адамдары, әйел, еркектер үйдің алдында жинала отырады. Топқа қарап, доктыр лекция оқиды.)

Доктырдың лекциясы.

Көп заманнан бері басымыздан кешірген зорлық-зомбылық, кедейлік, надандық мұра қылып біздерге мерез,

кұрт, қотыр, көз ауруы сықылды пәлелерді қалдырған. Кеңес үкіметінің, кеңес үкіметі тұсындағы дәрігерлік ғылымның алдымен көздеп отырған мақсаты – осындай жұқпалы аурулармен күресу. Қазақстанда бұрын ауруханалар, дәрігерлер жоқ еді. Енді қолдан келгенше бұлар бірте-бірте болғалы отыр. Бірақ мұндай жәрдемді жалғыз үкімет жағынан ғана күтіп отыруға болмайды. Өлгіндегі жұқпалы ауруларды жою жөнінде елдің өзі белсене кірісуі де керек.

Елдің бәрі ол аурулардың жайын, қалай жұғатынын, қандай зияны барлығын білу керек. Өздеріне мәлім, осы кезде қазақ арасында өте-мөте мерез ауруы көп жайылуда. Мерез бен құрт ауруы – өте жаман аурулар. Бұлар тұрмысқа байланысты аурулар. Бұл аурулардың қалай жұғатыны, неден болатыны белгілі. Мерез екі түрлі жолмен жұғады: бірі әйел мен еркектің жақындасуынан, екінші жолы өзге денеге түскен аурудан жұғады. Қазақ арасында 8–10 адамның біреуі мерез деуге болады. Ғәтте 3 адамның бірі мерез болатын жерлер де жоқ емес. Осы кезде мерездің көп тарауы сауатсыздықтан, надандықтан, қазақ тұрмысының нашарлығынан екендігі мәлім болды. Алдымен жұрттың бәрі мерез аса жұқпалы ауру екендігін білуі керек. Адамның денесіне жәй көзбен көруге болмайтын ұп-ұсақ құрт түсуден мерез ауруы пайда болады. Мұндай құртты «микроб»¹ дейді. Мерез бір иә бірнеше жарадан басталады. Әйел мен еркектің жақындасуынан жұққан мерезден әуелі жара пайда болады. Дененің басқа жерлеріне жұққан мерезде жара көбінесе ерінде, ауызда, тілде, жұтқыншақта болады. Мұндай ауру адам қырылдап сөйлеуі мүмкін (*мерездің бұл бірінші, екінші дәуірі*), мерез ауруының жарасы, бәрткен жері ауырмайды, қышымайды, артық жанға да батпайды. Бірақ бұған қарап ауруды жеңіл екен деуге болмайды, қайта мерез ауруының онбағандығы, қатерлігі осы ауырмауында. Доктырға емделмесе, бұл аурудан аман қалу мүмкін емес. Емделмеген адамның мерезі бірнеше жылға созылады, сау мүшесін бұзады, пірітеді, ауру адам азап шегіп, қор болады. Алғашқы жара білінгеннен кейін-ақ дереу жарты жылдан соң мерез ауруының екінші дәуір белгілері көріне бастайды. Ол уақытта бүкіл дене бөртіп,

¹ Микробты үлкейтіп көрсететін плакаттар көрсетіледі.

жаралар түсе бастайды. Үш жыл, жеті жыл шамасы өткенде, үшінші дәуірі басталады, онда үлкен-үлкен жеке жаралар пайда болады. Сүйек піриді. Мұрын бұзылады, ауру адам жүре алмайды, сөйлей алмайтын болып, көбі ақылдан да айырылады. Мerez денедегі жарадан, ауру адамның сілекейінен, қаннан жұғатынын, білімпаздар, доктырлар анықтаған. Енді қазақ өміріне келсек, не көріп жүрміз? Жұрттың көбі мерездің жұғымпаз екенін білмейді. Бұл аурудан сақтанбайды. Мerez қалай жұғады, енді соның жайын сөйлейік. Қазақ жолаушы жүрмей, қонақтамай, түстенбей, айтқа, тойға бармай, қыдырып ет жемей, қымыз ішпей жүре ала ма? Әрине, мүмкін емес. Олай болса, мерез сықылды ауру қазақ өмірінде көбінесе тамақ арқылы жұғады. Қымыз ішсе де, айран ішсе де біріне құйылған аяқпен өзгелеріне де беріледі. Ет жейтін болса, жұрттың бәрі бір орамалмен, бір майлықпен қолдарын, ауыздарын сүртиседі, бәрі жабыла бір табактан ет жейді, бір аяқтан сорпа ішеді, есік жақта отырған бала-шағаға ет асатады. Шала мүжіген сүйегін біреуге бере салады. Ал енді осылардың арасында мерезі бар, ерніне, аузына, қолына жара шыққан адам болса аурудың жұғуы оп-оңай. Аурудың сілекейі, жарасының сарсуы тамаққа, ыдысқа жұғып, содан барып сау адамға ауысады. Орамал, дастарқанға тиген сілекей, ірің сықылды нәрселерден барып сау адамға жұғады. Сондықтан бір ыдыстан тамақ ішуден, бір орамал, майлықпен сүртінуден қолдан келгенше сақтану керек.

Бір үйге бірнеше адам қона кетеді, мұның бәрі бір төсекте жатады. Осылардың арасында мерезі болса, ауру осыдан да жұғады. Жас балаларға мерез сүюден де жұғады. Баланы уату үшін шешелері емізік береді, тамақ шайнап береді. Шешесі иә баланы асыраушы басқа адам мерезді болса, ауру мұндайдан да тез жұғады. Шешесі мерез адам болса, бала емшек сүтінен де мерезге ұшырайды. Сондықтан өз шешесі аман болса, басқа әйелдің емшегін балаға емізбеу керек.

Мerez насыбайдан да, шылымнан да оп-оңай жұға кетеді. Қазақтың көбі шылым тартпағанмен, ел арасында бірен-саран тартатындар жоқ емес. «Шақшанды бері тасташы, шылымыңның жартысын қалдыршы» деп телміріп отыратындар толып жатыр. Міне, осындай болмашы нәрседен-ақ мерезді жұқтырып алу оп-оңай.

Санай берсе, мерездің жұғатын жолы көп. Мен басты-бастыларын ғана айтып өттім. Бәрінен қауіптісі, бәрінен адамға зияндысы мерездің еркек пен әйелдің жақындасуынан жұғады. Үйленетін еркек, ерге тиетін әйел бір-бірінің сау екеніне көзі жетуі керек. Екеуінің бірі ауру болса, некелесуден қашу керек. Өйтпесе ауру мерезді сауына жұқтырады. Мерез адам ауруын нәсіл-нәсібіне қалдырады. Ауру әйелге тіпті бала бітпесе амал жоқ, егер бала біте қалып, туатын болса, ондай балалар нашар, ауру, денесі бөрткен, іскен болып, көпке бармай өледі. Бірақ доқтырға емделген науқастың балалары аман қалуы мүмкін. Мерез адамның өз бетімен емделуінен иә бақсы-балгерге, қазақтың өз тәуібіне көрінуден, қақтыру-соқтырудан тек зиян ғана келеді, одан басқа пайда жоқ. Осыдан сақтану керек. Ауырғанын сезген адам тура доқтырға көрінетін болсын. Міне, жолдастар, мерезден сақтанудың жолдары осылар. Мұны елдің бәрі есінен шығармасын. Осыларды ескерсе, орындаса, осы кезде қырда өріс алып бара жатқан мерез ауруынан қазақ жұрты құтылып, аман қалуға болады. Енді бұл туралы кімде-кімнің сұрайтын сөздері болса айтсын. Мен жауап беремін, түсінбеген жерлерін түсіндіремін. Кәне, айтындар, сұрандар.

Ескерту: Бұл орында былай болу керек: Егер де пьеса қойылғанда доқтыр, иә пелшір болса, тындаушы қауымның өздерінен екі-үш адамды күн бұрын даярлаған (*үйреткен*) сауалдарды беруге отырғызып қою керек. Доқтыр «сұрайтын сөздерің бар ма?» дегеннен кейін әлгілер топтың ішінде отырып, сауалдар беретін болсын. Бұған доқтыр жауап қайтарады. Бұлай еткенде, пьесаны көруге келгендер өңгімеге қатысуына жол ашылады (*соңғы сұрауға жауап беріп болғаннан кейін доқтыр сөйлейді*).

Д о қ т ы р. Жаксы, сауал беріліп бітті. Енді біз ауру қарауға кірісеміз. Ауруларды Сандыбай үйінде қараймыз. Ауру біткен сол үйге келсін, мен сонда боламын (*Доқтыр шығып кетеді. Соңынан жиналған ауыл адамдары да шығады. Ержан мен Мұқаш екеуі ғана қалады*).

ТӨРТІНШІ КӨРІНІС

Е р ж а н. Айтшы, батыр, мерез жайынан доқтырдың әлгі сөздерін естігеннен кейін Зейнепті Көбекке беруге бола ма?

М ұ қ а ш. Атай көрме. Менің ойымша, Көбектің бір шайнам ақылы болса, зәредей адамшылық сезімі болса, Зейнепті өзі де алам демесе керек.

Е р ж а н. Бәрібір оны істемейтін болса да, мен іріп-шіріп жүрген Көбекке Зейнепті қор қыла қойман.

БЕСІНШІ КӨРІНІС

(Әлгілер мен бала)

Б а л а. Ержан! Ержан! Сені өкең шақырады.

Е р ж а н. Мен сенімен тағы да сөйлесемін. Осында кетпей отыра тұр. Мен бел байладым.

М ұ қ а ш. Немене, неге бел байладың? *(Ержан жауап қайырмай, шығып кетеді, соңынан бала да жөнеледі.)*

АЛТЫНШЫ КӨРІНІС

М ұ қ а ш *(жалғыз.)* Иә, Ержандікі дұрыс қой. Зейнепті мына пәледен құтқармай болмайды екен. *(Зейнептің анадайдан кетіп бара жатқанын көріп):* Зейнеп. Зейнеп. *(Зейнеп Мұқаштың қасына келеді, жылаған адамдай көзі жасты.)*

ЖЕТІНШІ КӨРІНІС

(Мұқаш пен Зейнеп)

М ұ қ а ш. Жылағанбысың, Зейнеп? *(Зейнеп үндемейді.)* Біреу ренжітті ме сені?

З е й н е п *(күрсініп).* Өзің білесің ғой, Мұқаш, мені Сарбастың баласына беріп отыр емес пе, оның баласы мерез екен ғой. Мен бұрын мерездің қандай ауру екенін жақсы білмейтін едім. Жаңа мерездің жайын доқтырдан естігеннен кейін иманым түршікті. Мұқаш, енді қайтемін. Сарбастың баласына енді тіпті барғым келмейді.

М ұ қ а ш. Барма! Ұялған-мұялғанды қой, тура мерез адамға бармаймын де. Кеңес үкіметі тұсында сүймеген адамға әйелді ешкім зорлап бере алмайды.

З е й н е п. Әкемді қайтіп ренжітем? Сол арасы қиын-ақ. Бөрінен маған әкем қиын болып тұр. «Бар-бардың» астына алса, сонда қайттім, барамын ба? Малын алып қойған.

М ұ қ а ш. Көңілшектікті қой. Зейнеп, тайсалма, тіпті

көнбесе ашықтан ашық кет, кеңес үкіметінің заңы бойынша бойжеткен қыз сүйгеніне барады. Қалыңмал алған адам да, берген адам да жазалы болады деп соқ. Біреудің көңіліне қараймын деп, өмір бойы өзін қор болғың келе ме... Біз Ержан екеуіміз сені қорлыққа бермейміз.

Зейнеп. Әкеме қиын ғой.

Мұқаш. Неменесі қиын?

Зейнеп. Қалыңмал алған үшін жазалы боласын, абақтыға қамаласын деп, әкеме қалай қатты сөз айтамын. Бұйтпесе, көзім жетті... Өзім қорлыққа қалай шыдаймын?.. (Жылайды.)

Мұқаш (кейін). Бұл не маскара, бұл! Осы күнге шейін еркін Қазақстанда қызды мал орнына сату әлі қалмай келе жатқаны! Не деген маскаралық!.. (Алақанына маңдайын сүйеп, кейін отырады.)

Зейнеп (жыламырап). Мерезге, ауруға барғанымнан... Мерездің қандай ауру екенін доқтырдан естідім. Маған жұқпай қоя ма? Мұрным пұшық болып, денем шіріп, іріңдеп, мені бұдан кім құтқарады, құдай-ау?!

Мұқаш. Не деп отырсың, Зейнеп! Ержан екеуіміз тұрғанда.

Зейнеп. Жоқ... Сарбастың баласы құрысын. Өлсем де бармаймын. Бүйтіп қор болғанша, өлгенім артық. (Зейнеп жылайды. Мұқаш ашу қысып, ілгері-кейін жүреді.)

СЕГІЗІНШІ КӨРІНІС

(Сахнаның сыртында шаң-шұң дауыс естіледі. Келе жатқан адамдардың дыбысы. Сахнаға ауылдық кеңес ағасы, Ержан, Сарбас, Ержанның әкесі, тағы бірсыпыра адам шығады.)

Ауылына й (Ержанды нұсқап, топқа қарап сөйлейді). Зейнепті ауруы бар жігітке бермек, қалыңмал алыпты деп, Ержан маған мәлімдеп отыр.

Мұқаш. Иә, мына Зейнепті малға сатпақшы.

Ауылына й. Менің айтатыным – кеңес үкіметінің заңы бойынша қалыңмал жоғалған. Енді қалыңмал алушы да, беруші де жауапты болады (Зейнепті қолынан ұстап). Сондықтан мына қыздың әкесі қалың мал алғаны үшін,

қызын еріксіз сүймеген адамға бермек болғаны үшін абақтыға түседі. Алған малы қазынаға кетеді. Заңға қарсы қалыңмал төлегені үшін мынау Сарбас ақсақал да сазайын тартады. Мен бұл құдалықты бұзамын. Бұл туралы тиісті шара істемесем, мен өзім заң бойынша жауапкер боламын. (Шалдар, үлкендер дауыстайды: «Сарбастың малы жоғала ма? Қалың мал беріп қойған жоқ па?» Жастар: «Дұрыс, дұрыс, қалың мал қалған, сап-сау қызды ауру адамға беруге болмайды».)

А у ы л н а й (қағаз, қалам алып). Сарбастың қолынан қағаз аламын, Зейнепті баласына әперемін деуден күдер үзсін.

М ұ қ а ш. Жолдас, маған рұқсат етіңіз, қағазын мен жазайын.

А у ы л н а й. Жазыңыз. (Мұқаш жазады.) Осылай жазу-сызу қылып қойған дұрыс, зәкөнге тура келгені жақсы. (Жастар: «Протөкел жасау керек, протөкел!..»)

Е р ж а н. Дұрыс. (Жастар дауыстайды: «Сүйту керек, қалыңмал алушы мен берушіні сотқа тарту керек, ендігәрі қыздарын сатпайтын болсын жұрт».)

М ұ қ а ш (Мұқаш Ержанның қасына келіп сыбырласады. Мұқаш содан кейін ауылнайды шетке шығарып алып). Менің ойымша, ауылнай жолдас, жазу-сызудан бұрын мына қызды осы арада Ержанға әперу керек еді. Бұлар бірін-бірі сүйеді.

А у ы л н а й. Қыздың басы босануы керек қой, одан арғысы Ержанның өз қолынан да келер.

М ұ қ а ш. Бұ да дұрыс екен. (Жазған қағазын Мұқаш ауылнайға береді.)

А у ы л н а й (қағазды оқиды) – 1920 ... пәленінші жылдың пәлен айының пәлен күнінде мына туралы тілхат беремін: Сарыөзек болысының 3-ауыл азаматы Жанбосын ұлының қызы Зейнепті мерез ауруы бар балам Көбекке әпермек үшін төлеген қалыңмалдан бездім. Зейнепті балама әперемін деуден бас тарттым, растығына (Сарбасқа), міне, енді қағазға қол қой. Қол қоя білмейсің бе? Олай болса, таңбанды сал. Мен мөр басамын. (Сарбас таңба салады. Ауылнай: жұмыс бітті, міне, мә! – деп, мөріндемімен бір үріп, қатты басып кеп қалып: «Енді Зейнептің басы бос!» – дейді. (Жастар мәз-мәйрам болады. Ауыла адамдары тарайды.)

Е р ж а н (*Мұқашқа*). Зейнепті алуыма жаңа әкем де ризалығын білдірді. Зейнеп – менікі. Жар жолдасым, Зейнеп...

(*Жұрттың бәрі кетеді. Сахнада Ержан мен Мұқаш қалады. Доктыр келеді*).

ТОҒЫЗЫНШЫ КӨРІНІС

(*Ержан, Мұқаш, доктыр*)

Д о қ т ы р (*ұмыт қалған плакатын жинап алып жатып*). Көбі ауруларын асқындырып алған екен, жазу да қиын көрінеді. Бәрінен жаманы бақсы-балгерлерге емдетіпті, олар ауруға ауру жамапты.

Е р ж а н. Доктыр-ау, олар енді қайтсін. Кімге емдетсін, осы ел сізден бұрын доктыр бетін көрген емес. Ел бақсыға, қожа-молдаға дағдарғаннан емдетіп жүргені емес пе. Оларға емдетудің зиян екенін де көбі бұрын естіп көрген емес.

Д о қ т ы р. Рас, кемшіліктің бәрі Қазақстанда, қазақ жұртының өзінен шыққан доктырлардың болмауында.

Е р ж а н (*ойланыңқырып тұрып, бір мезгілде басын көтеріп алып*). Доктыр, білесіз бе, мен рабфакта оқып жүрмін ғой. Енді бір жылдан кейін рабфакты бітіріп, жоғары мектепке түспекшімін. Бұл күнге шейін рабфакті бітіргеннен кейін қандай оқуға түсерімді шешкен жоқ едім. Енді бүгін доктырлық оқуға түсуге бел байладым.

Д о қ т ы р. Мұныңыз дұрыс жол. Қазақстанға алдымен керектің бірі – өзінен шыққан қазақ доктырлары. Жолыңыз болсын, дегеніңізге жетіңіз, жас ұлан (*Ержанның қолын қысады*.)

(*Перде түседі.*)

ДЕНСАУЛЫҚ ЖАЙЫНАН

1. Құлағың аман болады

1. Құлаққа ұрма, құлаққа айқайлама, шыңғырма.

2. Қалам, қарындаш, тас-қалам, ине сықылды қатты, үшкір нәрселермен құлағыңның ішін шұқыма. Құлағыңа неш нәрсе тықпа, мақтаны, әсіресе суланған ие дөріленген болса, құлағыңа тығушы болма.

3. Құлағыңның ішін, сыртын таза ұста. Сабынды сумен құлағыңды абайлап жу. Жуынған соң құлағыңның суланған жерін өбден сүртіп құрғат.

4. Құлағыңның ішіне бір нәрсе кіре қалса өзін неш нәрсе істеме. Тезден доқтырға көрін. Құлағыңның ішіне құрт, кене, бүрге сықылды тірі жәндік кіре қалса, доқтыр келгенше бірнеше тамшы жылы кендірмай ие жылы сүт тамыз.

5. Бұлақ болсаң (*құлақтан ірің ағу*) тез доқтырға көрін, құлақтан аққан іріңді пайдалы ие зарарсыз нәрсе деп ойлама. Бұлақ өте зиянды.

2. Мұрының аман болады

1. Мұрыныңды әрдайым таза ұста. Танауларыңды тазалап жүр. Өзіңнің мұрының тыныс алу, иіскеу үшін жаралғанын ұмытпа. Сіңбіргенде қатты дыбыс шығарып, екі таңауыңмен бірдей сіңбірме, әуелі бір танауыңды тазалап ал, сонан соң екінші танауды тазала.

2. Жүргенде, жүгіргенде, сөйлегенде, ұйықтағанда мұрыныңмен дұрыстап дем ала алмайтын болсаң, доқтырға көрін. Доқтыр тексеріп қарап, дем алысың неден бұзылғанын тауып береді.

3. Жас балаларға туысымен-ақ аузын жұмып ұстауды әдеттендіру керек. Бесікте жатқанда бала аузын ашып жататын болса, жастығын биіктетіп, басын көтеріңкіреп, иегін төсіне тигізіп жатқызу керек. Бүйткенде де бірнеше жұмадан соң аузын ашып жатуды қоймаса, доктырға көрсету керек.

3. Тыныстың амандығы үшін

1. Дем алғанда аузың үнемі жабулы болсын.
2. Шаңда иә ауасы бұзылған орында шамаңнан келгенше дем алма, (*тұрма*) жүрген жерінде шаңдатпай жүр, әсіресе үйдің ішінде шаң көтеруші болма.
3. Үйдің ішінде еденге қақырма, түкірме, мұрын орамалыңа қақырып, түкірме.
4. Үй ішінде отырып жұмыс қылғанда, жылы уақытта терезең ашық болсын. Суық уақытта күн тәуір болса, бірнеше рет есік, терезені ашып, үйіңнің ауасын жаңартып, тазалап тұр.
5. Гулеме желден сақтан, әсіресе қызып, терлеп отырғанда, сырттағы ауа үйге бір тесіктен (*терезеден немесе қарсы есіктен*) кіріп, қарсы терезеден не есіктен шықса, үйдің ішін жел гулеп кетеді. Осы желді гулеме деп атайды.
6. Ұйықтайтын үйіңнің (*бөлмеңнің*) ауасы өте таза болсын. Ұйықтаған уақытта күндізгі шаршатқан бейнетінен құтылып, адам дем алады, келешек күнге күш-қуат жияды. Адамның өмірінің біразы ұйқыда өтеді. Сондықтан ұйықтайтын жайың денсаулыққа керекті шарттарға келісті келсін. Таза болсын. Мұны ұмытпасқа керек.
7. Ғеш уақытта көкірегіңді, ішіңді (*құрсағыңды*) терезенің алдына не тақтайдың, үстелдің шетіне иә болмаса басқа нәрсеге кидірмелеп қыспа.
8. Шылым тартпа, насыбай атпа, темекі өте зиянды нәрсе.

4. Көзің аман болады

1. Ымыртта, алакөленкеде, нашар жарықта оқыма, жазба, жұмыс қылма.
2. Күндіз үйде жұмыс қылсаң жарық (*терезе*) сол жағында болсын. Жарық болған тесіктен (*терезеден*) аз да болса аспанның бір бөлігі көрініп тұрсын, көз алдындағы (*қолыңдағы*) істеп отырған жұмысыңа (*жазып отырған*

қағазыңа, тігіп отырған киіміңе) күн түспесін (*күннің шуағы тимесін*).

3. Кешке шаммен жұмыс қылғанда шамың алдында кішкене сол жаққа таман жарты метрдей (*үш жарым қарыстай*) алыстықта тұрсын. Шамның қалпағы (*абажуры*) қара не қызыл, көк, сары секілді бояулы түсті болмай ақ шыныдан (*фарфордан*) болсын. Шамның моржасы (*тұрбасы, мойыны*) бұлтқыссыз шелек қалыпты болсын. Жылпылдаған жарықта, ат үстінде, жүріп келе жатқан арба, шана үстінде, от арбаның, трамвайдың ішінде жұмыс қылу, кітап оқу, көзге өте зиянды. Жатып оқыма, іс қылма, көзің тез бұзылады.

4. Жазғанда қою қара сиямен анық көрінетін сызықтың үстінен жаз, жазғанда (*жолмен*) трафарет пайдаланба. Ең жақсысы сызықсыз қағазға түзу жазып үйренген.

5. Жұмыс уақытында көзің талса, жұмысыңды қой да көзің дем алғанша (*талғаны қойғанша*) терезеге қара.

6. Қатты аурудан тұрғанда әбден айыққанша біраз уақыт көзіңді күтіп сақтанып жүр.

7. Көзіңе қиқым иә бөтен бір нәрсе түсе қалса, көзіңді уқалама. Жоғарғы қабағыңды қолыңмен жай ғана мұрныңа қарай сыла. Көзге түскен нәрседен бүйткенде құтыла алмасаң, доктырға көрін.

8. Көруің кемісе иә көзің ауырса доктырға көрін. Көзіңе көзілдірік керек пе, иә бөтен дәру керек пе тек доктыр ғана біледі, көзілдірік керек болса қандай көзілдірік керегін (*нөмірлісі болады*) қай уақытта киюін дәрігер айырып береді. Орынсыз киген көзілдірік көзді бұзады. Дәрігермен кеңеспей көзілдірік киме.

Үйде жұмыс қылғанда саламаттық сақтау үшін

1. Жұмыс қылғанда жарық (*терезе, шам*) сол жағыңда болсын.

2. Жазу үшін отырғаныңда астыңдағы орындығыңның алдыңғы шеті үстелдің астына 2–5 сантиметр (*бір-екі елі*) кіріп тұрсын. Жазғанда тік отыр, көкірегіңмен үстелдің шетін кидірмелеме.

3. Үстелге отырғанда екі білегіңді шынтағыңа дейін үстелдің үстіне салып отыр. Астыңдағы орындығың аласа

болса, үстіне көпшік иә бөтен нәрсе салып, керегінше биіктет.

4. Үстелге отырғанда табаныңды жерге иә еденге тегіс тигізіп тіреп отыр. Аяғың жерге (*еденге*) жетпесе, табаныңның астына тақтай (*сандық, жәшік*) қойып, басып отыр.

5. Үстелде отырғанда аяғыңды орындықтың астына карай бүкпе, не болмаса бір аяғыңның үстіне бір аяғыңды салып айқастырма. Аяғыңның тізеңнен төменгі жағы тік тұрсын.

6. Орындықтың үстінде тік отыр, арқанды орындықтың арқасына таяп, сүйеп отыр. Басыңды төмен еңкейтпе.

7. Жазғанда екі білегің шынтаққа дейін тегіс үстелдің үстінде жатсын. Сол қолыңмен қағазды басып, керегінде ілгері жылжытып отыр.

8. Жазатын қағазыңды оң жаққа тамандау қарсы алдыңа сал.

9. Оқығанда орындығыңды үстелден аз-кем кейіндеу қойып, кітабыңды екі қолыңмен ұста, кітаптың төменгі жағы үстелге тіреліп тұрсын, жоғары жағы үстелден көтеріңкі болсын. Оқығанда кітабыңның бетінен көзің ең кем болғанда 32 сантиметр (*екі сүйемдей*) қашық болсын.

10. Орындықта отырғанда киімің астыңда бүктеліп жатпасын. Сондықтан еркек балалар ықшамдау шалбар, қысқа бешпет киюі керек. Қыз балалар орындыққа көйлектерін тегістеп, бүктесінсіз қылып отыру керек. Отырып алғаннан кейін астыңдағы көйлегінді дұрыстаймын деп қолыңмен тартқыштама.

Дененің саулығын сақтау үшін

1. Үйіңе таза ауа көп кірсін, күннің сәулесі (*шуағы*) көп түссін, саламаттықты сақтау үшін таза ауа, күннің шуағы өте қажет нәрсе.

2. Тұла бойыңды, ең болмағанда мойыныңды, көкірегіңді, арқанды күнде салқын сумен жуып тұр, көңпісті боласың. Дененді таза ұста, жұмасына бір рет жылы суға шомылып тұр.

3. Жылы мезгілде бос суға көбірек шомыл. Ең артығы – күннің шуағынан жылынған суға түсу, шомылуға қолайлы уақыт – сәске мен намаздыгер (екінді). Тал түсте күн қызып тұрғанда суға түспе, шомылардың алдында жалаңаш отырма, терлейсің. Тамақтың соңынан тоқ қарынға суға түспе, қызып иә терлеп тұрып суға түспе, әуелі қызуыңды

басып, терінді кептір. Терлеген дене жылдам салқындайды, суық тез тиеді. Шешінісімен басынды сула да суға түс. Суға жүгіріп келіп қарғып иә секіріп түспе. Суға кетіп қалуға мүмкін. Су ішінде бір орында тұрма, отырма, жүз, жүр, көбірек қимылда. Су ішінде он-жиырма минуттан артық болма. Дірілдей бастасаң, тезірек судан шық. Судан шығысымен әуелі дененді сүртіп құрғат. Киініп алған соң жылынғанша қыдыр, жылы, тынық күні судан шыққан соң біраз жалаңаш отыр, үстіңе күн тиіп, тұла бойыңды жел қақсын. Өлсіз, аурудан жаңа айыққан адамға тымық, жылы күні ғана суға түсуге болады. Суға түсу шарттарын әбден ұғып ал. Осы шарттарды елемегендіктен, адам баласы түрлі бақытсыз уақиғаларға душар болады.

Жуынғанда тұла бойдағы кір кетеді. Терінің бітеліп қалған тесіктері ашылады. Адамның терісі көппісті болып жарайды. Сондықтан жиірек жуын. Жылы суда кір жылдамырақ ериді. Сабын жылдамырақ көпіреді. Сондықтан салқын судан гөрі жылы су денедегі кірді жылдамырақ кетіреді. Өте жылы су, әсіресе, күнде жуынғанда адамның қанын тасытып, денесін босатып, нәзіктендіріп жібереді. Бұл есінде болсын. Жылы суға иә моншаға түскеннен кейін дененді жайымен бірден-бірге салқындатып суықтан сақтан.

Шомылып шыққаннан кейін үстінді таза орамалмен (*сүлгі*) иә жаймамен әбден сүртіп құрғат. Дененді таза ұстау үшін жуынумен барабар іш киімді (*көйлек-дамбалыңды*) жиі ауыстырып тұр. Ең болмағанда шамаң келсе көйлек-дамбалыңды жетісіне бір рет алмастыр (*алмала*), қара жұмыспен (*қол жұмыс*) еңбек қылатын адамның екі киімі болуы керек. Күндіз кигенін түнде шешіп жәйіп, түнде кигенін күндіз жәйіп алмалау қажет. Тер, түлеген тері, май адамның терісінен шыққан басқа зиянды нәрселердің бәрі ішкі киімге сіңеді. Бұл нәрселер тез-ақ ішірі бастайды. Шіріктің әсерінен қолтық-башпайлардың арасы секілді орындарға қолаңса шуаш пайда болады. Шіріктің салдарынан адамның терісі желіп түлейді. Қызыл шақа болады, түрлі жара түседі.

4. Өзіңді, тамағыңды таза ұста, ішкен, жеген сайын және де ертеңді-кеш аузыңды тазалап шайқа. Аузыңды таза ұстасаң тіс аурудың көбінен құтыласың. Тамақ жеген сайын тісіңді масуекпен (*тіс тазалағыш*) жақсылап тазала.

Ең болмағанда тісіңді күнде ертемен бір тазала. Масуектің қылы тым қатты не өте жұмсақ болмасын. Көнеперіштен жасалған тіс тазалағыш қолдануға жарайды.

5. Таза ауада (*сыртта*) көбірек қимылда (*жүр, ойна, жүгір*)...

6. Өте жылы киінбе, басыңа жеңілдеу нәрсе ки, мойыныңды ашық ұста.

7. Дененді тар киім, белбеумен, түрлі баумен байлап қыспа.

8. Аяқ киімің (*етіктің ұлтаны табаныңа лайық болсын*) өкшесі жалпақ, аласа болсын. Биік өкше өте зиянды болады.

9. Киімің әсіресе шұлғауың, байпағың (*шұлығың*) суланса, шапшаң шешіп тастап, құрғақ киім ки.

10. Өте көп ішіп, жеме. Бұзылған астан, сіңбейтін тамақтан, әсіресе төттіден қашық бол. Жас балаға төтті беріп үйретпе. Асты реттеп ішіп, же. Күніне үш мезгілден артық тамақтанба. Уыттаған тамаққа әуес болма. Жөйша даярланған асқа көндік. Пияз, тұз сықылды нәрселерді асқа көп салма. Қызыл бұрыш, ақжелкек сықылды нәрселерді салма, арақ, боза сықылды есірткіш нәрселерге жолама, шикі иә шала піскен етті, жемісті жеме.

11. Ерте жат, ерте тұр. Оянған соң төсекте тыраңдап жатпа. Оянысымен төсектен тұрып кет. Оянысымен төсекті тастамаған кісі ететін жұмысын көңілді болып бастайды.

12. Кешке ұйықтардың алдында ауыр жұмыс істеп, шаршама. Болдырған кісі дұрыстап ұйықтай алмайды.

13. Ұйқы адамға күш жинап, қуат береді. Адамға пайдалы – ұйқы. Түссіз қатты ұйқы. Түнде ұзақ отырып істеген ми жұмысы адамның ұйқысын бұзады, адамды ұмытшақ қылады. Сондықтан саулық сақтау ғылымы саған «ерте жат, ерте тұр, сонда ғана ұйқы сені тынықтырады» деп бұйырады.

Ұйқының ұзақтығы жасқа қарай түрліше болады. Тәулікте емшектегі балаға он алты, жиырма сағат, он-он екідегі балаға тоғыз сағат, бозбалаларға сегіз сағат, үлкен кісіге алты-жеті сағат ұйқы керек. Наша шекпе, көкнар (*апиын*) жеме диуана боласың.

Балаларға базарлық



ДҮМПІЛДЕК

(Қырғыздың ойыны)

Дүмпілдек – балалардың ойыны, 7–8 жасынан тартып, 20 жасқа келгенше ойнайды. Еркек балалар мен қыздар араласып ойнай береді. Көбінше түн ішінде ай жарықта ойналады. Жылдың төрт мезгілінің қайсы кезінде болса да ойнала береді. Артықша жаздыгүні болады. Күн жылы болса, қораның шетінде балалар жиылады да, – а – деп дүмпілдек ойнағанға кіріседі. Ойынның тәртібі мынадай болады: ойнағандар көп болса 14, аз болса 4 адам болуға тиіс. Онан көбі көп болып кетеді, азы аздық қылады.

Екі жақ болып бөлініп, екі жағы да өздеріне басшы сайлайды, бір тарабы жерге шапандарын, тондарын дегендей шөмкеніп, тізіліп үймектеп жатады. Басшы болған бала қолына ұзындығы 5 кез бен 10 кездің арасындай жіпті (*арқанды*) алып, бір ұшын жатқандардың біреуіне қарманып, екінші ұшын өзі қармап, жатқан балаларын қорғайды. Енді 2-жағы (*жатпағандар*) киімдерін жеңілдетіп, жалаң аяқтанып, тебетейлерін, байпақтарын болмаса құрым жұлығын шешіп қолдарына алып, жатқандарды қашырып, тиіп-қашып сабай бастайды. Жатқандардың басшысы өлгі жіпті жеткен жеріне шейін аналарды қуалап, сабатпастың амалын істеп қорғайды. Егер қорғаушы қармағанда тисе, ышқына қашып сабап жүргендердің біреуіне барып тигендігі анықталса, жатқандар тұрып, олардың орнына ана сабап жүргендер келіп жатады. Оларды да өздерінің бастығы қорғайды. Басшы болған бала яғни қорғаушы балалардың ішіндегі пысық, мықтырағы болуға керек. Жүгіргенде бет қармалап ала тұрған, өзі күшті дегендей... Қорғаушы сабап жүргендерді қуып қармағанда, жіпті қоя беріп барып қармаса, ол есепке алынбайды. Жатқандарды жіп қарма-

ғанда қоя беруге болмайды. Өстіп ойнай береді де, аяғында көп жатпай, көп сабағандардың мерейі үстем болып, көп жатқандар жеңілгенге есептеледі.

Сабаған уақытта еттерін ауыртқандай, жанына батқандай қылып жіберуге болмайды. А, деп ойын басталарда бұрын жатып кезек беруге екі жағы да көнбейді. Ол туралы екі жағы да екі палуан бала алып шығып күрестіреді де, жығылған жағы бұрын жатады. Ал болмаса екі жүйрік баланы алып шығып жарыстырады да, қалған жағы жатады. Мұнан басқа да шөп жасырып, қара көтер қармалап дегендей, бірнеше түрлі жеребелері бар. Қой алдырған жағы жатып кезек береді. Ойнап жүрген уақытта арасында бір шу-шатақ шыға қалса, балалардан біреу «ақ шөп басы» деп айта салады. Ақ шөп басы дегені – қорғаушы қармағанды қойсын, аналар сабағанды тоқтатсын, сөйлесіп келіселік дегені. Ақ шөп айтылғаннан кейін барлығы тең тоқтап шатақты бітіреді. Ақ шөп басы айтылған кезде қорғаушының қармағаны, аналардың сабағаны есепке алынбайды. Егер істеліп қалса, ойынның тәртібін бұзған болып саналады. Басшылар оны тыйып қояды. Мұнан басқа «шап кетті» деген сөз бар. Шап кетті дегені – ойын басталды, қашқыла, қолға түсіп қарманып қалмағыла дегені. Мұны да ойынның басшылары айтады. Жатқан балалар ешбір іске қатысуға қақысы жоқ. Олардың ісі жалғыз жату ғана.

МАРЛАМҚАШ

(Балалар ойыны)

Марламқаш – қазақ балаларының жазды күні ойнайтын көп ойындарының бірі. Бұл былай ойналады. Қараңғы түндерде көп балалар жиналып, екі бөлінеді. Бір бөлігі киімдерін тастап, алысырақ жерге барып, жасырынып жатады. Қалған бөлегінен, жасырынғандар қанша болса, бұлардан да сонша болып іздеп, ұстауға шығады. Сонда бұлар іздеп шығысымен айқайлап жүгіріп айтатыны: «Марламқаш, мені көрсең тұра қаш!» Жасырынған балалар, үстіне жақындап келіп қалғанша, жата береді. Үстіне төніп келіп қалса, табанда ұстатпайды, онда тұра қашады. Олардың ойынға жарамайтынын, жасырақ балаларды киімдерінің қасына қалдырып кеткен белгілі ордалары

болады. Соған қарай қашуға тырысады. Егер жеткендері болса, ұстап, ордаға дейін арқасына мініп келеді. Бұл міну жеткендеріне үлкен бақ деп саналады. Жеткізбей құтылып кету қашушы балаларға да сондай бір дәреже. Мінгізгеннің қабақтары түсіп, мінгендерінің көңілдері шат болып, жеткізбегендері қуанып, жете алмағандары қайғырып, жабырқаңқы болып, жете алмағанына ішінен ұялып, барлығы да ордаға жиналады. Екінші басталғанда әлгі қуған жағы енді жасырынып, қашқан жағы енді қууға шығады, алдыңғы реттегідей болып кете береді.

Бұл ойында қашса құтылып, қуса жететін балаларды таңдасып алып қуады. Мұндай өте асқан жүйрік балаларды сырын білмейтін бөтен ауылдың балаларының ойындарына қосуға болмаса, өз ауылдарының ойынына араластырмай, өздерінше: «бұл – жүйрігіміз» деп, оны құрметтейді. Бөтен ауылдың жүйрік деген балаларына бөйге атындай ертіп барып, әлпештеп қосады. Бұл баланың жүйріктігіне арналған мойынында тұмары да болады. Сондықтан жүйрік болып осындай атақ алу үшін жаздыгүні балалардың сүйіп ойнайтын ойындарының біреуі осы марламқаш болады.

АЙ-ҚҰЛАҚ

(Балалар ойыны)

Ай-құлақ – балалардың көктемнен бастап жаздың ішінде ойнайтын бір ойыны. Ай-құлақты ойнау үшін кешке таман, жұрт аяғы басылған соң, көп балалар жиналып, өздерінің арасынан үш баланы шығарады, бірін қасқыр, бірін қойшы, бірін ит қылу үшін. Қасқыр болатын баланың екі шекесіне екі тақияны тікейтіп, орамалмен маңдайынан байлап, арқасына киім-кешекті тығып томпитып, белін астынан буып, қасқыр қылып болған соң, балаларға жуытпай, анадай бір бұтаның тасасына жатқызады. Қойшы болатын баланың үстіне жыртық шапан, басына жаман бөрік кигізіп, қолына бір таяқ беріп, ит болған баланы қасына ертіп, қойдың қасына жатқызады. Қалған көп баланы қой қылып көгендеп қояды. Біраздан соң қойлар дүр етіп үркеді, сол уақытта ит те абалап, қасқырменен арсылдасып қалған кезде, қойшы да айтақтап лақ, қозыны айырып қалады. Сөйтіп, қасқыр бірде құр кетіп, бірде алып жүріп, ақырында,

сол қойлардың бәрін де тауысады. Міне, осымен бұл ойын осылай бітіп, екінші басталғанда тағы да бұрынғы жолыменен жалғаса бермекші.

ШАЛДЫҢ ҮШ БАЛАСЫ

(Ертегі)

Күндерде бір күн ертеде бір шал болыпты. Шалдың үш ұлы бар екен. Бір күні шал үш баласын қасына алып отырып сұрапты: «Қорамда сан жетпейтін малым бар. Сандығымда сан жетпейтін алтын бар. Мен өлгенде, мені қалай қылып көмесіңдер?» – деп сұраған. Көп кідірмей-ақ, балалары көңіліндегі барын айтады.

– Ой, мен сені жібекке орап ақ жуып, арулап, шақырмаған ел қалдырмай, басыңа мындап қой, жүздеп жылқы шығарам, – деген үлкен баласы.

Онан соң ортаншы баласына: «Сен мен өлгенде қалай қылып көмесің?» – деген шал.

– Ой, мен сені қадірлеп, басыңа осы малдың бәрін шығарам, атағыңды жер жүзіне өлген күні шығарып, ел шақырып, ас берем, үстіңе күмбезден мола салдырам, басыңа атыңды жаздырып көк тас қойғызам, – дейді ортаншы баласы.

Онан соң: «Өлгенде мені қалай қылып көмесің?» – деп сұраған кіші баласынан шал. Біраз ойға қалып отырыпты да: «Сенің өлуің біледі, менің көмуім біледі», – деген кіші баласы. Көп кешікпей бір жылы мықты ашаршылық болып, ел жұтап, ашаршылықтан жұрт тегіс қырылған, сонда өлгі байдың тігерге тұяқ малы қалмай жұтаған. Екі үлкен баласы аштан өліп, бар мал-жанынан шал айырылып, жалғыз кенже баласы қалыпты. Бір күні шал ауырып қаза тапқан. Кенже баласы үстіндегі шекпеніне орап, жер ошаққа көмуге-ақ шамасы келіпті.

ҚОНАҚ КӨДЕ

Тұу десе түкірік жерге түспейтін боран. Алыстан жолаушы болып Қарасақал тоңып, өңі қашып келе жатыр. Жолда қонарлық үй болмапты. Біраз жол жүрген соң, көп ұзамай, бір оңаша қыстауға кез келеді. Қатты дауыспен:

«Үйде жолыққандай кім бар?» – деп сырттан есік қағып айқайлайды. Үйден еріккен жас келіншектер жүгіріп шығады. Қарасақал қалтыраған дауыспен: «Жолаушы едім, бұл үй кімдікі? Өзім тоңып тұрмын, қонамын», – дейді.

Жас келіншектер бір-біріне қарап күліп: «Өзің кімсің? Бұл үй иесінің үйі», – дейді.

Сабыр қылуға төзбей, Қарасақал: «Қонамын, күн суық». «Қонсаң қон, бірақ қонақ көде бересің...» – деген бір жас әйел. Сөз қайырмай, «жарар-жарар» дегеннен басқа үн жоқ, үйге кіреді Қарасақал. Күн батып, кеш болған кез. Қарасақал жайланады. Үйдегі кемпір-шалмен амандасады. Одан кейін бір аяқ қатығы жоқ ашыған қара көже әкеп береді Қарасақалға. Қарасақал көжені ішіп болып, біраз отырып айтады. «Іші құрғыр неге қорылдайсың, екі аяқ көже ішетін өз үйің бар ма?» – дейді. Тағы көрген-білгенін айтып, үйдің ішін қалың күлкі қылады. Біраз уақыт өтеді, үйдегі отырғандар жалынып, Қарасақалға ертегі айтқызады. Бір ерінбестен, жоқты-барды сөз қылып, күлдіргі айтып, түннің жарымын өткізеді. Үйдің іші есі кетіп тыңдап отырған жерінде бәрі қалғыпты. Бір жас келіншек: «Манағы айтқан уәдеміз бойынша айтатын өлеңінді айт», – дейді. Оны-мұны айтып сөз көбейтіп, айтқысы келмейді Қарасақал. Бір қатын тұрып: «Өлең айтпасаң аспаға асамыз, астыңа от жағамыз» дегесін Қарасақал қорқып, құтыла алмасына көзі жетіп, біраз тамсанып отырып, бөркін қолына алып:

Мен едім ел қыдырған жетім қарға,
Үйінде мен тойғандай етің бар ма?
Қатықсыз қара көже бере салып,
Сұрайтын қонақ көде бетің бар ма? –
деген екен.

Түсініктемелер

Бұл томға Міржақып Дулатұлының ағартушылық бағыттағы еңбектері, көп жылғы мұғалімдік тәжірибесі негізінде жазылған оқу құралдары, журналистік қызметінде маңызды орын алатын тұрақты тақырыптардың бірі – денсаулық сақтау мәселесіне байланысты шығармалары мен нақты кеңестері, балаларға арналған шағын да болса тәрбиелік мәні зор еңбектері енгізілген. Бұлардың бәрі де Алаш ардағының бұдан бұрынғы екі томына енгізілген көркем шығармалары мен көсемсөз үлгілерінің қисынды жалғасы, автордың жанкешті қайраткерлік және, әсіресе, ұлағатты ұстаздық қызметінің айқын дәлелі болып табылады.

Бұлардың бәрі де Жақанның әр кезеңдегі өмір деректерінен зердемізді нақты мағлұматтармен толықтыратын құнды ақпарат көзі деп бағалауға лайық.

«Оқу құралы. Бастауыш мектепте екі жыл оқытылатын Қирағат кітабы» – Бұл оқулыққа және соған жалғастыра орналастырылған «Есеп құралына» тиісінше түсініктеме педагогика ғылымының докторы, профессор Серғазы Қалиұлының осы томдағы «Ірі әдіскер-ғалым, педагог» атты мақаласында беріліп отыр.

Сонымен шектеліп, төмендегідей жекелеген ескертулер айтуды ғана қажет деп санаймыз.

Өзінің еңбек жолын ауылда мұғалімдіктен бастаған Міржақып қазақ мектебіне арнап оқулық құрал жазуды ертеден ойластырған. Оны 1912 жылы Семей абақтысынан жазған бір хатынан, «Айқап» журналына жолдаған мақаласынан байқағанбыз. Сол арманы 1916 жылы жүзеге асқанын және оқулық 1923 жылы қайтадан басылғанын осы томнан айқын көріп отырмыз. Төртінші басылымында автор «Мұғалімдерге» деген арнайы алғы сөз жазып, Ахмет Байтұрсыновтың «Жол басы» атты өлеңін беташар ретінде беріпті.

Осы толықтыруларымен алғашқы басылымын араб үлгісіндегі жәдит жазуынан қазіргі қазақ әрпіне түсірген – белгілі маман Уахаб Қыдырханұлы.

Екінші атап айтарлық ескерту мынадай. Автор хрестоматиялық оқулыққа енгізілген бірсыпыра мәтіндердің түпнұсқасындағы тақырыбын өзгертіп, кейбіреулерін қысқартып, кейде шағын үзінділер алып отырған. Абайдың, Ыбырайдың, тағы басқа ақындардың өлең жолдарындағы кейбір сөздер мен бунақтардың орны алмастырылған.

Мәселен, Абайдың «Жазғытұры» атты өлеңінің бірінші шумағындағы бірінші, үшінші, төртінші жолдарындағы, екінші шумағындағы төрт жолда да жеке сөздердің орындары ауыстырылып, басқаша инверсиялар жасалған. Абайдағы: «Безендірген жер жүзін...»; «Мал семіреді, ақ пенен ас көбейер»; «Бойың балқып, ериді іште жігер» деген жолдар оқулықта: «Жер жүзін безендіріп...»; «Мал семіріп, ақ пенен ас көбейіп»; «Қайнайды, бойың балқып, іште жігер» деп өзгертілген, т.т.

Сірә, мұның бәрі жас балалардың оңай түсінуі үшін әдейі жасалған болуы керек. Сондықтан академиялық басылымдардан өзгеше, Міржақып нұсқасы сол күйінде өзгеріссіз беріліп отыр.

Ыбырайдың «Кел, балалар, оқылық» атты көпке танымал өлеңінің басындағы кеңестік оқулықтарда алып тасталған: «Бір құдайға сыйынып» деген жол, «істің болар қайыры, // Бастасаңыз Аллалап, // Оқымаған жүреді // Қараңғыны қармалап //» дейтін екінші шумағы қалпына келтіріліп, түгел алынған. Ал, бұған керісінше, «Бай баласы мен жарлы баласы» атты өңгімеде Асан мен Үсен деген бала аттары өзгертіліп, мәтіні алты бөлімге бөлінген.

Қорыта айтқанда, қазақ мектебінің тарихында тұңғыш оқулық ретінде қолданылған Міржақып Дулатұлының «Қирағат кітабы» танымдық мазмұн жағынан да, әдістемелік тәжірибе жағынан да өте құнды құрал болды. Оның өміршендігіне бір дәлел: өткен ғасырдың отызыншы жылдары, оқулық авторы Кеңестік заң орындарының шешімімен жау ретінде әуелі ату жазасына бұйырылып, кейін Ақ теңіз жағалауына айдалып кеткенде, оның оқулық кітабы, авторы көрсетілместен, мектептерде қолданылып келді. Мәселен, 1934 жылы алты жарым жасында алғаш рет мектеп есігін ашқан осы жолдардың авторы Нұрмаш пен Дүйсен, бөрік жайындағы өңгімелерді сол кезде оқып, «Екі шыбын», «Қаптесер мен көртышқан» сияқты мысалдарды сол оқулықтан жаттағанын әлі күнге дейін ұмытпайды.

«Чума қандай ауру? Одан қалай сақтану керек?» – Денсаулық сақтау мәселесі – Міржақып Дулатұлының журналистік қызметінде маңызды орын алатын тұрақты тақырыптардың бірі. Оның өсіресе көп жазғаны – әр түрлі жұқпалы аурулар, атап айтқанда, оба індеті. Автор оны орысша атауымен «чума» деп алыпты. Бұл жөнінде аса қынжылып, кейде қатты ашынып жазған мақалалары өткен томдарда басылған болатын.

Бұл жолы осы тақырыпқа арнайы кітапша жазған. Оның

мазмұнынан бұл індеттің қазақ ауылдары үшін қандайлық қасірет болғаны, оған қарсы күресу жолында автордың қаншама күш-жігер жұмсағаны айқын танылады.

«Мерезден құтқарды» – Қазақстандық белгілі орыс жазушы Николай Ановтан аударылған пьеса. Шығарманың тақырыбынан кейін «2 перделі, 3 суретті» деп көрсетілген. Ал мәтінінде «сурет» деген анықтама жоқ. Екі перделі, біріншісі төрт, екіншісі тоғыз көріністен тұрады. Бұл да автор көп шұғылданған жұқпалы аурулар, соның ішінде сифилис туралы. Қазақстанның кей жерлерінде «мерез» деп аталады.

Мұнда денсаулық тақырыбымен қатар көтерілетін тағы бір маңызды мәселе – қалың малға қарсы күрес, қазақ қыздарының бас бостандығын қорғау. Екеуі де сол кездегі тарихи жағдайға сәйкес, сәттілікпен онынан шешіледі. Кезінде өте зәру тақырыпқа арналған бұл шығарманы қазақша аудару Міржақыптың шығармашылық оңтайына өте сай келген деп түюге болады.

Сонымен бірге, пьесаның композициялық құрылымында драматургиялық шығарманың табиғатына өте қолайлы болмайтын бір селкеу бар. Ол – ел аралап, ауруға қарсы күрес шараларын жүзеге асырып жүрген дәрігердің сахнада, көрермендердің алдында тұрып алып, осы індеттің белгілері туралы тым ұзақ лекция оқуы. Оны аздап ықшамдауға да болатын еді. Бірақ мәселенің санитариялық-гигиеналық маңызын ескергендіктен, қол тигізілген жоқ.

1991 жылы біртотымдықта жарияланған.

«Денсаулық жайынан» – М. Дулатұлының адам денсаулығы жайындағы тұрақты қамқорлығына айғақ болатын ақыл-кеңестер топтамасы. Құлақ, мұрын, көз, тыныс алу ағзаларын күтіп ұстау жөніндегі жазба-кеңестерді оқып отырғанда, авторды медицинаның маман қызметкері екен деп ойлауға толық негіз бар. Үй тұрмысында жеке бастың гигиенасын сақтау, адамның жалпы денсаулығын қалыпты күйінде ұстау жөнінде айтылған нұсқау өнегелері де бұл саладағы үлкен білгірлікті танытады.

Арнайы медициналық білім алмаған кісінің денсаулық саласында осындай білікті мәліметтерді өз бетімен ізденіп оқу арқылы жинақтағаны әрі тандандырады, әрі сүйсіндіреді: Шынында да, өмірінің соңғы ауыр жылдарында солтүстіктің қатал табиғатында айдауда жүргенде, Жақан осы білігімен өз өмірін сақтау үшін күресе білген. Тіпті арнайы кіші дәрігерлік курстан өтіп, қасындағы мұңдас жолдастарына да көмектескені артындағы ұрпағына кейін мәлім болған.

1991 жылғы біртотымдықта жарияланған.

«Дүмпілдек», «Марламқаш», «Ай-құлақ» – әр түрлі балалар ойындары. Көп жылдар бойы ауыл мектебінде мұғалім болған ұстаз адам балаларға қызықты ойындар ойната да білуге тиіс. Міржақып бұл жағынан да өнегелі тәрбиеші болған. Мына ойындардың ережесін төптіштеп жазып, баспасөз арқылы көпке таратуы оның ұстаздық өнерінің маңызды қыры болып көрінеді.

1991 жылғы біртөмдікте жарияланған.

«Шалдың үш баласы», «Қонақ кәде» – шағын ертегі, өңгімелері автордың оқулық кітабындағы әр түрлі мәтіндермен сарындас, бірақ соларға кірмей қалып, өз бетімен жарияланған жазбалары болса керек. Қаламгердің балалар әдебиетіне ерекше назар аударғанын дәлелдейді.

1991 жылғы біртөмдікте жарияланған.

МАЗМҮНҮ

Ірі әдіскер-педагог, ғалым	5
Қирағат кітабы	
<i>(Бастауыш мектепте екі жыл оқылатын оқу құралы)</i>	11
Мұғалімдерге	13
Кел, балалар, оқылық! <i>(Ыбырай Алтынсарин)</i>	20
Бөрік	22
Мектепке	—
Жазғы кеш	23
Мектептен	—
Оқу	—
Әдеп	24
Шешенің балаларын сүйі	—
Нұрмаш пен Дүйсен	25
Бүкір мен бала	—
Балғожа бидің оқудағы баласына жазған хаты	—
Ақтөс	26
Аққу, шортан һәм шаян <i>(Ахмет Байтұрсынов)</i>	—
Қозылар	27
Шыбыжық пен көгершін <i>(Ахмет Байтұрсынов)</i>	—
Екі өтеш	28
Арыстан мен түлкі	—
Аяңыздар жетімді	29
Түлкі мен құмырша	—
Егіннің бастары <i>(Ахмет Байтұрсынов)</i>	30
Қожа Насриддин ақылы	31
Кісі мен көлеңке	—
Түлкі мен қасқыр	32
Алдар көсе шайтанды да алдапты	33
Айт күні <i>(Әктам Ғалымов)</i>	—
Тышқанның ақылы	34
Үй хайуандары	—

Үлес (А.Байтұрсынов)	35
Бере білген – бөле білер	36
Жазғытұры (Мағжан Жұмабаев)	–
Оқымысты бала	37
Екі шыбын (Ахмет Байтұрсынов)	–
Жаман жолдас	38
Айна мен маймыл	–
Жастық	39
Күлменіздер көріге	–
Өтірікші	40
Бұлбұл мен есек (Ахмет Байтұрсынов)	–
Түлкі мен құр	42
Байлық	–
Балгер	43
Өгіз бен бақа (Ахмет Байтұрсынов)	–
Қоянның зары	44
Атымтай жомарт	45
Атымтайдың інісі	46
Бұхарға барған қазақ шалы	–
Екі жігіт	47
Қайырымды түлкі (Ахмет Байтұрсынов)	48
Үш мерген	50
Шал мен Ажал (Ахмет Байтұрсынов)	–
Әке мен бала	51
Тиын мен қасқыр	52
Екі саудагер	–
Жүргіншілер мен иттер (Ахмет Байтұрсынов)	53
Түлкі мен ешкі	54
Оқуға шақыру (Ахмет Байтұрсынов)	55
Мейірімді бала	–
Маймыл (Ахмет Байтұрсынов)	56
Сарандық пен жинақтылық	57
Қаптесер мен көртышқан (Ахмет Байтұрсынов)	–
Жаз	58
Жазғытұры (Ибраһим Құнанбаев)	59
Рас сөз абақтыдан да шығарады	61
Өнер-білім (Ыбырай Алтынсарин)	–
Патша мен мұжық	62
Жатырсын неге ұйықтап, Қарашекпен!	64
Шілде	65
Жаз (Ибраһим Құнанбаев)	–
Лұқман хакім	67
Өзен (Ыбырай Алтынсарин)	68

Мұжық пен жасауыл	—
Сұлу Ағаш (<i>Сералы Еруалыұлы</i>)	69
Ешкімге жауыздық қылма	71
Қасқыр мен қозы (<i>Ахмет Байтұрсынов</i>)	—
Қарабатыр	73
Таза бұлақ	75
Күз	77
Күз (<i>Ибраһим Құнанбаев</i>)	78
Жәнібек батыр	79
Қасқыр мен мысық (<i>Ахмет Байтұрсынов</i>)	80
Қыпшақ Сейітқұл	82
Туған жер (<i>М. Жұмабаев</i>)	83
Қыс	84
Қыс (<i>Ибраһим Құнанбаев</i>)	—
Арыстан, қасқыр һәм түлкі	85
Қарға (<i>Ибраһим Құнанбаев</i>)	86
Қоян	87
Шегіртке (<i>Ибраһим Құнанбаев</i>)	88
Қасқыр қысты қалай өткізеді	89
Шал мен жұмыскер (<i>Ахмет Байтұрсынов</i>)	90
Бұғы	91
Қарашекпен мен қой (<i>Ахмет Байтұрсынов</i>)	—
Піл	93
Бұлбұл	94
Кит	95
Сары шыбық (<i>Ахмет Байтұрсынов</i>)	—
Бай мен жарлы баласы	96
Қобланды мен Тайбурыл	100
Мақалдар	109
Есеп құралы (бірінші жылдық)	
Әуелгі онның ішіндегі сан	113
Есеп құралы (екінші жылдық)	
I. Жүздің ішіндегі барша сандар	153
II. Мыңның ішіндегі сандар	172
Есеп құралы (екінші жылдық, түзетіліп, толықтырылып 6-басылуы)	
Бірінші бөлім. Жүзге шейін сан	197
Екінші бөлім. Мыңға шейін санау амалдары	249
Үшінші бөлім. Төрт амалдық есептер	282
«Қазақ арасына дүние көбірек жайылса, әрбір аурудан сақтанар жолын білер еді...»	
Чума қандай ауру? Одан қалай сақтану керек?	291

Мерезден құтқарды (<i>Н.Ановтан</i>). 2 перделі, 3 суретті пьеса	298
Денсаулық жайынан	319
Балаларға базарлық	
Дүмпілдек (<i>қырғыздың ойыны</i>)	327
Марламқаш (<i>балалар ойыны</i>)	328
Ай-кұлақ (<i>балалар ойыны</i>)	329
Шалдың үш баласы(<i>ертегі</i>)	330
Қонақ көде	—
Түсініктемелер	333

Әдеби-көркем басылым
«АЛАШ МҰРАСЫ» СЕРИЯСЫ

Мир-Якуб ДУЛАТОВ

СОБРАНИЕ СОЧИНЕНИЙ В ПЯТИ ТОМАХ

Том IV
Труды просветительского направления и
учебные пособия
(на казахском языке)

Редакторлары Ш. Дүйсенбаев, И. Токтамысов
Көркемдеуші редакторы Ж. Болатев
Техникалық редакторы К. Тұрымбетова
Корректоры З. Парманқұлова
Компьютерде теріп, беттегендер Б. Сейітова,
К. Карбозқызы, М.Құрманбаев

ИБ №8826

Басуға 25.09.03. қол қойылды. Пішімі 84×108^{1/32}. Офсеттік қағаз.
Өріп түрі «Школьная». Офсеттік басылыс. Шартты баспа
табағы 18,06+0,42 жапсырма. Шартты бояулы беттанбасы 21,48.
Есептік баспа табағы 16,41+0,315 жапсырма. Таралымы 5000 дана.

Тапсырыс № 1011.

«Мектеп» баспасы» ЖАҚ,
480009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143.
Тапсырыс дайын диапозитивтерден басылды.

Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясының Полиграфия
комбинаты, 480002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.

ББК 84 каз 7-44
Д 77

Дулатов М.

Д 77 **Бес томдық шығармалар жинағы. Төртінші том:** Ағартушылық бағыттағы еңбектері мен оқу құралдары. //Құраст: Дулатова Г., Иманбаева С. — Алматы: «Мектеп» баспасы» ЖАҚ, 2003. — 344 бет, суретті.

ISBN 9965–16–759–1

Бұл томға Міржақып Дулатұлының ағартушылық бағыттағы еңбектері, көп жылғы мұғалімдік тәжірибесі негізінде жазылған оқу құралдары, оның журналистік қызметінде маңызды орын алатын тұрақты тақырыптардың бірі — денсаулық сақтау мәселесіне байланысты шығармалары мен нақты кеңестері, балаларға арналған шағын да болса тәрбиелік мәні зор еңбектері енгізілген. Бұлардың бәрі де Алаш ардағының бұдан бұрынғы томдарына кірген көркем шығармалары мен көсемсөз үлгілерінің қисынды жалғасы, автордың жанкешті қайраткерлік және, әсіресе, ұлағатты ұстаздық қызметінің айқын дәлелі.

Міржақып Дулатұлының әр кезеңдегі бұл өмір деректеріне толы еңбектері зердемізді нақты мағлұматтармен толықтыратын құнды ақпарат көзі деп бағалауға болады.

Д 4702250201–406 201 – 03
404 (05) – 03

ББК 84 каз 7-44

ISBN 9965–16–759–1–(4 том)